

I. Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҒЫЛЫМИ КУРСЫ ЖӨНІНЕН ЛЕКЦИЯЛАР¹

I К Е С Е К

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ

(Дыбыс жүйесі)

Бет ашар

Қазақ тілі осы уаққа шейін жүйелі түрде тексеріліп, ғылым тезіне түспеген тіл. Қазақ тілін алғаш зерттегендер патша үкіметінің отаршыл саясатын іске асыру мақсатымен отар елдердің әдет-ғұрпын, тіл-әдебиетін тексерген миссионерлер, одан қалды күншығысшыл оқымыстылар болды. Бұл топтан шыққандардың басты-бастылары: Н. И. Ильминский, проф. П. М. Мелиоранский, М. Терентьев, И. Лаптев, В. В. Катаринский, академик В. В. Радлов, проф. Е. Д. Поливанов тағы басқалар еді. Бұлардан бұрын қазақ ауыз әдебиетін, тарих, этнографиясын тексерген Уәлиханұлы Шоқанды да қазақ тілін тексеруге қатысқандардан санауға болады.

Беріде қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер қазақтың ескі оқығандары болды. Олар – Байтұрсынұлы Ахмет, Кемеңгерұлы Қошке, Омарұлы Елдес, Шонанұлы Телжан, Досмұхамбетұлы Халел. Әліппені, термин мәселесін жағалата, қазақ тіліне ұшынан-ұшынан қолын тигізген Төреқұлұлы Нәзір жолдас болды. Бұл өзінің «Жат сөздер туралы» жазған кішкене кітапшасымен бұл майдан жағасына әжептәуір ғана бір тексеріну салындысын шығарып тастаса да, тұтынған методологиясымен өзінен бұрынғылардан ұзап кете алмады. Беріде жастардан Басымұлы Қажым, Аманжолұлы Сәрсен сияқты тіл мәселесіне белсене қатысқандар шығып отыр. Бұлар, әрине, ілгері тілек жастар ғой, ілгеріде ауыз тұшығандай нәтиже берер деп дәмеліміз. Әзірге бұлардан да нақты зерттеу қорытындысын көре алмадық. Компиляция «сөзбен күрес»-тен ұзап шығып, қазақ тілі деректерін тұмсығынан тізіп, айдап сала алмай келе жатыр. Қазақтың ескі оқыған азаматтарынан маңдайын бері бұрған жігіттеріміздің бірі Шонанұлы Телжан жолдастың еңбектеріндегі ерекшелікті айтпай өтіп болмайды. Телжан жаман-жақсы болсын, бұл кездегі грамматика мектептерінің бір ағымын қазақ тіліне ала келді. Оған шейінгі жазылған «Қазақ тілі» кітаптары ескі мағынашыл (логическая) грамматика ізімен кете берген болса, Телжан қазақ тіліне бұрын қиыстырып көрілмеген тұрпатшыл (формальная) мектеп үлгісін әкеп алдымызға тартты. Рас, біз формашыларға қарсымыз: тіл құбылыстарын жалаң түр жағын ғана зерттеумен біліп болмайды. Бұл – сөзсіз сыңаржақтық. Сонда да жоғынан бары игі. Түр – форма деген тілде жоқ белгі емес, бар нәрсе. Бар қасиетін көрсетушілік

¹ Редакциядан: проф. Құдайберген Жұбановтың 1932-33 оқу жылында Қазақстан педагогика институтында (ҚазПИ) «Қазақ тілінің ғылыми курсы» жөнінен оқыған лекцияларының 1933 жылғы «Политехникалық мектеп» атты журналдың 7-8-ші сандарында жарияланған нұсқасын ұсынып отырмыз.

қашанда пайда болмаса, зиян келтірмейді. Бірақ жеткіліксіз, өйткені түр тілдің бар тарауы емес, бір тарауы. Әр нәрсенің, әр құбылыстың да әлденеше қыры, сыры, сипаты болмақ. Дұрыс білім – сол қыры, сыры, сипатының бәрін болмағанмен (барлығын түгел қамтып болмайды, ұшы қиыры көп), көбін, негізділерін көрсетіп бере алумен ғана табылмақ. Формашылдықтың бір беткей, сыңар езу соғатыны осыдан. Формашылдықтың бұл кемістігінің үстіне Телжанның қара басының кемшілігі – қазақ тілінің деректерін білудегі кемістігі де қосылған. Сонымен Телжанның шығармаларында қазақ тілінің бет-аузы көріне алмай қалған. Оның мақсаты қазақ тілінің қасиеттерін, өзгешеліктерін көрсетіп беру болмай, қазақ тілі заңдарын формашыл грамматика шеңберіне қалай да болса сыйдыру ғана болған. Қойына өлшеп қорасын салмаған. Даяр қораға әкеп қамаған. Сондықтан, басқа тілдерге өлшеп салынған форма қорасының түкпірлерінде бос қалған алаңдар да болғаны сияқты, тарлық етіп, тоқты-торымның сыймай қалғаны да болған. Қысқасы, бүгінге дейінгі қазақ тілін тексерулерімізде Ахмет Байтұрсынұлының дәрежесінен әлі көш жер кейін жатырмыз. «Тазын жасырған жазылмайды». Біз мұны бойымызға қаншама мін болса да жасыра алмаймыз. Біз әлі тек айқайлаумен, құрғақ сөзбен бет алды құла дүз боқтаумен, мінеумен жүреміз. Ауызбен орақ орып, құс тістеп, қызыл өңештенгенмен, сөзге келгенде батпан артықпын деп тұрып, іске келгенде ширек кем шықсақ, Байтұрсынұлының «Тіл құралын» жамандап тұрып, өзіміз одан да төмен қып шығарсақ, бұл Байтұрсынұлын мінегеніміз емес, оның беделін өсіргеніміз болып шығады.

Шынында неге осы уақытқа дейін Байтұрсынұлының кітаптары қолданылып келеді? Неге оның тіл құралдары 1-басқыштан бастап жоғары дәрежелі мектептерге (ВУЗ-ға) дейін бәріне де «жарап» жүр. «Тіл–құралмен» оқыту тиылған бола тұрса да, мұғалімдеріміз неге әлі күнге дейін оны құрандай қолтықтап, сабаққа сонан даярланады? Кім бұған айыпты? Әлде, сол мұғалімдер ме? – Жоқ. Бұған біз, тіл зерттеушілері айыптымыз. Бүгінге шейін қазақ тілі жайында жазылған жолбасшы кітаптарымыздың бәрі де «Тіл–құралдан» кем болған. Біздің шығарған кітаптарымыздың кеудесіне нан піскендей мен-мендігі болғанмен, іші қуысырақ соққан. Білімге сусаған қалың мұғалім бұлардан шөлін қандыра алмаса, бірқатар жоғы «Тіл–құралдан» табылып тұрса, ол сусынды содан іздемей, қайдан іздесін? Біздің кітаптарымыз шынында да мүгедек туған. Өйткені бұлар «жеңілдетілген». Жеңілдеткенде, сөз табы 9 екен, оны ауыр көріп, алтауын кесіп түсіріп, үшеуін қалдырған. Етістіктің жіктеулері, райлары, етістері көп екен, «жеңілдетіп» азайтқан, жұрнақтар көп екен, «жеңілдетіп» санын кеміткен.

Мұндай «жеңілдетуге» алғыстан бөтен еш нәрсе айтпас едік-ау, егерде қазағы түскірдің аузына қақпақ қойып, сол артық сөз таптарын, артық рай, шырайларды, жұрнақтарды айтпайтын қылып, бұлар қазақ тілінен біржола аластап қуылса. Бірақ, не пайда. Кітап бетінде тұжырып, кесіп тастағанмен, тіл өмірінде ол «артықтар» баршылығын қоймайды екен. Сонысын-ақ жеңілдемейді екен.

Барды «жоқ» деп жасырғанмен жоқ болмайды екен. Сонсын-ақ бұл жасырынбақ ойнаудың арты жеңілдету емес, ауырлату болады екен. Ауырлық басып баратқансын, «суға кеткен тал қармар», «сасқан үйрек артымен ұшып», «жаудан жақсылық күту – тарыққанның салдары» болса да, тарыққан мұғалім байғұс «артымен ұшып», артта қалған «талды қармап», «Тіл–құралдан» сусын күтеді екен.

Міне, біздің бүгіндегі қазақ тілін ғылыми зерттеуіміздің дәрежесі. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін тексеруде өзінен бұрынғы күншығысшыл оқымыстардан ұзап кеткен жоқ еді. Орыс тілінде етістіктің 3-ақ шағы бар екен, Ахмет қазақта да шақ санын 3-еу деді. Қазақ сөйлем құрылысының өзгешелігін мүлде көрсеткен жоқ. Тек сол кездегі орыс тілінің мектеп грамматикаларының ізімен кете барған. Ахметтен бұрынғы, біріндеп онан соңғы, қазақ тілін зерттеген күншығысшыл ірі оқымыстардың да қол жетпес ірі еңбегі шамалы. Мелиоранский сияқты түрік тілдерінің ірі білімпазы жазған қазақ тілі грамматикасы да ғылым грамматикасы емес, қазақ зерттеушіге жөнді білім қоса алмайды. Ол тек қазақ тілін алғаш зерттегелі тұрған басқа елдің адамдары үшін жазылған.

Қысқасы, бұл уақытқа шейінгі қазақ тілін зерттеудің бәрі де тиіп-қашты зерттеулер, терең қарамаған, үстірт қана көрініп, сорайып тұрған мүйістерін ғана қалпыған нәрселер. Олай болса, қазақ тілін зерттеу жұмысы әлі күнге шейін ғылым жолына салынбаған, ғылым сатысына көтерілмеген. Әлі күнге шейін кустаршылдықтан, домбалдап соғудан құтыла алмай келе жатыр.

Қазақ тілі ғылымын бір адам ғана жасай алмайды, бір мезгілде ғана ол жасалмайды. Бұл – көп күш, көп қол, көп уақыт керек қылады. Алдарыңызға тартылып отырған «лекциялар» осы жолға тамшыдай да болса пайдасы тимес пе екен деген бір тәжірибе ғана. Оның үстіне мұның шын ғылым зерттеу түрінде болмай, студенттерге оқылған лекциялар болуы, қалың мұғалімге түсінікті қылу үшін жеңілдетілген кескін алуы керек болды. Солай да болса мұны ғылыми курс деп атадық. Өйткені мұндағы жазылғандар 5 (бес) жылдан бері қазақ тілін, оған жақын тілдерді, жалпы тіл ғылымы жүйесін тексерген жұмыстарымның жалпылаңқырап алынған, популяр (жария) түрде тізілген ғана бір қортындысы еді.

Қазақ тілін ғылым жолымен зерттеу жұмысының өте төмен болғандығы зор кедергі болды. Сондықтан мұнда бірқатар тосаңдықтар да болатын сияқты, қайбір жерлерінде пікірінді дәлелдеу үшін, өте алыс экскурстерге кету, шұбалаңдықтарға ұшырау да болып отырады. Онысыз болмайтын болды.

Бастауыш, орта мектептер, техникумдар жайындағы үкімет қаулылары ғылымның жүйесін бұзбауға, мол білім беруге міндеттеді. Жүйелі білім беру үшін мұғалімнің өзінде жүйеге салынған білім болу керек. Біздің мұғалімдерімізге бұл уақытқа шейін тіл жайынан жүйелі емес, жүйесіз де білім бергендей жағдай болған жоқ. Осы кетікті бітеу үшін, бұл лекцияларды осындай жеңілдетілген түрде «Политехникалық мектепте» басып отыруды мақұл таптық. «Лекциялардың» барлығы 30 баспа табақ шамасында болып, әзірге I бөлімі болған «фонетика» кесегін жібердік.

Тіл сабағын беріп жүрген мұғалімдерге аз да болса көмегі тисе, жазушының мақсатының орындалғаны.

Шығарушы.

I ЛЕКЦИЯ

ФОНЕТИКА

(Дыбыс жүйесі)

1. Фонетика біздіңше нендей ғылым?

Фонетика сөзінің түбірі – алдыңғы үш дыбыс – «фон» сөзін біз басқа жерлерде де ұшыратамыз, мәселен, грамма**фон**, теле**фон**, **фоно**граф сөздерінде. Мұның бәрінде де «фон» дыбыс деген мағына беріп тұрғанын білеміз. Енді фонетика сөзінің аяққы екі буыны болған – **тика** жалғауын грамматика, косметика сөздерінде де кездесеміз. Мұның бәрінде де – **тика** жалғауы «жүйе», «ғылым» мағынасында екенін аңғарамыз. **Фонетика** сөзінің әлгі айтылған екі жұрнағының екі арасына біткен – **е** дыбысы екі жағындағы екі сөзді қосып, ұстап тұрған байлам, дәнекер екенін ескерсек, **фонетика** дыбыс ғылымы, немесе дыбыс жайындағы ғылым деген болып шығады.

Ескі тіл тану ғылымы грамматиканы үш бөлімге бөлетін: 1. **Фонетика** – дыбыс жүйесі, 2. **Морфология** – сөз тұрпаты жүйесі, 3. **Синтаксис** – сөйлем жүйесі, сонда **фонетика** грамматиканың бір бөлімі – тілдің дыбыс жағын тексеретін бөлім болып шығады.

Ескі тіл тану ғылымы, шынында да фонетиканы дыбыс жайындағы ғылым деп танитын. Фонетика тілдің дыбыс жағын тексеретін ғылым екені рас. Бірақ, мұны салмақтаңқырап, дәлденкіреп түсінбесе, үнді-европаша тіл ғылымының бұрмалағаны сияқты, біз де фонетиканы теріс, бұрмалап түсінеміз, сондықтан тексерулерімізден теріс нәтиже шығаруымыз мүмкін.

Әуелі-ақ фонетика дыбыс болған жердің бәрін тексереді деуге болмайды. Күннің күркірегені, арбаның салдыры, мылтықтың тарсылы, қасқырдың ұлығы – бәрі де дыбыс.

Бұларды фонетика қарамайды. Өйткені бұлар адамнан тысқарғы, табиғаттағы болатын дыбыстар.

Екінші, фонетика адамнан шыққан дыбыстың бәрін тексермейді. Адам ыңқылдайды, түшкіреді, қырылдайды, мұның бәрі адам дыбысы, бірақ, адамның қоғамдық мұны айдап шыққан, қоғамдық қажетіне жұмсалған дыбыстар емес, дене қызметінің салдарынан туған туынды инстинкт дыбыстар. Сол себепті фонетика қарауына бұлар да жатпайды.

Үшінші, фонетика қоғамдық дыбыс болған жердің бәрін қарай бермейді. Музыка да дыбыс, бұ да барып тұрған қоғамдық дыбыс. Музыканың бір тарауы ол – адамның дыбыс мүшелері арқылы жарыққа шығады. Сөйте тұра бұл тіл дыбысы емес, жылау, күлу қоғамдық күштердің қысаптарымен шығады, сонда да оларды тіл дыбыстары деуге болмайды (әрине, күлуде, әсіресе, жылауда, сөз араласатыны болады. Біз мұнда сөз жағын санамай, тек таза жылауды, таза күлуді алып отырмыз) және бұл дыбыстар мен тіл дыбыстары арасында, дұрысы – жылау, күлу, музыка мен тіл арасында нендей айырма бар. Меніңше мынандай: жылау мен күлуді сол тілмен сөйлейтіндер болмай-ақ, мәселен, қазақтың жылағаны мен күлгені қазақ болмай-ақ, кім болса сол түсінуге болады. Жылап отырған не күліп

отырған қазақ болса, мұны көріп, естіп тұрған, өзі қазақша білмейтін орыс, неміс, қытай әлгі қазақтың жылап отырғанын не күліп отырғанын біле алады. Бірақ, қазақша білмейтін орыс, неміс, қытай қазақтың қазақшалап не сөйлеп тұрғанын ұға алмайды. Олай болса, жылау мен күлу – адам болған жердің бәріне түсінікті, ал тіл тек сол тілмен сөйлейтін қоғамға ғана түсінікті. Музыкаға келсек мұнда да осыған ұқсас, бірақ бұдан көріне бөлек құбылыс көреміз. Музыка шығармаларының да негізгі желісін, бағытын, сол елдің музыкасымен таныс болмай-ақ түсінуге болады. Әннің, күйдің зарлы, мұңды, болмаса шаттықты екенін, судың ағысын, аттың жорғасын кім болса түсінуге болады. Бұл жағынан жылау мен күлуге ұқсастығы бар. Бірақ, музыка мұнымен түгелделмейді. Музыка тіл сияқты әр ұлттың, әр халықтың тарихи мәдениет жөніндегі өзгешеліктеріне қарай өзгеше болады. Сондықтан әр ұлттың, әр халықтың өз музыкасы болады, өз музыкасы өзіне жақынырақ, ұғымдырақ болады. Жылау мен күлуде бұл жоқ не жоққа жақын. Мұнымен музыка тілге жақындайды. Бірақ қосылмайды, музыканың тілден қашықтау жері – музыка бейнемен сөйлейді. Әр заттың не құбылыстың музыка сол зат пен құбылыстың өзіне ұқсас бейнелерімен, болмаса сол әлеумет көз қарасында ұқсас болып көрінетін бейнелерімен түстеп береді. Судың ағысын салса, ағып жатқан судың дыбысын алдына тартады, аттың жорғасының ырғағын ойнап береді, мұң мен зарды, мұңды дауыстар мен мұңды қимылдардың ұласу тәртібімен айтып береді, шаттықты шалқыған көтеріңкі үндермен бейнелейді. Ағын су, жорға жылқы, мұң мен шаттық басыңнан бұрын бір кешкен, естілген, сезілген іс болса, сондағы қышыған жерінді жыбыршытады, сондағы қызықты қыздырады. Сондағы күйің қайта туғандай болады. Музыка тілі сара тіл емес. Өлшестіріп, салмақтап барып түсінбейсің, бірақ өткір тіл.

Өзің де байқамастан, берілген бейнелерден ағын су, жорға жылқы, мұң мен шаттықтың жанданып көз алдына келіп қалғанын бірақ біліп қаласың. Сөйтіп, музыка әр құбылысты өзіне ұқсас бейнелер арқылы суреттейді. Ал тіл ол құбылыстарға ешбір түрде ұқсамайтын белгілер жүйесімен білдіреді. «Қара жорға» күйінде жорғаның жүрісін, «Ақсақ құланда» құланның құрқылдағанын есітеміз. Ал, «жорға» деген сөздердегі ж, о, р, ғ, а дыбыстарының құрандысы – жорғалыққа, қимылға, жүріске мың да бір нұсқасы ұқсамайды. «Ағын су» деген сөздерде де іс бір түрлі – сұйықтық, жыбырлау, ағыс, қозғалыс сияқты сыпаттар жоқ.

Міне, осы қасиеттер музыка мен тілдің басын бір жерге қоспайтын қасиеттер болып шығады. Тілдің білдіретін құбылыстары мен тіл белгілерінің арасында көрініп тұрған байланыс жоқ. Сондықтан ол құбылыстармен таныс болып тұрсаң да, сол құбылыстарды көрсететін әр тілдегі әр түрлі белгілер жүйесімен таныс болмасаң, ашық айтқанда сол тілді білмесең, ол құбылыстың тілдегі белгілерін, аттары болған сөздерді ұға алмайсың. Бірақ ол құбылыстардың музыкадағы суреті сол құбылыстардың өзіне көбіне ұқсас болғандықтан, құбылыстардың өзімен таныс болсаң, суретімен таныс болмай-ақ, тани қоясың².

² Бұл арадағы біздің мақсатымыз тілдің өзгешелігін ашып көрсету керек болғандықтан, музыканың мінездемесін бір беткей, сыңар жақ түрде ғана беріп отырмыз. Музыка бейнелерінің әммеге түсініктілігін ғана айттық. Әммеге бірдей түсінікті болмайтын жағын айтпай кеттік. Шынында әрбір құбылысты адам өз тарихи дәуірінің тудырған көзқарастары арқылы көреді. Сондықтан әрбір ұлттың, оның ішінде әрбір таптың өзіне жақын, әм алыс құбылыстары болады. Осыларға сәйкес музыка бейнелері болғандықтан әр таптың ұлы күйі, музыкасы болады. Бұл арасы басқаларға, әрине, түсініксіз.

Міне тіл мен музыканың айырмасы. Сондықтан тіл дыбыстарын тексеретін фонетика бұл секілді жылау, күлу, музыка дыбыстарын да қарамайды.

Төртінші, фонетика бір тілмен сөйлейтін адамдарға ғана түсінікті дыбыс болған жердің бәрін тексермейді.

Малды дегенімізге көндіргіміз келгенде, тоқтатқымыз келгенде шаужайлаймыз, лық-лықтаймыз, жылқыны суға бақтырғанда кіш-кіштейміз.

Жел шақырсақ ысқырамыз, тағы тағылар. Мұнда да дыбыс шығарамыз. Мұнда да шығарған дыбысымыз түшкіргендегідей, ыңқылдағандай, денеміздің жұмыс атқару салдарынан болғандай өзімізден еріксіз шықпайды. Сөйлегенде қандай ерікті түрде дыбыстасақ, мұнда да сондай еркін үн шығарамыз. Мұнда да жеке басымыздың дене мұны айдап шығармайды, қоғам өндірісінің үстінде, өндіріс таласы қыстап шығарады. Сөйтіп, бұлар да әлеуметтік дыбыстар болып табылады. Музыкадағыдай құбылыстың өзіне ұқсас бейнелер мұнда да жоқ. Бұл жағынан тіл белгілеріне түгел ұқсайды. Оның үстіне бұл дыбыстардың мағынасын тек қазақ тілін білетіндер ғана ұғады, басқалар ұқпайды.

Сөйте тұрса да, тілдік қасиеттер бұл дыбыстарда соншама мол бола тұрса да, бұлар тіл дыбыстары емес. Өйткені тілдің атқаратын негізгі қызметі – адам мен адам арасында пікір қатынастыру. Ал, мұнда адам мен адам арасында емес, адам мен табиғат арасында жұмсалып отыр. Бұл дыбыстардың атқаратын ролі пікір қатынату емес, табиғатқа (малға, желге) адам дегенін істету, табиғатты арбау. Бұл адамның алғашқы қоғам тұрмысы тудырған магиелі еңбек ісінен (труд-магическ. действо) қалған бір жұрнақ. Дыбыс тілінің арғы атасы осындай магиелі дыбыстар. Бұларда кем-кемнен дыбыс тілі қазынасына ауысып келе жатыр. Мәселен, осындай магиелі еңбек дыбыстары болған **қош** (қойға), **шек** (ешкіге), **көс** (түйеге), **өк** (сиырға)... дегендер бара-бара тіл дыбысына айналып, сол айтылған малдардың аттары болып кеткен. **«Қош»** дегеннен **«қош-қар»**, **«қоша-қан»**, **«өк»** дегеннен **«өгіз»**, **«көс»** дегеннен **«көш-ек»** (**түрікпенше «бота»**) сөздері пайда болған. Бірақ, бүгін таңда тіл дыбысы болып үлгірмегендерін алдын ала тілге кіргізе алмаймыз. Тіл дыбысы болмаған соң, фонетика мұны да қарамайды.

Бесінші, фонетика тіл дыбысы болған жердің бәрін қарай бермейді, дыбыс тілінің дыбыстарын ғана тексереді.

Күншығыста әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің **ым тілі**. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай ұшталған тіл, мұнымен әйелдер сумаңдатып ала жөнелгенде дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (членораздельный) емес. Аузын шылп еткізгенде еріндері **«в»** дыбысын шығарады, тілі **«д»** дыбысын шығарардағы қалыбында болып, дереу іштен келген ауа тілді тіс түбінен, еріндерді бір-бірінен айырып шығады. Жалғыз айырмасы **«в»** мен **«д»**

бірден шығады және еріндері бір-бірінен тегіс көтеріледі (сондықтан шылп етеді), «в»-ны шығарарда тек ортасы ғана ашылады. Аузын быртылдатқанда еріндер алдымен «п» дыбысын шығарады да, аз мезгіл «ү»-ны шығарардағы қалыпта тұрып, сонан кейін қос ерінді «ү» дыбысын, ақыр аяғында «т» дыбысын шығарады. Бірақ бұларды сондай тез тізіп өтеді, барлығы қосылып кетеді. Міне, бұл дыбыстар нағыз тіл дыбыстары. Бұлар адам мен адам арасында ғана жүреді. Сөйте тұрса да бұларды фонетика тексермейді, өйткені бұлар дыбыс тілінің дыбыстары емес, ым тілінен қалған жұрнақтар. **Ым** тілі белгілерінде дыбыс ымдары да болған, ым тілінің ым қалдықтары бізде көп. Оларды грамматикаға кіргізбегесін солардың бір кезегі болған бұл дыбыстарды да бөліп алып фонетикаға кіргізбейді. Аузын шылп еткізу, аузын быртылдатулар дыбыс пен ымды қосып ұстаған синкретизм түрі. Мұның дыбыстарын бөліп алып, дыбыс тілі зауытына салып шығарылмаған. Сондықтан ұйыспалы (диффузный) түрінде қалып қойған. Ол ана ерін шығару, бетін шымшыулар секілді, солармен қатар әйелдердің специфик тілі болып, дыбыс тілінен аулақ ұсталып сақталған.

Фонетика дыбыс тілінің дыбыстары жайындағы ғылым болғандықтан дыбыс тілі жүйесіне қосылмайтын, ым тілі қалдықтарына жататын дыбыстарды қарамайды.

Сонымен фонетика – дыбыс тілі дыбыстарының тілдік қасиеттерін тексеретін ғылым болып шығады.

II ЛЕКЦИЯ

ТІЛ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ТАБИҒАТЫН ҚАЛАЙ ТАНЫП КЕЛДІК, ҚАЛАЙ ТАНУҒА ТИІСПІЗ?

А. Тіл дыбыстары жөніндегі орныққан көзқарас

Бүгіндегі адам баласының тілі – дыбыс тілі. Бүгінде «сөйлеген» деген – «дыбыстаған» дегенмен бір есеп. Бүгінде дыбыстағанның бәрі бірдей сөйлеген болмағанмен, сөйлегеннің бәрі дыбыстаған болып кеткен. Сөйлеген сөздеріміздің қай-қайсысы да түрлі дыбыстардың түрліше құралысуы, орналасуы сияқты көрінеді. Кірпіш үйдің қабырғасы (дуалы) қабырға болмастан бұрын бөлек-бөлек, ұсақ-ұсақ кірпіштен болып, сол кірпіштен құралып, қаланып барып қабырға (дуал) қалпына келгені сияқты, тіл де дыбыстардан құралып барып буындар, буындардан жиналып келген сөздер, сөздерден топталып алып, сөйлемдер пайда болатын тәрізді. Тәрізді ғана емес, бүгіндегі қандай жақсы деген грамматика кітабын алып қарасаңыз да дыбыстарды тіл қабырғасын құрастырған кірпіштер қылып көрсетеді.

Осындай ұсыныстың нәтижесінде үйдің қабырғасы болмас бұрын оны құрастырған кірпіштер болмас бұрын оны құраған құм топырақтар болғаны сияқты, сөз – тіл болмас бұрын дыбыстар, дыбыс болғанда да осы күнгі біз білетін «а», «в», «с» дыбыстары болған сияқты көрінеді. Жеке, айырынды дыбыстар тілдің арғы атасы сияқтанады. Тілдердің ілгері басуы, дамуы, өсуі дегеніміз «әлімсақтан бері» келе жатқан өзгермес дыбыстардың құралысу жөніндегі өзгерістер ғана болып көрінеді. Ертедегі грек оқымыстары: дүниедегі барлық нәрселер бөлшектене алады; бөліне-бөліне келіп, ақырында, ең кішкене кесегі атомға келіп тіреледі; атом заттың, онан әрі бөлінбейтін, ең кішкене бөлігі; дүниедегі барлық заттар да сол атомдардан құралған; заттардың бір-бірінен түрі басқа болушылығы тек атомдардың түрліше құрылысынан келеді деп алғаш атом қисынын шығарған еді. Сонан бері бірнеше мың жылдар бойы оқымыстар осылай түсініп келген болатын. Бері де ғана электрон теориясы шығып, атомның да бөлшектенетініне, оның да өзгеретініне сонда ғана ғылым дүниесінің көзі жетіп еді.

Күні бүгінге шейін тіл мамандары тіл дыбыстарын осы түрде, осы грек дәуіріндегі атом түрінде танып келді. Дыбыс – тілдің атомы болып саналады. Онда да біздің заманымыздағы, біздің ұғымымыздағы атом емес, сол мыңдаған жылдар ілгері грек мәдениеті кезіндегі атом болып саналады. Әрине, біздің заманымызда жаратылыс маманы болмай-ақ, жәй сауаты бар адам «атом – заттың бөлінбейтін, өзгермейтін, ең кішкене бөлшегі» дей қойса, ол сөзсіз өзін-өзі күлкі, мазақ қылған болар еді. Бірақ, лаж нешік, жәй сауатты адам ғана емес, атақты деген тіл мамандарының өзі-ақ, ірі-ірі профессорлар-ақ, университет кафедраларына шығып тұрып, ғылыми еңбектеріне жазып тұрып, тіл дыбыстарын грек дәуірінің атомы қылып шығарса да ешкім оған күлмеуіне, оны мазақ қылмауына таңданбай болмайды.

Әрине, бұл таңданарлық күй емес, сүйегі бос көңілшектер қамығып, жігері занғар қайраттылардың жыны қозғандай хал. Бұл тіл ғылымы сондай-ақ артта қалған, ол әлі ескі грек мәдениеті кезіндегі дүниетанудан асып, мандып ұзап кете алмаған деген болады.

Міне, бүгіндегі тіл ғылымы осындай дәрежеде. Бұл кенжелеп қалған ғылымның тіл дыбыстарының табиғатын тануы осы күйде. Осы кезге дейін тіл дыбыстары жайын осылай танып келдік.

Б. Тіл дыбыстарын былайша танып келуіміздің себептері

Бұл әрине жабайы, аңқау көзқарас. Үстірт қарағанда ғана осылай көрінуі мүмкін. Шындығында дыбыс, буын, сөз, сөйлем дегендердің тіл тарихында дүниеге келіп шығуы ол жөнмен болмаған. Солай бола тұрып, сөздерді дыбыстардың құрандысы деп таныған болсақ, бұлай тануға бірнеше себептер болды:

1. Бұл кездегі тілдерде дыбысталу жағы барынша жетіскендіктен, әрбір жеке дыбыс бастарын ашықтап, бір-бірінен соншама бөлектенген, бұлардың жігі ашылмаған да кезі болған шығар-ау деп ойға алмаймыз. Дыбыс табиғатын тану жөнінде осылай, бүгінгідей айырмашылықтарына қарап, қашаннан да осындай бола келген екен деген жетпестік.

2. Бұл кезде адам баласының еңбек техникасы өте күшті өркендегендіктен әрбір зат пен құбылысқа да технология көзімен, үйреншікті, дағдылы көзбен қараймыз. Кірпіштерден құрап үй саламыз, талдардан құрап шетен (шартақ) тоқимыз... осыған қарай әр нәрсені тек құрастырудан, ұластырудан барып жарыққа шыққандай көреміз. Дыбыстар да қаланып барып, сөз жарын (қабырғасын) қаңқитқандай көрінеді.

Бұл – екінші себеп.

3. Бүгіндегі біздің жазу техникемізде осы технологияшыл дүние тану жемісінің бірі. Жазу үйренгенде біз бірден сөздерді, сөйлемдерді жазып үйренбейміз, әрбір дыбысқа өз алдына таңба (әріп) белгілеп, сол таңбалардың жазуға, олардың дыбыстық мәнділерін айыруға үйретіп аламыз да, сонан кейін барып қана сол жеке дыбыс белгілерін қостырып, жалғатып, сөз, сөйлем құрастырамыз. Оқу-жазу белгілерде дыбыс сөз элементтері болып, зейінге қонып қалғанын, одан кейін де, дыбыстар сөздерді құраған тіл кірпіштері болып көрінеді де тұрады. Үшінші себебі осы.

Е с к е р т у: Әрине, жазу тарихында дыбыстардың жеке күйін айырыптану, оларды сөз элементі біліп әр дыбысқа арнаулы әріп белгілеу деген – өте беріде болған нәрсе. Осы күнге шейін қытай жұрты жеке дыбыстарды таңбаламайды. Оларда әр сөзге бір «таңба» (әріп) бар. Жапондықтар әр буынға бір әріп қояды. Дыбысты бұлар да таңбаламайды. Ең ескі түрік жазуы болған Орхон-Енисей жазулары да дыбыс басы, әрпі бар жазу бола тұрып «лт», «нт», «нч» қосарларын айырмай бір әріппен таңбалайтын-ды. «лт» қосағына «м», «нт» қосарына ... «нч» қосарына деген бір-бір әріп қана болатын. Дауысты дыбыстарды көбінесе таңбаламайтыны, дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне қарай түрлі таңба алатынын ескертсек, Орхон-Енисей жазуы қаншама дыбыс жазуы болса, соншама буын жазуы болғандығы да ашылады.

4. Осыған қарап, қай нәрседі де мәңгілілікті бөлшектер, қашаннан келе жатқан жіктер көреміз. Тілде «әлімсақтан бері қарай» жеке дыбыстар бөліне келген, тіл өзі солардан құрала келген тәрізденеді.

Осы жағдайлардың бәрі қосылып, нәтижесінде, дыбыстардың табиғатын теріс түрде көруімізге себеп болады. Жабайы, аңқау көзқарас құбылыстардың көрініс қалпы (кажимость), шет пұшпақтарын ғана байқайды да олардың ара-арасындағы байланым, ішкі сырын, шын заңын аңғара алмайды. Сондықтан осылай таниды.

Ал, ғылым бұған қалай қарайды?

Ғылым да адам санасының жемісі, адам тәжірибесінің қорытындысы. Бұл уақытқа шейін көрнекі орын ұстап келген тіл ғылымы үнді-европа тілдерін зерттеген, сол зерттеу ісінде белгілі «әдіс тудырған» – ғылым. Бұл кезге шейін басқа тілдерді зерттеушілер де осы үнді-европа тіл ғылымының басшылығымен, осының әдісімен зерттегендіктен, бұлардың әдісін де үнді-европашыл әдіс деп атаймыз.

Үнді-европа тіл ғылымы өзінен ілгерілер салып кеткен жолмен грамматиканы 3 бөлімге бөлетін:

1. фонетика (дыбыс жүйесі).
2. морфология (сөз тұрпаты жүйесі).
3. синтаксис (сөйлем жүйесі).

Бұлардың әрқайсысын өз алдына жеке күйінде, бір-бірімен байланыстырмай, бір-бірінен аулақ ұстап тексеретін. Сөйтіп, тілді, оның бір бөлшегі болған тіл дыбыстарын тексергенде «тіл семьясы» қорғанына бір қамайтын болса, тілдің әрбір бөлшегін басқа бөлшектеріне жолатпай, сол бөлшектің өз ішіне екі қамайтын. Сөйтіп, қос қорғанды қамалға тіл байғұсқа жарық көрсетпейтін. Өйткені тілдің өсуін, дамуын, ұштасқан шеңберлерден шығарса, бір семья мен екінші семьяның қатынастарын қараса, артта қалған тілдің ілгергі қатар тілдердей бола алады деген болар еді.

Үндістанды мекендеген көп елдің тілі ағылшын тіліндей, Марокконы жерленген халықтардың тілі француз тіліндей бола алады деген болып шығар еді. Онда колония елдері де туысы кемдіктен кем болып отырған жоқ, сілкінсе жұрт қатарына қосыла алады деген болар еді. Сондықтан тіл мамандары, бұлайша, әрбір семьяны дара күйінде қарайды, бір-біріне жолатпайды, бірінің-біріне ауысуын көргісі – дұрысы көрсеткісі келмейді.

Сонымен қатар тілдің дыбыстарын, сөз тұрпаттарын, сөйлем құрылысын бір-біріне қоспай, аулақ ұстайды. Өйткені бұлардың өзара қатынасын зерттесе, бұлардың өзі де мәңгілікті категория болмай, бірінен-біріне өтіп, ауысып отырғанын көрер еді, тілдің әрбір категориясының да өткіншігін сыпаттаған болар еді. Әрине, оқымыстардың мұндайға баруы мүмкін емес еді, бармады да.

Сөйтіп, үнді-европа лингвистикасы тілдің дыбыстық жағын бөліп алып қарады. Осынысымен олар дыбыстардың тілдік қасиеттерін бүркеп тастады, дыбыстың дыбысталу жағына үңілді. Мұның да өзінше астары бар еді.

Грамматиканың бөлімінің ішіне үнді-европашылдарға ала бөле жаққаны осы фонетика еді. Өйткені фонетика – тілдің табиғатқа ұштасып, тиіп тұрған бір шеті еді. Тіл дыбыстарын шығаратын дене мүшелері болса, дыбыстың өзі де ауада пайда болатын толқындар салдарынан жүзеге шығатын еді. Мұның үстіне дыбыстың естілуі де құлақ арқылы – адам денесіне орнаған сезім мүшелері арқылы іске

асатын еді. Сондықтан осы жағын, осы физикалық, физиологиялық жағын, осы табиғатпен біте қайнап қосылған жағын ала жөнелу, тіл дыбыстарын тілдік қасиеттерден, әлеуметтік астарларынан ажыратып алу – осылай тексеру – осы оқымыстарының мақсатына жетуі үшін үлкен құрал бола алатын еді. Осылай болды. Осылай қылды. Дыбысты тілдік қасиеттерден айырып алып зерттеді. Оның шығатын орнын, ол орындардың түрлі дыбыстарды шығарудағы қызмет атқаруларын, ауыздың кең ашылуы мен тар ашылуын, еріннің шүршиуі мен езудің ыржиюын, таңдайға тілдің ұшы тиюі мен ортасы соғуын, жұтқыншақтың қаншама дірілдеуін, іштен шыққан ауаның ауызбен кетуі мен мұрынмен кетуін, міне, осыларды тексереді. Бір дыбыстың екінші дыбысқа бас игенін, бір дыбыстың екінші дыбыстан қорқып-үріккенін, сондағы дыбыс мүшелерінің жалқаулығы мен белсенділігін, осыларды қарастырады.

Мұның бәріне «тілдің жаратылыстық себепкерлері» деп ат қойды. Үнді-европа тіл ғылымының ең көп жұмсаған, ең көп тексерген бөлімі, осы бөлім – фонетика бөлімі болғандықтан, оны да өңшең жаратылыс жағынан тексергендіктен, тіл себепкерлерінің ішіндегі ең айқыны, ең басымы да «жаратылыстық себепкерлер» болып шықты. Дыбыстың әлеуметтік, тілдік компоненттері тексерусіз қалғансын, дыбыс өзгерістері, дыбыс заңдары әлеуметтік жағдайлар мен жалпы салт-сана жүйесімен салмақталған соң, ескі тіл ғылымының фонетика аталған бөлімі тілдің дыбыстау жағын, дыбыстың анатомия, физиологиясын, дыбыстың физика-акустика жағдайын тексеретін бір табиғат ғылымы болып қалды. Қоғам қатынастары жүйесінде ғана адам мен адам арасында ғана жарыққа шығатын тілді, сөйтіп, үнді-европашыл фонетика жеке адам басында ғана, дара адам денесінде ғана болатын физиологиялық, озса ғана, психологиялық құбылыс қылып шығарды. [...] Тілдің деректеніп жарыққа шығатын құралы болған тіл дыбыстарын, бұлайша табиғат батпағына аунатып қоюының өзімен үнді-европашылдар колония мен метрополия арасына өткізбес ор қазған, тумас аранын құрған еді. Мұнысы колония елдерінің артта қалғандығын, тілдерінің жетімсіздігін жаратылысындағы кемшіліктен келген ем қонбас дерт етіп көрсету еді.

Осы күнге дейін мапаланып, ардақтанып, ғылым табысы саналып келген тілтану жүйесіне, оны тудырған тіл «білімпаздарына» біздің бұлайша қатты соқтығуымыз қиястан ұрғандай, ғылым – әдебиет әдебіне симастай өрескелдік, озбырлық болып көрінбес үшін, бұл «білімпаздардың», олар жасап берген тіл ғылымының бет-аузын көрсеткендей бір тиянақ келтірелік. Мысалға, тіл мамандарының кіші-гірім, орта қолдарын да қоя тұрып, ең көрнектілерінен екеуін ғана, бірі – жалпы тіл тану ғылымының (общее языкознания) өкілі, екіншісі – колония тілдерінің зерттеушісі – алып, сол екеуінің үндестік заңын қалай ұғындырғанын қарайық.

Жалпы тіл тану ғылымының Европадағы атақты білімпазы болған неміс ғалымы Штейнталь (Steintal) өзінің «Charakteristik der hauptsächlichsten Typen des menschlichen Sprachbaues» («Адам баласының тіл құрылысындағы ең басты кейіпкерлерінің мінездемесі») деген кітабында³ сингормонизмді – дыбыстардың

³ Штейнталь. Берлин. 1860. 180-бет.

орайласып, бір ыңғайласып, үндесіп келу заңын, түрік-монғол елдерінің «рухани-жалқаулығынан» (es ist eine geistige Traegheit)⁴.

Якут тілінің аты шулы ірі білімпазы болған академик Бетлинг «Uber die Sprache der Jakuten» Петербург, 11 бет. («Якут тілі жайында») деген кітабында сингармонизмнің себебі Орал-Алтай елдерінің сөйлеу мүшелерінің өзгеше құрылғандығынан (auf einer eigentlichen Organisation der Sprachorgane der Ural-Altaj – schegen Volker beruhe)⁵– дейді.

Сөйтіп, бұл айтылған екі білімпаз екеуі де «Орал-Алтай тілдері» деп аталған тілдердің өзгешелігін бұл тілдер мен сөйлеушілердің «жаратылыстық өзгешелігінен», «сөйлеу мүшелерінің өзгеше құрылғандығынан» көріп, осынысымен Европа елдерінен бұлардың жаратылысы басқалығын, тумыстан тең емес, кем екендігін, бойына біткен «рухани жалқаулық» бұларды ілгері бастырмайтындығын мойындап отыр.

Е с к е р т у: Үндестік заңының шын себебі жайындағы мына «білімпаздардың» мына пікірлерінің қателігі турасында ілгеріде сөз болмақ.

Сонымен, қорыта келгенде, жоғарыдан бергі айтып келген пікірлеріміз мынаған тіреледі:

1. Тіл дыбыстарын сөздерді құрастырған тіл кірпіштері етіп көрсеткен;
 2. Дыбыс жүйесін тілдің басқа жүйелерінен айырып, оңашалап тексерген, сондықтан;
 3. Тіл категорияларындағы өткіншілікті, бірінен-біріне алмасып отырушылықты бүркеп кеткен;
 4. Дыбыстардың тілдік жағын, тілдің өз жүйесінің дыбыстарға ететін ықпалын көзге түсірмей жауып қойған;
 5. Дыбысты оңашалап алып тексерумен дыбыстың жаратылыстық жағына ауып кеткен, дыбыс жүйесі жаратылыстық бір ғылым болып қалған;
 6. Дыбыстың жаратылыстық жағын ала бөле терең тексеруімен тіл себепкерлерінің (факторы) ең күштісі жаратылыстық себепкерлер болып табылған.
- Міне, осы уаққа шейін тіл дыбыстарының табиғатын осылай танып келдік; үнді-европа тіл ғылымы осылай танытып келді. Бұл туралы орныққан көзқарас осы болды.

⁴ **Қара:** Радловтың «Phonetik der nordlichen Tuerksprachen» (Солтүстік-түрік тілдерінің фонетикасы) деген кітабын. Лейпциг, 1882, 77-51-бб, 1-бөлік (Rent).

⁵ Бетлинг. Петербург. 11-б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖОҒАРҒЫ КУРСЫ. «ДӘРІСТЕР»

(Лекциялар желісі)

1 ДЫБЫСТАРҒА (СПРАВКА)

XIX ғасыр басында (1816 жыл) немістің Франц Бопп деген адамы Еуропа тілі мен үнді тілінің дыбыстарын салыстырып барып, екеуін бір тіл деп білген. Бұл – үнді-еуропа тіл іліміне негіз салушы адам. Бірақ ол аталған тілдердің морфология, синтаксис жағын аспаған, дыбыстарын тексеруден алыстап кете алмаған. Сөйтіп үнді-еуропа тіл ілімі жүз жыл бойы дыбыстарды ғана тексерді, онда да дұрыс қорытынды шығара алмады.

«Баба» дегендегі екі **б** екі басқа, бір емес. Сондықтан бұл екеуінің физиологиясы да басқа. Біз көп **б**-ның бәрін де бір әріппен таңбалап, орта есепке келтіріп, бәрінің басын қосып, бір белгісін ғана алғанбыз. Бірақ бір дыбыс дегеніміз біреу болмай көп болып шықты. Неміс тіл ғалымы Франц Бопп осыны 1816 жылдарда тапқан. Осы еңбектен келіп «экспериментальная фонетика» туған. Одан бұрын дыбыс пен әріптің ажыратылмағандығы байқалады. Орыстың «гласная буква», «согласная буква» деген терминдері де осы соңғы айтқандарымызды білдіреді.

Татарларда Ғалымжан Шараф деген ғалым палатограмма (таңдай жазу) жолымен бір дыбыстың түрленуін 8 жыл зерттеген.

Бұл зерттеулер грамматиканы логикадан айыру үшін бір адым ілгері болғанымен формализмге апарып, тіл ілімін теріс жолға салған¹.

* * *

Фонетика – морфологияға да, синтаксиске де, лексикаға да – үшеуіне де керек; үшеуінің де қызметін атқарады: **ар-ас** деген мысалдар лексика керегін өтегені; *бар* мен *бер* дегенде жалғанғандар (қосымшалар) қандай болып келетіні (ұстастыру амалы) көрінеді. Бұл морфология міндетін өтегені; *бара* мен *алмады* сөздерінің жапсарын жаба айтсақ, «қолынан келмеді» мағынасында; аша айтсақ, басқа мағынада; мұнда екі сөздің байланысына қызмет қылып тұр, яғни, синтаксис қызметін атқарады; «*бара алмады*» деген тіркестің сөйлемнің бір мүшесі не екі мүшесі екендігі **а**-дан білініп тұр. Демек **жаба айту** мен **аша айту** – синтаксистік қасиет.

* * *

Фонема бір сөзбен екінші сөзді айыруға жарайды (*бал, бас*). Демек, фонема – бұйым. Фонема дауысты дыбыстардың ұсақ элементтерінен жасалады. Естілуі екі түрлі болғандардың бәрі бірдей екі фонема болмайды. Дауысты мен дауыссыз – бір нәрсенің екі беті.

¹ XIX ғасырдағы техниканың өсуі тілге де әсер етті. Математика, физика сияқты дәл ілімдер шықты. Көптеген ғалымдар тілді де осы жолға салам деп әуреленген, формализм осы тенденциядан туған (Қ. Ж.)

Мен: «дауыссыз – бұрын, дауысты соң туған» демеймін.

* * *

Тілінде африкат дыбыс бар тілдердің өскелең (ведущий) жағына көз салмастан, оларды артта қалған тіл деуге болмайды; дұрысы – африкат дегеніміз диффуздың әлжуазданған түрі. Егер африкаттар дара дыбыстан айырып тану үшін жасалса, ол оның артықшылығы. Бұрын қолымыздан басқа музыканы істеу келмесе, қазір келе тұрып, басқа тембр беру үшін әдейі істейміз.

* * *

Алтай мен Шувашта «с» пен «з» екі дыбыс болғанымен, бір фонема (*кес – кезер, нуз; нузи – басы*). «Баба» сөзіндегі соңғы **б** басқаша естіледі, сонда да бұндағы екі **б** – бір фонема. Сондай-ақ *қайыр – хайыр* дегендегі **қ** мен **х** екі дыбыс болғанымен бір фонема. *Файзолла* мен *Пайзолла* да солай. **П** мен **Ф** бір сөзді екінші сөзден айыру үшін тұрмағандықтан, оларды дербес фонема демейміз.

* * *

Бұрын дауысты да дауыссыз да болмаған (болған). Дауыстыларды кейіннен пайдаланғанбыз (қурай бұрыннан бар, бірақ адам оны сыбызғы ретінде кейін пайдаланды ғой; дыбыстар да осы сияқты). Сондықтан бұрын ым тілі болды.

* * *

Қатаң **қ** мен **к** әрпінен **ң** пайда болған; *жаздық > йаздығыз // йаздыңыз; жалбақта > жалбақта; қаз. қақпа; тат. қапқа; жалпы түрік. қапағ-қапуғ – қапық; қаз. көкпеңбек; тат. көм-гөк; қаз. бүп-бүтін; түркі. бөс-бүтін; қаз. жап-жасыл; тат. йәм-йәсия.*

Қазақ тілінде *өкпе – өкпе* болып айтыла береді. Демек, **к-п, п-к**, болып кездеседі. Грузиндерде үнсіз **t** дыбысының өзі екі түрлі **Vth – th**.

«Фонетиканы» қазақша **дыбыс** дейміз: «фон» – грек тілінен, қазақша мағынасы **дыбыс** деген сөз. Дыбыстар түрліше болады, олар әртүрлі естілген соң «**дыбыс**» деп аталады. Бұрын Абхаздың 75 әрпі бар еді, кейін 59 әріп болды.

* * *

Дифтонг. Буындық дауысты мен буындық емес дауыстының қосындысы дифтонг құрайды. Екі дауысты қатар келіп бір буын жасайды. Кейбір тілде үш дауысты қатар келеді, бұл – трифтонг. Мысалы, якут *тау* дегенді *тыа* дейді, қытай *қылыш* дегенді *дао* дейді. Дифтонг екі түрлі болады: 1. Өрлеме дифтонг – *тыа*; 2. құрама дифтонг – *дао*.

Тыа дегендегі **а** буын жасап тұр: «Неслоговое свойство гласного принято изображать значок – под буквой: **а, і** (сл. Ушакова, стр. 37). Слоговое свойство согласного изображает значок – л.

– **у.** *Таусыл* дегендегі **у** – дауысты. Мұны дауысты қылып айтуға да, дауыссыз қылып айтуға да болады.

ј – н. *Той* дегендегі **и** (йот) дыбысын дауысты қылып та, дауыссыз қылып та айтуға болады.

Дауысты. Дауыстымен басталған сөздердің бәрі де ол дауысты болмай тұрғандағы дауыссыз бен сонар дыбыстың қосындысынан айырылғандар. Татарлардың бір замандардағы JL< типіндегі емлені қабылдауы осыдан (үрік=қорық; ай+қай=ій

қай+қай; өгіз+хокиз; айда=хайда; әр=hәр, e+й < ій < e мысалы:

бұрын бейіт = бүгінде бет, бұрын бейіт – бүгінде біт болулары мүмкін.

* * *

«Фрикативный» деп қандай дыбыстарды айтамыз? – **с-ж, ж-з, ғ-г** дыбыстарын айтамыз. Неге? (дауыстылардың **а, е**-лерін тұрпайы деп **е, и**-лерін сыпайысы деп жазыппын, бұл қалай екен? (Ш. Х. С.)

* * *

Үнділерді сыбырлап айтсаң, үнсізге айналады. Үнді-үнсіз парлары бұрын бір болып жүрген. Тіпті алғашқыда **к, к, т** дыбыстары бір-бірінен ажыратылмаған. Қазір бізде – үнді бір фонема, үнсіз – бір фонема. Осы күнге шейін осы екеуінің ауыса беретін жерлері де бар (Алтайда): *пұс – пұзы, кес – кезеді (кеседі)*. Қазір түбір дыбыстары бізде орнықты, қосымшада олай емес; *Ала құнан* болмай, *ала гұнан*; *ала келді* болмай, *ала гелді*; *бара алмадының* екі түрлі айтылуы, екі сөзді байлау үшін болған синтаксистік қасиеті тағы басқалар.

* * *

«С» – «з» дыбыстарын сыбырлағанда естілгендіктен сыбыр дыбыстары дейміз.

КВИНТ.

Ң әрпі (дыбысы) кейін шыққан. Мұның теңі (баламасы) **нк-нг; ңк-ңг; йағмұр** – *жаңбыр; миңа – маған; маған – минға* (**н** аяққа кеткен). Бұрынғы заманда **ң** дыбысының **нк** болып жазылуы да содан.

فلا өгіз басы деген сөз. Бұрынғы қалпы мынау – \sqrt{A} , кішкенесі *A-a*. **Б** бік – үй (ебуй) арабша تيد (бәйт). X (ү) көз.

Дыбысты таңбалау арабтан, гректен, римнен қалған және осылардан таралған.

Дыбысты түгел таңбалайтын ешбір ел жоқ. Тіпті кей ел *авантюр* деп **жазып аважур** деп оқиды, **а**-дан **нт** оқылмайды, **оу** қатар келсе, **ув** болып оқылады; «**й**» «**оу**»-дан бұрын тұрса **ж** болады. Орыстардың **ю** әрпі – **иу**; **я** әрпі – **йа**.

* * *

Созылу. Дауыстыны созылады, дауыссызды созылмайды деу қате, бұл екеуінің айырмасы – басқаша.

Дауысты. Дауыс – дыбыс шымылдығының желбіреуі (физиология жағынан); дыбыстардың гармонды түрде байланысуы; дауыс – ән, ән – дыбыс. Дауысты дыбыста да ән жағы басым; дауыссызда салдыр жағы басым. Таза дауысты, дауыссыз жоқ. Дауыстылар түрлілігі – ауыз қалыбының түрлілігі. Дыбысты басым жағының атымен айтамыз.

а/е, ә, ы. Мұның екі түрлі болуы ауыздағы кедергілердің түріне қарап қана; ә-ні айтқанда тіл арты көмейге жақындайды.

ы-і; и-у. Бұларды «глухой гласный» дейді. **ы-і** әнделгенде «е»-ге айналады, **и-у** әнделгенде «о»-ға айналады. Осы келте дыбыстар бұрын орыста фонема болған (естество, лошадь).

Сыбырлағанда. Дауыс шымылдығы сыбырлағанда дірілдемейді.

ху. (Бұл дыбыстарға анықтама берілмеген. Е. Ж.)

ей. Бұрынғы **ей** тіркестері бүгінде **ій** болған (Бұл бірақ біріндеген заң).

ов. Бұрынғы **ов** тіркестері бүгінде **ұv** болған.

е. Бұл арабтың **е-** «ғ»-сы. Мысалы, мағына (маепа). Кейбір транскрипцияда қолданылады.

аа. *Агаиш* дегенді түріктер **ааш** дейді. Екі «а»-ның болуы компенсация заңы.

ғ/г. Буын басы да емес, буын аяғы да емес (буын ортасында келеді).

й. «Йай» дегендегі қысқа **й**; ілім тілінде **і** таңбаланады.

Дыбыс физиологиясына

«Голосовые связки». Тамақта шандыр бар, мұны дауыс шымылдығы дейміз, бұл екі жақтаулы, кейде керіледі, кейде бос тұрады, екеуі де өз еркімізде: демалғанымызда бос тұрады, сөйлегенімізде арасы керіледі, жуықталады (мысық көзінің қарашығы бұған мысал болады). Дауыс шымылдығын керсек, ол дірілдейді, үн осыдан шығады. Қатты керілсе, тез қимылдайды, дауыстың ащы болуы содан. Жәй керілсе, жәй қимылдайды, дауыстың қоңырлығы осыдан.

Дауыстың түрлілік себебі. Жастың дауыс шымылдығы жұқа, даусы ащы; үлкендердікі қалың, сондықтан дауысы қоңыр. Біреулердің даусы қоңыр, біреулердікі ащы болуының себебі әлгі дауыс шымылдығының түрлілігінен; ауыз-мұрын қуыстарының түрлілігі де дауыстың түрлі болуына себепкер.

Резонатор. Ауыз-мұрын қуыстарын резонатор дейміз. Ол – жаңғырықтырушы деген сөз (домбыра шанақтары сияқты ауыз-мұрын қуысы да – резонатор). Резонанс – жаңғырығу деген сөз. Резонатордың формасы түрлі болса, дыбыс та өзгереді; яғни дыбыстық сапасы өзгереді. Түрлі формалардағы бөтелкелердің даусы бұған дәлел:



Сондықтан ауыз қуыстары өзгеріп, көмей жақты кеңейтіп, ауыз жақты тарылтсақ, – бір түрлі дауыс, тағы басқа түрде құбылтсақ, екінші түрлі дауыс шығады.

Фальцет. Кейде көмейдегі шандырдың бір жері ғана дірілдейді. Мұндайда дауыс шымылдығының бір жерінен ғана ауа шығады. Фальцет дегеніміз осы. Қазақ ән салғанда дауыс шымылдығын осы халде ұстайды. Еуропа әндерінде фальцет болмайды.

Вокализм. Дауыстыларды ілім тілінде вокализм деп атайды.

Консонантизм. Дауыссыз дыбыстарды ілім тілінде консонантизм деп атайды. % көп – с (предлог); сонант – дыбыс деген сөз, – согласный.

Дыбыс – физиологиялық құбылыс. Дененің қызмет атқару міндетін физиология дейміз – организм мүшесі. Бұл жағынан қарасақ дыбыстың естілуі сезімімізге әсер ететін құбылыс. Құлаққа естілмейтін де дыбыстар бар.

Жіңішке соль-sol' сел-'sol. Бұл **S** (**с**) сөз дегендегі «**С**»-тан көп жіңішке. Шувашта онан да жіңішкесі бар. Демек жіңішкеліктің белгілі бір мөлшері жоқ.

Жуан. Біздегі жуан дыбыстар орыстағы жуан дыбыстардан көрі жіңішкерек.

Бізде: S – – – 'S

Орыста: S – – – S

Детерминатив (бөлу). *Шек-ішек, сек-ісек, лөк-үлек, русь-орыс, рет-ірет, ағыз-бағыз, лез-ілез.* Мұнда сөз басындығы **і, б, р** дыбыстары кейде түсіп қалады. Осы әдет манғол, армян тілдерінде де бар екен. Бұрын бір нәрсені не жаман, не жақсыға санаса ол затты айтпастан одан бұрын басқа бір сөздерді айтатын болған. Египеттің ескі жазуында патша атына қоршау қойылып жазылған. Орыстың патша аттарын атағанда «Его Императорское Величество» деуі де осы дәстүрден туған. Кейбір сөздердің бас әріппен жазылуы да осыған байланысты. Арабтардағы (үш сөз арабша жазылған) альфламдар да осыдан шыққан. Әйелдердің ат атамаулары да содан (атты ру басы қойған не көсемнің аты қойылған).

Шешекті қорасан деу де содан қалған. *Аға – іні* дегендегі **а** мен **і**-лер де сол. Бізде сөз басында **ар** келуінің бір себебі **ры** элементті сөздің аздығынан. **γ** – грек әрпі (гамма). Біздің **ғ**-мыз шығар.

к ч х ү. Бұл белгілер *среднебные* делінетін әріптерді көрсету үшін алынған.

Палатализация – (смягчение) палатум дегеннен шыққан. Ол қатты тандай деген сөз.

ј, һ. Бұлар дауыстыдан бұрын келсе, түсіп қалады. Мысалы, *йдақ – аяқ, һөкуз – өгіз.*

Біз дыбыстардың барлығын (бар екендігін) пайдаланғанымыз сияқты, жоқтығын да пайдаланамыз (*тіл, ол, солай бара алмадым...*).

О-дан **у**, **у**-дан **ы** пайда болған.

Сөздің этимологиясын табу үшін дауыстыларын алып тастау керек.

Дауыстылар аз, дауыссыздар көп. Дауыстылар сөздің әнін, ырғағын келтіреді, қай буынның күштілігін білдіреді.

* * *

Дыбыстың мағынасы бар ма? Әр дыбыстың өз мағынасы жоқ, бірақ мағына тудырады, не сөзді басқа мағыналы қылады, не мағынасыз қалдырады (ба-бал-бала+м).

Ал мағына деген не? Ол көп қызметтің бірін атау деген сөз.

Әріп дегеніміз акустика жағынан алып қарағанда тұтас емес; буын да солай.

Дыбыстардың жіктелуі

Дыбыстарды айтылуына қарай әрі сөзде білінетін өзгешелігіне қарай жіктеуге болады. Айтылуына қарай жіктегенде былайша бөлінеді: **дауыстылар** – **а, м, н, л, р, в, ы, е, о, у;** **дауыссыздар** – **б, п, т, ж, д, з, е, ш, ғ, қ, к, г.** Дауыстылар: 1. Толық дауысты – **а, е, у, ы;** 2. Шала дауысты – **р, л, м, н, ң, в, ј**

болып екіге бөлінеді. Толық дауыстылар: кең шығысты – **а, е, ы** (аңғал), **тар шығысты** – **о, у** (қымқыру) болып бөлінеді; **Шала дауыстылар: 1. ауыз шығысты** – **р, л, в, j**. **2. мұрын шығысты** – **м, н, ң** болып бөлінеді. Ауыз шығысты дыбыстар: **босаң жолды** – **р, в, j** және **қысаң жолды** – **і** болады. Мұрын шығысты дыбыстар үш түрлі: **босаң бөгеуі** – **ң, қысаң бөгеуі** – **н, тұйық бөгеуі** – **м**.

* * *

Дауыссыздар: **босаң жолды** – **б, ж, д, з, ғ, г** және **қысаң жолды** – **п, т, с, ш, қ, к** болып екіге бөлінеді. Қысаң жолдылар: ашық жолды – **с, ш**; тұйық жолды – **п, т, қ, к** болады. Босаң жолдылар: ашық жолды – **ж, з**; тұйық жолды – **б, д**; тұйықтау жолды – **ғ, г** түрінде кездеседі. Бұларды бір-бірінен айыратын факторлар: дауыстыдан соң **-мын**; дауыссыздан соң **-пын** жалғаулары жалғанады.

* * *

Толық дауыстылар буын ішінде дауыссыздардың алдында да, соңында да келе береді. Шала дауыстылар дауыссыздардың алдында ғана келеді, соңында келмейді. Аңғал дауыстылар (**а, е, ы**) орын талғамайды, қымтырулы дауыстылар (**о, у**) бас буыннан басқа жерде келмейді.

Ауыз шығыстылар (**р, л, в, j**) септегенде **-дың, -дан** болып, жіктегенде **-мыз** болып келеді. Мұрын шығыстылар септегенде **-ның, -нан** болып, жіктегенде **-біз, -бу** болып келеді. Ауыз шығыстылардың **босаңы** сөз басында келмейді, **қысаңы** сөз басында келеді.

Мұрын шығыстылардың **босаңы** сөз басында келмейді, **қысаңы** алдындағыға әсер етеді, **тұйығы** алдындағыға әсер етпейді. Дауыссыздардың қысаңы мен босаңы бір-біріне жуыспайды. Қысаң дауыссыздың ашығы азбайды, айнымайды; қысаң дауыссыздың тұйығы азады, айниды. Босаң дауыссыздардың ашығы сөздің басында да келе береді; тұйығы сөздің аяғында келмейді; тұйықтауы сөздің басында да, аяғында да келмейді.

* * *

Ауыз мүшелерінің ішінде көп қызмет атқаратыны – тіл. Басқалары оның сепшісі (көмекшісі). Дыбыс атына тіл аты немесе басқа бір мүшенің аты қатысса, сол дыбысты айтқанда сол аталған мүше ғана қызмет қылады екен деп түсіну дұрыс емес. Дыбыстардың айтылу түрі басқа-басқа болатын себебі оларға түрлі мүшенің қатысуы түрліше болатындығынан ғана. Дыбыстарды мүшелердің қатысу түріне қарай қай дыбыс қалай жаралатынын көрсете жіктесек, мынадай болады: 1. **Ауыз арқылы** өтетіндер **а, е, ы**. Бұлар ауыз мүшелерінің күшіне (кедергісіне) онша тимей, еркін өтеді; **о, у** ерін қымқырыла (қымқырынып) өтеді.

в, j ерін жабыла ма деп имене өтеді.

Р тіл қақтыра қимылдағандықтан қақтыға өтеді.

Л тіл келе жатқан бағытын бөгеп алғандықтан, тілдің жан-жағынан өтеді. 2.

Мұрын арқылы өтетіндер:

М ерін ауызды бөгеп жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді.

Н тіл ауызды бөгеп жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді.

Ң тамақ ауызды бөгеп жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді.

Өткелсіздер:

б, п – ерінге қамалады

т, д – тіске қамалады

қ, к – тамақта қамалады

с/ш, ж/з – тіл ұшы мен таңдайдан сүзіліп шығады

ғ, г – тілдің түбі мен тамақтан сүзіліп шығады.

Қазақ тілінің физиологиясы

Қазақ тілінің қазіргі физиологиясын сөз қылмастан бұрын, физика жағынан карағанда, дыбыстың қозғалудан, толқыннан болатынын еске алу керек және толқын мен қозғалудың да белгілі бір шекте болуының, белгілі бір мөлшерде болуының шарты екендігін ұмытпау керек. Қозғалу үшін қозғау керектігін, ол қозғаушы күштің де түрлі дәрежеде болатындығын ескеру керек.

Дыбыс шығаратын мүшелеріміз

Өкпе ісінеді – ауа жинайды. Өкпе басылады – ауа шығарады, толқын қылады. Ол ауа кеңірдекпен жағалап келіп, мұрын мен ауыздың бірі арқылы сыртқа шығады. Кеңірдек өкпеге барады (жалғасады).

Құр демалғаннан дыбыс шықпайды ғой. Қозғалыс күшін белгілі дәрежеге жеткізу үшін басқа шаралар керек. Ол – кедергілер. Іштен шыққан ауа түрлі кедергіге ұшырайды. Ол кедергіні не бұзу керек болады (бөтелке пробкасын еске ал). Ауа ағыны қапелімде шықпай, кедергіге жиналады. Ауа сол кедергіге не қатты сүйкеле шығады, не кедергіні бұза шығады.

Бөтелке ішіне су мөлшерін түрліше құйсақ, дыбыстары да түрлі болады (қозғалғанда). Дыбыс ұлғаю үшін толқын жылдамдығына сәйкес басқа бір нәрсе болуы керек. Дыбыс жаңғырығу жолымен де күшейеді, өзгереді. Ауызды түрлі қалыпқа келтіріп, түрлі жерден дыбыс шығарлық қылып кедергілейміз.

* * *

Ауыз тамақ жеу үшін керек: ерін тамақты ұстау үшін, тіл тамақты айдау үшін, дәмін білу үшін (осыған бейімделіп жұмсақ болған, т. т болған). Оның осы қасиеттерінің дыбыс шығаруға да пайдасы тиген. Біз сол бар нәрселерді пайдаланамыз.

Тілдің кейінгі жағы – көмекей латынша «глоттиде» (итал.) немесе «глотте» (франс), қазіргі ағылшын тілінде де «глоттал катх» деп аталады. Алғашқы екі термин орысша «голосовая шель» болып аударылады да, ағылшынша атау орыс тіліне «гортанная смычка» деп аударылған. Орыс тілінде бұл «ларенгальный затвор» деп те аталады немесе «смычногортанный согласный» звук деп беріледі.

Қ (ғ) дыбыстарының шығатын жерінен – таңдайдан **к (г)** шығады.

Қ (ғ) көмейден шығады, көмей дыбыстары латынша «велзоле» дейді.

К (г) тіл арты дыбыстары.

С/Ж, Ш/З – тіл алды дыбыстары.

Т, б, п – ерін дыбыстары.

Үнсіздер физиологиясы (еріннен көмейге)

П (б). Ауа ағыны ауызбен өтеді, мұрын жолы жабық тұрады. Тіл астыңғы иекке жабысып, өз қалпында жатады. Екі ерін бір-біріне жабысып, ауа жолын бөгейді. Бірақ, ауа ағынының күші бөгеуді бұзып, ерінді ашып кетеді. Осылай ерін ашылып қалғанда шығатын салдыр **п, б** дыбыстары болады. Оның үстіне дауыс шымылдығының дірілі қосылса, **б** үнді болады.

Ф, Б, V, М, П. Бір жерден – еріннен шығады. Демек бәрі бірдей болуы керек еді, бірақ олай емес, бірінің орнына бірі жүреді. Мысалы: *жап-жауып-жабады-жамыл*. Бұлар бұрын бір дыбыс болған, келе-келе – айырылған.

Т (д, н). Тілдің ұшы сүйірленіп барып, үстіңгі күрек тістің іш жағына жабысып, ауа жолын кедергілейді. Ауа бұған тоқтамай кедергіні бұзып шығады. **Т** – осының салдары. Мұрын – жабық, ерін – қашыңқы. Осыған **Т – – = д** (д екі дауыстының арасында болса, тіл босаң тиеді, буынның басында болса, тіл қатты тиеді). Оған мұрын жолының ашылуы қосылса, **н** пайда болады. Мұнда тілдің ұшы тістен айырылмай тұрып қалады да ауа кейін қайтып, мұрынның шығады (т-ны айтқанда кейде тіл жабылады дегендегі бір жерде ... дұрыс па?). Тіл ұшы күрек тіске тиеді орыстар **т-ны** айтқанда күрек тістің қызыл иек жағына тиеді де, ағылшындар айтқанда тілдің ұшы қызыл етке соғады.

С (з). Бұл дыбысты айтқанда мұрын жабық, ерін қашыңқы тұрады. Тіл өзінің арқасын (үстін) тегіс тақтайдай қылып ұстап көтеріледі де, астыңғы жағы астыңғы күрек тісті жауып, олай қарай ауа жібермей тұрады. Үстіңгі күрек тіске жуықтап (босаң тиіп), ауа осы екі арадан сүзіліп өткендей қылады. Тілдің үстімен жағалап келген ауа тура күрек тіске соғып барып, қуыс-қуысқа ыдырап шығады. Осы салдырдан **с** жасалады. Бұған ауа толқыны қосылса **з** болады. Сондықтан **с-ш, ж-з** дыбыстарын **тіс дыбыстары** деп те атаймыз.

Ауыз жолды сонорлардың физиологиясы

Ж – дыбысы таңдайдан шығады; жуысыңқы, созылады. Оны айтқанда тілдің жоғарғы жағы таңдайға жуысады, шығатын жері, жасалу түрі **и (е)** дыбысына жақын, бірақ **и**-ден гөрі **ј**-ді айтқанда тіл мен таңдай бір-біріне жуысыңқырайды (араб сөзі), ауа жолы (өткелі) тарылады. Сондықтан салдыр **у** мен **и**-ден гөрі артығырақ. **Ж**-ді айтқанда ауа бұлтармайды: **тура жолды сонор** деу себебіміз содан. **Ж** Европада дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады. Оны айтқанда астыңғы иек тіпті төмен түседі. *Бара жатыр* деген сөздерді «бариатр» деп сөйлейтін елдер бар. Бұның себебі: **Ж** мен **ж** дыбысының шығатын жері бір болғандықтан.

V – еріннен шығады. Жасалу түрі мен созымдылығы жуысыңқы (сықылды). Ауа сыртқа шығарда екі ерін бір-біріне жуысады, дыбыстың шығатын орны да, жасалу түрі де **у**-ға жақын; айырмасы – **у**-дағыдан гөрі екі ерін жуысыңқырайды. **У** мен **V** жасалу түрі де, шығатын жері де бір болғандықтан, қатар келгенде қосылып кетіп, бір дауысты болады. *Tau V* – дауыссыз, *taV* – дауысты. **V** – айтқанда екі ерінді жақындатсақ, сонор болады, жақындатпасақ дауысты болады.


L – тіс дыбысы, оны айтқанда тілдің ұшы тістің етіне, не тістің өзіне тіреледі. Тілдің екі не бір жағында ауаға жол қалады, демек, жабысыңқы емес, жуысыңқы. Дүниеде екі **L** бар: 1. «велеризованный»; 2. «невелеризованный». Бала дегендегі **L**-ды айтқанда тілдің көмекейге жуық түп жағы таңдай артына, кішкене тілге жақындайды. Бұл – әлгі бірінші **L**. Мүләйім дегендегі **L** невелеризованный **L**-ға жатады. Оны «неевропейский» **L** деп те атайды.

P – әдетте тіс дыбысы. Оны айтқанда тіл ұшы жоғарғы күрек тістің етіне жақындайды, орыс пен қазақтың тілінің ұшы дірілдейді. Кішкене тілдің дірілінен пайда болатын **p** бар, бұл французда да бар. Оны – гаркавий **P** деп атайды. Атты тоқтатқанда шығатын **P**-ды еріндік **P** дейміз.

P/L, V/J – дыбыстарын сонор дейміз. Бұлар жуысады, бұл – бірінші белгісі **p, л** – түскіш (сусымалы) (арабша термині бар) әріп **жанғыз-жалғыз; жарық-жақ**. Хакаста «**жалғызды**» «**жаңғыз**» дейді.

Үнділердің физиологиясы

Дауыс шымылдығының дірілдерін біз ирек сызықпен былайша белгіледік:




Мұрын жолды сонорлардың физиологиясы

жуаны



жіңішкесі



Е с к е р т у: **N**-назал, назал = мұрын; **J**-жіңішкелік белгісі. Сонор – үні бар. **С-р** дейтіміз – бұл әріптердің біртабан дыбысқа жақындығы. Бастауыш мектепте дауыссыздарды егіздеп (по-парно) бөле келгенде, сонорлар шығып қалады. Дауыстыларға тек дауысты дыбыстар ғана жатады десек, қате [сонорлар да қосылады].

Дыбыс дәрежелері

Үнсіз – жалаң дыбыс. Өйткені тек салдыр ғана бар (үн жоқ).

Үнді – күрделі дыбыс (2-дәрежедегі). Формуласы: **салдыр+үн=үнді**.

Мұрын жолды сонор – күрделі дыбыс (3-дәрежедегі) формуласы: **М/с-р=салдыр + үн + N**.

Дауыстылардың физиологиясы

Горизонтальный (жатқы бағыт)

ілгері (ерін)	орта	кейінгі	(көмей)
і, ү і, ү (қазақтікі) е	ы (орыста – ый)	ы, у, у, о а	Жабық (1) Орташа (2) Ашық (3)

Дауыстыны айтқанда ауыз ілгері жақтан тарылса, **ілгергі дауысты** дейміз. Дауыстыны айтқанда ауыз орта жақтан тарылса, **орта дауысты** дейміз.

Дауыстыны айтқанда ауыз кейінгі жақтан тарылса, **кейінгі (көмей) дауысты** дейміз.

Жабық (1) – тіл жоғары көтеріледі.

Орташа (2) – тіл төмен де түспейді, жоғары да көтерілмейді.

Ашық (3) – тіл төмен түседі.

Ашқыш:

ыдыс – ыдыс (қазақша оқығанда)

қы-қый («_____//_____»)

сұр-сұр («_____//_____»)

су-су V («_____//_____»)

сүт-сүт («_____//_____»)

сүрет-сүVрет («_____//_____»)

іні-іні («_____//_____»)

ине-ине («_____//_____»)

Шартты белгілер:

Қысқалық белгі **✓**

Ұзындық белгі – (то)

* * *

Дауыстыларды осылайша ұяға бөлуіміз – шама ғана. Әйтпесе бір **о** дыбысының өзі өз ұясының әр жерінде тұра береді. Басқа дыбыстар да солай. Мысалы **е** дыбысын **ә** дыбысына да, **і** дыбысына да жақындатуға болады. Тіл кейін кеткен сайын дыбыс жуандайды, тіл ілгері кеткен сайын жіңішкереді (Мыс: *Пайзла*).

Дауыстылар алғашқы кезде мағына беруші болмай, әр коллективтің ұраны, оның қай елден екендігін білдіретін дабыл болған. Сондықтан дауыстылар қатынас (отношение) белгісі делінеді. Бұрын олар фонема болмаған. Ертедегі рулардың аты, таңбасы болғаны секілді дауыстылар да сондай ру белгісі қызметін атқарған (звуковой корреспондент) [үнді-еуропа ғалымдарына]. **А, О** дыбыстары қатысқан сөздер тұрпайы (топас) сөз болады-мыс. Дауыстының ішінде дауыссыз да бар.

Дауыстының емлеге байланысты жері

Богородицкий – үнді-еуропа тіл ғалымы. Бұл кісі *білек* сөзіндегі **і** дыбысы ашық буында тұрып, екпінінен айрылған соң түсіп қалған дейді. Радлов та осылай

айтқан. Богородицкий «ы», «і» дыбыстары бітеу буында да жоғалады дейді. Мысалы, *тыс-тстық*. Бұндай ережені татарлар 1929 жылы қабылдап, 1934 жылы тастап кеткен болатын. Бұлар да Богородицкийге еріп: «Екпінді буындағы «ы» дыбысын жазу керек, екпінсіз буындағы «ы»-ны жазбау керек» деген-ді. Татар сөзінің соңғы буынында ғана екпін болады деп түсінген олар «ы» дыбысын тек соңғы буында жазған. Ал біз «ы» дыбысының жазылатын, не жазылмайтын жерлерін буынның таптастырылуына қарай белгілегенбіз. Әйтпесе қай буында екпін барлығын белгілеу қиын. Буынның қайсысында екпін барлығын белгілеу үшін сол сөздегі түрлі буынға екпін салып көру қажет. Осыншалық қиындығы болған соң татарлардың осы жөніндегі ережесі кәдеге аспай қалды.

Ғылымда дауысты дыбысты **v** таңбасымен, дауыссыз дыбысты **c** таңбасымен көрсетеді. Бір **ы** дыбысының ішінде дауысты да, дауыссыз да бар дегенді былай көрсетеміз:

$$\begin{array}{l} \text{Д-Ы} - v \\ \text{Д-З} - c \end{array}$$

Богородцкий «тыстық» сөзінің бірінші буынындағы **ы** дыбысы жоғалады деп есептеп, оны мына формада көрсетеді: $\text{тыстық} = \frac{v}{c} \{ы\}$. Шынына келгенде «тыстық» деген сөздегі «ы» дыбысының салдыры да, ауыз қалпы да жоғалмайды. Ал әні жоғалса «ы»-ның салдыры жоғалады деу дұрыс емес, негізгі фонема дауысты емес, дауыссыз (салдыр) дегенбіз.

Дыбыстың физикалық жағы

Ашшылық – қоңырлық. Дыбысталған заттың қалтырауы (дірілі) – дыбыс (физикаша). Дыбыс болғанда (шыққанда) ауа бірде қоюлана, бірде сирекси жан-жаққа толқиды. Бұдан келіп құлақ пердесі әрі-бері қалтырайды. Ауа қоюланса, құлақ пердесі тартылады, ауа сиресе, құлақ пердесі сыртқа тебеді. Белгілі уақыт мөлшерінде ауа көп қалтыраса, дауыс ашшы болады (высокий звук). Белгілі уақыт мөлшерінде ауа аз қалтыраса, дыбыс қоңыр болады (низкий звук). Ауа секундiне 16 000 рет қалтыраса, дыбыс өте баяу естіледі; 40 000 рет қалтыраса, ең ашшы дыбыс шығады. Одан көп болса (40 000-нан) дыбыс естілмейді. Адамның есту шамасынан тыс көп қалтырауын «ультра» дейміз, есту шамасынан кем, аз қалтырауын «инфра» дейміз. Демек ең қоңыр дауыс 16 қалтыраудан шығады, ең ашшы дауыс 40 000 қалтыраудан шығады. Дыбыс – қозғалыс категориясының көп тарамдарының бірі (физикаша). Естілуі дегеніміз дыбыс толқынының шапшаңдығы мен күшінің белгілі бір кезеңі. Дыбыс естілуі үшін сол кезеңнен артық та, кем де болмауы керек.

Домбыраның бірде ашшы, бірде қоңыр дыбыс шығару себебі: біріншіден, ішек неғұрлым жуан болса, дыбыс солғұрлым қоңыр (қалтырауы сирек) болады. Екіншіден, жіңішке ішекке ауа көп бөгет болмайды (жуан ішекке қарағанда). Қатты ішек қатты бұрылса, дыбысы ашшы болады. Қатты ішек бос бұрылса, дыбысы қоңыр болады. Ішек қысқа болса, дыбыс ашшы болады. Ішек ұзын болса, дыбыс қоңыр болады.

Гармонның тілі жұқа да, қалың да болады. Сондықтан оның дыбысы ашшы да, қоңыр да болады.


Гармон тілінің жұқалығы мен қалыңдығы бірдей болғанымен олардың материалы әр түрлі болса, дыбыстың қоңырлығы мен ашшылығы түрліше болады. Өйткені олар материалына қарай да түрленеді.

Дыбыс үшін қозғалу керек, қозғаушы күш керек. Қозғалыстың әлді-әлсіздігіне қарай, яғни қандай күшпен қозғалуына қарай дыбыс түрленіп шығады. Әр түрлі затты бір темппен қозғауға болады, бірақ бұлардың бітісіне қарай дыбысы түрлі-түрлі естіледі. Себебі олардың құрылысы, қозғалудағы шапшаңдығы әр түрлі.



Дыбыстың күші (амплитуда)



Бұл ұғым қатты, ақырын деп те аталады, құлаш деп те аталады.

Кей дыбыс алысқа естіледі. Кей дыбыс жақынға естіледі. Бұл неден? Домбыраның шегін тартқанда оның созылып барып қайтқан жері құлашы деп аталады. Мысалы: **а** мен **б**-ның арасындағы құлаш тең амплитуда.



Амплитуда бірте-бірте қысқарады, бара-бара ноль болады, демек дыбыс тоқталады. Амплитуда неғұрлым ұзын болса, солғұрлым дыбыс күшті болады; қысқа болса күшсіз болады. Амплитуданың ұзындығы мен қысқалығы былайша белгіленеді:

ұзындығы →  (дыбыс күші, қатты),
қысқалығы →  (дыбыс күшсіз, ақырын). Мұны **құлашы алыс, құлашы жақын** деп атау керек.

Амплитуда  (қысқа) болса, дыбыс ашшы болады,  (ұзын) болса, дыбыс қоңыр болады. Бұл көрсетілгеннің бәрі де дыбыстың жалаң түрі (простые звуки).

А **Д** **С** **Д** **В**. Бұл амплитуданың шегі. **С** секундтіне 20 рет қалтыраса, **Д** секундтіне 40 рет қалтырайды. **А** мен **С**-тің арасы бірдей деп, кесіндіні үшке бөлсек, оларға **С+Д**, **Д+Е**, **Е+А** деп ат қойсақ, жоғарғы есеп бойынша **Д+Е** шегінің арасы 80 рет қалтырайды. Демек, толқын шетке кеткен сайын әрі жиі, әрі әрбір есесі екіге көбейтіле береді.

Қорытынды: Шектің әрбір ноқаты әртүрлі дыбыс шығарады.

Дыбыс амплитудасына маңындағы заттардың үні де қосылады. Мысалы, домбыра тартысының. Қосылатын дыбыс та әр заттың материалы түріне, формына, үлкен-кішілігіне, қалың-жұқалығына қарай үн шығарады. Яғни дыбыс шыққан аймақтағы заттың бәрі де үн қосуға ат салысады.

Осыдан келіп дыбыстардың естілуі жалаң болмай, күрделі болып шығады (сложный звук). Құлаққа естілетін түрліше дыбыстар саны мен сапасына қарай түрліше болады. Мысалы, домбыра даусы мен скрипка даусы бір емес, өйткені олардың тембрі басқа, екі түрлі музыка құралының не дыбыс шығарушы басқа заттардың дыбыстарының түрлілігін тембр дейміз (Тембр жөнінде Ушаков Д. Н-нің 2-бетін оқы).

Дыбыстарды екі түрге бөліп қарастыруға болады: 1) Гармониялы дыбыс (гармонический звук); 2) гармониясыз дыбыс (ангармонический звук). Бірінші түріне музыка дыбысы, екіншісінде салдыр (шуыл) естіледі. Схемамен көрсеткенде бірінші түрін былайша көрсетуге болады:



екінші түрін былайша көрсетуге болады:



Дауыстылар гармонды дыбыс, бірақ шуылдан таза емес; дауыссыздар шуыл дыбыс, бірақ гармоннан таза емес. Мысалы: **А** мен **Ы** бір-бірінен басқа бола тұрып, екеуі бір-біріне жақын; Себебі екеуі де гармонды. Гармонды не гармонсыз дегеніміз дыбыстың бір қалыпқа түсуі не түспеуі.

Құлаққа естілгенде дыбыстар жалаң күйінде емес, көп заттардың қозғалысының жинағынан шыққан, белгілі бір тәртіппен қайта формаланған дыбыстардың қосындысы ретінде естіледі. Бұны схемамен көрсеткенде былай болады:

$$N1 \text{ схема: } + \frac{\text{шұыл}}{\text{дауыс}}$$

Демек ашшылық, қоңырлығы бірдей, бірақ күші екі еселенген екі дыбыстың қосындысы қатты айтылады да, алысқа естіледі.

$$N2 \text{ схема: } + \frac{\text{шұыл}}{\text{00000}}$$

толқындар қарама-қарсы келіп, күші де, жиілігі де бірдейлескен кезде, бірін-бірі жоқ қылады (асылы екінші толқынды «қарама-қарсы» деп атаған жөн секілді).

Қозғалыстың қаншалықты шапшаңдығына қарай дыбыстың түрі өзгереді. Қозғаушы күштің әлді-әлсіздігіне қарай да дыбыстың түрі өзгереді. Толқынның жиілігі мен сиректігіне қарай да дыбыстың түрі өзгереді. Бұлар дыбыс түрін жасайды.

Дыбысты таратушы жағдайдың түрі көп, сондықтан дыбыс түрі де көп. Бұның өзі қозғалыс жағдайының көптігін білдіреді.

Толқын деген не? Нәрсе бөлшектерінің біресе жиналып, біресе сиреуі (таралуы) толқын туғызады. Толқынның жиілігіне мысал:



(ашшы дауыс, әйел даусы); Толқынның сиректігіне мысал:



(бұл қоңыр дауыс).

Суға тас тастасаң, су жайылады, дөңгеленеді, толқын осыдан пайда болады. Суға үлкен не кішкене тас тастағанына қарай толқын күші де түрліше болады. Толқын жасаушы күштің шамасы – толқын шамасы болады. Толқынның құлашы (орысша амплитудасы). →



Толқын күші ашшы дауысты пайды қылады (высота голоса).

Қозғалыстың қандай түрі толқын туғызады? Толқынның белгілі түрде қайталап отыратыны бар (периодический). Ол бір қалыпқа соғып отырады. Қайталап кездесіп отырады (арба дөңгелегіне қыстырылған зат). Периодты қозғалыстағы толқын тудыру үшін белгілі күш, белгілі өлшеу, белгілі уақыт керек.

Жоғарыда дыбысты таратушы жағдай туралы айттық. Толқынның төңірегі, толқынның қандай нәрсе арқылы өтетіндігі, немесе оны қоршаған орта дыбыстың анық-қанығын, жетіліп-жетілмеу жағдайын белгілейді. Дыбыстың ашшы болуы мен қоңыр болуы толқынның жиілігі мен сиректігінен, қозғалушы нәрсенің қандай екендігінен (мысалы, домбыра шегінің жуан, жіңішкелігінен, пернесінің аз, көптігінен) болады.

Домбыра бармақпен баспай (пернені) шертсе, ішек аз қозғалады, ішекті орта жерінен басса, екі есе көп қозғалады, ашшы дауыс шығады.

Күшті мен ашшының айырмасы: – мысал
 Әлсіз бен қоңырды айыру керек: берілмеген

Құлаш ұзындығы
 Дауыстың күші
 (громкость)



Дыбыстың жалаң түрінен басқа бұлардың қосынды түрі бар. Шынында «ф» деген бір дыбыстың өзі әлденеше дыбыстан құралған. Құлаққа естілген дыбыстың бәрі дерлік қосынды жалаң емес. Дауыс құрамының (состав) түрлілігіне қарап, тембріне қарап, кімнің даусы екендігін қараңғыда тұрып-ақ танымыз. Қобыз бен скрипка тембрі екі басқа. Сондықтан дауыстары да екі басқа.

Күші мынадай бір дыбысты алайық — — — — }

ашшылығы мынадай бір дыбысты алайық, осы екеуінің қосындысынан үшінші бір дыбыс естіледі, ал жоғарыдағы екі графадағы екі дыбыстың екеуі де естілмейді. Мысалы, мына екі түрлі дыбыстан:

$$+ \text{---} \text{---} \text{---} \text{---} + \text{---} \text{---} \text{---} \text{---} = \text{естіледі}$$

$$+ \text{---} \text{---} \text{---} \text{---} + \text{---} \text{---} \text{---} \text{---} = \text{естіледі}$$

Дауыстың естілуінен көп нәрсені білуге болады: жерді бұрғылау арқылы, жерде қандай металл барлығын білеміз; эхолот арқылы теңіздің тереңдігін білеміз; атылған зеңбірек даусының қайдан шыққанына қарап, қаншалықты қашықтықта

екендігін білеміз; мотор даусына қарап, машинаның қай жері бүлінгенін білеміз; акустикасына қарап, аудиторияны қалай салу керектігін білеміз. Қосынды дыбыстар арасындағы біреуі әрі күшті, әрі гармонды болса, бөтендері оған өз бояуын береді. Дыбыстың тембрі де осы бояу. Күші де, ашшылығы да бірдей екі адамның дауыстарын айырып, тануымыз әлгі бояушы дыбыстардың қызметіне байланысты.

Е с к е р т у: Орта мектептің 8-класына арналған физика оқулығының акустика бөлімін қараңыз.

Дыбыстардың бөлінуі (таптастырылуы)

Дыбыстар дегеніміз бір-біріне таяу тұрған, тұтасынан жатқан бір нәрсе. Біз оларды үнінің көптігіне, аздығына, немесе жоқтығына қарап дауысты, сонор, үнді (дауыссыз, үнсіз) дауыссыз деп бөліп қарастырамыз. Бөлінудегі объект қалпын сақтап, әріптерді бүтін көрсетсек, мынадай тәртіппен тізіледі:

Д-ы (нағыз дауысты), **С-р** үнді / **Д-з** үнсіз / **Д-з** (нағыз дауыссыз).

Бұлардың арасын пышақ кескендей айыру қиын, өйткені сонордың бірқатары дауыстыға жақын (**v, j**), бірқатары дауыссызға жақын. Жоғарыдағыша бөлуіміз сан тәртібінің бір-бірінің жақындығы сияқты. Мысалы, екі саны бір жағынан 1-ге жақын, екінші жағынан 3-ке жақын, дыбыстар да солай. Сондықтан санды тәртібін сақтамақ болғанда 3, 1, 4, 2, 5 деп жазбайтынымыз сияқты, дыбысты да ішкі тәртібін сақтап жазамыз. Шындыққа жақын болғандықтан осы жолды сонор тобына да қабылдап отырмыз.

Дыбыстарды таптастырғанда екі дауысты, екі сонор, екі дауыссыздардың бір буында сиыспайтынын да ескердік.

* * *

Сөз ішіндегі дыбыстардың бәрін өзгерту шарт емес, біреуі өзгерсе де өзге сөз болады. Мысалы, *мал, шал* деген екі сөздің ұйқастығы **м, ш** дыбыстардан басқаларының бірдей болғандығынан. **М, ш** бөлек дыбыс дейміз. Олар сөздің мағынасын өзгертті, басқа дыбыстарды өзгерткен жоқ. Сөз бөлшектерінің дыбыстары бірдей болса, мағынасы да бірдей (көбінесе) болмақ. Оларды сөз алқасынан танимыз. Дыбысы бір болғанмен мағынасы басқа болса, не мағынасы бір болғанымен дыбыстары басқа болса, ол бір сөз болмайды. Мысалы: *ат* – жылқы, *ат* – есім, *ат* – етістік; *Адам* – кісі. Алғашқы мысалдағы «*ат*» сөздерінің дыбысы бірдей де, мағынасы басқа, соңғы мысалдағы «*адам*» мен «*кісі*» сөздерінің мағыналары бірдей де, дыбысталуды басқаша.


Бір дыбысы басқа болса, мағына артық не кем болып өзгереді. Олай болмай-ақ, дыбыстардың тізілу тәртібі басқа болса, сөздер бірінен-бірі басқаша болады. Мысалы «семсер» деген сөздегі дыбыстар саны – 6, сапасы – 4. Бізде сапасы әр түрлі болатын дыбыстың арнаулы саны бар. Дауыссыздар созымды, созымсыз болады.

Қ, Т, К, П	Ш, С
Б, Ғ, Г, Д	Ж, З

Бір дыбысты айтқанда ауыз мүшелерінің қай жері қай жеріне тисе, дыбыстың шығатын жері сол дейміз.

дыбыстар	көмей дыбыс	ерін дыбыс	тіс дыбыс
қатаң (үнсіз)	қ, к	п	т, с, ш
ұяң (үнді)	ғ, ғ	б	д, ж, з

Ауыз мүшелері бір-біріне жабысып ашылса, жабысыңқы дауыссыз дыбыс болады. Ауыз мүшелері біріне-бірі жабыспай, жуысып кетсе, жуысыңқы дауыссыз дейміз.

«С» сыбырлап сөйлегенде де анық естіледі, «ш» ысқырып сыбыс берген дыбысқа ұқсайды. Оларды сыбыр/сыбыс деуіміз сол. Жабысыңқының бәрі созымсыз, жуысыңқының бәрі созымды. (v, j ). j-дің жасалу түрі, шығатын жері «і»-мен «е»-мен бірдей, тек «j»-де тіл мен таңдай бір-біріне жуысыңқырайды. V-да j-ден гөрі екі ерін жуысыңқырайды. Дауыссыздар толқын дірілінен пайда болады.

Жасалу түрі дегеніміз айналмалы (р, н, л, н, м), тура (v, j) жолды болады.

Соноп не шала дауысты (не плавный)

Шығатын орындары		Ерін		Тіс		Таңдай		Көмей	
				күрек	азу				
Шығатын жолы	Ауыз Мұрын				л	р			
			м	н					ң
жасалу түрі		т у р а	айнал-малы	тура	айнал-малы	т у р а	айнал-малы	т у р а	айнал-малы

Фонетика

Фонетика – дыбыс жайындағы ілім деу дұрыс емес. Өйткені ол дыбыс біткеннің бәрін қарамайды. Ал фонетика сөз дыбыстарын қарайды деушілердің пікірі дұрыс сияқты, бірақ ол да жүз процент дұрыс емес. Себебі дыбыстың ұзын, қысқасы бар, ерін арасын алыс-жақын қоюы бар, дыбыстың әні бар, «жоқ» дегенді таңдай қағып білдіру бар т. б. Бірақ фонетика мұның бәрін қарамайды. Енді қалай? Фонетика тілдің дыбысты пайдалану техникасын қарайды.

Дыбыс сөз үшін жасалмаған, ол бұрыннан (әлимсақтан) бар. Қурай сыбызғы болу үшін өспейді, сия да жазу үшін шыққан жоқ. Барлық халықтың дыбысты пайдалануы бірдей емес. Бір тіл дыбыстың жуан-жіңішкелігін пайдаланады. Соның өзінде де әртүрлі: өте жіңішкесін не орташасын пайдаланады. Бір халық пайдаланғанды екіншісі де пайдаланады («Ә» бізде де, немісте де, ағылшында да бар. f ف-лер де мысал болады). Біздің «жол» дегенімізді шуваштар уул (бұндағы екі у-дың бірі жуан, екіншісі жуан естіледі) дейді. Біздің ый дегеніміз орыста да

болған (**ы** =**ь**); олардың **ь** белгісі бұрын біздің осы күнгі **у** мен **ы** дыбыстарымызды білдірген). Дауыссыздың үндесуі бізде де, орыста да бар. Бұл әдет бірде бір-біріне ұқсауы, енді бірде ұқсамауы мүмкін. Яфет тілінде үнді [үнсiздер (дiн)] аралық дыбысы бар. Кей елде **ә** таза айтылады, кейде мұрыннан шығады. Дыбыстар **ғалам, ғәлам, ғалым** болып та пайдаланылады. Дыбыстар екі сөзді айыру үшін, сөз құрау үшін керек. Дыбыстардың жалпы мақсаты бір (Тымақ – түрлі, бірақ мақсаты бір болады).

Бүгін де Телжан келді (Телжан да бүгін келді). **Мантық** (логика) үшін бізде кейде шылау сөздер де қолданылады (*да*). Дыбыстарды әр елдің түрліше пайдалануы бүгінгіше бірігу жағдайы болмағанынан. Қазақ тілінің фонетикасы дегеніміз – қазақ тілінің дыбысты пайдалану техникасы. Сықылық (сықылықтау) – дыбыс жүйесіне кірмейді.

Ән

Ән дыбыс басындағы зат емес, буын басындағы зат. Сондықтан әр буын жіңішке де, жуан да, ашшы да, қоңыр да, созылып та, қысқа да айтыла алады.

Әнді тіл біткеннің бәрі пайдаланады. Бірақ түрліше (пайдаланады). Бір сөздің мағына нышанын (отенок) білдіру үшін, көңіл райын (настроение) білдіру үшін т. б; бұйрықтар бір-бірінен әнімен айырылады (*отыр, тұр*). Мұны бұрмалау да бар: күліп сөйлеп, істеп жүріп, іштей ренжу бар; ренжіген болып жүріп, іштей қуануы бар. Дұшпан ниеттілер әнді осылай пайдаланады. Ән Қытайда фонема орнына жүреді. «**Ма**» қытайша – *ағаш, ишиа, жылқы* деген үш сөзді білдіреді. Ол мағыналарды «*ма*» сөзінің үш түрлі әнмен айтылуына қарап айырамыз. Олардың айтылулары: қоңыр+ашшы; қоңыр+қоңыр; ашшы+қоңыр; ашшы+ашшы болып келеді. Біз «*ал*» деген сөзді сыбырлап айтсақ та, дауыстап айтсақ та бәрібір бір мағынада қолданамыз. Африкада Боспен (Бушмен) деген халықта составы (құрамы) дыбыстарының тәртібі де бірдей бір лебiздi сыбырлап айтса, бір мағына білдіреді; дауыстап айтса, екінші мағына береді. Демек, біз бұдан әр тілдің әнді пайдалануы да түрліше болатынын аңғарамыз.

Тілдің музыкалық «оформлениесі» (әуені) ортақ. Сондықтан басқа халықтың тіліне түсінбесек те, сөз әуенінің қайғылылығын, не қуаныштылығын сезінеміз. Тіл-тілге ортақ ән де бар, әр тілдің өзіне меншікті басыбайлы әні де болады. Бір нәрсе сұрағанда дауыс 5 тон көтеріледі. Қабат ноқат (қос нүкте) интонациясы мен жай ноқат интонациясы бір емес; сұрау (өтіну), бұйыру, қайғыру, таңдану – бәрі де ән арқылы білінеді. Айқындауыш пен айқындалғыштың жапсарын жаба айтамыз; баяндауыш есім болғанда бастауышпен екеуінің жапсарын аша айтамыз. Анықтауыш пен анықталғыш қатар тұрғанда басым екпін анықтауышта болады. Мысалы, *ақ қар, көк мұз* (Абай).

Демек, сөз музыкасын халық сөйлеу синтаксисіне де пайдаланады. Мәселен, *қар төсеніп, мұз жастанып* дегенде де екпін *қар, мұз* сөздеріне түсіп тұр. Дауыстылар – әнші дыбыстар. Оларда мелодия жағы жақын. Халық буын ішінде әннің барлығын пайдаланған сияқты оның тіл құрамында жоқтығын да пайдаланады. Мысалы, *бала-ақ; бала ақ*.

Біз сөз мағынасын түрлендіргенде де ырғақты пайдаланамыз. Сөздің сөз екендігін ғана түсініп қоймаймыз, оның әні арқылы басқа мүмкіндіктерін

түсінеміз. Мәселен жеку үшін. Бұл соңғы мағына нышанын морфология тәсілімен білдіру мүмкін емес. Сондықтан қырғыз, түрікпен, якут, араб жұрттары дыбыстың ұзақ не қысқа айтылуын тіл заңына сәйкес мағына нышанын білдіру үшін қолданады. Біз бұл ретте тек біріндеген сөздерді ғана кәдеге жаратамыз. Мысалы, *бала-ақ* > *бала/қ*.

Бала мен *бала-/қ* – осы екі сөз балаға көңілі тынғанда айтылады. Бірақ соңғысының (ұзынының) мағынасы басқашарак, оны біз лексикадан да, морфологиядан да айыра алмаймыз, тек сөздің музыкасынан ғана айырамыз. Бұндай мағына нышандары (әндер) графикадан көріне бермейді. Дауыстылар – ән. Бұлар өзгергіш. Бұрынғы кездегі ролі белгілі. Төмендегі тіркестен түрліше мағына шығуы әнге ғана байланысты, яғни түрлілігінен. Мысалы,

дауысты

к + е + л + м + а + ғ + а + м + б + е + т

дауысты дыбысты

н

ң

дауысты

п

ң

Мұны түрлендіруге де болады:

Көл маған бет;

Кел, маған бет;

Жуан-жіңішкелікті пайдалану да түрлі-түрлі болады. Мысалы, бірде жуан, бірде жіңішке болып келетін дыбыстар орыста да, бізде де, шуашта да бар, бірақ солардың өзі әртүрлі: орыстың жуан л дыбысынан біздің жуан л-мыз жуанырақ, орыстың жіңішке л дыбысынан біздің жіңішке л-мыз жіңішкерек. Біз жуан-жіңішкелікті былай белгілеп отырмыз: жуан естілетін «л», жіңішке естілетін «л».

Біз дауыстының да, дауыссыздың да ұзындығын (таштид-а) фонема ретінде пайдаланбаймыз. Бір дыбыстың бір жерде ұзын, екінші жерде қысқа айтылуы кездесе берсе (бірен-сарандық болмаса), екі сөзді бір-бірінен айырса фонема дер едік. – Оның әлі келмеді, – деген бір сөйлемді екі түрлі түсінуге болады: 1. Ол адамың осы уақытқа дейін келмеді; 2. Ол адамның қолынан (арабша бір сөз бар) келмеді. Осы екі мағынаны ән арқылы (басымдығына қарап) ғана айырамыз.

Мәселен, – *Адам көркі – шүберек*, – дегенде (*көрігі* емес), – *Ұстаның көрігі*, – дегенде (*көркі* емес), екі «*көрікті*» айырып тұрған нәрсе – олардың әні. Ал, *бөрік – бөрік* десең де, *бөрігі* десең де олардың мағыналары өзгермейді. Өйткені көрік сияқты бөріктің мағынасын шатастыратын сыңары (лебіздесі) жоқ. Бұл сияқтылар фонемаға сүйенгендіктен емес, орыстың «*стоит*» және «*стоит*» дегендері сықылды бір нәрсе. Біз «*қазақ халығы*» демей, «*қазақ халқы*» деп бірақ түрлі әнмен айтамыз.

Буын

Буынның бұрынғы анықтамасы (определениесі) физиологиялық еді. Онда: – өкпедегі ауа ағысы ауыздан үздік-үздік болып шығады, содан бірнеше дыбыс пайда

болады, – делінетін. Бұл әрине дұрыс. Бірақ, біз доктор емеспіз ғой, мұның (буынның) тілге не керегі (қатысы) бар, соны қарауымыз керек емес пе?

Буынға мағынаның керегі жоқ. Буын тілден бұрын пайда болған. Әуелі *до, ре, ми* т. б. әуендерді шығарып алып, әнді содан кейін шығармағанымыз секілді, адам баласы әуелі ән шығарып, кейін сол *до, ре, ми*-лерді әннің керегіне жаратқан. Буын мен тілдің арақатысы да сондай. Н. Маррдың айтуынша, адам баласы алдымен дыбыстаған, бірақ ол тіл үшін емес. Үй салу үшін әуелі керпіш соғып үйренгендік – дағдысы бізді: дыбыс – буын үшін, буын – сөз үшін жасалған деп үйренуге (түсінуге) бейімдеген.

Бұрын буынды не үшін қолданған?

Би мен ән жұмысты (еңбекті) ұйымдастыру үшін шыққан. Келе-келе ән, би ритмдерін дін де пайдаланған. Буын да содан шыққан. Ән мен буын (арабша бір сөз бар) органик бір зат; ритм мен әнді буыннан ажыратып алуға болмайды. Буын – айтылуы жағынан бір бүтін (самостоятельно-акустический целый), әріп ондай емес. Әр буын жіңішке де жуан да, қоңыр да ашшы да, ұзын да қысқа да айтыла алады. Буын жазуда емес, айтуда бой көрсетеді. Жазуда әріп пен сөз ғана мағына құрайды (басым болады). Жазудан буын іздеу, ән іздеу – надандық. Аудиторияда дәріс оқығанда біз жиі-жиі сөйлейміз, ал митингіде (жиындарда) олай емес, сөзді бөліп-бөліп сөйлейміз. Біз қазір буынды да осыған пайдаланамыз:

– Буын көбінесе бірнеше фонемадан құралады, сондықтан оны «фонемалар синтаксисі» деуге де болады;

– Ритм (ырғақ) дегеніміз белгілі – бір сөзде сөз бөлшектерін қайталап, **симметрия** жасау;

– Буын түрліше айтылады: біреулері алабөлек күшті естіледі, мұны «**эксператорное ударение**» дейді (Шынында дыбыс күшінің басымы – еңтігу деуге де болады).

– Бір буында сиыспайтын әріптер: екі дауысты, екі сонор, екі дауыссыз қатар тұра алмайды. Әйтсе де, әр елдің тілінде буын әр түрлі болады.

Мысалы, Абхаз елінде тек ашық буын ғана бар.

Маррдың айтуынша, бұрынғы замандарда буын құрамы мынадай болған:

1. Сал: тіл// дауыссыз + дауысты + ауыз жолды сонор;
2. Бер: еріндік дауыссыз + дауысты + ауыз жолды сонор;
3. Йон: тіл// дауыссыз+дауысты + мұрын жолды сонор;
4. Рош: сонор + дауысты + тіл// дауыссыз.

Сөздердің жақындығы

Еріндік дауыссыз дыбыстардың бірін-бірі ауыстыра беретіндігін **жап, жабыл, жамыл, жауып** деген мысалдардан да көреміз.

– «*Жақтас*» пен «*жауластың*» мағынасы бір болған: *жақтас* ұйғыр тілінің нормасы бойынша, *жаулас* – қыпшақ тілінің нормасы бойынша қалыптасқан.

– *Тау, тағ, ту; суық, сұғық, ...* *, *су, сау* сөздері де бір түбірден өрбіген.

* Анықталмаған сөздер.

– жақын, жуық (**ЫҚ** – қосымша); жабыс, жуыс, жұғыс – бәрі бір түбір.
– Азақ (қыпшақ тілінің нормасы, қазақшасы – **аяқ**). Біздің «ез» дегендегі -з «ер» дегендегі **-р р** дыбысының өзгерімі. Ер ізіне түсу: *із=ей; ей+ер=ейер=ер*. Осы күні *ер* деп те, *ез* деп те айтамыз.

– Ыңырмақ – ыңғырмақ.

– Мағна, мән, мағана, мәні, мәніс, мәнісі, ...* Кейде тәуелді сөз тәуелсіздік қатарында алынады да, бұрынғы тәуелдік жалғаудың үстіне тағы бір жамама тәуелдік пайда болады: *отағасы – отағасысы, қайсы – қайсысы*.

– Саз=*сар (сарын); сеспей қатты (сес=дыбыс); сарын* – монғол тілінің нормасы, олар *өгізді өгір* дейді, *саз* – түрікше, түрік тілінің нормасы.

– *йадақ=айақ* (қара Азақ.)

– *қар + на* = пышақпен жарып жіберу. Бұрын **о**-дан **ұ**, **ұ**-дан **ы** пайда болған; *қыр + на; қар > құр > қыр*.

– *қыр + на = жону, қыру / қырқу / қыршу*.

– *қыр + қыру (қырғыш), қырқу (қырықтық)*.

Е с к е р т у: сөздердің этимологиясын табу үшін оның ішіндегі дауыстыларды алып тастау керек.

Грузин «мама» дегенді «әке» деп түсінеді.

Қар монғолша *қол* деген сөз. Күш, бұз, қирату, кесетін, тесетін заттардың бәрі де (кұралдар) *қол* сөзімен байланысты.

Біздегі *айт* деген сөз шағатай тілінде *ай* болып айтылады, соңғы **т** – өзгелік етістің жұрнағы (үстеуі). *Айық* (салық)= *айтатын* (нәрсе).

Қайтар, қайыр сөздерінің бұрынғы түбірі – *қай*.

«Өлтір» бұрын өзгелік етіс болған, бүгінгі (қазіргі) нормасы бойынша, *өлдір* болар еді.

Еміз – әуелде *емгіз*.

Ол + сол: о + со = осы.

Шағаламақ=балаламақ (бала-шаға), демек, татарша (қырым татары тілінде) семантика жағынан бір сөз.

Қадақ (қада) – шеге;

Құтты болсын – құттымышты ындыр йұрт (жұрт) – үй.

йренә сиына – еріне сиына (күйеуіне сүйкеліп жанасуы болуы керек).

Кездік пышақ=кес деген сөз.

Жау жұмыр: жау = йағ (май).

Жау қазын: қазын сөзінің соңындағы **н** дыбысы мен **егін** сөзінің соңындағы **н** дыбысы бір.

Өбу = емдеу: өп = ем (бұрынғыда түкірудің *ем* екендігін ескеру қажет).

Сеп = су + ла; түкіру, сүймек - себмек (түрікше)

Целовать: мұның негізі де емдеу целевная трава.

Кәрі-құртаң: құртақ – құртқа (кемпір).

Есік=ауыз үй: бұл екеуінің бір-біріне жақындығы бар, қалайша?


Ұмай, құдай, ұма = май.

«Ана – құдай» – «еміз»-ден шыққан.

Парсыша: *мән=«мен»*; қарлұқша: *мен*; орысша: *меня*.

Түріктердің «ер ұғлан», «қыз ұғлан» деуіне қарағанда «ұғлан» деген сөз бұрын бала мағынасында болуы керек.

Үрік/қорық: бұл екі сөздің түбір бір болуы керек: (өйткені) сөз басында үрік дегендегі ү-ден бұрын бір дыбыс болған; к мен қ бұрын бір фонема, осы күнге дейін ғ – шаларда (бұл сөз танылмады) бір фонема.

Баһа:  деген парсының сөзін батыстағы қазақ (осы сөзді батыстан алғандар) баға дейді. Ал Орта Азия арқылы алған қазақ елі бәсі дейді.

Қайтпаңыз деген сөзді қайман деушілер де бар.

Дөңгелек – төбе – тау – термен («дөң» сөзінің де бұған қатынасы болуы керек).

Көз – күн (бұрын).

Қол – су – әйел – бір нәрсенің бір беті.

й=г; Шүй (татарша) = шеге (қазақша).

Қосымшалар тарихына

Оқып дегендегі п әуел баста мен деген көмектес септіктен шыққан. «Мен» – жалғау ғой, сондықтан п қосымшасын да жалғау ретінде қарау керек тәрізді.

Ата-еркек; «атан» дегендегі соңғы н не? Инген=ене. Ұйғырлар ұрғашы сиырды енгек дейді. Сонда ін+ген дегендегі «ін» не? «ген» не? басқа бір ретте (Маррша) «кен» дегендегі к түсіп қалып, «ен» қалған дейді. Бұл «ен» інген дегендегі «ін» буынына қатысты ма, жоқ па, араларында байланыс бар ма? Сондай-ақ кен түбіріндегі к дыбысын буын құрамынан түсіп қалатын (сусымалы) ғ, г дыбыстарының қатаң варианты есебінде көрсеткен. Бұны қалай түсіну керек?!

Тәуелдік «ы» бұрынғы замандағы ол есімдігінен жасалған: соңғы л дыбысы уақыт өте келе түсіп қалып, жалғыз «о» дыбысы қалған. Сөздің соңғы буынында келгенде о дыбысының өз қалпын сақтап тұра алмайтындығы белгілі. Бұған қазіргі ыштан сөзінің бір кездері іш+тон деген екі түбірден біріккендігі де дәлел бола алады. Бұнда соңғы тон буынының «о» дыбысы «а» болып өзгергені секілді, тәуелдік жалғауына айналған «о» дыбысы да «ы» болып әлсіреген. Осы заңдылық бойынша ол+сол деген есімдіктер кірігіп барып біріккенде соңғы л дыбыстары түсіп қалып, о+со болған да, сөз соңындағы «о» езулік «ы» дыбысы болып қалыптасқан. Еріншіл дауыстылардың аяқ буынында сақталып тұра алмауына көне түркілік «йағмұр» сөзінің қазақ тілінде жаңбыр болып айтылатындығы да (ү > ы) дәлел бола алады.

Ілік жалғауы: -ның=ны+ң. Мұндағы алғашқы н қосымшасы бір кездегі табыс жалғауының көрсеткіші. Ол бұрын «не» деген сұрау болған, демек табыстық мәндегі «не?». Бұл сұрау пассив мағынада тұрып, зат ұғымын берген. Зат болған соң сөйлем ішінде оның пассив мәнде тұратыны белгілі. Соңғы ң тәуелдік жалғауының екінші жағы болуы да мүмкін; [...].


Конец-тің (көмектестің ?! мен – менен) соңындағы «ен» – кішірейту.


-Да жалғауы: «да» – «тағы» сөзінен қысқарған. Тағы=ру=бала. «Ұру» (ұрық) да, бала да адамдар арасындағы дәнекер болған; -да жалғауы да сөйлемдегі мүшелер арасындағы дәнекер «да» – парсыша бала деген сөз.

3. Егіз дегендегі з коллективті білдіреді. Жалғыз (жалқы).

Мен: *Менен – мелен – меллен – бір+ле+ин.* Мұндағы **ін** бұрын инструментальный (көмектес) падеж болған. *Қолма қол* деген күрделі сөздегі **ма** бұрынғы **мен**. *Йадағын = аяқпен.*

Жіктеу. Бұл – есімге тура жалғанады, етістікке тура жалғанбайды; демек ол алғашқыда септікке ұқсап келіп, кейін жік жалғауы болып кетуі мүмкін. Мысалы, *келіп = келубан (келіппін); «барған».*

Мен, мі;  (менім?)

=кес: *айлан – әйленкес; =кес – парсының үстеуі (жұрнағы) ; парсыша – .* Мысалы, *арба – кеш, пайда – кес.*

=лан: Бұл – әрі **көптік**, әрі **белгілік** көрсеткіші.

Жекелік. Бұл әрі бірлік (даралық), әрі белгісіздік.

«Мынау» деген сөздің соңында қазірде «у» бар. Ол «у» бұрын **=ку / =ку, =ғу/=ғу** деген қосымша болған.

«Масақ» сөзінің **мас** түбірі *бас* деген сөзден өзгерген (**м//б**) сөздің соңындағы **=ақ** – қосымша, кішірейту қосымшасы.

Құрлы (ғұрлы) қосалқысы деген сөз.

Жапсыр: *жап + с + ыр (жабыстыр).*

Алмалы (қ) дегенді ұйғырлар *алмалық* дейді.

Грамматика нені қарайды, қандай пәндерден құралады?

Лингвистика оны нендей ғылым деп жүр? Қазақ халқынан бұрын да талай жыл жасап, әлденеше жүз жыл бұрын туып, өзінің қандай ғылым екенін білмейтін пән бар. Осы өзі бар, – бірақ не екендігін білмей, қарайтын мәселенің көлемін білмей, басқа пәндерден іргесін аша алмай: психология адамның жанын қарайтын ғылым делініп келеді (көбінесе). Осы күнгі рух психика мағынасында болмай, барып тұрған мистика, спиритизм – жан деп келді. Қазірде де маңдайын түзеп алды деуге болмайды. Бірақ диалектикалық материализм әдісін ұстанғаннан бері жүріп өткен жолындағы бұлтарыстарын білу үшін, өткендегі тарихына қарау керек болды. Тарих пәнінің өзі де қоғамның шын тарихы деп нені түсіну керектігін білмей келді. Осындай тұйыққа тірелудің себебін іздегенде буржуазия ғалымдары ғылым дағдарысының барлығы грамматика жайындағы жоғарыдағы сұраққа жауап таба алмағандықтан деп білді.

Грамматика өз алдына ғылым деп танылған соң және ол бірнеше ғылымдардан құралып пайда болған деп білгесін, алдымен грамматикаға кіретін ғылымдардың бәріне ортақ жалпы қасиетін ашып алу керек еді; әрі мұның бәрін де осы жалпы қасиет желісімен матастырып, өзара біріктіріп басын қосу керек еді; сондай-ақ тіл ғылымының басқа тарауларымен грамматика пәндерінің арасында қандай айырмашылық барын ашу керек еді. Буржуазия тіл ғылымы өскен сайын бұл шешілмеді, қайта шиеленісе берді.

Грамматика = фонетика + морфология-синтаксис деу салт болып кетті. Бұның өзі ежелгі гректерден, тағы басқалардан қалған бұрынғы әдет болатын. Бұл ұшын тілдің басқа тарауларынан айырып алып, бірін-біріне қосқанда табан тірері не екенін буржуазия ғалымдары білмейтін еді. Бұл жай табиғи құбылыс болатынды. Өйткені ол дәуір тіл ғылымының өспеген кезі еді. Сондықтан ғалымдар

грамматиканы логиканың бір тарауы деп түсінетін; басқа ілімдерден бөлектелмеген соң, оның ішкі жіктері де ашылмаған болатын.

Лингвистиканың өзіне сай зерттеу әдісі туып, ғылым болғаны XIX ғасырдың басынан, үнді-еуропа тіл ғылымы шыққаннан кейін ғана еді. Алайда мұның да ескіше жолмен жүруі көбірек болды, соның бірі грамматика мәселесі. Ол кезде ескі көзқарастарға әлі тиісті баға берілген жоқ еді. Үнді-еуропалықтар жақын тілдер арасындағы дыбыс өзгешелігін қараумен болды. Сөйтіп, үнді-еуропа тілі ғылыми грамматиканың салыстырма түрін шығарды. Бұл сол тұстағы ғылымның ең көрнекті табысы болғанымен, шын мәнінде салыстырмалы грамматика емес, фонетика еді. Негізінде фонетика ол замандағы ғылым үшін тексеру объектісі болмай, етікшінің бізі сияқты іс құралы ғана болатын. Фонетикаға айырықша көңіл бөлудің себебі де сондықтан еді. Ғалымдар XIX ғасырдың соңғы жартысындағы техникалық прогресті сөйлеу дыбыстарының құбылысын тексеруге пайдаланады: олар дыбыстың физиологиясын, акустикасын қалдырмай зерттеді. Экспериментал фонетика көмекші ғылым да жасап шығарды, яғни бір дыбыстың түрлі жерде түрліше естілетінін, тіпті құлақ сезбейтін дыбыстардың да болатынын ашты. Бірақ, фонетиканы лингвистиканың басқа бөлімдерінен бөліп қарағаннан кейін олардың еңбектері далаға кетті деуге болады; дыбысты адам баласы әлденеше түрлендіріп айтатындықтан, оның үдесіне жете алмады.

XIX ғасырда жаратылыс ғылымы ілгеріледі; оларды зерттеуге түрлі метод қолданылады. Объектив әдісімен іс істеу тілшілерге де жұқты. Бұрын тіл логика негізді әдіспен зерттелетін еді (сағызша созыла беретін белгілі өлшеуге келмей, көбіне субъектив жорамалға сүйенетін). Табиғат ғылымдарынша нақты ғылыми әдістермен, дәлдеп өлшеуге келетін әдістермен зерттеу керек деп фонетиканы экспериментке айналдырған болса, кейін осы фонетикада өзін-өзі ақтаған технизм әдісі грамматиканың басқа тарауларына да жарайды деген көзқарас туды; морфология мен синтаксисті логикалық зерттеуден құтқармақ болып, бұған да объектив критерий іздей бастады. Бірақ (грамматикалық құрылымдардың) сыртқы белгілеріне сүйенуден формализм туды. Сөйтіп морфология жеке сөздердің формасын, синтаксис сөз тіркестерінің формасын тексеретін ғылым деп танылды. Бұл екеуін жалпы тіл формасы жайындағы ғылым деп танып, бұрынғы грамматика деген атақты осыған берді. Сонда «Грамматика нені қарайтын ғылым» болып шықты? Демек, басқа тараудан бөлініп грамматика форманы қарайтын зат болып шықты; лексикология, семантика, фонетика сияқтылар бұл өлшеуге келмейтін болғандықтан, грамматикадан бөлек ғылым болып қалып, грамматика дегеніміз тек морфология мен синтаксис болып саналды. Синтаксистің өзі де бұрынғы ұғымдағы сөйлем жүйесін тексеретін синтаксис емес, сөйлем болып құрылсын мейлі, немесе жәй әшейін сөз тіркестері болсын мейлі, әйтеуір тіркескен сөздердің тіркесу формасын қарайтын ғана ғылым болды.

Сөйлем дегеніміз бұрын логика сөйлеміне, психология коммуникациясына тура келетін, сөзбен айтылған лебіз болатын (аяқталған ойды білдіретін сөздер). Формалистер «ой» десе-ақ зірк ете қалатын болды («ғылыми» өлшемнен шығып кетпек қой). Формалистер: «сөйлем ойда болса болар, бірақ сөзде болмайды», – дейді. Мәселен Петерсон: «Кісі жақсы» мен «жақсы кісінің» айырмасы жоқ, тең мағыналы тіркес дейді. Шындығында бұлардың біреуі сөйлем де, енді біреуі сөйлем емес қой. Бірақ аталған ғалым баяндалатын ойдың аяқталғанына немесе

аяқталмағанына қарамай, тіркескен сөздердің байланысына ғана қараған (Мағынаны мүлде жауып қоятындарын осы ғалымдардың басқалары ультра-формалист деп атайды). Орыстағы мұның геройы – Петерсон (У – П – С). Бұл ғалымдардың бірқатары (орташа формалистері) сөйлемді түгел жоғалтып жібермей, «сөйлем – сөз тіркесінің бір түрі; мұның да формал белгісі бар, ол белгі – дыбыс заңы (интонация)» дейді.² Бұлар да синтаксисті сөйлем жайындағы ғылым демей, сөздердің тіркесу формасын қарайтын ғылым дейді. Сөйлем сол тіркестердің түрі ғана болып табылады. Бұл идеяның геройы орыста – Пешковский.

Форманы жүйелі түрде ұсынушы батыста Фердинанд де Соссюр, Ресейде академик Фортунатов болды. Ресей лингвистері бұл жөнінде алда келеді. Петерсон, Пешковский – өрбінділер (солардан өрбігендер). Грамматистердің сынына фонетика толмаған соң, оны грамматикадан шығарып тастаған.

Формашылар методологиясының тірегі – үнді-европашылардың салыстырмалы жолы еді. Сөйте тұра, олар фонетиканы грамматикаға кіргізбей, өзі мініп отырған бұтағын өзі кескен «қожаға» ұсаған. Сөздеріміз жалаңаш қалмау үшін Пешковскийді сөйлетейік: «Грамматиканың жеке сөздердің формаларын зерттейтін бөлімі морфология болады», «Грамматиканың сөз тіркестерінің формаларын зерттейтін бөлімі синтаксис болады»...

Сонда грамматиканың өзі тіл формаларын тексеретін тіл ғылымының бөлімі болып шығады.

Тіл ғылымының басқа бөлімдері дегеніміз: 1. Фонетика (дыбыстар жайындағы ілім); 2. Семасиология – сөздердің мағынасы жайындағы ілім (грамматикалық мағыналары еместері); 3. Лексикология – сөздер жайындағы ілім (тілдің сөз байлығы).

Әдетте тілдің дыбысын сөздің грамматикалық құрамынан бөлек зерттеу (чередование мәселесінде), формаларды өздерін құрастырып тұрған дыбыстан бөлек зерттеу мүмкін емес болғандықтан фонетиканы грамматикаға кіргізе тексерген (Қара: Пешковский. Орыс тілінің ғылыми синтаксисі, Мәскеу, 4 басылуы, 1934 жыл, 34 бет).

Осы пікір әлі де үстемдік етуде. Шапионың орта мектепке арналған стабил оқымдығында: «Грамматика нендей ғылым?» деген сұрауға былай деп жауап береді. – Грамматика екі тараудан құралады, оның бірі – морфология да, екіншісі – синтаксис. Ал, әдетте, грамматиканың жанына дыбыс жүйесін – фонетиканы да қосып қояды.

РСФСР-дың осы күнгі оқу халық комиссариатының жоғары дәрежелі педагогикалық мектепке арнап шығарған тіл ғылымының (пәнінің) програмында грамматиканы: «морфология мен синтаксистен құралатын ғылым» дейді, фонетиканы бөліп алып, баяғы Ф. де Соссюрдің екі бөлген ізімен «фонетика және фонология» деп екіге айырған. Мұнда да фонетиканы грамматиканың тарауы деп танымай, грамматиканың қанжығасындағы нәрсе деп қараған.

Шапино бірде мағынашыл, бірде формашыл. Ол эклектизм жолымен кетеді. Грамматика жөніндегі бұл пікір орныққанымен тіл ғылымының бірауыздан шығарған тұжырымы емес, басқа да пікірлер бар: проф. Богородицкий (үнді-еуропа

² Саз аз емес пе ? (Ш. Х. С.)

тілдерінің ғалымы, грамматика мәселесінде психологизм ағымын қолдаушы) «Орыс тілінің жалпы курсы» деген кітабында (Қазан, 4 басылуы, 1913 жыл, 4-5-6-беттер) грамматиканың нені қарайтынын, нендей пәндерден құралатынын айта келіп, былай дейді: «Грамматика тіл ілімінің бір тарауы. Ол үш тараудан (бөлімнен) құралады – фонетика, морфология, синтаксис». Сөйтіп фонетиканы грамматиканың бірінші бөлімі дейді. Грамматиканың составын (құрамын) ашады, бірақ ол пәндер арасындағы ортақ қасиеттерді айтпайды; грамматикаға қосылмайтын басқа тараулардың (лексикология) қандай айырмасы барын атамайды. Оның түсініктерінде грамматика нендей ғылым? дегенге жауап жоқ, қандай тараулардан құралады дегенге ғана жауап бар.

Тағы бір пікір: Фердинанд де Соссюрдің (Швейцария французы, атақты білімпаз) айтуынша грамматика тілдің бір дәуірдегі қалпын бейнелейді, екінші сөзбен айтқанда Ф. де Соссюрдің статика лингвистика дейтіні осы грамматика. Сондықтан тарихи грамматика болуы мүмкін емес дейді. Тілдің бір дәуірдегі қалпын баяндайтын болғандықтан, тіл қалпының ішіне тілдің сөздігі де кіретін болғандықтан Ф. де Соссюр лексикологияны да грамматиканың бір тарауы дейді. (Ф. де Соссюр. «Жалпы лингвистиканың курсы», орысша аудармасы. Мәскеу, 1933 жыл, 129-130-131-беттер). Бұл кісі фонетиканы грамматикаға қоспайды, бірақ жаңадан бір тарау қосады. Осы негізбен конкрет грамматика жасап берген жоқ, шәкірттері де оны істеген жоқ. Бірақ Карцевский «Орыс тілінің пысықтауыш курсы» дегенді осы негізде құрмақ болды, басқа грамматикадан ол да өзгеше болып шықпады. Ф. де Соссюрдың бұл әрекетінен іс шығар емес болды, себебі ол былай дейді: «Тілдің бір дәуірдегі қалпын көрсетіп тұрған білгірлердің бәрі де не синтагма теориясына, не ассоциация теориясына табан тірей білулері керек еді. Қазір-ақ бұрынғы грамматика бөлімдерін осы екі группаға (топқа) айыруға болады. Сөз өзгерту құбылысы – бұл сөйлеушінің санасындағы ассоциация; сөз өзгерту ассоциация грамматикасына жатады; екінші жағынан ең көп таралған ұғым бойынша сөз тіркестерінің теориясы деп аталатын синтаксиске, синтагматикаға да қарайды. Себебі сөз тіркестері қашан да болса ең кем болғанда екі бөлшекті ілгерілі-кейінді орналастыру болып шығады. Синтагматика құбылысының барлығы бірдей синтаксиске қатысты болмайды, бірақ синтаксис құбылыстарының бәрі де синтагматикаға жатады» (Жоғарыдағы кітаптың 131-беті).

Сөйтіп Ф. де Соссюр сөз өзгерту құбылыстарын синтаксис құбылыстарынан бөлек қарағысы келеді, бұл екеуін грамматиканың екі бөлімі дегісі келеді, демек бұдан іс шықпайды, өйткені сөз өзгерту құбылыстары деген синтаксистің кәдесін өтеу үшін, бір сөзбен екінші сөзді байланыстыру үшін жұмсайтын тілдің амалдары ғана.

Жоғарыдағы сұрауға үш түрлі көзқарас барын білдік:

1. Формашылдар: грамматика екі пәннен құралады, бұған фонетика кірмейді, лексикология да кірмейді.
2. Психологистер: Грамматика үш пәннен құралады, бұған фонетика кіреді, лексикология кірмейді.
3. Ф. де Соссюр: грамматика үш пәннен құралады, бұған фонетика кірмейді, лексикология кіреді.

Бұл грамматиканың қандай пәндерден құралатындығы жайындағы пікір. Ал грамматиканың нендей пән екендігіне келсек, бұның жауабы алғашқы сұраудың жауабынан да гөрі алашұбар:

1. Формашылдар: грамматика тілдің формасын зерттейді.
2. Психологистер: (Богородицкий) бұл сұрауға жауап бермейді, білмейді.
3. Ф. де Соссюр: грамматика тілдің бір дәуірдегі күйін түгел баяндайды.

Шапиро: грамматиканың құрамын формашылдарша түсіндіреді, оның қандай пән екендігіне келгенде тілдің құрылысын қарайтын ғылым дейді, мұнысында (бұл қисында) фонетика болмай шығады; материалсыз құрылыс бола ма?

Шапиро құрылыс теориясын Маррдан алған, бірақ нендей құрылыс екендігін өзі де түсінбеген, сондықтан дыбыстарды шығарып тастаған; грамматика морфология мен синтаксистен құралады, бұған дыбыс кірмейді деген қисынды ол формашылдардан алған.

Шапироның пайымдаулары жоғарыдағы ағымдардың біреуінікі де емес, өзінікі де емес, қойыртпақ.

Ал жоғарыдағы формашылдарға келсек, олар тіл құрылысына лексикологияны да кіргізген, сөйте тұрып, грамматиканы өз алдына көрсеткен (бұлардың қойыртпағы тым қою).

Міне, сөйтіп бір сабаға құйылған пікір жоқ. Ал, грамматика – бар ілім, осы, жазушысы бар, бірақ сұрауға жауап жоқ. Бұл парадокс сияқты нәрсе. Бірақ амал қайсы, хал осындай!

12 февраль 1937 жыл.

Грамматика тараулары жайындағы жоғарыда айтылғандарға толықтыру есебінде мына төмендегі таблицаны береміз.

А. Тіл ғылымының таза өзі	<p>а) грамматика – әдебиет тілінің де, халық тілінің де грамматикасы; бұларды әрі осы күнгі қалпы жағынан, әрі тарихи даму жағынан қараймыз.</p> <p>б) лексикология немесе сөздік. Сөздерді және олардың мағынасын (әдебиет тілінің де, халық тілінің де), бұлардың осы күнгі қалпын да, бұрынғы жазба тұрын де қарайды.</p>	<p>1. Фонетика</p> <p>2. Морфология (әрі мағына жағынан, әрі форма жағынан)</p> <p>3. Синтаксис</p>
Б. Тіл ғылымының қолданылуы	<p>а) мәдениет тарихы мәселелерінде;</p> <p>б) оқыту – педагогика істерінде.</p>	

Е с к е р т у: Синтаксис – абстракт.

Сұраулар:

1. Лексиканы неге грамматика демейміз?
2. Ана үшеуін неге грамматика дейміз? (үшеуі дегені фонетика, морфология, синтаксис болуы керек).

3. Грек заманынан (Александровскийден бері бұл үшеуін сол заманның өзінде неге грамматика деп атаған, олар логика жолымен жүруші еді ғой?)

4. Тіл ғылымының басқа тарауларын грамматика демеуіміздің себебі не? Грамматика Айсә тумастан 200 жыл бұрын пайда болған деседі, дұрыс па?

Грамматика деген не?

(Шолу)

Мына менің қолымдағы зат – бор. Онымен жазуға болады. Ол қара тақтаға ақ болып жұғады. Ал, *бор* деген сөз осы зат жөнінен мағлұмат беруші атау. Мұнда екі элемент бар: біреуі – субъект, екіншісі – предикат. Латынның *суб+ъектум* сөзі қазақша «бастауыш», орысша «подлежащее» деп аталады.

Бұл оның сөйлемдегі атқаратын қызметіне қарай берілген атауы. Басқаша айтқанда, бастауыш – істі істеуші, ал латынның «предикат» сөзі – орысша – «сказуемое», қазақша – «баяндауыш». Латынның «субстанция» деген сөзі «суб» – зат; «станция» – сипаттылығы, өз беттілігі бар зат немесе соның мәні – «сущность». Сонда «субстанция» = негіз = предмет. Мұның аты – есім = «существительное», «субстантив».

Объект = істелуші; ол латынның «об+ъектум». Сөйлемдегі мүшелер осы екі топтың, яғни субъект мен предикаттың біріне жатады. Мұндай сөйлем «психологическое предложение» деп аталады. Ол заманда тіл білімі логика шылауында болған. Сондықтан сөйлем мүшелерін бастауыш, баяндауыш деп атаған. Бұлайша тану – Аристотельден қалған логика жол. Орыстардың «подлежащее», «сказуемое» дегендері де – сол логиктердің термині. Біз соларды әлі күнге пайдаланып келе жатырмыз. Бірақ кейде терминдік атау ескіден қалған сөз болғанымен, оны тұтынатын ғылым өсіп, жаңа мәнге ауысып кететінін есте ұстауымыз қажет.

XIX ғасырда табиғат ғылымдарының, техниканың өсуі тіл іліміне де мықтап әсер етті. Математика, физика саласындағы нақтылы танымдар сияқты тіл құбылыстарын білуге де дәл өлшеуіштер керек деген көзқарастар қалыптасты. Шындығында бұл дұрыс емес еді. Ашығын айтқанда, мұның өзі тілді объектив жолмен тексерем деп барып, жаңылысу болатын. Осы қателіктің нәтижесінде формализм ағымы келіп шықты. Сол қисынға сүйеніп, орыстар барлық сөздерді сыртқы тұлғасына қарап таптастыратын болды; оларша, сөз септелсе, есім болады, жіктелсе, етістік болады, түрлі родтық белгіге айналдыруға көнсе сын болады деген.

Формалистердің көрнекті өкілдері Швейцарияда Ф. де Соссюр болса, Ресейде Фортунатов еді. Ал осы формашылардың өзі екі түрлі болатын: әсіре формашылар=ультро формалист; орташа формалист=умеренний формалист, болмаса экзист.

Акад. Самойлович түрік грамматикасын формал жолға салды (танымы формаға негізделді); Петерсон сырттан оқитын орыс кітабын осы жолмен жазды. Формашыларша, фонетика грамматикаға кірмейді. Мысалы: *оқимын* деген бір сөзде объектік те, субъектік те, предикаттық та элементтер бар; бұл – пәлсәфә жағы. Шынында, сөз біткеннің бәрі де адам үшін объект. Солай бола тұрып

адамның өзі де бір-біріне объект те, субъект те бола алады. Себебі адам көп және бұрынғы тұрмыс оларды бір-біріне сондай қатынасқа келтірген. Сөйлемдегі сөздердің бір-біріне объект те, субъект те болуы осындай тарихи шарттастыққа (историческая обусловленность) байланысты.

Атрибут; өз беттілігі жоқ, тек қана біреудің меншікті белгісі.

Объект – өзінен тыс деген сөз. Тақырып – субъект, сол тақырыпқа қатысты нәрсе – объект. Суб – заттың көзге көрінбей тұратын мәні; станция – сол заттың көрінісі (*Осы терминдердің арабша баламалары да берілген, бірақ біз оны жазбадық, кейінен толықтыра кетпекшіміз* – Е. Ж., М. М.).

1. Фердинанд де Соссюр.

Тіл болу үшін уақыт пен орынның бір болуы шарт. Мысалы, біз қазақ тілі жөнінде айтатын болсақ, белгілі бір территориядағы белгілі бір жылдарда тіршілік еткен белгілі бір халықтың нақты тілі жайында айтқан боламыз. Өйткені тіл бастауы шектеулі бір ғана заманда жасалмақ емес, ол талай замандарды басынан өткереді. Тілді синхроника (син – біргелік, хроника – заман) жолымен тексеру деген сөз бірнеше замандардың нәтижесін бір заманға әкеліп, сәйкестігін қарау болып табылады. Ал бір замандағы тіл фактысын қосып (жинақтап) айтсақ, онда грамматика болады...

«Историческая грамматика» деген болмайды-мыс. Өйткені барлық замандарға лайықты грамматика жоқ. Бір тілдің лексика арқылы білдіретін ұғымын екінші тіл грамматика арқылы білдіреді.

Диахроника. Тілдің жеке фактілерін аламыз да, мысалы осы күнгі *адамшылық* деген сөз бұрын *адамшалық* болған, келе-келе **-ша** өзгеріп, **-шы** тұлғасына айналған; орыстың *день* деген сөзі бұрын *дин* болған, *сон* деген сөзі бұрын *сын* деген сөз болған десек, яғни заманды қуалай тексерсек, «диахроническое языкознание» болады. Бірақ, жеке сөздердің тарихын тексеру дегеніміз барлық сөздердің тарихын тексеру деген сөз емес (диа = меж, аралық; хроник = заман).

Ф. де Соссюрдің айтуынша, фонетика, морфология, синтаксис дегендерді жинап тастап, синтагма реті, ассоциация реті деген «ретті» (қатарды) алуымыз керек; өйткені буынды айтқанда болсын, сөзді, сөйлемді, сөйлеуді айтқанда болсын оларды бірінен соң бірін тізіп айтамыз. Бұл – синтагма (кұрау), дәлірек айтқанда синтагма қатары. Бұларды айтқанда әуелі біреуі (сөздің дыбыстары: **с, ө, з**), кейін өз тәртібімен қалғандары айтылады. Демек бұдан синтагмалық қатардың уақытқа байланыстылығы көрінеді. Мұның үстіне бұл тізбектегі объектілердің орындарын ауыстыруға да болмайды. Бұл айтылғандар – морфемдерден бастап, сөйлеуге дейінгі элементтердің тізбегі синтагма қатары болып табылады.

Ал ассоциация қатарына келсек, оның түзілісі мынадай.

N1		N2	
Ағаш	қа	Ағаш	тың
Есік	ке	Ағаш	ым
Адам	ға	Баласы	ның
Боры	на	Бала	м

Міне, осы кестеден әрі түрлі сөздің аяғына қосылған қосымшаның бірлігін, бір түрде екендігін көреміз, әрі түрлі қосымша таңтауда «ағаш» сөздерінің бірыңғайлылығын сеземіз. Осы сезуіміз қайталай-қайталай келгенде, ақырында бұлардың арасында белгілі бір ассоциация пайда болады. Осылайша талдай келіп, Ф. де Соссюр синтаксисті синтагма деп атайды, бірақ оның синтагмасы синтаксис емес болып шығады. Менің өз түсінуімше, бұл қисын бойынша осы күнгі морфология дегеніміз ассоциация қатары болып шығады.

Ф. де Соссюрдің тілге көзқарасы

Бұл – тіл білімінде әлеуметтік бағыт ұстаған әйгілі Женева мектебі деген көрнекті мектептің адамы. Ф. де Соссюр – «синхроническое языкознание» деген бағыттың негізін салған ғалым. Аталған бағыт тілдің бір дәуірдегі қалпын ғана қарайды. Осы идеяға берілген ғалым әр заманда тіл жүйесі әр басқа болады деген жаңсақ көзқараста болады. Оның қателігі тілді еш уақыт өзгермейтін қатып қалған зат деген түсініктен туған. Соның нәтижесінде тілтану ілімі «статическое языкознание» деген жасанды жолға түседі. Статика – *станция* деген сөз. Бұл көзқарас бойынша, тілдің болмысы көлденеңнен (горизонталь) қарастырылмай, тігінен, яғни өн бойын қуалай (вертикаль) зерттелуі тиіс. Мәселен, етістік категориясын замандарды қуалай зерттеуге болады. Мұны «диахроническое языкознание» дейді. Алдыңғысын, яғни синхронды белгілерді грамматика деп қараған. Қазіргі қазақ тілінің барлық құрамды бөлшектерін – дыбысты, морфологияны грамматика тексереді деп білген. Оның грамматика тарауына лексикология да кіреді, өйткені бір кезеңдегі тіл болған соң лексиканы да қамту қажет деп есептеген. Соңғы диахроникалық тіл білімін грамматикадан басқа деп түсіндіреді. Сонымен Ф. де Соссюр грамматиканың құрамын фонетика, морфология, синтаксис, лексика тараулары деп белгілеген. Демек, ол біздің морфологияға кіреді деген категорияларымызды синтаксиске кіреді деп, ал синтаксиске кіреді деген объектілерімізді морфологияға (сарфқа) кіреді деуі де мүмкін. Мысалы: *Мен оқушымын* деген тіркестің құрамындағы *мен=мын* дейтін есімдіктердің біріншісін айтқанда екіншісін айтпай немесе екіншісін айтқанда біріншісін айтпай қоюға болатыны мәлім. Осы ілгері-кейінділікті Ф. де Соссюр синтагма дейді де, бірінші мен екіншіні қосып, синтагма тізбегі деп атайды. Сөйтіп Ф. де Соссюрдің синтагмасы дыбыс болсын, басқа болсын қайсысы бұрын, қайсысы соң келу тәртібін қарайды. Жоғарыдағы тіркестің екінші сыңарындағы сөз мүшелерінің орналасуын синтагма тізбегі деп түсіндіре отырып, *оқушымын* дегендегі морфемдердің тәртібін бұзбасақ қана ол дұрыс ұғым береді, әйтпесе сөз болмай шығады, не басқа сөзге айналып кетеді. Демек, мағынасын дұрыс беру үшін әуелі «о» дыбысын, одан кейін «қ», одан соң «у» дыбысын тағысын тағыларды айту керек.

Содан әрі «*мен де оқушымын*» деген мысал келтіріп, оны ассоциация қатары деп түсіндіреді. Өйткені бұлайша тіркескен сөз тәртібінің де өз мағынасы бар деп қарайды. Сөйтіп, морфология мен синтаксистің еншілерін бөлгенде, «**мын**», «**мен**» элементтеріне қатысты пікір білдіреді, яғни оларды морфологияның қарайтын объектісі дейді, ал сол сөз бөлшектерінің ілгерлі-кейінді тіркесуін синтаксистің объектісіне жатқызып, олардың мағына жағын лексика қарайды деп түйеді.

Шынында, «мын» жалғауы оқушы сөзін «мен» есімдігіне байлап тұр, сондықтан бұл элементтер синтаксистік қатынасқа түскен. Соның нәтижесінде мағыналық тұтастыққа ие болған, ал мағына мен форманы өзара ұштастырмай бөлек қарау формашылдық болып табылады. Қысқасы Ф. де Соссюрдің көзқарасы динамикалы емес, қатып қалған догма, динамика – өзгерісті білдіреді, динамикалық көзқарас та даму, өзгеру үстінде болады.

Ф. де Соссюрдің бір шәкірті осы мәселелерге арнап кітап шығарды, бірақ ол да жарытып ештеңе айта алмады.

Нағыз формашылар (ультра) сөз тіркесін ғана сөйлем дейді. А.М.Пешковский «Сөйлем әрі сөз тіркестері» дейді.

А. В. Богородицкий (логик) фонетика, морфология, синтаксис үшеуі грамматикаға кіреді деген, бірақ неге олай екендігін түсіндірмеген.

Буржуазия тіл мамандары проязык (ата тіл) тұсындағы тіл мен осы күнгі тіл бір; о заманда да жіктеулер, септеулер болған, қазірде де бар; тіл әлмисақтан бері бар, оның түрлі формалары да сол кезден басталады. Тек кейіннен ағылшын тілінде еркектік-ұрғашылық родтар жоқ болып кеткен дейді. Олай болғанда тіл өспейтін ілгерлемейтін болып шығады. Бұл қисынның терістігі де осында. Буржуазия тіл ғалымдары тілдің бұрынғы қалпын да білмейді.

Марр және грамматика

Н. Я. Марр грамматика жасамағанымен бұл салада да, басқа мәселелер жөнінен де кесек-кесек пікір тастап кетті. Ол: «Грамматика тілдің құрлысын қарайды» деген; сондай-ақ «грамматика – стройка» деген де сөзі бар. Оның айтуынша, морфология – синтаксистің техникасы болса, фонетика – морфологияның материалы. Синтаксис түпкі мақсатты көздесе, морфология оның қызметін атқарады, фонетика да сондай. Бұлардың арасында тығыз байланыс бар. Маррдан бұрынғылар бұл үшеуін бөлек белгілеп (түстеп), араларындағы байланысты ашпаған болатын. Олар фонетика – дыбыс жайындағы ғылым деп өте шығатын.

Грамматика категориясының тіл дамуы тарихында қалай пайда болғанын ашқан – Н. Я. Марр. Оның айтуынша, грамматика категориясының әр тарамы әр заманда қалыптасқан. Ерте дәуірдегі тіл грамматикалық категорияларға бөлінбеген; ым тілі мен сөз тілі аралас болған; есімдер, яғни зат атаулары аталған, ал етістік ұғымдарын ыммен білдірген. Бұрынғы кезде сөз мағынасы қимылмен орындалғаны (түсіндірілгені) осы күнгі сөздердің бірқатар семантикалық мазмұнынан көрінеді. «Сөз» – шақыру деген сөз – «зов», зовут – шақырып жатыр.

Егер есім болмаса, етістік те болмас еді, бірлік пен көптік ұғымдары да солай. Коллектив (ұжым) меншігінен соң есім категориясында жіктеу пайда болған, етістіктің жіктелетіндігі де соған байланысты.

«*Ат аунаған жерде түк қалады*» деген сөз бар. Тарих артқыларға белгі тастап отырады. Марр – археолог, этнолог ретінде жансыз заттарды да сөйлеткен. Ол сабленің (сәлде?) жылан образды болуын тапқан. Морфология лексиканың, фонетиканың, синтаксистің техникасын қарайды; фонетика синтаксистің, лексиканың, морфологияның техникасын қарайды деген пікір айтқан.

Қ. Ж. Өткен бір сабақта лексиканы грамматикаға кірмейді деуіміздің себебі не? Олай дейтініміз – грамматика даяр нәрсені қарамайды, ал лексика – даяр материал. Тіл (өзіне керектің) даярын, даяр емесін біледі, сөз мүшелерін біледі, ал біз солардан құрап аламыз (Алматыдан үй салатын екі мекемені мысалға келтіреді). Демек, лексика бұрыннан дербес сөз болып, даяр болып тұрған соң грамматикаға кірмейді.

Әріп материалы әзір.

Буын материалы әзір.

Сөз материалы әзір.

Шылау таптың материалы әзір. (Жалаңы болсын, жайылмасы болсын).

Грамматика сөз құраудың (речь) техникасын, әдісін қарайды.

Морфология лексиканың керегін, синтаксистің керегін құрайды. Осы екеуінің керегін құрайтын морфология, екінші сөзбен айтқанда, сөз бұйымының жасалу техникасын қарайды; сөз материалының түр сипатын қарайды (а/ж).

Фонетика синтаксис пен морфологияға және лексикаға керек; осы үшеуінің қызметін атқарады (**аз** – **ас** мысалынан лексиканың керегін өтегенін білеміз; **ат** пен **ет** сөздеріне жалғанғандар қандай тұлғада болып келеді, соны қарайды); фонетика дыбыстардың ұстасу амалын қарайды, демек морфологияның міндетін қарайды, фонетика синтаксисті де қарайды (*бара алмады* деген екі сөздің жапсарын жаба айтудан бір түрлі, аша айтудан екінші түрлі синтаксистік тіркес (мағына) пайда болады; осылай айтқанда оның бір мүше екендігі, не екі мүше екендігі белгілі болады. Сөздердің жапсарын жаба айту мен аша айту – синтаксистік қасиетін тану болып табылады).

Морфо = форма (морфо – грек сөзі, форма – латын сөзі).

Фонема бір сөзді екінші сөзден айыру үшін керек. Айыруға жарағандықтан оны бұйым дейміз. Фонема дыбыстың ұсақ элементтерінен жасалады. Бір дыбыстың өзі түбір құрамында фонема болып, қосымшада фонема болмайтындығын да ескеруіміз керек.

Лексика *етік, етікші* сөздерінің қалай жасалғанын қарамайды. Сондықтан ол грамматикаға да кірмейді, тек даяр материалды ғана қарайды. Тегінде материалдың сыр-сипатын қарайтын ілім – технология; сондықтан сөз жасау технологиясын қарайтын ілімді грамматика десе де болар еді.

Грамматика процесті қарайды. Екінші түрлі айтқанда морфология – қызметші; ол лексиканың қызметшісі болғандықтан түбірлер тудырады (үш негізді еске ал); синтаксистің қызметшісі болғандықтан жалғау, жалғауыштықты қарайды.

Морфология морфемдерді қарайды (морфем – сөз мүшесі); морфем дегеннен гөрі лексема деген жақсы. Морфемдер (лексема) синтаксисі – сөз.

Грамматика бұл терминнің мәнісі түрлі сөздердің жақын-алыстығын тергей, әр тобына белгілі форма тағатын, сөздер ауыл-үй қонғанда, оларға тиісті орын сайлап беретін ғылым саласы дегенді білдіреді. Сөздің грамматикалық мағынасы дегеніміз сөз бен сөздің арасындағы осы жуықтықты көрсететін жағы. Сондықтан сөз бен аталған заттардың, құбылыстардың ұқсастығын осы грамматикадан білеміз. Мысалы, *темір, ағаш* дегендер конкрет заттар, сөзде (тіл ішінде) бұл екеуі ылғи бірөңкей формаланады, сөйлем ішінде бірөңкей қалыпта болады, зат есімнің тонын киеді. Басқа сөз таптары да солай.

Демек, грамматиканың арқасында сөздердің жақындығын да біліп отырмыз (Қ. Жұбанов коммуникацияны түсіндіргенде алдымен осыларды айтқан).

Этимология әр сөздің тарихын қарайды (*Айлан – әйлеңкес = кес* парсының қосымшасы). *Арбакеш, пайдакес* дегендегі **кес** те осы *кес*. Осы: *-ол+сол* деген екі сөзден құралған. Мұндағы «**о**» = ол, «**с**» = сол.

Грамматиканы кім, қалай жазған

И. Я. Яковлев әуелі синтаксисті, одан соң морфологияны, одан кейін дыбыстарды баяндау тәртібімен жазған. Олай жазу себебі тіл категорияларының сол ретпен пайда болғандығынан емес, ол тек үнді-еуропа ғалымдарының бөркін теріс айналдырып кигендігі ғана болатын.

А. Б. Шапиро әуелі сөйлем одан кейін дыбыс, одан кейін сөзді баяндау тәртібімен жазған. Қырым татарлары да осы жолмен жүрген.

Қ. Жұбанов фонетикадан бастап жазған. Себебі ол фонетиканы етікшінің бізі сияқты қару етіп пайдаланған.

Тіл бірлігі неден?

Тіл бір адам үшін керек емес, тіл жеке адам үшін жасалған нәрсе. Тіл деген не? дегенде алдымен осыны ескеру керек.

Бір тілмен сөйлесу үшін адамдар бір-бірімен аралас болуы керек, істес болуы керек. Мұндай бір топтың бәрі бір тілді емес, бір цехтағы адамдар да түрлі-түрлі тілмен сөйлейді. Сондықтан істес болу, бірге болу дегеннің өзі де жеткіліксіз. Тіл бірігу үшін бір мезгілдік топ құру емес, ұзақ замандар бойы бірге болу керек.

Біздің бірөңкей қазақша сөйлеуіміз неліктен? Ол атамыз бір болғандықтан емес. Ата-тегі түрліше болса да бір тілде сөйлейтіндер аз емес. Мысалы, Анатолиға, Америкаға қожа болып отырған, көп нәсілден құралған құранды келімсектер бір тілде сөйлесе, түп нәсілі бір еврейлер әртүрлі тілде сөйлейді. Тілдің бірлігіне дін де себеп бола алмайды. Тілі, тегі бір бола тұрып, адамдардың кескіні бір-біріне ұқсамау, басқа болуы да мүмкін. Мысалы: татар тілдес, әзірбайжан тілдес көптеген халықтардың түрлері ұқсас емес.

Сонымен тіл бірлігі неден? Адам – қоғамның үйіншігі емес, ұжым. Мұны ескеру қажет. Үнді-еуропа тіл мамандары әр түрлі халықтардың тілінің бір болу себебін олардың тегі (нәсілі) бір болғандықтан деп түсіндіреді. Әуелдегі біртұтас тілдер келе-келе бөлінген деп біледі. Шындығында тілдің бірлігі халықтардың тарихының бірлігінен, нәсіл бірлігінен емес. Үнді-европашылдардың айтуынша, орыс, парсы, иран, үнді жұрттары бір атадан тарапты-мыс. Тіл жақындығын өтірік демейміз. Ол рас. Мәселен поляк, серб, бұлғар тілдері орыс тіліне жақын.

Дүниеде таза тіл жоқ. Бір біз емес, барлық халықтың тілі солай (қамтама = арабша). Корейде жылқыны *мал* дейді, арабта да *мал*, бізде де солай, орыста да *мерин*, т. б. тілдер де *морен*, *мар* болулары түрліше жорылады. Арабтың *мән* деген сөзі, орыстың *меня* дегені, қазақтың *мен*, өңге түркілердегі *бән*, *біз*, *бәрі* дегендерді айырып тастау қиын.

ТІЛ ДЕГЕН НЕ?

Зат пен құбылысқа тағылған аттардың қалай пайда болуы мен олардың мағыналарының өршуі

Грек пәлсәпәшыларының арасында тілдің шығу жөнінен түрлі ағымдар болған:

1) Бір зат пен сол затты атайтын сөз арасында байланыс бар (қарқылдаған құсты «қарға» деп атаған) дегендей алжастықтар туған (Руссо). Былайша тілді жаратылыс құбылысы деп түсіну қате болатын (сатыр-сұтыр, жылжу...). Ал ағаш біз бір түрлі, немісте екінші түрлі емес қой, жоғарыдағы қисынның қателігі де осы. Сөз (атау) еліктеуден туған десек, адам пассив болады, бұл – бір; еліктеу ерте дәуірде адамдардың қолынан келмеген, бұл – екі.

2) Кейбір философтардың айтуынша, әр затқа шартты түрде ат қойған. Мысалы, «*мынаны ағаш дейік!*» деп, өзара ағаш атына келіскен (Аристотель). Мұны кейін Руссо мен Мейер де қуаттады (Мұның қателігін көрсету үшін қызық бір мысал – «Тоқал қатынның (ешкінің) тойы»).

Алайда, алдыңғы топтағы пәлсәпәшылар бұған келіспейді. Бұл дұрыс болса қоңырау, сурет, музыкалар да тіл болар еді ғой; сиырдың атын өзгертіп қоя берер едік қой, – дейді. Ал соңғы топтағылар: – Бір заттың атын жеке адам қоймайды, группа (топ) болып қояды; бір қойылып қалған соң ол атты өзгертпейді, – деп дәлелдейді. Бұл орайда құдайдан мүйіз сұрап, құлағынан айырылған ешкінің әңгімесін ескерген жөн. Қазіргі кезде буржуазия ғалымдары осы Аристотель жолында.

Дұрысы – ауызекі тілге қарағанда жазуда шарттылық бар. Біздің әріптерімізді өзгертуіміз де содан. Бұл аз ұшыраса да болмай тұрмайтын шара.

* * *

Бұл мәселені білу үшін тарихи шолу керек.

Құбылыс – көп, сөз – аз.

Орыста *қой* сөзінің баламасы жоқ. Олардың *овца* дегені саулық, *баран* дегені қошқар. Орысша *корова* – сауын сиыр; *рогатый скот* – мүйізді мал; *толстый* дегені бірде – жуан, бірде – қалың; *лошадь* – жылқы; бірақ *ат*, *байтал*, *айғыр* емес.

Ал біздің *ісек*, *тұсақ*, *құнан*, *құнажын*, *дөнен*, *дөнежін* деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Қазақ *синий*, *голубой*, *зеленый* деген түстердің бәрін *көк* дейді. Адайларда, арабтарда түйе түлігінің аттары көп; Еділ, Каспий (Атырау) бойының қазақтары балық түрлерінің аттарын көп біледі. Демек, қолданылмаған затқа ат жоқ.

Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты.

Бір сөз мағынасының кеңейіп тарауы

Бұрын «алақанның ауданындай» деп, аудан сөзін конкрет орында қолданбайтын едік (үй ауданы...). Қазір аудан сөзі әкімшілік, территория дегенді білдіреді. Бұл мағынаның шақталғанына мысал.

Қатын деген сөз ерте замандарда ханның әйелдеріне ғана арналған атау болған, кейін келе ханның уәзірлерінің әйелдерін де солай деп атаған, ақыр соңында байға тиген барлық әйелдерді қатын деп атап кеткен.

Микро-космический период

(Кішкене космос дәуірі; кішкене дүние дәуірі)

Адам баласының табиғатында әуелі басқаны біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Мысалы: адам фотографияны танып білгеннен кейін ғана өзінің көру аппаратын (көзін) білген. Ежелгі дәуір адамдарының алдымен өзінен басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата атайтыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен. Мысалы, орысша *небо – аспан, неба – таңдай*; қазақ тіліндегі *таң = аспан* әлемінің аты, яғни жоғарғы жаққа тән қасиеттің иесі; *таңдай = адам денесінің жоғарғы жағы*.

Көз, жүз деген сөздер бет мағынасын білдірген; көне түркідегі *беңіз=бет, екі бет* деген ұғымды білдіреді (*беңзе=меңзе*). Ай, күн = *көз, жүз*; *сөз = жүз ағыз – бәрі бір мағынада болған*. Бұрын сөз деген қимылды білдірген; демек *қол қимылы, бет қимылы (жүз қимылы)*. «Сөз» атауының «жүз» дегеннен шығуы осыған байланысты; *бас=биік* деген сөз. Біз *биікті* нұсқау үшін «*таудың басы*», «*үйдің төбесі*» дейміз.

Ал адамның *басы* деген қазіргі қолданыс кейіннен қалыптасқан болу керек. «*Көмей*» мен «*көк*» сөздерінің де байланысы болуы ықтимал (Қасымов дәптерінен:). *Көз, жүз, ауыз* деген сөздер бұрын бір сөзбен айтылған. *Ай мен күн = аспан көз (жүз = ай, күн = көз)*. *Ай аз=ай юз* (Алпаров).

Тотемизм (идеология)

Ежелгі дәуір адамдары әр заттың нәрсенің не жақсы, не жаман иесі бар деп түсінген. Сондықтан жақсы жақтағыларды құдай, періште, пайғамбар, әулие деп атап, жаман жақтағыларды шайтан, албасты, пері (мұның да екі түрі бар) деп сенген. Алғашқы қоғамдағы адам бұларды нақты өмір сүретін нәрселер деп білген. Осы күнге дейін «*ҚазПИ пәлен қылып жатыр*» деуіміз бұған дәлел. Төрт түліктің пірі, қолдаушысы ретінде сиыр атасын – *Ойсылқара*, түйе атасы – *Зеңгі баба*, жылқы иесі – *Қамбар ата*, қой малының иесі – *Шопан ата*, ешкінің пірі – *Шекшек ата* деп атау сол кезден қалған.

Ол заманда әйелдер құдайының аты **Ұмай** болған. Кейіннен сөз басындағы қысаң ұ дыбысы түсіп қалып, *май* деп айтылып кеткен. Қазақтың: «*От ана, май ана, жарылқа!*» дейтін және «*Май әулие, майсыз жарылқайтын қай әулие?*» – деген мақалдары да осы ұғымнан туған (Ұйғыр мақалы...).

Құт сөзінің *бақыт* мағынасында екені белгілі. *Құт=құдай=бақыт* – бұлар мағыналас. «*Құтыр*» деген сөздің түбірі де сол *құт*; соңғы **=ыр** үстеу (жұрнақ).

Осы ұғым-түсініктерге сай адамға ат қойылған (Қасым: Мұны туғызған шаруашылық пайдасы болу керек).

Адам баласы: әлемде бір күш бар, біз соның құралы, – деп түсінген. Ол заманда «*Қойшы ән салды*» дегенді әлгі күш қойшымен ән салады деп түсінгенбіз.

Дүниеге көзқарас арқылы да нәрсеге ат қойылады

Біз ол кезде дүниедегі заттың біріне пассив, екіншісіне актив деп қарағанбыз. Рама бұрын әйел жынысты сөз емес, пассив болған. Бұл мәселе Пайыздың кітабы деген мысалды еске түсіреді. Бұрын біз бірінші сөзді (Пайыз) актив деп ұғынғанбыз, қазір не деп ұғамыз. Қазір екінші сөзді (кітап) пассив деп ұғынғанбыз, қазір мүлік деп ұғамыз. Бұлайша түсінуіміздің өзгеріп кетуі тұрмыста «**ие**», «**мүлік**» ұғымдарының пайда болуынан. Әуелі көзқарасымызды тұрмыс өзгерткен бұрынғы сөзге жаңа мағына теліген. Әрине мұның да кері әсері бар – ол өрлемелі әсер. Аналық дәуірде женский род, аталық дәуірде мужской род пайда болған (Пайыз).

Пайыздың кітабы дегенде оның иелік мағынасы да, мүліктік мағынасы да бар дегенді түсінеміз.

Себебі: меншік тұрмысты жақында ғана басымыздан өткеріп бара жатқандығымыздан. Бұл екі сөздің бірі – «производитель», енді біреуі – «продукт» мағынасында екендігін ұмытқанбыз. Себебі, ол мағынаны соңғы иелік мағына басып озған. Сөйтіп ескі формаға жаңа мағына беру жолымен де тіл өрлеп отырған.

Тіл идеологияның бірі; сондықтан оның сөздігі бұрын туған болады да, талай мағынаны ішіне алып отырады. Тілдің грамматикасы өте жай өзгереді.

Сөз – мағына. Мағынаның қалай өсетіндігін айттық.

Функциональная семантика

(Атқаратын қызметіне қарап затқа ат тағылады)

Құбылыс көп және олар әр түрлі; бір халық оның, бір заттың бір сипатын біліп, екінші жағын білмейді; мұның үстіне біреуін көп, екіншісін аз біледі. Содан келіп атауда түрлілік, көптік туады.

Тұрмыста пайдаға асқан затқа ат қойылады немесе бір зат зиянды болса, соған ат қойылады (глобусқа не деп ат қояр еді).

Киіз үйдің түндігінен жарық түседі, терезе де жарық түсіреді. Сондықтан Алтай елінде терезені «түндік» дейді. Орысша «перо» деген сөз «қауырсын» емес, «қаламұшты» білдіреді. Себебі ол жазудың құралына айналған. «Косилканы» «орақ» деуіміз де осыдан. Демек заттың аты оны атқаратын қызметіне қарай қойылады. Академик Марр бұл құбылысты функционал семантика деп атаған (*ит, ат, ад, ай + ақ; шырақ, шыра; кереге – стена...*); «**да**» қосымшасы «**тағы**» сөзінен қысқарған. *Тағы – ру, бала* деген сөз. *Бала* мен *ру* – адамдар арасындағы байланыс болғандығы белгілі. Демек, синтаксистегі байланыс осы айтылған тарихи байланысқа ұқсатылған (исторический обусловленный); «**да**» – парсыша *бала*.

Бүтіннің мағынасының бөлшекке көшуі

Қол – иықтан бастап саусақ басына дейінгі адам мүшесінің аты. *Шынтақ, білек, қар, саусақ* бұрын **қол** болған. Монғол тілінде осы күнге шейін *қол* дегенді *қар* дейді (*қош=қой, қар=еркек; қошқар=еркек қой; бұрын қошқар, қозы* сөздері *қой* мағынасында болған).

Түрікпенде қойды **қож** дейді **ж=и**; *жоқ=йоқ; қож=қар; =ж өзгеріп, =ш* дыбысына айналуы – ассимиляция заңы; **қошақан**=*қоша+қан (қан – кішірейту); қоша=қозы*. Қой шаруашылығының өсуі қой атын көбейткен. Өгіз=өк, *әкім=менің өгізім. Мошка – мысық; маңыз=мағыз; мән=мағына; (ң=к, ң=ғ)*. *Өкімет – власть; үкімет – правительство*.

Бөлшектің мағынасы бүтінге көшеді

Силхи = «жал»; бұл шуваштың сөзі (*жилхи*). Мүйіз бен сиыр деген бір сөз; *үш тұяқ = үш мал; бес бас = бес адам («жал» бұрын жылқы деген сөз, қазір «жал» шуваш тілінде жылқы)*.

Сөз өзгешелігі мен сөз қызметі

Сөйлеу – хабар беру, коллективтік көрініс. Бұған ең азы екі адам қатысуы керек. Ұжым болып қатынасудың (хабарласудың) басқа да амалдары бар. Тіліміздің олардан айырмасы не? Хабар қалайша, қай жолмен беріледі? – мәселенің түйінді жері міне осы екеуі.

Біздің жоғарыда «басқа да амалдар бар» дегеніміздің мәнісі мынау: сүгрет арқылы да көп оқиғаны білдіруге болады; операның алдындағы увертюрасы да сол операда не болатындығын білдіреді; белгілі бір сюжетті музыкамен сүйемелдеу арқылы да, үлкен ғимараттардың, мәселен кеңестер сарайының, Мысырдағы мұнаралардың (пирамида) эшекейлері де сол құрылыстардың не екендігінен хабар береді. Өйткені ұлы ғимараттар мен пирамидалар – құр үйінді тас емес, мақсат-тілекке қарай салынған нәрселер. Әр алуан дабылдар да (сигнал) мезгілді, келе жатқан жақсылық, жамандық (жаугершілік) жайларынан жұртты хабардар етеді.

Сонау Аристотельден бастап, көпке аян болған, осы күнге дейін буржуазия ғалымдары қайталап айтып келе жатқан қисын бойынша тіл дегеніміз шартты таңба ғана болып табылады. Олай болса, біз айтып отырған табиғи тілден басқа хабарласу амалдарының бәрін де тіл ретінде тануымыз керек болмай ма?!

Біз сөз етіп отырған қарым-қатынастың алдыңғы (бірінші) түрі мен соңғы (екінші) түрінің арасында хабарласу амалынан басқа ұқсастық бар ма? Иә, бар: 1) екеуінде де психологиялық қиялдаудан туған жорамал бар; біреудің өзін көрмей тұрып, бөркінен тану сықылды, енді ғана сөйлей бастаған адамға: *–Білдім-білдім, қоя зой!* – десек, әңгіме түгел айтылмай тоқтап қалады, бірақ осы түгелсіздіктен қызықтаушылық туады. Оның қызық болатындығы ізденуді қажет ететіндіктен. Бұл фактор мәселенің дұрыс-бұрысын, қайшылығын ашуға себеп болады. Оның нәтижелері, яғни хабардың екі жақты мазмұны достың да, дұшпанның да кәдесіне жарауы әбден ықтимал. ҚазПИ деген маңдайшадағы жазу *«осы алдыңда тұрған үй – ҚазПИ-дің үйі»* дегенді білдіреді. Демек, бұндағы сөз зат арқылы айғақталып тұр. Кітап аттары да солай. Сөйтіп тілде де (оны жұмсауда) шалалық болады. Ол –

әңгіменің мазмұнын түгел айтпай, шала айту. Мұның аты – берілуге тиісті хабардың керегін ғана айтып, керек емесін ішке бүгіп қалу. Осы шала айтылған формалар да айтушының негізгі ойымен, мақсатымен астарлас. 2) Хабарласудың осы екі амалында да образдылық бар. Сол тәсіл ұқсастығының өзі хабарласудың екі жақты қасиетінің арасындағы ұқсастық болып табылады (шошқа тұмсығын тығып көрсінші...).

Сөйте тұра, бұл екі амалдың бірқатары санғатқа (басқаша оқылмады) жақын жағы болса, бірқатары – сөзге жақын жағы болмақ.

Бір замандарда сөз бен ым қатар жүрген кезі де болған. Есіктен қарап тұрып, біреудің атын атап алып ымдап шақырамыз ғой. Мұның заттық жағы – сөз, етістік жағы – ым, – дейді Марр. Демек, сөз+ым=сөйлем. Сөйлем болудың шарты – сөйлеу (речь) емес. Адам сөйлегенде біртүрлі айтып, негізгі ойы басқа болуы да мүмкін. Ақылсыз адамды да «*осы кісі ақылды!*» дейтіміз де содан; үндемей сөйлесетін тәсіл де бар. Тілдің осындай табиғаты болмаса, буржуазияшыл оқымыстылар сөзді біртүрлі сөйлеп, істі екінші түрлі істей алмас еді (сталиндік конституция жөнінде шет мемлекеттердің үндемей қалуы – сынаудың бір түрі).

Сонымен тіл арқылы хабарласудың екі түрінің арасында қандай айырмашылық бар? Алдыңғы тәсіл бойынша хабарды тұтас күйінде емес, бөлшек күйінде білдіреді, ал соңғы жол мен хабарды бөлшек күйінде емес, тұтас күйінде білдіреді. Тілдің тыңдаушыны адастыру амалы осы бөлшектеу табиғатына катысты. Л. Фейербах: «*Құдайлар сын есімдердің жинағы*» – деген.

Біз хабарласудың екі амалының **хабарласу қасиетін** алып басқа жақтарын қоя тұрдық; олар (біз атамағандар): көркемдік, таптық, әлеуметтік мақсаттар; біз бұл мәселелерді қоя тұрып, хабарласудың тілге ғана тән жағын сөз етіп отырмыз.

Тілдің өзіндік өзгешелігі – затқа ат қою, ол аттарды бір-бірінен айыру. Мысалы: *жылқы – түйе емес, қой – сиыр емес, сиыр – жылқы емес*. Атаулардың мағынасын осылайша айыруды – **сигнификация** дейміз. Әр нәрсенің өзін жеке көрсету, даралап айту қасиетіне ие болған сөз – зат, сипат, құбылыс аттары болып қалыптасқан. Бұл аталғандар – тілдің негізгі өзгешеліктері. Тілдегі осы айтылған ат қою мүмкіншілігін **номинация** дейміз. Тілдің бұдан басқа тағы бір негізгі қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін **коммуникация** дейміз. Оның мағынасы орысша – общение, қазақша – қауымдасу, хабарласу дегенді білдіреді. Номинация – атау, номинат – ат, номинатив – атаушылық. Номинатив функциясы – стабил (тұрақтылық). Мысалы, өсіп тұрған ағашқа күн сайын жаңа ат қойып отырсақ, номинатив функциясына қайшы келер еді.

Қағаз деген сөз – әрі заттың аты, әрі оны басқа заттың атынан айырып атауға қажетті амалы. Демек, бұл жерде номинатив бар; сондай-ақ бұнда коммуникациялық та бар (хабарлылықтың мүшесі, яғни бөлшек). Солай бола тұра, мұны *қағаз* сөзі біресе бүтін (номинация), екінші ретте бөлшек (коммуникация) деп бөлу қайшылық болар еді. Бұл жердегі ерекшелік мынада: тіл элементі атау қызметін өтесе, сөз болғаны; егер хабар беру қызметін өтесе, сөйлем болғаны. Бұл келтірілген екі түрлі өзгеше қасиет барлық сөздерге де тән, өйткені олар әрі номинативтік, әрі коммуникациялық қызмет атқарады. Сөздің бір басында екі функция (қызмет) болады: бірінші – хабар беру қызметі, коммуникация функциясы; екінші – таңбалау қызметі, номинатив функция не сигнификация.

Сөз хабарласу үшін керек, егер осы керекке жарамаса, ол – сөз емес. Сөйлеп хабарласқанда әр нәрсенің аттарын (номинативтерді) құрап, хабар беріледі. Осылайша номинативтерден құралмай жасалған хабар жоқ. Ат болмаса, сөз де болмайды.

Номинатив сөзді бірінен-бірін айыру үшін ат қоямыз. Атты неге қоямыз? Оны заттардың өздері жоқ жерде сөз қылу үшін қоямыз. Нәрсенің, сипаттың бәрі түгел қасымызда болса, онда сөзді шығын қылмай-ақ ымдап өте шығар едік, сонымен де бірталай хабар берер едік (алқашқы адамдар, осы күнгі мылқаулар солай сөйлеседі ғой).

Зат пен оған қойылған атты тексерейік: столдың төрт аяғы бар, үсті, асты, түсі, ұзындық, қысқалығы бар; ал оған қойылған ат та ондай белгілердің бірі де жоқ, тек ұғым ғана бар. Демек, сөз оймен байланысты, ал басқа белгілер жоқ. Сондай-ақ тілде заттың ұғымы бар, мәні (сущность) жоқ. Ойымызбен бір заттың өзін быт-шыт қыламыз. Сондықтан заттың саны, сипаты, аты тағы басқалары бөлек айтылып талданады; ол заттың өзінде оның бөлшектік белгілері талданса, ол зат-зат болудан қалады. Өйткені столдың төрт аяғы, биіктігі, ұзындығы сол затпен бірге жүр.

Сөз белгілі тәртіппен тізіліп барып, хабар болады. Сөздер жеке-жеке жүреді, бірақ олар жекелік үшін жасалған емес, басқаға жанасым тауып, үйлесерлік болып жасалған. Өз басы атау болуға жаралаған сөзді **бүтін** дейміз. Бүтін, әрине, бөлшек емес. Сөйте тұра олар құрамды бөлшек болып барып материал болып, тұтас ой туғызатындықтан, жеке сөздерді үйлесім табушылар тобының бір бөлшегі дейміз. Бұл айтылған бүтіндік пен бөлшектілік бірінісіз бірі өмір сүре алмайды (семасиология мен лексика бір зат, бірақ ілім ол екеуін бір-бірінен айырып қарайды; лексика – сөздің денесі болса, семасиология – мағынасы).

Е с к е р т у: қолжазбада лексика мен семасиологияның мағыналары арабша түсіндірілген (Е. Ж., М. М.).

Синтагматика – латынша құрау, құрастыру дегенді білдіреді. Лексика дегеніміз сөздерді мағына жағынан бір-бірінен айыру болып табылады. *Кітап, қалам, оқы, сөйле* деген сөздердің әрқайсысы бір-бір лексика (бірыңғай етістіктер лексика) ретінде бір-біріне жақын да емес, қашық та емес. Алайда олар өз ішінен айыруға жараса, лексикон болады, есімдер де солай. Мысалы: *масақ* пен *басақ* бір түбірден өрбіген сөздер. Бірақ екеуі екі лексикон. Себебі олардың мағынасында айырмашылық бар. Бір түбірден жасалғанымен мәнісі екі басқа болса, дербес сөз болады.

Сондықтан *бас, басшы, бастық, бастар* деген сөздердің әрқайсысы бір-бір лексикон. Ал *бордың, борға, борды* деген сөздердің әрқайсысы жеке лексикон бола алмайды (соңғы ескертуді қосқан Ш. Х. С. болу керек).

Хабар – стандарт емес. Солай болған соң сөйлем мүшелері бірде құралса, екінші жолы таратылып, қайта құрыла береді (изменчивый), олар баспаханың хариштері сияқты. Ал лексиканың тұрақты екенін, заттың атын өзгертуге болмайтындығын жоғарыда айттық. Сөйтіп тілдің бір басына сиысатын екі түрлі қайшылықтан – бүтін мен бөлшектен – екі жақтың теңдігі туады (*кітап бер*). Кейде бұл екі жақтың бірі басым болады (*ала бер, тайға таңба басқандай, әй!...*). Бұл мысалдардың алғашқы екеуінде лексика жағы басым болып кеткен де,

синтаксистік жағы – хабар беру жағы – басым болып кеткен. Себебі алғашқысында анық заттық ұғым бар, соңғысында зат мағынасы көмескіленіп кеткен (а/ж).

Лексиканың атау ретіндегі, мағына айырмашылығындағы кемшілігін синтагма толтырады (жылқышы) – бұл бір; лексиканың жарамды-жарамсыздығына байланысты кемшілігін де синтагма толтырады (жылқымның жарымы) – бұл екі.

Біз жоғарыда лексиканың стабилдік тенденциясы бар да, синтаксистің өзгергіштік тенденциясы бар дегенбіз. Бірақ ешбір тенденция таза күйінде ұшыраспайды. Демек, лексиканың бір басында стабилдік тенденцияға қоса өзгергіштік тенденция да болады. Синтаксис те солай.

Синтагма лексиканы жеңеді. Бұл не деген сөз? Сөз негізінің үшке бөлінуі, үш негіз тууы, осы тенденциядан («*адамшылық*» деген сөз – лексика, бірақ бұрынғыдай қатып қалған сөз емес, өйткені сөздің соңындағы **-шылық** қосымшасы алмалы-салмалы, бұрын *адамшалық* болған). Әр сөздің табиғатында болатын осы екі тенденциядан: айыру, атау-хабарлау – сөз таптары бөлінген. Табиғаты осындай болғандықтан, әр сөз табының, мысалы, зат есімнің лексикалық категориясы, синтаксистік категориясы бар дейміз. Басқа сөз таптарын да осылай қарастырамыз. Бұл орында **амеба** және **инфузория** құбылыстарын еске алу керек. Осыған орай белгілі бір заттың товар болуы үшін әрі тұтыну құны, әрі айырбас құны болуы керектігі сияқты жоғарыда аталған құбылыстар бір сөздің басындағы екі міндетін түсіну үшін жақсы мысал бола алады.

«*Тайға таңба басқандай*» сияқты тіркестер **идиом** деп аталады. (Идиоматология дегеніміз идиоматиканы қарайтын ілім). Идиомаға мысалдар: баратын, ашудас, су ағар т. б. Мұнда лексика тенденциясын синтагма тенденциясы басып кеткен. «*Сегіз көз*», «*қой үстіне бозторғай жұмыртқалап тұр*» деген мысалдардың құрылысы синтаксистік болғанымен өздері тіркес күйінде лексикалық құрылыстағы идиома.

Одағайлар сөз табы ретінде өз орнында толық айтылады. Біз бұл жерде әңгімелеп отырған тақырыбымызға одағайларды байланыстыра ғана сөз айтамыз.

Ескі тіл ілімі одағайларды «алғашқы тілдің қалдығы, сөз содан жасалған, одағайлар адамның сезімін білдіреді» деген. Олар бұл жөнінде көптеген пікірлер айтты, бірақ одағайлардың табиғатын аша алмады. Сондықтан олардың тұжырымдары дұрыс емес еді.

Әңгіме мынада: сөз заттың ісін, өзін, сынын айыра атайтын болса, одағайларда ол жоқ. Ол тұтас күйде тұрып, кейде бір сөзді немесе бір сөйлемді білдіруі мүмкін. Мысалы, бір нәрсені «*жақсы істеген екенсің*» десек те, «*жаман істеген екенсің*» десек те *бәрекелде!* деуге болады. Оның қай мағынада айтылғандығын сөйлемдегі тұрған орнына қарап және дауыс ырғағына қарап айырамыз. Өйткені одағай жіктелмеген, дифференцияланбаған сөз табы. Мысалы, *Әй!* – *сен бері қара!* Одағай сезім үшін айтылмайды, оны әлдекім қуанған боп айтып, ішінен жылап тұруы мүмкін. Одағай әрі зат атауына, әрі іс-қимыл (етістік) атауына жақын – сараланбаған сөз (Малдың қай түлік екендігіне қарап айтылатын арнаулы одағайлар бар). Осылайша қатыстылық жағынан айырылғаннан кейін *көс-көс*, *кәус-кәус* (түйеге), *шәуім-шәуім* (сиырға) деген одағайларды зат есімге жақын дейміз. Сөйте тұра олардың шақыру мағынасы да болғандықтан (*мұнда кел*) етістікке жақындығын да ескереміз. Сөйтіп бұл одағай екі сөз табына да қатысты

болып шығады. *Пай-пай* деген одағайды хабар беру үшін де пайдалануға болады. Біреу түшкірсе, оның еріксіз дыбыс шығарғандығын (түшкіргендігін) білеміз.

– *Әй! мә!* – деген одағайлардың кімге айтылғандығы, кімді шақыратыны белгісіз. *Қап, әттеген-ай!* – дегендер нағыз одағай. Бұларды басқалардан бұрын жасалған деу қате. *Ә деген-ай! Атта* дегендегі **тт** – екі дыбыс емес, созылған бір дыбыс. Айтуға оңай болу үшін бір дыбысты екіге бөліп (таштид) буындаймыз. «*Әттеген-ай*» дегендегі **т**-да сол созудан келіп шыққан. «*Мә, саған*» дегенді одағай ретінде айтқанда *мәссаған* деп бір «**с**»-ны бөліп, екі буынға жіберу де осы созым дегендіктен.

Одағай еліктеуден шықты деушілердің пікірі де дұрыс емес. «*Жалт-жұлт*», «*жылт-жылт*» дегендер құбылыстың тұрақты, тұрақсыздығын, бір қалыпта болатынын-болмайтынын білдіретін қолданыстар ғана. Одағайдың сурет сияқты бүтін күйде болуы тілде искусство әдісін пайдаланып, түйдек көріністі білдіруге байланысты. Адам баласы аң болып жүріп те санғаттан (түсініксіз) пайдаланған ғой.

Біз одағайды қолдан жасаймыз, тіпті тұтас сөйлемнен де одағай жасап аламыз: – *Әй, жүзің айдай болғыр!*

Лексика мен синтаксистің байланысы

Z – лексика, S – синтаксис; үстеу – жұрнақ; үстеуіш – демеулік; жалғауыш – демеулік.



Сөз өзгешелігі мен оның қызметі (Жақындық-аулақтық тенденциясы)

Тіл өзгереді, бірақ барлық саласы бір қалыпта өзгермейді. Грамматика құрылысы өте шабан өзгереді. Тоқтамай калейдоскоп сияқты өзгерсе, грамматика да болмас еді. Демек, грамматика дегеніміз тілдің бір қалпының белгілі уақыт ішінде тұрақтауы, орнығуы. Осы арқылы ол дыбыс құрылысының өзгеруіне де кедергі болады. Сондықтан бір мағынадан өрбіген туынды мағыналар, бір сөзден өрбіген ұялас сөздер ұзақ замандар бойы дыбыс құрылысы жағынан бір-бірінен алыстап кетпейді. Бұдан олардың ұяластығы байқалады.

Осыдан келіп бір құрылымның екі сөз болуы немесе екі құрылымның бір сөз болуы сияқты өзара қайшылықтар туады. Бұның өзі – тілдің дыбыс құрылысының сүйегіне біткен қайшылық. Негізінде сөздің дыбысы мағынасына қарай өзгеру керек: мағынасы бір болса, екі сөздің дыбысы да бір болып, мағыналары түрліше болса, дыбыстары да түрленіп немесе қосымшалары өзгеріп, екі сөз болып, егізделіп отыруы керек. Нәтижесінде осы екі сөздегі байланыс әлсіреп отыруы тиіс.

Әсу үшін тіл жаңа сөздер шығарады. Ол үшін бұрынғы ескі сөздерді пайдаланады. Бір сөз сол бір сөз күйінде қалмай, екі сөз болуы үшін олар бір-бірінен барынша қашықтауы керек. Дыбыстарында айырмашылық болуы керек, әйтпесе сөз байлығы артпайды. Сондықтан **бас** (голова) мүшені атағанда «бас» десек, сол бастан өрбіген **басақты** атағанда *масақ* деппіз (*мақ+ақ=колос, головка*; татар, анатолы түріктері **келдекбасты** *басақ* дейді. Бұл *мойын=ақ, түб=ек* сөздерімен құрылыстас). Мағыналары сәйкесетін «б» дыбысының «м» болып өзгеруі бұл жерде *басақ* сөзін *масақтан* қашықтатып, ізін жасырып тұр. Болмаса, *басақ* сөзінің *масақ* болып өзгеруінде дыбыс алмасуын тудыратын жағдай жоқ. Ал *жап* сөзінің *жамыл* болып өзгеруі дыбыс құбылыстарының заңдылығынан туған.

Сиық сөзінің *сиақты* болып тұлғалануында жоғарыда айтылған екі халдың екеуі де бар: **ы** өзгеріп **а** болған, **л** өзгеріп **т** болған. *Адым, атта, аттау* дегендердің бәрі бір түбірден өрбісе де, *атым* болмай *адым* болуы **т** дыбысының екі дауысты арасынан қалуынан: *адым – аттау мөлшері*.

Тіл тенденциясы екі сөздің бір-бірімен байланысы жоқ сияқты етіп көрсетіп, сол арқылы аулақтату тенденциясын байқатып отыр. Ол бір сөзден екінші сөздің сыртқы көрінісінің басқалығы. Бұл тенденция күш алса, бір сөз екінші сөзге ұқсамас еді, түбір дыбыстарына да өзгелік кіргізер еді (бұған да таңбасын басар еді), қосымшалар арқылы ғана бір-бірінен айырылмас еді. Бірақ мұны жуықтық тенденциясы тұсаулайды.

* * *

Жуықтық тенденциясы. Мағынасында өзгешелік тенденциясы бар екі сөздің арғы жағында жақындық бола қойса, соның жақындығын білдірем деген тенденция бір сөзден өрбігендігін сездіру тенденциясы болады (*басшы, бастық, баста...*). Келтірілген мысалдарда үш сөздің де бас ұғымымен байланыстылығы қоса таңбаланған.

Нәтиже: мәнісі бір ұғымнан өрбіген өзі бір сөзден жасалған сөздердің біріне-бірі жақын болушылығы мағына жағынан байланыстылығын, дыбыс жағынан ұқсастығын көрсете отыруы – **жуықтық тенденциясы** болады.

Тілде жуықтық тенденциясы ғана болса, бір сөзбен екінші сөздің дыбыс құрылысы бір болып, бір сөз екінші сөзден айырылмай қалар еді.

Тілде аулақтық тенденциясы ғана болса, бір сөзге екінші сөз ұқсамас еді, сөз бен сөздің арасындағы алыс-жақындықты білмес едік. Нәрселердің, құбылыстардың ұшы-қиыры жоқ, көп, біз оларға сөз жеткізе алмай ақырында ештемені айырып атай алмай қалар едік.

Қорытынды: әрбір сөз формасы осы екі жаққа тартқан екі түрлі ішкі тенденция күресінің нәтижесі. Тіл қызметінде осы екі тенденцияның бір жағы ғана билеп кете алмайды, екеуі де өздеріне тиесілі сыбаға алады. Бір-біріне қарсы мәнді екі тенденция дегеніміз осы.

Кейде жуықтық тенденциясы басым болуы да мүмкін. Қазіргі «аяғыңды атта» дегендегі «атта» сөзі жылқы болу, ат болу дегенді білдірген. Осы күнде ол «жүр» деген бұйрық мағынасында. Бүгінде *ат* (жылқы) деген мағына мен *жүр* деген ұғым бір-біріне ұқсамайды, екі ұғым, екі сөз. Солай да болса дыбыстары бір, мағынасы бір сөздердің формасы да жақын болу тенденциясы басып кеткен. Бұндағы қоғамдық мақсат – бір буынның (ұрпақтың) тілін екінші буынға түсіндіріп отыру. Мұндайлар тілде сирек кездеседі, бірақ бар. Егер тіл қазіргіден жылдам өзгерсе, бұдан 10 жыл бұрын жасаған ұрпақтың (буынның) тілін түсінбей қалар едік. Ал сирек те болса бұндай өзгерістер тілді дамытады, байытады.

Аулақтық тенденциясының басым болуы

Жоғарыда біз *басақ* деген сөз *масақ* болып өзгерген дедік. Бұлайша өзгеруі де, егізделіп өзгеруі де сирек құбылыстар. Өзгеріс жиі болса, бір буынның тілін екінші буын түсінбес еді дегенді айттық. Жалқы есімдерде жуықтық тенденциясы өте аз. Ал басқа сөздер, әсіресе, жалпы есімдер ондай емес. Жуықтық тенденциясы сөздің түрлі қалыпқа түсуін тұсайды. Сондықтан жалқы есімнің аз өзгеретін себебі оның сөз бен сөзді айырып, неғұрлым ұқсатпау мақсатына байланысты. Ағайынды кісілердің аттары бір түбірлі сөздерден болуы шарт емес. Бұлардың грамматикалық жағынан бірдей таңбалануы да шарт емес. Өйткені сөздің жақынын таңбалау мақсат емес, қайта олардың басқалығын білдіру шарт. Сондықтан жалқы есімдер аулақтық тенденциясымен тез үйлеседі. Соның нәтижесінде жалқы есімдерден болған сөз түбірлері өзгеріп отырады; кездейсоқ түрде ұшыраған дыбыс басқалығы жалқы есім үшін сирек нәрсе. Мысалы, әлдеқалай екі түрлі айтылып кеткен бір жалқы есім кейде екі кісіге ат бола кетеді (*Ғали, Әли, Қали, Қалима, Мұханбет, Махамбет* т.б.); кейде бір аттың (есімнің) кіші формасы да өз алдына дербес ат болып кетеді (*Мұқан, Мұқаш, Шонан, Шонтық, Шонай*).

Соңғы есімдерде кездесетін **шон** түбірі *оқшантай* дегендегі «шон». Натуралды шаруашылық кезінде **көнек**, **талыс** сияқты теріден жасалатын ыдыстардың бір түрі *шон* деп аталған.

Бұқар жыраудың:

*Сен бұзау терісі – шөншіксің,
Мен өгіз терісі – талыспын, –*

деуі бұған дәлел (шөншік – кішкене дорба, кішкене қап, XVIII ғ. әдебиетінен). Ираннан кездеме алып *дорбаны* матадан жасайтын болғанда, олардың аты қазақта *қалта* болып қабылданған. Сөйтіп, *мес, саба, торсықтан* басқалары ыдыс мағынасын жойған. *Оқшантай* – оқ-дәрі салатын, қошқардың ұмасынан бітеу сойып алған тері қалта.

Бәтима-Бәтіш, Гүләйім-Күләш, Мағрипа-Мағыш сияқты сөздердің әрқайсысы – өз алдына дербес жалқы есімдер. Жалқы есімдерде болатын мұндай қасиет жалпы есімдер мен етістіктерде бола бермейді; кішірейту формасы болмағандықтан, түбірден бөлініп басқа бір сөз жасалмайды, жасалса да сирек, онда да ұзақ замандар өткеннен кейін, жаңа заман ұғымы ескі заманнан өзгеше болғанда ғана жасалады. Мысалы: парсының қоразын «*кішкене ата*» деп

танығандықтан, *әтеш* деген сөз шыққан (татардан келген). Бұрын іші қуыс заттың бәрін *күбі* деген, *күпшек* пен *келіншекті* олардың түбіріндегі сөздердің кішіреюі деп танымай басқаша таныған. Жалпы есімнің бұлай болуы әрі ұқсастығын, әрі айырмасын білдіру үшін қажет болған. Ал жалқы есімдерде олай емес, олардың кішірейген сыңарлары туынды сөз түрінде болады (*Мырза, Мырзаш*); мұндай ұқсас сөздердің басқалығы сол есім иелерінің әкесінің аты мен фамилиясынан айқындалады.

Қазақта бір кісінің баласы екендігін көрсететін ұқсастық көріністері де бар. Оларды ұйқас аттар дейміз (*Она-Сана, Шамғали-Мұфтиғали*). Бұл түбірлестігін көргеннен емес, лексика жағының түбірін жақындату емес, ұйқастығын жақындату жолымен ғана жасалған (*Она* – берік, *Сана* – қызық). Сондықтан жоғарыдағыларды ұқсас ету үшін аллитерация, ассонанстар шыққан.

Сөздің негіздік мағынасы мен грамматикалық мағынасы

Сөздің құрылысы мағынаға сәйкес өзгереді. Бір мағынаның өзі әр жерде әр қырынан танылады. Сол мағынаның тарихымен байланысты сөз құрылысы сөз шығарғыштық әдетке ие болады.

Сөйлем – суждение (мысль) осының сыртқы түрі (көрінісі). Әр сөз өз алдына жеке ұғым (представление). Мысалы, «**бор**» дегеннің не екенін білмек болсақ, соның неше түрлі қасиеттерін біліп үйренеміз. Осы үйренуіміздің жинағы ұғым (представление) болады. Ал сол ұғымдардың жинағы сөйлем болады деген қисын бар. Бірақ бұл бұрынғы көзқарас, ол шындыққа сай емес. Себебі тіл дегеніміздің өзі де біркелкі емес, түрлі-түрлі ғой.

Сөз мағынасы екі түрлі болады: **негіздік мағына, грамматикалық мағына.**

Сөздің атау ретіндегі мағынасын негіздік мағына дейміз. Мысалы, **бас** (голова) деген сөзді алсақ, оның зат есімдік, жекелік, атаулық (септеусіз мағынасында), тәуелсіздік, болымдылық мағыналары бар. Осындағы соңғы мағыналарды грамматикалық мағына дейміз. Зат есімдік, әрі етістікке тән белгілер қатар келсе, оны да грамматикалық мағына дейміз. Себебі мұндай сөздер дербес сөз табына ажыратылмаған. Сөз таптары бұлайша әрі зат есім, әрі етістік болып, бір-бірінен айрылмаған кезде олардың есім не етістік екендігі қосымша арқылы ғана белгілі болады. Грамматикалық мағынаның түрлі болуы әр елдің тілінің өзіндік өзгешеліктеріне байланысты (бізде меншік – тәуелдік, арабтарда – термин сөздер арабша жазылған).

Түбір сөздің мағынасы толық болуы үшін ол сөйлем ішінде тиісті шылауларымен түгелденіп келуі тиіс. Өйткені сөздер тек ат болып аталуы үшін ғана емес, басқа сөздермен байланысуы үшін де жұмсалады. Демек, сөз дегеніміз – заттың (құбылыстың) аты + байланысу құралы. Сөз заттың атын ғана емес, басқа нәрсе мен құбылыстарға қандай қатынасы барлығын қоса білдіретін сілтеулер; сөз – жалаң ұғым емес, күрделі ұғым. Сілтеу амалы мен сөздің басқаларға қарым-қатынастары тіл-тілде түрліше болуы мүмкін. Мысалы, *темір, ұзын, оқы, екі, мен, кесе* сөздерінің осы қалпынан-ақ **объект, субъект, бірік, қарға** деген, ұғымдарға қандай байланысы барлығы көрініп тұр (тәуелсіздігі, жекелік, көптігі белгілі жағдайда объект, субъект, предикат екендігін де білдіреді). Қысқасы, әр сөздің

абсолют мағынасының үстіне реалатив мағынасы да бар (құбылысқа, затқа ат болу). Соңғылары реалатив, яғни грамматикалық мағына.

Сөз құр сөздің аты емес. Қандай қатынаста тұрғандығын қоса білдіретін сілтеу белгісі дедік. Мысалы, құр «*жаздым*» деп хабарлап, қағазды айтпасақ, «*жаздым*» жеке тұрып пайдаға аспайды. Сабақты етістік жеке тұрса, мағынасы толық болмайды.

Сөз құрамы (составы)

Сөз составы: Түбір+қосымшалар
Түбір+түбір+түбір бір сөзде
Түбір+қосалқы бір екпін.

Кейбір тілдерде жалғау – екпін болып қызмет атқарады; кейбір тілдерде қосымшасыз түбір сөз өзі жеке тұра алмайды (*книга – книги*; бұл флекциялы тілдерде). Флексив тілдерде (орыс тілінде) жеке сөздердің өзіне тән формасы шектеулі болады. Мысалы, *стол* – әрі атау септік, әрі табыс септікте тұрған сөз. Шынында орыстардың жеке сөздері – жеке сөз емес. Олар қалай болғанда да бір падеждің не басқа бір категорияның формасында тұрады.

Сөздің жеке формасы болмайды, басқа сөздер арасында ғана формаланады. Мысалы, қытайда *чун* (жұмыс), *жөн* (адам) *чун жөн* болып қосылып, бір екпінмен айтылса, *жұмысшы* деген сөз, егер екеуі екі екпінмен айтылса *жан-жөн* (тау адамы), біздегі «шы» үстеуі (жұрнағы) адам мағынасында, сондықтан бұл үстеу адам, кісі, адам аттары сияқты сөздерге қосылмайды; *ту-чун*, *жөн* (жер қазушы – землякоп), *ту* – жер. Европада да бір тілдің бір сөзбен білдіретінін екінші бір тіл әлденеше сөзбен білдіреді. Мысалы, дирмен –

Қайбір тілде түбірлер жиылып барып, бір сөз болады. Мысалы америкадағы пәйет тілінде

1 2 3 4 5 6 7 8 9
vii- tu- kuxum- punku- rijgani- jugri- wa- nty- m (y)

деген *қасатшылар* деген бір сөзді ғана білдіреді. Мұндай тіл инкорпорациялық тілдер деп аталады.

түбір «1» – пышак
түбір «2» – кара
түбір «3» – кодас
түбір «4» – асыранды
түбір «5» – кесу
түбір «6» – отыру
қосымша «7» – келер шақ
қосымша «8» – есімше
қосымша «9» – көптік

1 мен 5-тің арасы алшақ болуы бәрі бір сөз дегені
vii rijgani – *сою асыранды қодас* деуі басқа сиырдан айыру үшін айтылған. *Қара мал* дегендегі «*қара*» түс емес.

Выход-вход-ход – көмекші етістік. «*Әкел*» сөзінің түбірі *кел* деп қате айтамыз (кейде осылай түбірді жалғау деп, жалғауды түбір деп алжасамыз). Сөз осылайша ізін жасырмаса тіл ілгерілемес еді. *Қарт* сөзінің соңындағы *т* дыбысын алып тастағанда сөз болмайды деуіміз бекер. Оны *қарт* күйінде тұрған сөзден басқа сөз болады деуіміз керек.

Түбір мүшенің өзгешелігі

Сөз – хабардың белгілі бір бітім бөлшегі.

а) біз хабарласу үшін сөйлейміз;

ә) хабарласу жеке сөздерден құралады.

Сөзбен берілген хабардың өзге хабарлардан өзгешелігі мұнда зат пен оның ісін, зат пен оның сипатын айыра таңбалаймыз. Демек, түбір сөз заттың не істің әр алуан түрін, не зат пен істің сипатының түрлерін айырып көрсететін таңба (заттың тек өзін, сипаттың тек өзін ғана білдіреді). Сөздердің топқа айырылу себебі осыдан (зат есім, есімдік, сын есім...).

Сөйлеу дегеніміз белгілі бір заттың, істің, сипаттың аттарын белгілі тәртіппен тізіп, бірімен бірін байланыстырып барып, солар арқылы хабар беру. Сөйлегенде іс пен сипатты белгілі бір заттарға апарып таңамыз. Сөз түбірі басқа бір сөздермен үйлесуге ыңғайлана, икемделе жасалған (*қызылдар, қағаз, таяқ* деген сөздердің аттарына басқа бір сөздердің аттарына үйлесерлік болып жалғанады, *оқу – ларға* үйлеспейтін болып жалғанған, *тер* – керісінше). Демек, қосымшалар түбірдің біріне үйлесерлік, екіншісіне үйлеспейтін болып жалғанған. Сөз екі түрлі керекке асарлық болып жасалған: 1) бірдеменің аты болуы (зат, сипат, іс); 2) белгілі жағдайда үйлесерлік, байланысарлық мүмкіндігі бар.

Қосымшалы сөз бен қосымшасыз сөз: бұлар да солай сөз емес. Осы екі міндеттің бірін атқара алмаған категория – сөз бола алмайды.

Сөздің екі формасы: 1) Бірдеменің аты болуға жарайтын форма; 2) Басқа сөздердің біріне, болмаса басқа біріне үйлесетін форма.

Сөз – ат болады, сипат – іс аты болады, басқа сөздермен үйлеседі. Демек, атау қызметін де, үйлесу қызметін де атқарғанда сөзді өзгертіп, толықтыруға болады. Сондықтан түбірге жаңа сөз қоспай-ақ, қосымша не қосалқы жалғауға да болады. Басқа сөздерге үйлестіру де солай. Жалғау, жалғауыштар өздігінен үйлесе алмайтын сөздерді үйлесу қалпына түсіреді, не бұрын бір түрлі үйлесетін екі түбір сөзді екінші түрлі қалыпқа түсіреді.

Түбір мүшенің таптары

Шылау: (анықтамасы берілген сияқты ... Е. Ж.).

Демек шылаулардың бір түрі түбірге тек мағына үстеу қызметімен қанағаттанбай, оны басқа түбірлермен байланыстыру қызметін де атқарады.

Тапқа бөлуде: әр сөз табының өзіне арнаулы қосымша болады, басқалардың қосымшасын жолатпайды. Бұл сөздердің бірінен-бірін айыруға себеп болады. Демек, әр сөз табының морфологиялық қосымшасы бар дейміз.

Барлық сөз табы сөз арқылы хабар беру үшін жасалған. Етістіктер тек баяндауыш, зат есім сөйлемнің қай мүшесі де бола алады, әсіресе, толықтауыш болуға ыңғайланып жасалған. Себебі: басқа сөз таптары толықтауыш болса, зат есім мағынасына ие болып қана толықтауыш бола алады.

Сипат есімдер тегінде анықтауыш болу үшін жасалған. Басқа мүше болу үшін ол сипаттан басқа мағына қосып алуы қажет. Демек, сөз таптарының кейбірі белгілі бір сөйлем мүшесі болады. Алайда мүше бола алмайтыны да бар; белгілі орында тұратыны да, тұрмайтыны да бар; зат есім сөйлемнің қай мүшесі де бола алады, етістік таза тұлғасында тұрып анықтауыш бола алмайды. Сөздің қай сөз табына жататындығын сөйлем құрылысындағы қызметі мен тұрған орнына қарай айту керек. Сондықтан сөз таптарының синтаксистік қасиетін ескеру керек. Оны әр сөз табының арнаулы қасиеті деу керек.

Тапқа айырғанда үш түрлі негізге сүйенеміз:

- 1) лексикалық қасиеттеріне қарай;
- 2) морфологиялық қасиеттеріне қарай: қандай қосымша, қандай қосалқы ерітетіндігіне қарай;
- 3) сөйлемде қай мүше болатындығына, қай орында тұратындығына қарай.

Осы үш сипаттың үшеуі бірдей табылса, сонда ғана түбірді белгілі бір сөз табы деп санауға болады. Енді сөз таптарын жекелейміз...

Тіл және дыбыстың шығуы

Қол бір кезде аяқ міндетін атқарып, кейін ол міндеттен босаған. Бірақ бұл босауы қоғамдық мақсаттан емес. Акад. Н. Я. Марр бұрынғы кезде дыбыс тілінің алдында ым тілі (қол тілі) болғандығын айтады. Бірақ ол тіл де еңбектен ажырамаған, сондықтан ол өндіріс тілі болған. Марр дыбыс болмады дегенді қай тілдің басымырақ қолданылу, қолданылмауы ретінде айтады. Әйтпесе ол заманда да дыбыс тілі болған. Бірақ ол дыбыстар пайдаға асырылмаған. Қурайды кейінгі заманда сыбызғы қылдық қой, тіл дыбыстарын да кейінірек пайдаландық. Дыбыстарды қатынас құралы еткенде де алғашында дефузды түрде пайдаланғанбыз. Дыбыстар дауысты, дауыссыз болып тапқа бөлінген кезде дауыстыларды соңырақ пайдаланғанбыз. Дене мүшелеріміздің ішіндегі ең алдымен біздің дегенімізге көнген мүше – қол. Қол бәрін істейді, бұл мүше бәрінен бұрын жетіледі. Сондықтан қол сөйлеу құралы да болды. Сөйлеу тілінің кеш шыққандығы соншалық, адам баласы қару істеп үйренгеннің өзінде де жақсы сөйлесе алмаған. Ол кезеңде сөйлеудің пайдасынан қолдың пайдасы көп болған. Адам табиғатты арбаған: ысқырса жел келеді (шығады); Ежелгі қауым мүшелері табиғаттың жасырын сырымен астарласып, оны жеңем деген; айқайласаң киік қашады екен деп түсінген (магическое действие). Ол күнде дыбысты тіл ретінде емес, дабыл, шақыру есебінде, келе-келе дұғаға пайдаланған.


Осы заманда Африкада да, Австралияда да қол тілі бар, сонымен бірге сөйлеу тілі де қолданылады. Сондықтан бір ауыл әрі қол тілін, әрі сөйлеу тілін пайдаланады; Екі тіл қатар жүреді. Олардың айырмасы сол – қол тіл ауыл-ауылға ортақ болса, дыбыс тілі әр ауылдың өзінде ғана түсінікті. Әуел қол тілімен түсініскендігі осы күнгі дыбыс тілінен де көрінеді. Мәселен, орыста *сказать* пен

указать сөздерінің түбірлес болуы – көрсету мен айтудың бір функция міндетін атқарғанына дәлел болады.

Дыбыс тілі шығып сараланғаннан кейін де, кейбір дыбыстар бірінің орнына бірі жүре берген, көп заманға шейін олар дефузды болған (бұған **Ч-ДЖ** құбылысы дәлел, сондықтан суға «жүз» деп те, «дүз» деп те атаймыз).

d түрінде көрсетілген әріп **d** мен **j** дыбыстарының қосындысын таңбалайды. Сондықтан *жүз/дүз* болып екі түрлі айтылатын бір сөзді жазбақ болсақ, *дүз* түрінде ғана жазуымыз керек. Сонда ол *жүз* болып та, *дүз* болып та оқылады.

Демек, **ж** әрпі өз дыбысын таңбалай алмайды:



Демек, сөз басында «д» келсе де, «ж» келсе де бәрі бір-екі сөз емес, бір сөз болады.

Біздің тілімізде *жыбыр*, *дыбыр* деген сөздер бар. Бұл да әлгі сөздің бұрын қимылды білдіргендігін білдіреді (*бетін жыбырлатып сөйлесу*).

Қазірде «*жыбырды*» жек көру себебіміз сөйлеу тілінің, ым тілін жеңгендігінен болу керек (бет пішінімен айту).

Слово – слова=*атақ-даңқ. Даңқылдау – дүңкілдеу vox (ата)* – сөз, дыбыс, ән – вокальная музыка. *vo vx* – вокал-дыбыс, сөз (латынша). Дыбыс шығару, дыбыстану вокализация делінеді.

«*Ұятсыз*» дегенді «*бетсіз*» деуіміз сөзді материямен байланыстырып айтатындығымыздан. «*Бас*» сөзін жоғарылық, биіктікпен байланыстырамыз. Орыс тіліндегі *выражение (выразить)* – көрсету, ойын білдіру.

Ымдағандағы дыбыс шығару процесі осы күнгі тіл дыбыстарының жүйесіне келмейді, ол біреуге ернін шығарғандағы дыбыс.

К, д, ж, р әріптері таңдай қағуда түйдектеліп бір жүреді (дефузды – физика термині).

Деффуз деп дыбыстардың бірінен соң бірі айтылмай, бәрі бірге қосылып естілуін айтамыз.

Әндетіле, аяқ қозғалысының ырғағына сала жүре, айқайлай жүре дыбыстан жіктеледі. Әнді дыбыстар бір нәрсені атау үшін, сөйлеу, сөйлесу үшін емес, табиғатқа әсер ету үшін қажет.

Дыбыстар бірден жіктелмеген. Әуелі дауыссыз+дауысты+ сонор түрінде топ-топ болып айрылған. Сөйтіп алғашқы буындар пайда болған. Маррдың айтуынша төрт буын пайда болған. Олар «Маррдың төрт элементі» деп аталады:

1-А, 2-В, 3-С, 4-Д.

1 – сал, 2 – бер, 3 – ион, 4 – рош. Бұлар ішіндегі дыбыстарды формулдағанда былайша бөлінеді:

1 – Тіл/Дз + Ды + а/с-р	осының әрқайсысы бір
2 – Ерін/Дз + Ды + а/с-р	дыбыс болып, бір буын
3 – Тіл/Дз + Ды + м/с-р	болып бір жүрген,
4 – Ср + Ды + Тіл/Дз	диффуз болған.

Біз адам болмастан бұрын да дыбысымыз болған. Ол кезде тіл дыбысын шығарайын дегендіктен емес, қорыққанда, шақырғанда шығарғанбыз. Марр жалаң дыбыстар патриархат заманында пайда болған, ал деффуз (түйдек дыбыстар) матриархат заманында пайда болған дейді. Кейбір елдерде африкат дыбыстар (д=д+и+дж) сақталған. **Йон** буынындағы **й** әрпі **рл** тобына кірмейді, **h** дыбысының ағайыны.

Бұлар тіл керек үшін болмай, би керек үшін, еңбек өнімін арттыру үшін шыққан дыбыстар. Орыстың **ц, ч** сияқты әріптері деффуз дыбыстарды таңбалайды: **ч=т+ш ц=т+с.**

Монғолдың **дз** сияқты әріптері де деффуз **дз=д + ж.**

Бұл көрсетілгендер екіқабат қосындылардың мысалы. Абхаз тілінде төрт қабат қосынды, үш қабат қосынды дыбыстар да бар:

$$\begin{aligned} &=t + ш + w + y: && =t; =t+ш; && =t+ш+w \\ & && =t + ш + w + y \\ & && Jiεagops=_____ \\ & && εeos=құдай (грекше) \end{aligned}$$

Бұрынғыдағы **л** мен **р** дыбыстарының бірлігі белгілі. Мысалы, корей *ат* дегенді *мал* дейді, *малдың* дегенді – *мари*. Ол заманда сөйлеу аппараттары еңбек бөліспеген. Тегінде ауыз – тамақ жеу үшін жасалған ғой. Қурайдың сыбызғы болуы үшін өспейтіні секілді, ауыз да сөйлеу үшін жаратылмаған. Тіл өзіне арналмаған материалды да пайдаланған (Кейбір құстың әзір ұяны пайдаланатындығы сияқты). Ауыздың қазіргі дәрежеге жетуі табиғаттан емес, адамның өзі үшін еңбек етуінен.

Тіл дыбыстарының да қазіргі дәрежеге жетуі үшін көп себептер керек болған. Арбау, айқайлау, құс шақыру, аң үркіту, қырман басында жел шақыру, табиғатты балталау, күн жайлату – магия. Магиядан келіп әдебиет, пәлсапа туады. Ат тоқтатқанда *дырр* деуіміз – арбау. Дыбыстардың диффуздіктен, сөздердің ымнан ажырап шығуы да бірден бола қалмаған. Бұндай ажырау процесінің өн бойында әлденеше стадия болған. Осы күнде де бір нәрсені ұсынбастан бұрын «*мә!*» – деп айтпаймыз ғой.

Тіл еліктеуден басталған деген пікір де қате, ғылым тұрғысынан анықталмаған нәрсе. Алдымен ескертетін жәйт – ол заманда адам еліктей алмаған; еліктеу үшін әркім өз аппаратын өзі билеуі керек қой, олай болмаған; еліктеудің еңбекке пайдасы бар деудің өзі бағы замандар үшін шындыққа сәйкеспейді; бұлай деу – адамды актив болған жоқ, пассив қалпында күн кешті дегендік болып шығады.

Синтаксис тарихы (Сөйлем мүшелерінің тарихы)

Бұл туралы жазба дерек жоқ, болса да жетімсіз. Өйткені жазу кейінгі дәуірде шыққан. Бірақ осы күнгі тілдің өз материалы да тарихтан көп хабар береді. Оның себебі тілдің сөздік жағы ала-құла өзгереді де, грамматикалық жағы мейлінше шабан өзгереді. Сөйлеу тілі тұрақты қатынас құралы болу үшін орнықты болуы шарт; грамматикалық құрылыстың шабан өзгертіндігі де содан. Ол тез өзгеріп

тұрса, тіл де болмас еді. Сөйтіп үнемі өзгеріс үстінде болатын тіл жүйесі кенжелеп қалып отырады, оның мағынасынан гөрі де формасы өте баяу өзгереді, бұған әйел жынысты, еркек жынысты сөздер дәлел бола алады. Бұл категорияның қазіргі міндеті – екі сөзді қиыстырып, бір-бірімен байлау ғана. Мағынаның өзгерісіне де толып жатқан мысалдар бар: *күн+елту (ерту) = күнді ертіп жүру = қазіргі мағынасы – тіршілік қылу.*

Сөздердің осы байланысына қарап та синтаксис тарихы жайында біраз нәрсе білуге болады. Байланысудың екі амалын – жалғау, жалғауыш арқылы байланысу амалдарын есте ұстау керек (*мать любит дочь, дочь любит мать; ағаш үй, үй ағаш* деген мысалдардағы сөздер орын тәртібі арқылы байланысқан; ал *мама увидела сестру, мен барамын* деген мысалдардағы сөздер байланысудың алғашқы амалына сәйкес қосымшалар арқылы жүзеге асқан).

Сөйлемдегі сөз тәртібінің қатал сақталуы сөйлем мүшелерінің аморфтылығынан болады.

Бұрынғы замандағы сөйлем мүшелерінің байланысы соңғы амал ғана яғни сөздердің ілгерінді, кейінді келу тәртібіне ғана негізделген; жалғау, жалғауыштар кейін пайда болған. Сөздерді қосымшалар арқылы ұстастыру – синтаксистік байланыстың жаңа амалы. Біздің қазіргі сөйлеу тілімізде осы екі амалдың екеуі де бар. Сөйлем мүшелері бұрынғы кезде белгілі бір орынға ие болып, тұрақтасып қалғандықтан, тіпті жалғаулы мүшелер де сөйлемнен белгілі-бір орын алып жүр (*Оқыдым мен бұл кітапты* десек, кітаптан кейін «*жаздым*» болып, *жазған* мен *оқығанның* шатасып кетуі мүмкін.

Бұрын бастауыш баяндауыштан соң болған; анықтауыш анықталғыштан кейін келген. Оның мәнісі былай: осы күнгі *оқыдым* деген сөзіміз бұрын *оқы+тұр+мен* болып айтылған. Демек, осы күнгі өткен шақтың **-ды** жұрнағы бұрынғы «*тұр*» деген сөзден қысқарған. Қазіргі *оқитын* сөзінің =*оқы+й+тұғын* тұлғасынан қысқарғаны, бұл сөздің ұйғырда *оқы+й+дығын*, татарда *огы+й+тұрған* болатындығы белгілі. Бұл сөздердегі («*тұр*» сөзіндегі) **-р** дыбысының түсіп қалуына қарап, әуел бастағы тұйық буындарда келетін **р, л, н** дыбыстарының түскіштігін (сусымалы) білуге болады. Бұған *ал+бар (алып+бар)* күрделі **ал+бар (алып бар)** етістіктерінің *апар; ал+кел (алып кел)* етістіктерінің *әкел* түрінде ықшамдалуы дәлел бола алады. Сондай-ақ, *ол, бұл, мен, сен* сөздеріндегі **л, н** дыбыстарының түсіп қалып, *о+ның, бұ+ған, се+нің, ме+нің* болып ықшамдалуы да тұйық буын ішінде келгенде **р, л, н** әріптерінің түскіштігін білдіреді. Осы айтылғандарға бұрынғы кездерде екі дауыстының арасында келген үнсіз дыбыстардың үндіге айналып кету фактысын қоссақ, *тұр* дегендегі «**т**» дыбысының «**д**» болғандығын түсінеміз. Ал осыған соңғы буындағы «**у**» дыбысының түсіп қалғыштық қасиетін тағы қосуға болады (**р** дыбысының жоғарыда айтылғандай сусымалылығына дәлел есебінде біздегі *аттар* деген сөзді ұйғыр тілінде *атлар* дейтіндігін мысал етуге болады.) Бұл айтылғандарға кешегі бір замандардағы неке қиюшылардың *куә-куә, куәдүрміз, куәлікке жүрәдүрміз* дегендегі **-дүр** қосалқысы әуелде «**тұр**» болғандығын да ескеруіміз керек. Осындағы *тұр* қазіргі жік жалғауының көрсеткіші болып кеткен **-ды** элементінің бастапқы тұлғасы. Оның мағынасы орысша «*находится*» дегенге саятын *жатыр* көмекші етістігінде сақталған. Сөйлем ішінде қолданылғанда бұл қосымша бір нәрсенің бар екендігін меңзейді.

Біз бұл жерде синтаксис тарихын қоя тұрып, «*тұр*» сөзінің тарихына ойысып кеттік. Әйтсе де біздің түпкі мақсатымыз қазіргі жік жалғауларының бәрі де бір замандарда *мен, біз, сен, сіз, ол, олар* мағынасында болғандығын, ал синтаксистік құрылымда келгенде бұл сөздердің бәрі де бастауыш болатындығын және ол заманда сөйлемнің бастауыш мүшесі қазіргідей препозицияда емес, постпозицияда тұрғандығын, яғни синтаксистік құрылымның соңында келетіндігін айтпақшы едік. Демек, сол негізгі ойымыздан біз бұл ретте де ауытқыған жоқпыз дегенді ескерте кетуіміз қажет.

Сонымен қазіргі жалғаулардың бірқатары ерте замандардағы бастауыш қызметін атқарған дербес мағыналы сөздер.

* * *

Енді анықтауыш тарихына келейік: алдымен есте болатын нәрсе бірқатар тілдерде «*қыз*» деген атау «*бала әйел*», «*кішкене әйел*» деген мағынада қолданылатындығы. Монғол тілінде қызды *кеукін* дейді екен. Мұндағы **-кін** – «*ботақан*» дегендегі **қан**; **қан** – **кішкене**; кішкене – сын есім; сын есім – анықтауыш.

Грузиннің *кали швили* деген сөзіндегі **шв** ұл, *бала* деген сөз екен; осы мысалдағы **шв** – *қапшық* сөзіндегі **-шық**; осы кішірейткіш **-шық** – *бала-шаға* деген қос сөздегі **шаға** сыңарына тең; Қырым татарлар, түрікпендер, әзірбайжандар *бала* деген сөзді *шаға* дейді. Біздің тіліміздегі *қызыл шақалақ* (*қызыл шақа*) дегендегі *шақалақ* та жоғарыдағы *шаға* сөзіне қатысты екені даусыз. Олай болса, *құлыншақ* дегендегі **шақ** та сол *бала* мағынасындағы – **шаға**. Біздің «*бала-шаға*» деген қос сөзіміздің екі сыңары да – *бала* мағынасында. Демек, *құлыншақ* – бала құлын. Нәтижесінде *құлыншақ, тоқтышақ, келіншек* дегендегі «**шақ**» сыңарлары анықталатын сөзден соң тұрған анықтауыштар екенін көреміз. Кейінгі заманда **шақ** сөзі кішірейткіш қосымша болып қалған да, оның тұлғасы **-ша/-ше** болып ықшамдалған: *тайын+ша, өзгіз+ше, ту+ша, құнан+ша, дөнен+ше* (*құнажын, дөнежін*).

Қазіргі кезде *еркек қой, еркек тоқты* деп сөйлейміз; бұл құрылымдағы *еркек* – анықтауыш. Ол анықталатын сөзден бұрын тұр. Енді осының бұрын қандай болғандығын тексерейік: «*қошқар*» деген сөздегі **қош** – *қой* дегенді білдіреді, **қар** – *еркек*; *айғыр* дегендегі **ай** – **ат**, соңындағы **ғыр** жоғарғы *қар* сөзінің редукциясы; кейінен осы *қар* сөзінің басындағы **қ** түсіп қалып, **-ар** болып ықшамдалған. Ал **-ар** тұлғасының **-ер** болуы әбден ықтимал (*ар+лан* – **ит** тұқымдас хайуанның еркегі). Олай дейтініміз бір замандарда түркі тілдерінің дауыстыдан басталатын сөздерінің бәрінде де дауыстының алдында дауыссыз (сонор дыбыстардың бірі болған; **ар** сөзінің басындағы **а** дыбысы «е» болып та айтыла беруі мүмкін. Өйткені бұрынғы замандарда дауыстылар бірінің орнына екіншісі қолданыла берген. Нәтижесінде жоғарыдағы «*қар*» сөзі жүре келе «ер» болып кеткен демекпіз (*айғыр* дегендегі «**ай**») қазақ-қыпшақ тілінің нормасы; біз **ай** сөзін бөлек айтпаймыз, **ат** дейміз; **ат** – якут тілінің нормасы, **ай** – біздің тіліміздің нормасы.

Бұл келтірілген мысалда ерте уақытта анықтауыштың анықталатын сөзден бұрын орналасатынын көрсетеді.

XI ғасырдағы Қашғари сөздігінде еркеж деген сөз ұшырайды. Бұл – *теке* дегенді білдіреді; **ер** – еркек, **кеж** – ешкі (түрікте *кежі*, татарларда *казакәй*, орысша **коза**).

Бізбен тілдес татарларда *атасарық*, *атақаз* деген сөздер көп ұшырайды: *ата* – еркек. Татарлардың *әтеш* деген сөзіндегі *әте-ата*, соңындағы **ш** кішкене дегенді білдіреді. Бұл да жоғарыдағы айтқандарымызды дәлелдейді.

Қытай тілінде *дао* – қылыш, *дза* – бала, осы екеуі қосылып *дао+дза* болса, *пышақ* деген сөз болады; Ал, *сияо* – *дао* + *дза* = кездік (кішкен пышақ) болады. Қытайша *жөн* – адам, *жөн* – *дза* – сурет; *дза* – кішрейту, *дзы* – бала (кәдімгі бала).

Нәтижесінде, қытай тілінде де анықтауыштың анықталатын сөзден соң келетіні анықталады.

Жалғаулар бұрынғы кездегі не бастауыш, не баяндауыш болған

Сөйтіп біз сөйлеу тілінің өткендегісі мен қазіргісін салыстыра тексере келіп, тіл тарихын өз қолымызбен жасаймыз. Орыс тілінің IX-XII ғасырлардағы жазба деректері (славянша болса да) бар болғанымен олар тіл тарихын түгел қамти алмайды. Өйткені тіл тарихының өмірі жазу тарихындай емес, одан анағұрлым ұзақ, тереңде жатыр.

Диалектология

Ғылымның бұл саласы тіл диалектілерін қарайды. Бір тілдің өз ішіндегі алашұбарлық, яғни диалект түрліше болады:

1) дыбыс диалект: *даяр/таяр*, *аишы/аиты*, *чай/шәй*, *ж/дж*.

2) морфологиялық диалект: Қазақстанның батысында айтылатын: «Ол Мәскеуде оқулы» дегендегі **-улы** осыған жатады. Бұл «*бітулі киім*» дегендегі үлгі емес.

3) лексикалық диалект: *бақыр* – *бақыраш* (*шелек* – *шөміш* мағынасында).

Диалект сөйлем түрінде де болуы мүмкін. Қазіргі тіл біліміндегі наречие, говор деп аталып жүргендер осы диалектіге жатады: говор – ұсағы; наречие – ірісі.

Бір елдің белгілі бір ауданында қолданылатын тілдің өзге елдің сөзінен өзгешелігі – жергілікті ерекшелік болып табылады. Дүниеде диалектісіз тіл болған емес. Халық тілі дегеніміз – сол диалектілердің жинағы.

Радловтар, оған еріп Мелиоранскийлер сөз басындағы «**е**» дыбысын «**ие**» түрінде айтатын да ел бар деген екен. Сол «**е**» дыбысын да, «**ие**» дыбысын да айтатын – біздің қазақ. Радловша Орынбор жағының қазағы «**ие**» дейді екен (ол Семейден Алматыға дейін аралаған). Айтпақшы, ол (Радлов) қазақта диалект жоқ, жеке адамдар сөздерінде ғана өзгешелік бар деген. Мелиоранский бұған ерген. Бір адамның өзі бірде – *бармадым*, бірде – *барғам жоқ*, енді бірде – *барған емеспін* түрінде сөйлейді. Меніңше, бұларды диалект деу дұрыс болмаса керек. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән формасы болғаны сияқты, соларға лайық мағыналары барлығы да сөзсіз. Алашордашылардың қазақта диалект жоқ деуі – елді алжастыру, ұлтшылдық.

Бірге жасасқан ел бір-бірінен тіл (сөз) алмай тұрмайды. Сондықтан монғол *темір*, *алдан* деп сөйлесе, қазақта *темір*, *алтын* деп сөйлейді. Маррдың айтуынша,

көршілес халықтар бірінен бірі тіл алып қана қоймайды, олардың ортақ сөздері де болады екен (қазақ пен монғол темір мен алтынды соны тапқан елден алған; Ол заманда қазақ, монғол деген жеке ел де болмаған, тек аралас жүрген халық болған).

Қазақ тілінің тарихына

Адам бұрын абстрактілі түрде сөйлей алмаған, конкрет түрінде ойлаған. Сондықтан ол кездегі сөздер де конкрет. Кейіннен абстракт түрде ойлай алатын болған соң, әлгі конкрет сөздерін әкеліп бұған да тыққыштаған. Сан санау қабілеті ойлауға да байланысты санға қатысты дыбыс, әртіптердің өзгеріп *сан –сай – сайла – саған – сайын* болуы бұлардың о баста бір сөз екендігін білдіреді. Адам сайын деген адамның санымен тең (қанша адам болса сонша) деген; *сағын – сағыш – ойлау*;

Алғашқыда бір түбірдің екі рет айтылғаны *айқай* деген сөзімізден-ақ белгілі: *Қай + қай = айқай* болған, бірінші сөздің басындағы **қ** түсіп қалған. Маррдың сөз басындағы дауыстыдан бұрын бұл орында бір дыбыс болатын, ол түсіп қалған дегені тағы да расталып отыр.

«*Істе*» дегенді «*ет*» дейміз (*олай ет, бұлай ет*). Ескілікті кітаптарда бұл сөз бұрын *әйләді* түрінде болған. Ол сөзді *ейледі* түрінде оқыған дұрыс. *Ейледі – істеді*, демек «**е**» мен «**и**» қосылғанда не **йй**, не жалаң «**е**» болуы тиіс.

Осы соңғы «**е**» түбіріне өзгелік етістік «**т**» жұрнағын қоссақ, «**ет**» болады, ал «**т**»-ны алып тастасақ «**е**» қалады. Бұл «**е**» түбірлі етістікті айырып тану үшін қажет.

Осы деректерді қорыта келіп, тіл ғылымдары қазіргі сабақты етістіктің көбі бұрын өзгелік етіс болған дейді. Бұған мысал ретінде *батыр, өлдір, еміз* деген сөздерді келтіреді:

(*ба+т+ыр, өл+д+ір, е+м+із*).

«Е» етістігі

Екен: е+кен (кеткен: кет+кен сияқты); «е» бұрын «ер» болған. Ер болу деген мағынада (*статья* мағынасында). *Етті* дегендегі «**е**» де осы «**е**» – *болдырды* деген мағынада. Мұндағы **т** – өзгелік етіс; *Ағар: ақ+ар*; Мұндағы «**ар**» да сол «**ер**». **Ер=е** болғаны белгілі. Сонда *ағар – ақ бол* деген мағынада. *Көбейді: көп+е+й+ді* (мұндағы «**е**» мен «**й**» әлгі «**ер**» емес пе екен, өйткені «**р**»-да «**и**» секілді ауыз жолды сонор ғой).

«**Ер**»-дің түрленуі:

бұрын: *ерді еркен ермес*

қазір: *еді екен емес*

(Мұның *ер, ар* формасы жоғалды ма екен?).

Сөздердің тапқа бөлінбеген дәуірі және адамның конкрет түсінуі

Бұрын есім сөз бен етістік сөз ажыратылмаған: ат деген сөз бен *атта* деген сөз бір болған. $At=at+ta=at$ бол (ол кездегі түсінік конкрет болған: *Аттығы бар адам – ат болуға жарайтын*).

Жылы – сын есім, *жылы* – етістік. «*Жазу*» әрі есім, әрі етістік (бұрын). Бір ғана *керек* деген сөздің бірде етістік, бірде есім болуын қосымшасынан байқаймыз. Мысалы: *керекті* – етістік, *керегі жоқ* – есім.

Полиазият (Азияның солтүстігіндегі халық) тілінде қосымшаларының түріне қарай бір сөздің өзі бірде етістік, бірде есім болады.

Конкрет түсінуге байланысты айтарымыз: бұрынғы ұйғыр тілінде *жел* деген мағынада *есін* сөзін қолданған. $Есіне = есін+е = жел болу$ (*жел есті* деген тіркесті еске түсірейік).

«*Есіне*» сөзінің құрылысы ойна деген сияқты: $ой+n+a - есін+е; a = e$;

Таңырқады – таңқалды; таңыр=таң+ыр=тәң+ір; Таң=аспан бөлегі; ір – аспан. Бұрын адам өзін кішкене дүние деп есептеген. Бет-ауызды аспанға ұқсатқан бет – *таң атып келе жатыр*. «*Таң қалу*» деген тіркесті кейде қысқартып *таңырқау* дейміз. *Ұятсыз* деуді *бетсіз* деуімізде де осы конкреттік бар. Бұл қолданыстың да ым тілінен шыққандығы байқалады (бетін сызу – ым тілінен қалған қалдық; заттық көрсеткіші (материальное выражение) – бет).

Қазақ тілінің тарихы

09.XII. 1936 ж.

Дүниедегі халықтардың барлығы да құранды, «таза» ел жоқ. Білімпаздар қазақты XV-XVI ғасырларда құралған деседі. Ел құранды болғандықтан тіл де құранды болмақ: *шаруа, сән, ән, әңгіме, баға, найза* деген сөздердің барлығы да парсынікі. Тілдің қалай өсіп, дамидығын білу керек. Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолы білу деген. Демек, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын, оған неге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу – жай әшейін мақсат емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз.

Тіліміздегі кей сөздер қазақ тілінің осы күнгі қолданылу заңына сай емес. Мысалы, «*ат*» сөзінің «*аттас*» болмай, «*адас*» болуы (*адас* – ат жөнінен жолдас), *күніне* деудің орнына кейде *күніге* деуіміз (бұл өзбек тілінің нормасы), осы күндегі *оқымыч, келміч* деп сөйлейтін елдерде біздің де *өтеміс, төлеміс* деп сөйлеуіміз – бұған дәлел. Бұл да сол баяғы таза тілдің жоқтығын дәлелдейді. Буржуазияның тілші мамандары мәдениет жұқпалы дейді. Бұл дұрыс емес. *Ауылнай* деген сияқты сөздер біздің тілімізге күшпен кірген; *ағар* сөзін басқа сөз жоқтықтан алған деседі. Бұл да дұрыс емес, ол да молдалардың зорлығымен көпке тараған (Бір-екі араб әрпімен жазылған мысал танылмады – Е. Ж.); Қоғамдық жағдай керек қылмаса екі ел араласқанмен бірінің тілі екінші тілге ауыса бермейді. Біздің қазіргі тіліміздегі шеттен келген көптеген сөздер қажеттілік жағдайға байланысты сіңіскен. Буржуазия ғалымдары тіл тарихын жазу тіліне қарап қана зерттейді. Жазу тіліне біз де қараймыз, бірақ ол тілді зерттеудің негізгі жолы емес. Жазба тіл бұрынғы кезде соған қолы жеткен үстем таптың құралы ғана болған. Жазба әдеби тіл дегеніміз кейде ел (халық) тілінен алыстайды, кейде жақындайды. Буржуазия ұлт тіліне XVIII ғасырдан бергі жерде ғана көшті. Бұрын латынша жазушы еді. Соған қарап,

бұрынғы кезде ұлт тілі болмаған деп Евроазия тілдеріне жала жабуға болмайды ғой. Баяғы (арабша сөз жазылған – Е. Ж.) кітаптарын жазушы араб емес; Түркияда XVII-XVIII ғасырға дейін араб тілі қолданылған, бұған қарап, бұрын түрік тілі болмаған дей аламыз ба? (Түсініксіз тілмен сөйлеуі де кейін оны ұлт тіліне бейімдеуі де буржуазияның өз пайдасы еді. Мысалға, крепостной дәуірі мен капитал дәуірін еске түсіріңіз).

Біз тілді палеонтология жолымен тексереміз. Мұның аты бөлшегіне қарай отырып, бүтінін табу (Бұл мамонт айуанын қалай тапқанымызды еске түсіреді). Мысалы, *әтеш, ата+ш – әтеш*.

Сөз ұзарып та, қысқарып та тұрады: қазақтың *бала-шаға* дегеніндегі «**шаға**»-сы *бала*; *бала* – кішкене, үлкен емес, балалық пен кішкенелік байланысты, бұған *қашық, үйшік, кішкене* дегендегі **-шық, -кен** қосымшалары туған, **шаға** қысқарған. Осы күнге шейін түрікпендер баланы *шаға* дейді, монғолдар *шаган* дейді.

Екі тілдің арасындағы байланысқа қарап, салыстыра отырып тіл тарихын білуге болады. *Орақтың* түбірі «**ор**» екенін ескеріп, *пышақ* дегендегі **-ақ** қосымшасын қопарып алып, **пыш** түбірін қалдырып, оның мағынасының **піш, піс (инені пісіп алды)** деген етістіктермен жақындығын ескеріп, ақырында *орақ* дегендегі **ақ** пен **пышқы** дегендегі **-қы** қосымшаларының еңбек құралын атайтын аффикс екенін білеміз де, *пісетін, кесетін, пішетін, тесетін* құралдар жайындағы ұғымдар бұрын бір болғандығын байқаймыз. Ол заманда бірінің орнына бірінің жүре беретіндігін, келе-келе мағыналарымен бірге сол сөздердің өзі де лайықты түр тапқанын аңғарамыз (*біз* бен *піс*), бір айырмасы есімдерде **з**-ның, етістіктерде **с** қосымшаларының болуы ғана; *біз, піс; кез(дік), кес*. Алтайда *кездік* дегенді *кестік* дейді. *Кезе: кез+е*. *Қасық* дегендегі **-ық** *қазық* дегендегі **-ық** сияқты, бұл да қазудан алынған. Чувашта *пышақ* дегенді *пізе* дейді. Мұндағы **е** *пышақтың* соңындағы **-ақ** жұрнағына тең: *піз-піс*; Біздің етік тігетін **бізіміз**, осы **піс**. Біздегі *шапқы, жонғы* дегендегі **-қы, -ғы**, татардың *пышқы* сөзінде кездесетін **-қы**; Бұл қосымша біздің *пышақ* дегеніміздегі **-ақ**. Түрік *сүңгі* дегенді *сүңгек* дейді, ол *сүйек* мағынасында. Бұндағы **-ақ** пен **-ек** *пышақтағы -ақ* (құрал үстеуі). Сөздің шығуын зат міндетімен салыстыру керек. *Пышақ, пышқы, біз* дегендер – бір күнде шыққан емес, әр кезеңнің жемісі. Бұған қарап отырып, бізге жақын тіл мен өз тілімізді салыстырғанда *масақ* сөзінің басқаларда *бачақ* болуын, соңындағы **-ақ** қосымшасын алып тастағанда түбірде *мас* қалатынын көреміз, сөйтіп ерте заманда **м, б, в, п** дыбыстарының бірлікте болғандығын еске аламыз: *жап, жауып, жабу, жамыл*. Өзбектің *иағ* деген сөзін білгендіктен қазақтың *жауқазын* деген сөзін білеміз: *жау+қаз+ын, – иағ+қаз+ын* (*иағ – май*, тамақ болатын зат, нәрсе деген зат). Бұл сияқтыларды тексергенде дыбыстардың өзгеру заңдарын білу де керек; **ғ** дыбысының **в** болып өзгеруін мынадан білеміз; *тағ, бағ, бұғ* сияқты сөздер қазақ тілінде *тау, бау, бу* болып айтылады.

Дыбыс өзгерістерін білу үшін бізбен тілдес елдердің дыбыс заңдарын білу қажет. Қазақша *бас, аяқ, әділ*; чувашша *бұус, атақ, еділ*. *Бас* дегендегі **а** дыбысы, чувашта **ұу**; *бас – пус, басы – пузи, қаз – қас*. Дауыстыдан бұрын **с** өзгеріп **з** болады. Қазақтағы *кесер* дегенді алтайда *кезер* дейді. Демек, оларда үнді мен үнсіз дыбыстар осы күнге дейін бір фонема болғанын көреміз. Қазақ арасында әлі күнге дейін *жұмысты бітір* деудің орнына *жұмысты пітір* деушілер бар. Бұл да **б-п**

дыбыстарының бір фонема екендігін білдіреді. Чуваштар *ат* дегенді *ұт* деп; *ата* дегенді (*ат+а*) *ұт+а*, *уда* деуінде де көп мән бар.

Чуваш етікті *ад+ы* дейді, тәуелденгенде *адысы* дейді. **Ай-ақ** – кішкене ат деген сөз. Өзінен басқаны біліп келіп, кейін өзін білген адам. Ат пен итті бұрын білген, аяқты кейін білген: *ат-ад*; *атта* – *ат бол*, *ад+ын*; *ыдыс* – *ыд-ад*. *Аяқ*: *ай* – *ат* (*ад*, *ай*); *ақ* – *ыдыс*. *Аяқ ыдыс* демек. Татарлар *итік* дейді. Демек **а-е-и** бәрі бір фонема болғандығы байқалады. *Ыдыс*-тың да *ат*-қа байланысы бар. Өйткені *ыдыс* бұрын малдың (аттың) тұяғынан жасалуы керек. Ол заман ат пен оның тұяғын айырған ба: (бүтін мен бөлшек аралас жүрген заман ғой). Осы күнге дейін *қой*-ға оның барлық бөлшектері кіреді. Біздің *құдық* деген сөзімізді татарлардың *құйы* деуі, кейбір елдердің *құйығы* деуі, біздің *аяқ* деген сөзімізді олардың *азақ* (сабақ азағында) деуі (татарлар), якутта *атақ* деуі; *айғыр* сөзін **ай** – ат; **ғыр** – басқа мағынадағы сөз болуы *ел адақта* дегендегі *адақ-аяқ* болуы *ит-ат-ай-ад-аз* түбірлерінің бір болып шығатындығын білдіреді. *Суық* сөзінің *сұлық* болуы, *адарғы* сөзінің *айырғы* мағынасында екендігі де бұған дәлел. Татардың *әтеш* сөзіндегі **әт** – **ат**, **еш** – кішірейту екендігін еске алу керек. Өз тіліміздегі *қада* деген сөздің барлығы татардағы *қадақ* (*шеге*), *қадақша* (*шегеле*) деген сөзі; *қи*, *қай+шы*, *қаз* деген сөздерді ескерсек, бұлардың мағыналарының жақындығын мойындасақ, **з**, **д**, **и** дыбыстарының өзара жақындығы да ашыла береді. Бір жағынан жоғарыдағы сөздердің бұрынғы кезде бір сөз болғанын білдіреді. Бүгінгідей сөздердің бұтақталып болмаған кезін танытады.

«*Артымнан ер*» дегендегі *ер* – *із*; *ізертте* – *ізер+ле*; *ізер* – *ід+ер* (Бұл* халқынша деген сөз). **Кес** түбірінен *кездік* тууы, *кезе*, *керт* деген сөздердің алғашқы мысалдарымен түбірлес болуы, бізде түрлі тілдің нормасы болғандығын, ашық айтқанда Орал-Алтай тілдерінің нормасы барлығын білдіреді. Сөйтіп ешбір тілдің «**таза**» болмайтындығы дәлелденеді. Біздегі **з** дыбысын олар (монғолдар) **р** қылып айтады. Мысалы, *өгіз*, *өкір*.

Біз жақын тілдерді жоғарыдағыша бір-бірімен салыстыра отырып, жақындығы жоқ тілдермен де байланысын айтамыз: араптың дегені, парсының дегені, қазақтың *ес* деген сөзі; арабтың дегені, қазақтың *мен* дегені, орыстың *меня* дегені, араптың *кітабы* дегендердің жақындығы барлығын білеміз.

Буржуазия тіл ғалымдары қан жақын болса ғана тіл жақын болады дейді, тілі бір болса, қандас болады дейді. Бұл дұрыс емес. Бірақ әлгі ғалымдар Европадағы халықтар үндіден көшіп келген, бұл екеуі қандас, нәсілдес дейді. Олар *мама*, *папа*, *фадар* (арабша), *фаша*, *мадры*, *муттер* (неміс) сөздері түрлі ұлттікі бола тұрып, бір-біріне жақын екендігін елемейді.

Бүгіндегі бір-біріне қарсы мағынадағы *құт-құтар* сияқты (жындану) мағынасындағы екі сөз бұрын бір мағынада болған. Мысалы, *ес* (сознание), *есей*: *ес+е+й=ес=ақыл*, **Е** – болу; **и** – өзі; бәрі жиылып *үлкен болу*, *естияр болу* дегенді білдіреді. Енді осы сөздің аяғына **-ір** қосымшасын жалғағанда *ес* деген сөзге мүлде қарсы мағына туатындығы табиғи нәрсе. Бұрын **ес** сөзін *сыйлы* деп түсінген. *Жын*, *жан* – бұл екеуі бір сөз. – есірік деген сөз.

* Көп нүкте (.....) – анықталмаған сөздер.

Ол заманда *көз* – жарық, қараңғы; «*жүзің айдай болсын* – әрі алғыс, әрі қарғыс». Якутта *көз* дегенді *қарақ* дейді, біз *көздің қарашығы* дейміз, демек, *қарақ* (*көзі қарақты адам, қара, қарашық, көз, көр* – бәрі бір сөз болған). Ол күнде екі (ұғымның) бір сөз аталуын еске алсақ, «*су қарағы (қараңғы)*» дегеннің де сыры ашылады.

Айта кету керек, Маррдың бұрын сөз дауысты дыбыстан басталмаған дегенін еске алсақ, *еңкей* мен *тоңқай*-дың да сыры ашылады (*айда-һайда, арыды-һарыды, қорық-үрік...*).

Тіл тарихында сөздің дамуы үшін ескі сөзге жаңа мағына (атқаратын қызметіне қарап) берушілік бар. Орыстың **перо** – дегені *қалам*, Алтайдың *түндік* дегені *терезе* екендігі – бұған дәлел.

Сөз мағынасын жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге тарту да тіл тарихында көп кездеседі (бұрын «*үй ауданындай*» деп ауданға нақты конкрет бермей сөйлесек, қазір районды *аудан* дейміз (яғни әкімшілік жер бөлінісі).

Жаңа мағына демекші, бірқатар *айуан, аң* – бұрынғы құдайымыз. *Қасқырбай, Түйебай, Құлыншақ* деп ат қоюымыз – соларды ардақтап, қастерлегенімізден. Мұндай қылық орыстарда да бар – *Собакевич, Волков* т. б. Мұндай сөздердің өзі қалғанымен мазмұны жаңарып, өзгеріп отырады. Өйткені адамның өмірге көзқарасы, ұғымы үнемі өзгеріп отырады. Америка елінде кесірткеге тимейтін халық әлі бар. Адам табиғаттағы танып, білген нәрсесін актив, пассив деп жорамалдаған. Орыстардың түрлі заттарды, жан-жануарларды **кім, не** деп түрліше сұрайтын себебі сол ескі көзқарастардың өзгергендігінен. Ал бүгінгідегі заттардың міндеті сөйлемдегі сөздерді бір-біріне байланыстыратын грамматикалық амал болып қана қалған.

Кейбір елдерде *күлді кім? демей, не?* деп сұрайды екен. Бұл оларды пассив нәрсе ретінде қарап, кемсітуден туған.

Тіл адам баласының барлық табыстарын білдіреді. Адам баласының өрлеу жолындағы ізінің тілге беделі түскен. Бұл жоғарыдағы айтылғандардан да белгілі. Қазақтың «*балам*» деуі – патриархат заманының қалдығы, өйткені бұл сөз *ру* деген сөзге байланысты: *ұру-ұрық-ұрығ-ұру*; Бұл *хасыл (асыл)* – тек. Көрінген баланы «*балам*» деуі – некесіз заманнан қалған мұра. Ол заманда әйелдің жасы үлкені *ана, ана* болған. Бұлар да *ру* аты сияқты аталған. Еркектің үлкені *ата* болып аталған, *қыз* – кішкене әйел дегенді білдіретін сөз, оны монғолша – *кеукім*.

Айтты деген сөздің тарихы. *Айтты: ай+т+ты*. *Айт* түбіріндегі **т** – өзгелік етістің көрсеткіші. *Айт!* – «*аузыңды сөйлет*» деген сөз. Ескілікті кітаптарда ол *айды* деп беріледі, *сөйледі* деген сөз. Мұндағы **-ды -ү** болған; **ү** – «*болу*» деген сөз. Бұл сөз қазіргі тілімізден шығып қалған.

Қайтар: *қай+т+ар; қай=кейін* дегенді білдіреді.

Қазақ тілі бұрын зерттелмеді. Оның жазба мұрасы болмады. Буржуазия тіл ғалымдарының жолымен кетсек, қазақ тілінің тарихы болмас еді. Себебі олар тарихты тек жазудан ғана іздестіреді.

Қап ыдыс мағынасында болуы керек. Бұрынғы кездегі **а** мен **е** дыбысының, **қ-к** дыбысының, **в-б, б-п** дыбыстарының бірлікте болғандығын ескерсек, мәселенің сыры ашыла түседі. Мына төмендегі сөздердің дыбысталуы мен мағыналарының жақындығы олардың бір түбірден өрбігендігін білдіреді: *қап, қабық, кебек (кеуек), қауыз (ыз-кішірейту), қам-а, көм, киім (киім), хабар (татарша, бізше істе деген*

мағынада), қауақ (асқабак), кеуек (кебек), қақпа=қап+қа (қ/п) (құманның қақпағы), кеп (ішің кепсін), кеп-кепеш (таз кепеш); кеп-кебін кию; кебін.

Қауыз сөзінің соңындағы з дыбысы кішірейту үстеу (жұрнағы) екендігін бұрынғы заманда сөз дауысты дыбыстан басталғанда ауыз болып, оның қап (ыдыс) сөзіне жақындығын ескеруге болады.

Әр дәуірдің өз тілі болады: мемлекет, саясат, мұғалім, үкімет деген сөздер тілімізге жаңа әлеуметтік жағдайларға байланысты енген. Көне түріктер бұрын бала деген жалпы атауды ұғлан деп қолданып, реалистік мәнін ашу мақсатында ер ұғлан, қыз ұғлан деп жыныстық ұғымды айырып атаған.

Қазіргі тілімізде ұғлан сөзі көтеріңкі немесе асқақ стильде қолданылатын лексема. Ол оғыл – оғлан – оғлақ – ұғыл – ұл деген варианттармен бірге ер бала, ұлан дегенді білдіреді. Бұл сөз қыз эпитетімен бұл күнде қолданылмайды.

Одағай

1. Таптасқан сөздер: Мен бүгін келдім.

2. Таптаспаған сөздер: әй, е, бәсе; заттың өзі, ісі, сипаты айрылмай, түйдек күйінде жүреді (шөк – түйе жат).

Кітап, құс – заттарды атайтын сөздер. Себебі бір затты екінші заттан айыру үшін айтылады (кітап пен құстан басқа зат бұлай аталмайды). Шөк те сол сияқты, оны түйенің атын ғана емес, ісін атауға да қолданамыз; ол және түйенің барлық ісі емес (кел, кет емес), белгілі бір ісі. Таптасқан сөздердің тіліне аударсақ, «түйе, сен, жат» болады.

Таптасқан сөздер – атау сөздер. Бұлар заттың өзін, сипатын, ісін айырып атау үшін қажет; таптасқан сөздер жеке тұрып хабар беру үшін емес, бірнешеуі қосылып барып, хабар беру үшін жасалған.

Таптаспаған сөздер – заттың өзін, ісін, сипатын, түйдегін жазбай атау үшін қажет. Олар хабарлауыш сөздер, жеке тұрып-ақ хабар беру үшін жасалған. Бұлар құрылысы жағынан жеке сөз, атқаратын қызметі жағынан сөйлем, не сөйлемдер жинағы.

Таптасқан сөзді сөйлемдерде бұлар одағайланып тұрады – одағай. Оның түрлері мыналар:

1. Шаруашылық одағайлары.
2. Қатынас одағайлары.
3. Көңіл одағайлары.

I. Шаруашылық одағайлары. Тіл адамдар арасында жұмсалады, ол адамның өз ойын жеткізу, сөйлесу құралы. Шаруашылық одағайы тілге тән сөз емес, өйткені ол адамдар арасында қолданылмайды. Адамнан басқа жан-жануарларға қолданылады. Шаруашылық одағайының мысалы: **жылқыға айтылатын одағайлар:** құру-құру! (шақырғанда); құр-құр, лық-лық (асауды тоқтатқанда), маһ-маһ (жемге шақырғанда), кіш-кіш (суарғанда), жазуға келмейтіндері де бар.

Сиырды шақырғанда – ау-хау; тәуір көргенде – әукім-әукім; қайтарғанда – өк (әк), суарғанда – шәуім-шәуім; саууға шақырғанда (шәуім-шәуім); борзданың басына шыққасын жегулі өгізге – сон-сон.

Түйені шақырғанда – *көс-көс, кәуіс-кәуіс*; қайтарғанда –*, шөгергенде – *шөк-шөк!*; суарғанда – *сорап-сорап*.

Қойды шақырғанда – сыбыс береді, қайтарғанда – *шәйт! қош!* суарғанда – *құрай-құрай!*

Ешкіні шақырғанда – *шөре-шөре!* қайтарғанда – *шек-шек!*

Итті шақырғанда – *кәһ-кәһ! күш-күш! көйт-көйт!*

Аң құсын қайта шақырғанда – *пах-пах! қайт-кел!*

Мысықты шақырғанда – *мыш-мыш*; тәуір көргенде – *мышым-мышым*, қайтарғанда – *пырс*.

Малшылық одағайынан таптасқан сөз туады

Одағай түбір де емес, шылау да емес. Қазақ тілінің бір әдеті – түбір емес сөздерді де түбірге ұқсатып, жаңа сөз тудыра береді. Сондықтан: «*білмеймін дейтінің не?*» деудің орына – *білмеймінің не? – білмеймініңе жол болсын!* – дейді. Осы ретпен шаруашылық одағайына **ла** қосып, туынды сөз жасаймыз. Солай сөз тудыра жүргенде бұлардың бірқатары таптасқан сөзге айналып кетеді. Мысалы, *шөгіп қалды – отырып қалды, жатып қалды* деген мағынада; *сораптау* – бір нәрсені ұзақ ішу; *айтақтау* – ит қосу, біреуді-біреуге айдап салу; бұл туынды сөздер тура мағынасында, алдыңғы екеуі түйеге, соңғысы (айтақтау) итке ғана айтылатын болса да, ауыс мағынада адамға қаратыла да айтыла береді. Осының нәтижесінде кейбір одағайлар таптасқан сөз мәртебесіне ие болып та жүр.

II. Шаруашылық одағайының тарихы

Шаруашылық одағайының көбі бұрын белгілі бір малдың аты болған. Мысалы, *қош!* – *қошқар* – *қой* (*қошқар* екі мүшелі сөз); қозыны еркелеткенде *қошақан* дейміз; *қош+а+қан*. Соңғы **-қан** – *бұзауқан, ботақан, балақан* дегендегі кішірейту қосымшасы. Бірқатар елдерде қошқарды *қоша, құша* деп атайды. Бұрын *қой, қошқар, қозы, қошақан* деп бөлектеу болмаған. Бәрі *қой* атымен жүрген.

Біздегі *өк, әк, әукім* – *өгіз* деген атауларды *өкүз, үгез, өкүр* дейтін де елдер бар. *Көс-көс!* – түйенің аты болуы тиіс. Түрікпендер ботаны *көш-әк* дейді (мағынасы кішкене түйе).

Жылқыны жемге шақырғанда айтылатын *мах-мах* – қытай тілінде *жылқы* деген сөз (қазақ тілінде сиректеу айтылатын *мама бие* – сақа бие, *мама-ағаш* – ат байлайтын ағаш (керме), *мәстек* – жылқының нашары *маса + естек*, яғни *ат-ешек* т. б. сөздер осы жылқы атауына қатысты болуы керек).

Күш-күш, күшім-күшім! деп шақыру күшік атауына байланысты; *мыш-мыш* – *мышық-мысық*.

Қазақтың қойға қарата айтатын *құрай!* одағайы екі түбірден біріккен: *құра+ай*. Соңғы **-ай** – шақыру қосымшасы. Түбірдегі *құра* – монғолша *қозы* деген сөз. Монғолдың *құрақан* сөзі де осы *құрамен* байланысты, түбірлес. Соңғы **-қан/-ған** кішірейту: *ботақан, бұзауқан*. Сонда *құра-ай* дегендегі *құра* – қой

* Сөз анықталмады.

мағынасында, **ай** – шақыру одағайы – *әй!*; Алғашқыда *қой-ай!* деген қаратпа сөз болған.

Жылқы малына айтылатын *құр-құр*, *құр-оу*, *құр-у* дегендегі соңғы **оу**, **у** – шақыру қосымшасы, түбірі *құр*, бұл сөз басында жылқы дегенді білдірсе керек. «*Құр ат*» дегендегі тіркес те осы – *құр*. Жылқы шаруашылығына байланысты қолданылатын *құрық*, *құрмалау* (*қамалау*) сөздері осы *құр* түбіріне қатысты болса керек.

Түйеге айтылатын *соран* сөзі де екі элементтен біріккен. Алғашқы түбірі *сор* – «*суды сор!*» дегендегі етістік, соңғы **ап** – парсының **су** дегенді білдіретін «*аб*» сөзі болуы тиіс.

Шаруашылық одағайлары – сөз емес, сөз екі адамның арасындағы ойды білдіру үшін, түсінісу үшін керек. Ал одағайлар екі адам емес, адам мен табиғат арасында ғана қолданылады; сөз айтылған жерде сөйлесу болады, ал одағайларды айтқанда бір жақты сөйлеу бар да, екі жақты сөйлесу жоқ. Онда да одағайлар жауап сөз күтпейді, тек жұмысты өндіру үшін айтылады, яғни одағайлар – өндірістік сөздер.

Адамдар арасында да айтылатын одағайлар бар: біреуді қоштағанда, бір нәрсеге назар аударғанда немесе керісінше қоштамағанда, амандасқанда, қоштасқанда айтылатын сөздер кейде біреу болса да тұтас сөйлем орнына жүреді. Мұндайлардың өз мағынасы түсініксіз де болады, ал, тіпті, түсінікті болғанның өзінде де олар өз мағынасында тұрмайды. Мысалы, «*салаймағаликум*» – түсініксіз; *арма*, *бар бол* – дегендер түсінікті, бірақ өз мағынасында емес. Жөн сұрағанда: *танымадық, жол болсын!* дейтін қаратпалар жай сөз ретінде түсінікті болғанымен, бұлар әншейіндегі беретін өз мағыналарынан артық мағынаға не, тіпті, басқа мағынаға ие болған. *Танымадық* – дегеннің мәнісі: *танымай тұрмын, өз жөніңіз қалай еді? кім едіңіз?* дегенге келіп саяды. Ал біреуге «*жол болсын!*» дегенде алғыс айту, тілегін тілеу емес, *неғып жүрген адамсың* дегендей сұрау жатыр. *Хайыр, хош* дегендер араб, парсынікі. Бұлар сөйлемге тән жалпы заңдылық бойынша құралмаса да, сөйлем болып табылады. Сондықтан одағай қатарына қосылады.

Сәлемдесу одағайы екі түрлі болады:

1) еңбек түрі; 2) жағдай түрі. Бұлар тілекті сөйлем ретінде айтылады. Мысалы, *қырман тасысын! Ат үсті оңды болсын! Сауар көбейсін! Кеңес біріксін!* Осының бәрі – тілекті сөйлем болып құралған сәлемдесу сөздер. Кешкі сәлем – *кеш жарық!*; құдық қазушыларға – *су басы жоғары*. Бұлар сөйлемді түрден одағайлы түрге ауысқандар. Өйткені «*кеш жарық!*» деген күн кешкірсе, жарық болсын деген, яғни «*жарығың жарық болсын!*» деген екі сөздің орнына айтылса, «*су басы жоғары!*» деген «*құдығыңның суы тайыздан шықсын!*» деген тілекті білдіреді. Бұл сөйлемдерде «*болсын!*» деген тілек сөзді өз алдына көрсетпей *жарық, жоғары, су басы жоғары* деген сипаттарымен ғана таңбалаған.

Сәлемдесу, жөн сұрау, қоштасу формулаларынан басқа да қатынас одағайлары бар. Мысалы, *әй, ау, о, мә* деген одағайлар тындаушының көңілін өзіне аудару үшін айтылады. Бұндағы *мә* одағайы бір нәрсені ұсыну ретінде айтылса, басқалары сөзге құлақ сал деген тілекті білдіреді. Таптасқан сөздердің қолданысы бойынша «*әй, бері қара!*», «*ау, байқасайшы!*», «*ау, мынаны беріп жатырмын!*»,

«қара! а? не? а?» – сұрау қосалқысы (*солай ғой, а?*). Бұл одағай сұраулы сөзді пысықтау үшін де қолданылады. «Екеуміз жарысқа түсеміз ғой, а?».

Демеу сөздер: *ал, әйде, сал, айда; «ал, басталық, келіңдер!»* – дегенде «ал» бастау ісін демеп тұр. «*Ал, салшы, Рақыметтің алғанын сал, жеті қадақты бір алды, он екі қадақты бір алды...*». Мұндағы *ал* салу ісін демеп тұр. «*Әйдә, жүр!*» дегендегі *әйдә* жүру ісін демеп тұр.

Иә, пәлі, әләй – осының дұрыс. Бұл қатынас одағайына *жақсы, жарайды, мақұл, дұрыс* деген таптасқан сөздер де кейде қосылады:

– *Бұл жұмысқа сенің барғаның мақұл* (*мақұл* – таптасқан сөз).

– *Осыны сен істеші!*

– *Мақұл!* (Бұл қатынас одағайының қостау түрі).

Осылар сияқты екі жақты ұғым беретін одағайлар: *жоқ! тек! қой! тәйт!*

Қатынас одағайының сілтеу түрі: *әне, міне, әнеки, мінеки* т. б. *Қане? қанеки?* дегендер де осыларға қосылады.

III. Көңіл одағайлары

Сөйлеу – бір оқиғаның жайын хабарлау. Ондай хабар әр адамға әр түрлі әсер етеді: қуантады, ренжітеді (Челюскин, Бусыгиндер оқиғасы). Сөйлеу дегеніміз – хабарлап қана қою емес; белгілі ойды, ниетті білдіру. Сондықтан көздеген мақсатымызға қарай оқиғаның өзімізге тигізген әсерін білдіре де, білдірмей де сөйлейміз; сұрай, өтіне, бұйыра, тыңдаушыға белгілі бір талап қоя сөйлейтін кездеріміз де болады. Қысқасы, біз өзіміздің хабарымызға тиісті өң бере сөйлейміз. Тыңдаушыға айтар хабарымызбен бірге өз көңіліміздің мейірін қоса білдіреміз.

Хабар қуанта, тандандыра, күлдіре, ызаландыра, өтіне, кекесіндей, сұрай, бұйыра, қандай әсері барын ашпай да айтылады.

Тілде көңіл райын қоса білдіретін амалдар өте көп. Өйткені көңілдің әртүрлі райының өзіне тән әртүрлі әні бар (сөйлемнің әр түрлі әні болады). Айтушының көңіл райын сөйлемнің әніне қарай танимыз. Жазуда көңіл райын тыныстық белгілерден, сөйлемдегі сөздерден, сол сөздердің сөйлемде орналасу тәртібінен білеміз. Көңіл райын білдіру үшін қосымша, қосалқылар да (демеуліктер) қолданылады. Сұраудың *ма* деген қосалқысы бар; болжалдың *шығар* қосалқысы бар; Сеніммен сөйлесек «*ол барған*» деп кесімді айтамыз. (Көмекші етістік қосалқы қызметін атқарады деу дұрыс па?..).

Таптасқан сөздерден құралған сөйлемдер арқылы да көңіл райы білінеді. Кейде ақындар сөйлемді өзгеше құрап, суреттеп айту арқылы да көңіл райын танытады. Мысалы,

*Жерді жонған, тасты опырған әлді қол,
Ұрандасты, ұлы күшті қосты мол!
Жерді жарды, шамын шашты, тірілтті,
Кең даланы кесіп-пішіп келді жол!
Жүрек тулайд қыр қозғалған айқайдан,
Жарқырап қыр, сарқырайды бел, сайдан...*

(Илияс)

Қуаныш райын ақын «жүрек тулайды» деп білдіреді.

Арнаулы одағай сөздермен де (түбір, шылау, тапсыз-ақ) көңіл райын білдіруге болады.

*Па, шіркін! Өмір болсаң, бол осындай!
Болалсаң, болып тұрсаң болатындай.
Шекспир, Пушкин, Байрон, Аристотель
Ойға ерік бере алмаған о да осындай*
(Асқар)

*Мырқымбай, Мырқымбай!
Бай-бай-бай
Жүрмейсің жай*
(Бейімбет)

Бай-бай-бай – ызалануды білдіретін одағай.

Қап – опыну одағайы (*қап, байқамай қалған екем!*).

Ишиша – жиіркену (*ишиша, күннің суығы ай!*).

Алақай! – қуану одағайы (*алақай, әкем келді!*),

Бәрекелде – ұнату одағайы (*бәрекелде, ризамын*).

Бұлар көңіл одағайы, өйткені көңіл райын хабарлайды. Құрылысы жағынан – жеке сөз, мағынасы жағынан – сөйлем.

Көңіл райын білдіретін амалдардың ең негізгісі – сөздің әні. Сондықтан бұлар осы одағайға арналып жасалғанмен, әніне қарай көңілдің әр райын білдіріп кете береді. *Ойбай* – шошыну одағайы; бірақ ол таңдану әнімен айтылса, таңдану одағайы болады; «*бәрекелде*» де өзгереді.

Мысалдар: *алақай, әттең, әттегене-ай, қап! Ойбай* (жұлып алғандай айту, жай айту); *қап, сені ме! қап, бәлем* (кіжіну); *ойбой* (таңдану орнына ұнатпау); *апырмай, япырмай, ойпырмай* (әніне қарай: үрейлену, таңдану, күйзелу). *Пай, паһ, па* (таңдану); *ишиша, ишишаһ* (тоңу, жиіркену); *түү, түүһ* (кейде таңдану, ұнатпау); *уһ* (қайғыру, шаршау); *оһ, аһ* (қайғыру, опыну, таңдану); *айхай* (рақаттану); *әй, өй, ей, ай, ой* – тиісті әнімен айтылса таңдану, кемсіну, оңай көру т. б. мағыналарда. *Иә, пәлі* – кейде кекесін; *омай! омай, шіркін!* – кем тұту, кекету.

Тәуелдеулі, жіктеулі сөздерден жасалған: *қарағым, айналайын, қалқам, сәулем* сияқты тәуір көру, кекету одағайлары да бар; бұлар да, осы тәрізді басқа сөздер де тиісті әнінде тұрса ғана одағай болады.

Әні сай келсе таптасқан сөздер де, сөйлемдер де одағай болады. Одағайланған атауыш сөздердің мысалы: *сабай-ай! қасқа-ай! сабылан-ай (саңлақ-ай?), сөз-ақ! мәссаған!*

Одағайланған сөйлемдер: *ісің бар болсын! жүзің айдай болсын! келбетіңе болайын!*

(Автор жазушылардан көп мысалдарды теріп алған).

IV. Көңіл одағайының тарихы

Хабарлағалы тұрған оқиғасының жәйін де, сөйлеушінің көңілін де, талабын да білдіру – тілдің кәрі әдеті. Келе-келе көңіл білдіруге арнап бір нәрсенің затын, сипатын, ісін танытатын біраз атаулар жасаған. Мұның үстіне зат, іс, көңіл күй деп бөлшектемей бүтін образ, тұтас хабар беретін одағай есебінде хабарлауыш сөздер жасап алған. Атауыш сөздер тілге қандай керек болса (бір нәрсенің анықтығын, дәлдігін білдіру үшін), одағай хабарлауыш сөздер де тілге сондай керек (өткірлігін, әсерлілігін күшейту үшін).

Атауыш сөздер де, одағайлар да тілдің өз материалынан жасалады. Одағайлардан атауыш сөздер, олқы сөйлемдер жасалып отырады. Атауыш сөздерден, олқы сөйлемдерден жасалған одағайлар мысалы: *құр-құр – құрық; шөк-шөк – шөгу, шөгер; ah-yh – ахылау, ухілеу; ай-қай (ай-хай)*; бұлар –одағайдан жасалған атауыш сөздер.

Араб сөзі қазақ тіліне беріде араласқан. Бірақ сол араб сөздерінен де одағайлар жасалған. Бұдан одағайлардың тіліміздің алғашқы дәуірінен сақталып қалған сөздер еместігін, одан беріде жасалғандығын осы күнде де жасалып жатқан тіл элементтерінің бірі екендігін көреміз.

«Тек» – тек тұр – *сен тек тұр* (бастауыш, айқындауыш, баяндауыш). Соңғы нұсқада сөйлем толық күйінде тұр, *тек* – айқындауыш. Алғаш *тек* өзін де, басқа мүшелерді де жалғыз тұрып аңғартады. Демек, ол мағынасы жағынан – сөйлем, хабарлауыш сөз. Одағай – бас-аяғы түгелденбей, шала-шарпы айтылған сөйлем, не сондай сөз. Құрылысы кеміс болса да одағай толық мағына береді. «Тек!» – сен тек тұр. Соңғы «*тұр*» сөзінен *сен* деген екінші жақтық мағына байқалады. «Тек» сөзі сөйлем ішінде қимылдама деген мағынаны береді: қимылдамау – тұру ғой. Демек, «*тек*» – тек тұр. Бірақ *тек* сөзінде сен ұғымы жоқ, бұйыру жоқ (*тұр* етістігінде бұл екі сапа да бар. *Тұр* етістігіне *сен* деген екінші жақ мағынасы шығатын себебі тұруға тиісті болған адам осы сөзді тыңдап тұрған адам болатындығы. Сөз соған қарата айтылғандығы, *тек* жекіруінде бұл да бар). *Тұр* етістігінде бұйыру мағынасы бар; бұйыру мағынасы *тек* сөзіне телулі. Демек, бұйыру әні сол *тек* сөзіне тиесілі («*Ғалымдар далада тұр*» дегендегі *тұр* сөзінде бұйрық әні жоқ, сондықтан ол үшінші жақты білдіреді – *ол тұр*). *Тек* одағайының олқылығы осылай толады.

Одағайдың кемістігін толтыру үшін осындай жағдай қажет, керекті әні болмаса, одағай пайдаға аспайды.

Қап! – *қапы қалған екенмін, демек, қап!* – әрі шала сөйлем, әрі шала сөз (соңғы **ы** дыбысы түсіп қалып тұр).

«*Айналайын*» сөйлемдік жағынан да, сөз мағынасы жағынан да кеміс емес (алдыңғы айтылғанның керісінше), бірақ мағына жағы шала, тасада тұрған «*садақа*» – құрбандықтың образы. Бұл – шырқ көбелек айналу емес: «*мен сені сондай жақсы көрем, сен үшін өліп кетуге дайынмын*» деген мағынада. Ол мағына «*айналайында*» түгел емес.

Бір одағайға бір түрлі жағдай керек, ал екіншісі – басқа жағдайды керек етеді. Мысалы, *тек, тәйт, қой, әй, а?* сөздері тыңдаушысы болмаса, одағай болмайды, *әрине, ия, пәлі, жақсы, мақұл, дұрыс, рас, жарайды, жөн* сияқты қоштау одағайларына тиісті сөз алқасы керек; *ал, мә* одағайларының пайдаға асуы үшін тыңдаушы да, беретін нәрсе де, оны ұсыну да керек, бұл соңғылары болмаса, *ал, мә*

сөздері сорақылық одағайы болады. Онда да сорақылық одағайының әніне салу керек, ал оған салмаса және алдыңғы үшеуі де болмаса, бұл сөздер босқа қалады.

V. Одағайдың дыбысталуы

Ән – тілде көңіл райын білдіру үшін қажетті амалдардың маңыздысы. Көңіл одағайы көңіл райын білдіруге арналған, демек, оның әнінің түрі де ала бөле. Бір одағай әлденеше көңіл райын білдіреді, сондықтан түрлі ән болады. Олар көңіл одағайының дыбыс құрылысын билеп кетеді, ондай дыбыстар әнге бейімделу үшін 1) кейде жоғала; 2) кейде өзгере; 3) тұрақсыз өзгеріп барып, тұрақтайды, *қаны* сөзінің соңындағы **ы** дыбысының да түсіп қалуы да содан; **«ы»** әнделмейді (түседі).

Япырмай, апырмай, япырмой, апырмой, ойпырмай секілді одағайлардың дыбыстарының түрленуі көңілдің түрлі райының түрлі әніне байланысты. Бұлар әуел басында *иә, пірім-ай, аһ, пірім-ай, ой, пірім-ой* деген тәрізді бөлшектерден бірігіп, соңғы қосымшалары мен сөз басындағы қаратпалары түбірмен тұтасып кеткен. Осы кірігу барысында әр одағайдың айтылу әуеніне қарай соңғы дауысты дыбыстары бірде **а**, бірде **е**, бірде **о** болып түрленген. Тіліміздегі *ойбай* мен *ойбой* одағайларының қалыптасуы да солай. Осы себептен әртүрлі әнге қолайлы түрлі дауысты дыбыстардың әрқайсысы әр одағайға таңылып тұрақтасады. Мысалы, жақсы көргенде **а**, **балам** деп, кижінгенде **әб**, **бәлем** деу осыдан. Асылы, көңілсіздік одағайлары жіңішке дауыстыны қаласа, көңілділік одағайлары жуан дауыстыны, оның ішінде де **о** дыбысын қалайтын тәрізді. Себебі, көңілсіз әндер ашшы (высокий голос) дауыспен, көңілді әндер қоңыр (низкий голос) дауыспен айтылады. Мысалы, **ай!** одағайы әніне қарай таңдануды да, опынуды да, сүйсінуді де білдіреді. *«Жарайды», «әй!»* одағайларын қоңыр дауыспен созып айтса, таңдануды білдіреді, ащы дауыспен айтылса, жекіріп біреудің назарын өзіне аударуға болады, одан да гөрі жіңішкертіп *йй-йй* десек, жиеркену одағайы болады.

Паһ!, па!, пой-пой!, бай-бай! одағайлары әніне қарай (таңдану, ызалану) түрлі раймен айтылады. Ал, *бе-е-еу (бе-еу)* десек, ыза ғана шығады.

Одағай – дауыстысының көңіл райының әніне бейімделіп, тұрақты сөз болуы, осы әртүрлі дыбысталуының өзі біртіндеп орнығып, әртүрлі мағына беруін керек қылған. Осыдан келіп бір одағайдан өрбіген *а, ә, о, е (уа, уо) ау, әу, еу, ай, әй* сөздері қалыптасқан. Бұлар негізінде **хабарлау, шақыру одағайлары**.

Мұның қандай көңілмен айтылған хабар не шақыру екендігін бұрын әнінен білінген, қазір дауыстыларының түрінен де білінеді (онда да кейінгі кезде).

Сөйлемде шақыру одағайы басқа одағайлардың алдынан не артынан, не екі жағынан жанамалап отырады. Мысалы, *шырағым-ау!, шырағым-ай!, ой-пірім!, ой-пірім-ай!, па!* одағайына *ай* одағайы қосылып, *па + ай! (пай!), ба+ай! (бай!), ой+ба+ай!* болады. Мұндағы **б, п** дыбыстары **м** дыбысына айналып, *о-ма-ай (омай, шіркін)* деген кекесін одағайы туған.

Одағайлардың дауыссыз дыбыстары да өзгереді. Қалай өзгерісін қапелімде білмей де қаламыз. Мысалы, *мәссаған!* деген одағайдың *мә саған* дейтін екі сөзден тұратынын білеміз; ал, *әттеген-ай!* сөзінің түбірін білмейміз – *әәә! деген-ай!* *Мәссаған!* дегендегі *мә* сөзінің **ә** дыбысы созылады. Сондықтан *саған* дегендегі басқы **с** дыбысы да созылады. Нәтижесінде **с** екеу болып, екі буынға бөлініп кетеді.

Ал, *ә деген ай!* – *әәд-деген-ай!* дегендегі д тұйық буында сақталып қала алмаған. Сондықтан қатаң т дыбысына айналған. Сөйтіп «*ұмтыла үндесу*» заңымен *әттеген-ай* болып қалыптасқан.

VI. Бірқатар одағай сөздеріміздің жасалуы

Көңіл-күйі одағайларының бірқатары арап-парсы сөздері: *бәрекелді, гапыл, ой-пір-ім-ай* (*ой, ай* – қазақтың шақыру одағайы, *пір* – ұстаз; *ие* – парсы; **м** (**ім**: *пір-ім*) – тәуелдеу қосымшасы; *шырақ (ым)* – парсы).

Одағайдың бірқатары атауыш сөздерге шақыру одағайын, тәуелдеу жалғауын қосып жасалған (*жарқын+ым, шырақ+ым, қарақ+ым, қалқа+м, сәуле+м*).

Сабаз-ай, қабылан-ай (қайратты дәріптеу; *сабаз* – *шаһ* – *баз* – *сұңқар*; парсы); *қабылан* – арыстанның бір түрі, қазақтыкі; бұған қосылған – *ай* шақыру одағайы.

Шырағым-ау (тәуелді сөз + шақыру одағайы) – бұл беріде жасалған тұлға, осы күнде жасала беретін түрі. Одағайлардың бәріне ірге (негіз) болған нәрсе – бесінші тараудағы шақыру, хабарлау одағайлары *па, паһ, пай, бай-бай* (таңдану, күйзелу); *мә* (назар салдыру); *бе (еу!)* – ызалану; *ой-бо-ой* (шошыну); таңдану одағайларында *па, ба, мә, бе* түрлеріндегі қаратпа сөз. Бұл сөз *баба* дегенде екі рет, *ана* дегенде бір рет ұшырайтын бүгіндегі тумалық термин (бұрын ру бастығын осылай атаған). Осы қалыппен басқа одағайлардың дені де қаратпа сөз болып жасалған. Адамдар бұрын табиғат сырының күштерін білмеген. Сондықтан олар табиғатқа адамша (жанды затша) тіл қатқан. Желді ысқырып шақырған, құйынды қуалаған, ауруды көшірген, түрлі жақсылық-жамандықтың иесі бар деп түсініп, оларды бірде шошындырып, бірде тамақ беріп ырза қылып отырған. Әр рудың иесі, қорғаны бар деп есептеп, соларды жәрдемге шақыратын болған. Келе-келе осы ұғым-түсініктен дін туған. Одағайдың қаратпа сөзсіз (шақыру сөзінсіз) болмайтыны сол әртүрлі табиғат күштеріне: ай, күнге, малға т. т. қарап сөйлеп, соларға көңіл айтып, соларды жәрдемге шақырудан қалған қалдық. Кейін адам баласы оны ұмытып, әр одағай өзінің әніне қарай түрліше көңіл райын білдіретін сөз болып кеткен.

VII. Одағай сөздердің тынысқа қатыстылығы

Одағай – сөйлемнің орынбасары, сөйлем соңындағы тыныстық белгілер де мүнікі. *Ө* – оңаша одағай; хабарды аяқтай, тұйықтайды (леп, сұрау белгілерінің бірі керек). Өзінен кейінгі сөйлеммен тығыз байланыспай, ойды аяқтай, оңаша тұра береді, соңынан ноқат (нүкте) қойылады:

- *Осы жұмысқа сен баршы!*
- *Мақұл.*
- *Жиылысты аша берсем деймін.*
- *Дұрыс.*
- *Бүгін театрға барсақ қайтеді?*
- *Жарайды.*
- *Мұны сен жаза ғой!*
- *Жақсы.*
- *Жолдасың келді ме?*

- Жоқ.
- Мынау маған беретін кітабың ба?
- Ия.

Леп белгісі

Бұл да оңаша (жаңағыдай).

Бұйыру, тыйу, назар аудару түріндегі көңіл, шаруашылық, қатынас одағайларынан соң леп белгісі қойылады.

а) көңіл одағайы.

Мысалдар:

- *Бәрекелде-е-е! Ис деп осыны айт!*
- *Ұят-тағы!*
- *О, немене?*
- *Әлгі Үсен та тыныс белгілерін қалай қою керектігін білмейді екен.*
- *Ойбой! Өзіңнің тіпті жібің тарқатылып барады ғой? Бері жүрші, бері, ширатып жіберейін! (Ғабит, «Қыз Жібек»).*
- *Мәссаған! Осыны да сөз деп, ұялмай айтты ма екен?*
- *Қап! Кетті, кетті! Апырмай, тұрмас па екен? Тізгіндеп ілер басы бұрмас па екен. Ызғыған сырғанақты теуіп барып, Теңізге, жарға құлап ұрмас па екен. Дегенде бір ырғалып қалды тоқтап, Жүгірді лагерь халқы тегіс қаптап (Ілияс, «Жорық»).*

Осындағы: *бәрекелде, мәссаған, ойбой, қап, ұяттағай* т. б. көңіл одағайларынан кейін леп белгісі керек.

ә) шаруашылық одағайы.

- *Шек! Көрдің бе, мұның қас қылғандай теріс тарта беруін!*
 - *Әукім, әукім! Мал деп осы көк сиырды айтсайшы!*
- Мұнда *шек, әукім* сөздері кейінгі сөйлемнен аулақтанып тұрған болса, одағайлардан соң леп белгісі қойылады.

б) қатынас одағайы.

«Тек», «әй» сияқты тыйу, шақыру одағайы кейінгі сөйлеммен тығыз байланыспаса, оңаша тұрса, олардан соң леп белгісі керек (Бұл сөздер тұрпайы болғандықтан, аз қолданылады, затсыз айтады). Леп сөзді сөйлем түрімен айтылса, леп қойылады.

Сұрау белгісі

Қатынас одағайы сұрау сазымен де айтылады, бірақ кейінгі сөйлеммен тығыз байланысады. Сондықтан өз соңынан сұрау белгісі қойылмайды: – *Ау, бұлары қалай.*

Сұрау одағайы сөйлемнің соңында болып, сұрау сазымен айтылса, сұрау белгісін жазамыз:

- *Егісті осы бескүндіктің ішінде бітіреміз, ә?*
- *Биыл планды ерте орындағанымыз трактордың арқасы-ау?*

Кейбір тыныс белгілері жайында

Мағынасы жуық бірнеше одағай, не бір одағай салаластарша тізбектеледі; Бір не бірнеше одағай мағына жағынан өзімен тығыз байланысы бар сөйлемнің не басында, не аяғында, не ортасында тұрады.

Тізбектеліп, бірін-бірі толықтырып тұрған одағайды салалас дейміз, арасында кіші тыныс (үтір) қойылады. Кейінгі сөйлемнен оқшауланып тұрса, не ноқат, не сұрау, не леп белгісі жазылады (Одағай көбінесе ойды салалас болып аяқтайды): *Па, шіркін! Уа, бәрекелде! Ә-ә-әй, жоқ! Қап, ойбай-ай! Қап, әттеген-ай! Оу, шы-рағым! Па, деген! Ой, алақай-ой! Әттең, қап! Әйт, боразна! Әй, білмеймін! Тек, әй! Пай, сабаз-ай!* (бұлар – салалас одағайлар; қайталақтаса да үтір жазылады: *бай-бай-бай! Жоқ, жоқ, жоқ!*).

– *Ай, әй, ей, ой, өй, ау* – дейтін шақыру одағайлары басқа одағайлардан бұрын келсе, бөлек жазылады және бір-бірінен кейбір тыныс белгілері арқылы айрылады; ал басқа одағайлардан кейін келсе, қосылып жазылады. Мысалы, – *Әй, шырағым – шырағымай; ай, жоқ – жоғау; о, бәрекелде – обалдағай.*

Қаратпа болып тұрған таптасқан сөздің аяғында шақыру одағайы келсе, ол бөлек жазылады; араларына ешбір белгі қойылмайды (*солай ау!? Үсен ау, келінті-ау*).

Одағайлы сөйлемдер

Ішінде одағайы бар сөйлем – одағайлы сөйлем (Сөйлемнің басында да, ортасында да, аяғында да келе береді).

Сөйлемнің басында тұрса, одағайдан соң кіші тыныс қойылады (*жарайды, барайық, әй, о не дегенің?*). Мұндай одағайдың оңаша болуы да, не салалас болуы да шарт емес. Сөйлемнің ортасында тұрса: – *Олай болса, жарайды, бар!* Сөйлемнің соңында тұрса: – *Ол ойынды мен көрмедім-ау, қап!*

Шақыру одағайы – атын атамай шақыратын сөздер. Есімдерден жасалған қаратпа сөздер – атын атап шақыратын сөздер болады. Сондықтан ондай қаратпа сөздер де одағайдың орнына жұмсалады;

Тыныс таңбалары да одағайлармен бірдей. Мысалы:

Бекежан, жүрген жерің жорық майдан!

Тентек ең бар жиганың осындайдан...

Бар, жеңеше, хабар айт!

Туыспай кеткір, алты аға,

Бармысың, ойбай, қайдасың?!

23.00. сағат.

30.06.1937 жыл.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЕМЛЕСІ МЕН ГРАММАТИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ¹

Жанғазы!

Тегіс аманбыз. Жәлештің де дені сау. Сұрауларыңа жауап берейін.

1. Қазақ тілінің тұрақты емлесі биыл бекір деп ойлаймын.

Сеніңше, осы күнгі емленің нендей кемістігі, нендей қиындығы бар? Терминдерді қоя тұрып, қазақтың өз сөздерін жазуға кемістік келтіретін не бар? Өзіңше ондайын қайтіп түзеу жөн? Осылардың жауабын сен де жаз.

2. Халықаралық терминдердің емлесі де үзілді-кесілді шешілген жоқ. Орысша жазылуынша болсын деген жалпы бағытқа ешкімнің көріне дауы жоқ сияқты. Бірақ жалпы бағыт бар да, ереже бар. Бұл екеуі бір емес қой. Нағыз толық ереже беру мәселесі әліппе мен емлені түгел қарастырмай шешілмек емес. Сондықтан бұл да кешігіп тұр.

Еруліге қарулы болып, сұрауыңа сұрау төлеп бағасын өтейін, сен мынаны айтшы:

Білек, тыраш, ыстағын (мес) сияқты қазақ сөздері, осылай басқы ашық буында келте дауысты **ы, і**-лермен жазыла тұрып, *пленум, трактор, стахановшы* сияқты сөздер **ы, і**-лерсіз жазылатын болса, жеңіл соғар ма еді? Балаға мұны қалай түсіндірер едің? Шеттен келген сөздерді жаттатқаннан басқа амал табар ма едің?

Егер *блек, траш, стаган* деп жазуды дұрыс таба қойсақ, *біл, тыр, ыс* сияқты сөздерді осылай жаза тұрып, *біледі, қырағы, ыстау* сындыларын *бледі, қрағы, стау* түрінде – бір түбірді екі түрде (*біл, бл; қыр, қр; ыс, с*) жазар ма едік? Бұл қиын болмас па еді? Әлде түбір емлесін біріктіру үшін бір буындыларына да **ы, і** жазбай, **бл, қр, с** жазар ма едік? Бұл соңғының көзге қораш көрінгеннен басқа не міні болар еді? (Буын айыртуды есепке алма. Қандай емле болса да, соған қарай буын жігін таптыру методикасын шығаруға болады). Осы күні *хал(ы)қ – халқ-ы, мұр(ы)н – мұрн-ы* сияқтыларда түбірдің **ы, і** дыбыстары бірде жазылып (*халық, мұрын*), бірде жазылмай (*халқ-ы, мұр-ны*) жүр. Осыдан көріп жүрген қиындығымыз жоқ. Сонда *біл* мен *бл+еді*, *қыр* мен *қр+у* сияқтылардағы **ы, і**-лердің ойнамалылығы қалайша қиындық көрсетпек?

3. Құрмалас сөйлемге қазіргі кітаптардың тісі батпаған. Бәрінікі де дұрыс емес.


Құрмалас (меніңше, күрделі) сөйлем екі түрлі:

а) сөйлемнің бір мүшесі **هرفمه** **ظفله** (жалаң сөз – парсыша) жасалмай, ішін жарып ақтарғанда, өзі бір сөйлем болып **ظفلهبكرم** (күрделі сөз – п.) болса, осындай күрделі мүшесі бар сөйлем күрделі сөйлемнің (құрмаластың) бір түрі – сабақтасы болады: *мақтаулы жырау – осы. Жырау – бастауыш, осы – баяндауыш, мақтаулы – бастауыштың анықтауышы*. Мұндағы мүшелердің бәрі де жалаң (**ظفلهدرمه** жалаң сөз – п.). Сондықтан бұл жай сөйлем. Ал, *жұрт мақтайтын жырау – осы* десек, күрделі сөйлем болады, күрделінің сабақтасы болады. Неге

¹ Бұл хатты проф. Қ. Жұбанов ауыл мұғалімі Жанғазы Жолаевқа 1936 жылы жазған. Баспа бетінде тұңғыш рет «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 1958 жылғы 2-санында жарияланған. – Редакция алқасы.



Матау жалғауыш (союз)	Жетек жалғауыш (послелог)
«мен», «да», т.т. бұлар бір сөзді екінші сөзге бағындырмай, жетектпей тек матастырады.	«үшін», «сияқты», «арқылы», «сайын», т.т. Бұлар септеулер есепті, өздері тағылып тұрған сөзді басқа бір сөзге жетектетеді.



Есім – (мағынаша) заттың өзін не тұрғылықты белгісін көрсетеді; морфологияда көптеледі, септеледі, тәуелденеді, жіктеледі; синтаксисте сөйлем мүшелерінің қайсысы да бола алады. **Етістік** (мағ.) заттың өзгермелі белгісін көрсетеді (морфологияда жіктелмейді, септелмейді, тәуелденбейді, көптелмейді. Етіс қосымшаларын, болымсыз «ма»-ны, түрлеуіштерді ғана ерітеді. Синтаксисте бастауыш *сен* сөзі болғанда ғана баяндауыш болады, басқа мүше бола алмайды).

Есімді өзара жіктегенде де әр жігінің арнаулы белгілері болады. Тегінде, жоғарғы есім белгісі деп отырғанымыз зат есімдікі. Өйткені сын есім, сан есімдер септелгенде, жіктелгенде, тәуелденгенде, көптелгенде өз мағынасынан шығып, зат есім мағынасына ауысып кетеді.

Қызыл бояуға салған шүберек десек, *қызыл* – сын есім болып, *бояу* деген затқа сүйеніп тұрады. Ал, *қызылға бояған шүберек* десек те, *қызыл бояуға бояған* мағынасында болады. Мұндай сын есімнің ішінде жасырын тұрған зат мағынасы бар. Осы сияқты «*Онға алып, беске сататын болсын саудагер!*» дегенде *онға, беске* дегендер тек сан емес, сан мен заттың мәнісін бірге қосып арқалап тұр.

Сонымен, зат есім дегеніміз мағына жағынан септік, тәуелдік, жіктік, көптік қосымшаларын ертетін сөз, синтаксис жағынан сөйлемнің анықтауыш мүшесі болғанда, тек затты анықтайтын, істі анықтай алмайтын сөз болады (Мұны былай түсіну керек: сын есім мен сан есім заттың да, істің де сыны мен санын көрсете алады: *жақсы кісі, жақсы жазады; екі кісі екі келді* сияқты. Зат есім тек зат есімді ғана анықтай алады. *Тас үй* дегендегі *тас* сияқты. Бірақ *жақсы келдің, екі келдің* дегендегі *жақсы* мен *екінің* орнына зат есім жарамайды. Өйткені, зат есім етістікке байланысып, істің жайын айта келсе, ол істің не *يلا دنسمه* (субъект – п.), не *دروم* (объект – п.) ғана болады да, сипатын көрсетпейді. Оның үстіне, зат есім өзге бір зат есімге анықтауыш болып келсе, анықтауыш сөзіне тете ғана тұра алады, арасына сөз сала алмайды (мұны былай түсіндіру керек: *биік үй* дегенде анықтауыш сын есім – *биік*). Бұл арада өзінің анықталуышына (үй-ге) тете тұр. Бірақ арасына зат анықтауыш салып, *биік тас үй* сияқты бір табан шегіне алады. Ал, *тас үй* дегендегі *тас* өзі мен *үйдің* арасына сөз салдырмайды: *тас биік үй* болмайды. Зат есімге *-шы; -ші* қосымшасы да жалғанады (*темір+ші*), сын есім, сан есім, мезгіл-мекен есім, есімдік, етістік түбірлер мұны істей алмайды (*ұзын-шы, бес-ші, бүгін-ші, оқы-шы* болмайды).

Сөйтіп, **зат есім** заттың өзін көрсететін септік, тәуелдік, көптік, *-шы* (кәсіп) қосымшаларын ертетін затты ғана анықтап, анықталушы сөзіне жалғас қана тұра алатын түбір болады.

Есімнің бірқатары заттың өзін емес, заттың не істің тұрғылықты белгісін көрсетеді. Мұның өзі екі түрлі: сан белгі, сыпат белгі. Осыған қарай бірін сан есім, бірін сын есім дейміз. Сын есім морфологияда *-рақ, -рек, -лау; -леу* қосымшаларын, қосақты қосар буынды өзіне ерте алады: *қызыл-қызылырақ, қызылдау, қып-қызыл*; сан есім морфологияда *-ншы* қосымшасын тағына алады: *бес-бесінші*. Сын есім мен сан есімнің екеуі де синтаксисте затты да, істі де анықтай алады, анықтауыш күйінде анықталушы мен екі араға зат есім анықтауышты не бірі бірін сала алады: *биік* (сын есім, анықтауыш), *тас* (зат есім, анықтауыш), *үй* (анықталушы); *бес биік үй; биік бес үй* дегендер сияқты.

Сөйтіп, *сын есім* деген заттың, не істің сыпат белгісін көрсететін, шырай үстеулері мен үстеуіштерін ертетін, зат есімге де, етістікке де анықтауыш бола алатын, анықтауыш болғанда анықталушысы мен өзінің арасына зат есім анықтауышты амалсыз салатын, сан есім анықтауышты еркін салатын түбір болып шығады.

Сан есім деген заттың не істің сан белгісін көрсететін, реттік үстеуін ертетін, зат есімге де, етістікке де анықтауыш бола алатын, анықтауыш күйінде өзі мен анықталушысының аралығына зат есім анықтауышты амалсыз салатын, сын есім анықтауышты еркін салатын түбір болып шығады.

Зат есім анықтауышты амалсыз араға салып, сын есімнің сан есім анықтауышты, сан есімнің сын есім анықтауышты араға еркін салатыны қалай?

Бұл былай. *Үй* деген сөздің, мәселен, екі анықтауышы бар екен: бірі – *биік* (с.ес.), бірі – *тас* (з.ес.). Кәне, бұл екеуінің қайсысы бұрын, қайсысы соң тұру керек? *Биік* бұрын, *тас* соң тұру керек – *биік тас үй* түрінде. *Тас* сөзін *үй* сөзімен екі араға жібермеске *биік* сөзінің амалы жоқ. *Екі тас үй* десек, *тас* сөзін өзі мен *үй* сөзінің арасына салмасқа *екі* сөзінің амалы жоқ.

Ал, олай болмай, *үй* сөзінің бірі *биік*, бірі *екі* деген екі анықтаушы болса, *биік* пен *екі* сөзінің қайсысы бұрын тұру керек? Мұнда да бірі ілгері ғана, бірі кейін ғана тұрмасқа болмайтын амалсыздық бар ма? – Жоқ. Мұнда *биік екі үй* деуге де, *екі биік үй* деуге болады. Әңгіме мағына екінің қайсысында екендігінде ғана: биіктігіне ала-бөле назар салдырғымыз келсе, *биік* сөзін бұрын, *екі* сөзін соң айтамыз (*биік екі үй*); екеулігін басып айтқымыз келсе, сан анықтаушыты бұрын келтіреміз де, *екі биік үй* дейміз. Сондықтан сын есім мен сан есім анықталушыға тете орынды бір-біріне еркін береді дейміз. *Биік тас үй* дегенде бұл еркіндік жоқ.

Е с к е р т у: сөз таптарының бір-бірінен енші алысып болғандары да, болмағандары да бар: *ағаш*, *темір* сияқтылар тек зат есім болып, *жақсы*, *ұзын* сияқтылар тек сын есім болып, шекараларын түгел ашып болған таптар. Енді бұлардай емес, зат есім мен сын есімге ортақ, шөре-шөре есімдер де (әрі зат есім, әрі сын есім болатын) бар. Мысалы: *бала*, *жас*, *жарық*, *сұлу*, *бай*, *батыр*, *жарлы*, *кедей* т.т. Бұлар әрі зат есім, әрі сын есім. Сондықтан *жақсырақ*, *ұзынырақ* сияқты баларақ, *жап-жас*, *жап-жарық*, *байырақ*, *батырырақ*, *жарлырақ*, *кедейірек* т.т. бола алады. Таза зат есімге бұл мүмкін емес: *темірірек*, *ағашырақ* болмайды.

Мезгіл-мекен есім. Бұл орыстың наречиясы мен арабтың – *نامز و ناکه مسا* есім мекен уа замандарының (үстеудің – п.) бірқатар қызметін атқарады. А. Байтұрсыновтың «үстеу» деп атағандарының бірқатары осыған тура келеді де, бірқатары түгелімен жанаспайды.

Мезгіл-мекен есім болатындар: *кеше*, *бүгін*, *мана*, *енді*, *әлі*, *қазір*, *бұрын*, *соң*, *жоғары*, *төмен*, *ас*, *үст*, *орта*, *ал*, *арт*, *ілгері*, *кейін*, *алғаш*, *бас*, *бастап*, *аяқ* т.т.

Мағынасы – істің мезгілін не мекенін көрсету. **Морфологиялық белгісі** – *-қы* (*-ғы*, *-кі*, *-гі*) үстеуін ертетіндігі: *кеше+гі*, *бұрын+ғы*, *ілгер+гі*, *бастап+қы*, *ақыр+ғы* т.т.

Синтаксистік белгісі – анықталушысына жалғаусыз жетектеле тұрып, орны (әйтеуір ілгері тұрса болады) еркін болатыны (жанас сөздер).

Бүгін мен Жанғазыдан хат алдым.

Мен *бүгін* Жанғазыдан хат алдым.

Мен Жанғазыдан *бүгін* хат алдым.

Мен Жанғазыдан хатты *бүгін* алдым. Бұл сияқты орны еркін болушылық септеусіз сөздің басқа таптарында болмайтын, тек мезгіл-мекен есімдерде ғана немесе септеулі сөзде ғана болатын нәрсе.

Мезгіл-мекен есімге *-ғы* жалғанса сын есімденеді. Зат есімнен *-лы* үстеуі, сан есімнен *-шы* үстеуі, мезгіл-мекен есімнен *-ғы* үстеуі арқылы жасалған сын есімдер тек зат есімді ғана анықтай алады да, етістікті анықтай алмайды.

Е с к е р т у: I. Мезгіл-мекен есім мен зат есімге шөре-шөре болатын сөздер де бар: *жыл*, *күн*, *жаз*, *күз*, *бас*, *аяқ*, *орта*, *шет* т.т. сияқты. Бұлар әрі зат есім, әрі мезгіл-мекен есім. Сондықтан екеуінің белгісі де бұлардан табылып қала береді.

Е с к е р т у: II. Басқа есімдер, басқа сөз таптары сияқты, мезгіл-мекен есімдер де екі түрлі болады: бірі – негізгі түрі (жоғарғы келтірілген сөздер сияқты),

екіншісі – туынды түрі. Басқа есімдер мен есімшелерге мезгіл-мекен үстеуі (жұрнағы) болған *-да* қосымшасын жалғап, мезгіл-мекен есім жасаймыз. Мысалы: *ағашта, ауылда, ұзында, сегізде, жазғанда, оқығанда* сияқты. Мұндай туынды мезгіл-мекен есімдер де морфология жағынан ана негізгілер сияқты: *ағашта+ғы, ауылда+ғы, ұзында+ғы, сегізде+гі, жазғанда+ғы, оқығанда+ғы* болады. *Оқығанда* жарық сол жағыңнан түссін. *Жарық оқығанда* сол жағыңнан түссін. *Жарық сол жағыңнан оқығанда* түссін.

Мұны екінші сөзбен айтқанда, бұрынғы жатыс жалғау дегенді септеулердің қатарынан, тіпті жалғаулардың қатарынан шығарып, үстеу (жұрнақ) қатарына қосқан десек болады.

Сөйтіп, **мезгіл-мекен есім** деген істің мезгілін көрсететін, сын үстеуі *-ғы*-ны ертетін, сөйлемде анықталушысынан бұрын келе тұрып, қай жерде болу жағынан орны еркін болатын түбірлер болып шығады.

Орынбасар есім (есімдік) деп түбірдің де, қосалқы шылаулардың да орындарына жүре беретін түбірлерді айтамыз: *мен, сен, ол* (зат есім орнына), *бұл, сол, ол* (зат пен есім орнына), *мұндай, сондай* (сын есім орнына), *сонша, мұнша* (бұ да), *олай, бұлай* (бұ да), *өйтпін, сөйтмеді* (етістік орнына), *өйткені, онда* (жалғауыш орнына), т.т.

Морфология, синтаксис жағы да қай сөз табының орнына жүргеніне қарай, есімдер мен етістіктердің тонын кие береді.

Етістік те есімдер сияқты, өзара сала-салаға бөлінеді. Мұны былтырғы программадан (орта мектептердің) қарарсың. Түсінбегенінді сұрасаң айтармын.

Сөз таптары туралы берер жауабым осы.

6-сұрауына. «Қазақ тілінің грамматикасы» (V кластікі).

V класс програмының бәріне емес, жартысына арналған. V кластың жартысынан VI кластың жартысына дейін оқылатын кітап II бөлімі, ол биыл шығады. V класта, менің кітабымдағының үстіне, сөз таптарынан есімдер (есімдіктен басқасы) өтілер деп шамаладық. Көп десең, ойыңды жаз.

7-сұрауына. «Өлі қосымша, өлі түбір V класқа ауыр соғатын сияқты», – депсің. Сенбеймін. Меніңше, бұларды оқытпасаң, ауыр соғатын сияқты. V класта түбір мен қосымшаны оқытпасқа ғой амалың жоқ. Оқыттың. Ал, бір күні бір бала тұрып, *ұят, оян* деген сөздердің түбірі қайсысы? деп сұраса, не дейсің? *Ұят* тұтас түбір десең, *ұял* болғанда *-т*-ның орнына *л* қалай келді демей ме? *Оян* тұтас десең, *оят* болғанда *т* келіп *н*-ның орнын қалай алды демей ме? Сонда, *ұят*-тың түбірі өлі *ұя*: *т* – есім жасаушы (*ки-іт, құры-т* сияқты) өлі қосымша; *оят*-тың түбірі – өлі *оя*; мұндағы *т қара-т* дегендегі сияқты өзгелік етістің тірі қосымшасы деп, шыныңды айтқан оңай емес пе?

Оңай болу мен қиын болу кітаптан болмай, мұғалімнен де болып қалады. Сол себепті бұл жөнінде сенің менде... **كشك** (шәгің) болса, менің сенде **م ابوشد** (шүбам) бар. Өйткені басқа мұғалімдер мұнан қиындық көрдік деп айтқан жоқ. Бұларды қалай оқытып едің? Неден бастап, нені үлгіге алып, нені іздеп, нешік жаттықтырып, немен аяқтадың? Неден нендей қиыншылық көрдің? Осыны түгел жаз, сендіре алсаң, мен өзеленбеймін, қол қоямын.

Сәлеммен ҚҰДАЙБЕРГЕН.

1936 жыл.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫ¹

I БӨЛІМ

СӨЗДІҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫСЫ

(Жалпы морфология)

Орта мектептің V класына арналған

ТАНЫСТЫРУ

§ 1. Грамматика нендей ғылым?

1. Сөз бөлшектері

Сөз ауызекі де сөйленеді, қағазға да жазылады. Жазылған сөз түгел бір кітап болуы да, шағын бір хат болуы да, тек бір кісінің аты болуы да, тіпті бір ғана әріп болуы да мүмкін.

Осы сияқты, ауызекі сөйленген сөз де ұзақ бір әңгіме, тұтас бір баяндама болуы да, немесе бір-ақ ауыз сөз болып, не бір нәрсенің ғана аты, тіпті, бір ғана дыбыс болуы да мүмкін.

Осылардың бәрі де сөз бөлшектері болады.

Сөз бөлшектерінің **кітап, әңгіме** сияқты ірілері бол, **әріп, дыбыс** сияқты ұсақтары бол, – қай-қайсысы да, бітулі киімдей, айналасы көмкерілген бір бүтін нәрсе. Сүйте тұра бұлардың бүтіндігі бір тұтас, сом бүтіндік емес; киімнің өңір, шабу, арт бой, жең, жаға бөлшектерден құралатыны сияқты, әр бөлшектің өзінің ішкі бөлшектері бар; әрқайсысы сол ішкі бөлшектерден қиындалып, құралып барып жасалады.

2. Сөз бөлшектерінің құралуы

Сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты. Ағаш, тас, кірпіш, балшықтарды қалай болса, солай құрастырып, үйе салса, үй болмайды, тек үйіншік болады. Үй болу үшін **қыйсынын тауып қалап, байлауын тауып ұстатып**; адам тұратын бөлме ме, мал қамайтын қора ма, астық жинайтын сарай ма? қайсысы екеніне – **керегіне қарай тиісті түр беру керек.**

Қиынын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай **сөгіліп кеткен сөз не тіпті сөз болмай шығады да**, немесе, адамға арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай, керекті сөзің болмай, басқа бір сөз болып шығады.

3. Сөз бұйымы мен сөз материалы

¹ Бұл еңбек бірінші рет 1936 жылы Қазақстан баспасында жеке оқулық түрінде басылып шықты. – Редакция алқасы.

Тігіліп біткен киім, тоқылып шыққан өрмек, иіріліп болған жіп сияқты, сол күйінде адам керегіне жарарлық болып жасалған затты **бұйым** дейміз. Бұйым жасауда керекті затты **материал** дейміз. Ағаш, тас, кірпіш, балшық, шеге, әйнек сияқтылар **үй деген бұйымды жасауда керекті материалдар**. Жүн, мақта, жібек, кендір сықылдылар **жіп деген бұйымды жасауда керекті материалдар**.

Бұйым біткеннің бәрі бірдей **ағаш, жүн** сықылды шикі материалдан ғана жасала бермейді, **бір бұйым екінші бір бұйымнан да жасалады**. Сөйтіп, бір бұйымның өзі екінші бір бұйымға материал болуы мүмкін. Мәселен, жүн, мақта, жібек сияқты материалдардан жасалған жіп деген бұйымның өзінен өрмек деген екінші бір бұйым жасалады. Сөйтіп, **өрмекке жіп материал** болады. Осы өрмек деген **бұйымның өзінен киім** деген екінші бұйым жасалады. Сөйтіп, өрмек киімге материал болады.

Сөз бөлшектерінің бәрі де – шикізат емес, бұйым. Өйткені, бәрі де – ірісі де, ұсағы да – сол күйінде-ақ сөздің бір керегіне жарарлық болып жасалады. Ең аяғы – жеке дыбыс та бір сөзді екінші сөзден айыруға жарайды.

Сөйте тұра сөз **бұйымдарының бірі біріне материал** болады. **Сөз бөлшектерінің әрбір ірісі – өзіне тете ұсағынан жасалған бұйым, әрбір ұсағы – өзіне тете ірісін жасайтын материал**.

Әрбір ауыз сөз – бір бітулі бұйым. Бұл бұйым нәрселердің аттарынан құралып жасалады. Сондықтан нәрсенің аттары оны жасайтын материал болады.

Сөйте тұра, нәрсенің аттарының өзі – бір бітулі бұйым. Мұны жасайтын материал – дыбыстар.

Жеке дыбыстың өзі де сом нәрсе емес. Бұл да – түрліше **салдыр** мен **үннен** құралған бір бітулі бұйым.

4. С о з м а т е р и а л ы н ы ң с ы р - с ы п а т ы м е н с о з б ұ й ы м д а р ы н ы ң ж а с а л у ж о л ы

Бұйымды дұрыс жасап шығу үшін оның қалай жасалатынын, қандай материалдан жасалатынын, ол материалдың сыр-сыпатын білу керек. Темірден құрап жасайтын да, ағаштан құрап жасайтын да бұйымдар бола береді. Темірді пісіріп, ағашты желімдеп ұстатамыз. Темірді ағашша желімдеп; ағашты темірше пісіріп ұстатпақ болсақ, материалдың сыр-сыпатын, қалай құрастыру әдісін білмегеніміз болады.

Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сыпатын білу керек. Білмесе, мұнда да темірді желімдеп, ағашты пісіргендегідей нәтиже шыға береді.

Сөзді дұрыс құраудың жолын білу – жазылатын сөзге ала-бөле керек. Өйткені, ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар.

Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы, көбінесе, ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген, я болмаса, бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінісуге болады. Оның үстіне, сөз-сөздің жігін дыбыс сазымен бірде айырып, бірде қосып айтқасын, сөздің орны жылжып кеткені де онша байқалмайды. Сөздің әні де басқа жағынан ұқсас сөздерді айырып тұрады. Дұрыс айтылмағанын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, түсінікті қылады.

Мұның бәрі де жеткіліксіз болса, ауызба-ауыз сөйлескен адам қайта сұрап алуына болады.

Жазулы сөзде бұл кеңшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, солай түсініледі, немесе, түсініксіз күйімен қалып қояды. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алуға болмайды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де жоқ.

Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет.

Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті. Өйткені, топта сөйленетін сөз де жазу тілі сияқты. Мұнда да екі кісі отырып сөйлескендегі кеңшілік жоқ.

Сөз бұйымының қалай құралатынын, сөз материалының сыр-сыпатын білдіретін ғылым грамматика аталады.

Грамматика – грек халқының сөзі. **Мағынасы – жазу танытқыш** деген. Бұлай аталу себебі – ерте кезде грамматика тек жазылған сөзді оқып түсінуге ғана кілт болған. Бүгінде грамматика жазылатын сөзді де, айтылатын сөзді де дұрыс құруға, дұрыс түсінуге үйрететін ғылым болып кетті.

§ 2. Сөз деген не?

Сөз дегенді екі мағынада қолданамыз:

Бірінші: **жазылған, сөйленген сөздің бәрін де сөз дейміз.** Мысалы, *Мен жиылыста пионерлер атынан құттықтап сөз сөйледім* дегенде, немесе, *Қатесі көп болғансын, жазғаның сөз болмай шығыпты* дегенде сөз – **айтылған, жазылған сөздің бәрі** деген мағынада.

Екінші, **нәрсенің атының бір өзін ғана сөз дейміз.** Мысалы, *Жер жүзінің пролетарлары, бірігіңдер!* деген ұранда төрт сөз бар десек, мұнда сөз деп **нәрсенің атының бір өзін ғана атаған** боламыз.

Грамматикада сөз дегенді, көбінесе, **осы соңғы мағынада** қолданамыз. Айырып айтқымыз келсе, бұл соңғы мағынасындағы сөзді жеке сөз дейміз.

1. Жеке сөз – заттың өзінің, я заттың бір белгісінің аты. Мәселен:

Бала, тас, үй – деген сөздердің әрқайсысы бір-бір заттың аты; *Биік, аласа, қызыл* – дегендер заттың **сыпат белгісінің аттары**; *Екі, бес, он* – дегендер заттың **сан белгісінің аттары**; *Жаз-у, ойна-у* дегендер заттың **іс белгісінің аттары**.

Сөйлегенде жеке заттың, немесе, заттың белгілерінің өзді-өзін ғана айтқымыз келсе, *үй, тас, бала, биік, қызыл, екі, он, ойна, жаз* деп **айырым сөздерді** айтамыз.

2. Әрбір сөз, осылай, айырым-айырым айтуға да келеді.

Бірақ, көбінесе, сөйлегенде жеке заттардың, немесе, зат белгілерінің өзді-өзін ғана айтып қоймаймыз, ол заттың **қандай** екенін, **қанша** екенін, **не істейтінін, не болатынын** да білдіреміз. Мәселен: *үй* деген заттың, **қандай екенін** де **қоса** білдіргіміз келсе, *биік* деген белгінің атын қосып, *биік үй* дейміз; *тас* деген заттың **нешеу** екенін көрсеткіміз келсе, заттың сан белгісін білдіретін *он* деген сөзді қосып, *он тас* дейміз; *бала* деген заттың **не істейтінін** айтқымыз келсе, *бала ойнайды, бала жазады* деп, *ойнау, жазу* деген, іс аттарын көрсететін сөздер қосамыз.

Нәрсенің белгісі біреу болып қоймайды, әлденешеу бола береді. Сондықтан, оның белгілерінің **қаншасын** білдіргіміз келгеніне қарай, бір заттың атына **бірнеше** белгінің атын да қосып айтамыз. *Бес биік үй салынды* десек, *үй* деген сөздің **сан белгісін көрсететін бес** деген сөзді, **сыпат белгісін көрсететін биік** деген сөзді, **іс белгісін көрсететін салынды** деген сөзді қосып айтқан боламыз.

3. Осылардағы сияқты, сөз деген – **айырым түрде ғана болып қоймай, бір-бірімен қосылып та айтылады.**

Сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің **білген затының, білген құбылысының** ғана аты.

Ел-елдің білмеген заты да, білмеген құбылысы да толып жатыр. Танымаған кісінің атын білмегеніміз сияқты, білмеген нәрсенің аты да тілімізде болмайды. Мәселен, шөптер мен жәндіктердің көбінің тілімізде аты жоқ. Өйткені, олармен көп аса кездеспегенбіз, кездесек те елемегенбіз.

Адам өзінің тіршілік тартысында кездесіп, **пайдасын я зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген.** Шөптердің **ішінде мал жейтіндерін, отын болатын, бояу болатын, ем болатын, у болатындарын ғана білген де, соларға ғана ат қойған.** Басқа заттардың аты да осылайша қойылған.

Сонымен, **білінген нәрселерге қойылған атты сөз дейміз.**

§ 3. Сөйлеу

Сөйлеген адам өзіне сөйлемейді, басқа біреуге сөйлейді. Екі атты кісі келіп, түсіп жатқанын көрсек, оны өзіміз білеміз де қоямыз. Ал, *«Екі атты кісі келіп түсіп жатыр»* десек, онда сол өзіміз **білгенді басқа біреуге білдірген** боламыз. Жазып жатқан қағазымызды бітіріп болып, үндемей отырсақ, жазып болғанымызды өзіміз ғана білеміз. Ал, *«Мен жазып болдым»* деп **сөйлесек**, сол өзіміз ғана **білгенді** енді **басқаларға да білдірген** боламыз. Аяғым тоңғанын ешкімге айтпасам, өзім ғана білем. Ал, *«Аяғым тоңды»* десем, осы **сөзімді есіткен жұрттың бәріне де білдірген** болам.

Ертең демалыс күн. Сонда менің сырғанақ тепкім келеді. Бірақ, менің ойымда, ішімде не барын басқалар білмейді. **Басқалар білсін десем, «Ертең менің сырғанақ тепкім келеді»** деп айтуым керек.

Қысқасы, мен не деп сөйлесем де, басқа біреуге өзімнің ойымнан хабар беру үшін сөйлеген болам.

Сөйлегендегі мақсат – біреудің екінші біреуге өзінің ойын білдіруі.

§ 4. Сөз бен ой

«Екі атты кісі келіп түсіп жатыр» дегенде **көріп** білгенімді білдірдім. *«Аяғым тоңды»* дегенде **тоңып** білгенімді білдірдім. *«Баяғыда біздің ауыл көшіп жүрген екен»* десем, **есітіп** білгенімді білдірем. *«Есектен ат жүйрік»* десем де, есек пен аттың шабысын талай көріп, сезіп барып білгенімді айттым. Қысқасы, нендей ойымды білдірсем де, **бәрі де өзімнің білгенімді білдіру болып шықты.**

Ой деген адамның, өзі жайлы, болмаса, төңіректегілер жайлы білгені. Сөз деген – сол білген нәрселерінің аты.

Сондықтан адам, заттар мен құбылыстар жайында **білгенін** (ойын) білдіргісі келсе, сол заттар менен құбылыстардың **аттарын** (сөздерді) айтып білдіреді – **ойды сөзбен білдіреді**.

§ 5. Сөйлем

Сөзбен білдірілген ой аяқталған түгел ой болуы да, аяқталмаған шала ой болуы да мүмкін. «*Балалар бүгін...*» деп айта түсіп, сөзді осымен үзе қойсақ, балалар жайындағы айтпақ ойымыз аяқталмай қалған болады. Ал, *балалар бүгін ойнады* десек, онда айтатын ойымыз түгенделіп, әңгіме түсінікті болады.

Ойды бір сөзбен де, бірнеше сөзбен де түгел білдіруге болады. *Қыс. Күн боран. Жердің үстін қар жапқан*, – дегенде *қыс* деген жалғыз сөздің өзі де түгел бір ойды білдіріп тұр. *Күн боран* дегенде сондай түгел бір ой *күн және боран* деген **екі сөзбен** білдірген. *Жердің үстін қар жапқан* дегенде түгел бір ойды төрт сөздің жинағы білдіріп тұр.

Балалар мектепке келді. Қоңырау дауысы естілді. Бәріміз де ішке кірдік, – деген әңгіме – біріне-бірі тіркес, аралары жақын істер жайында. Бірақ, әр істің іргесі бөлек тұр. Сондықтан, мұнда әрқайсысын бөлек-бөлек түйіп кеткен **үш түрлі** ой көреміз: бірі – **балалардың мектепке кіруі**; екіншісі – **қоңырау дауысы есітілуі**, үшіншісі – **ішке кіруіміз**.

Осындай, **аяқталған ойды білдіретін бір я бірнеше сөзді сөйлем** дейміз.

Сөйлемнің қандай түрлері болады, қандай бөлшектері болады, ол бөлшектерден сөйлем қалай құралады? – міне, грамматиканың осыларды қарайтын бір бөлімі бар. Грамматиканың бұл бөлімін **сөйлем жүйесі**, немесе, **синтаксис** дейміз.

Синтаксис грек сөзі. Қазақшасы *қоспа* деген. Сөздерді бір-біріне қосып барып сөйлем жасалатын болғандықтан, **қоспа** деп аталған.

СӨЙЛЕМ ЖҮЙЕСІНЕН БАСТАУЫШ БІЛІМ

§ 6. Сөйлемнің сазы

Сөйлем түрлі сазбен айтылады. Қандай сазбен айтылатынына қарай, сөйлем үш түрлі болады.

1. Хабар сазды сөйлем.

2. Сұрау сазды сөйлем.

3. Леп сазды сөйлем.

1. Хабар сазды сөйлем. Болған, болып жатқан, немесе болашақ оқиғалардың жайын хабарлай сөйленген болса, сөйлем хабар сазды болады.

М ы с а л ы:

Жаз шықты. Күн жылы. Жуырда құс келіп болады.

2. Сұрау сазды сөйлем. Бір нәрсе жайынан сұрала сөйленген болса, сөйлем сұрау сазды болады.

М ы с а л ы:

Каспийдің сұлулығы сұрғылт құм ба?

Кавказдың сұлулығы зәулім шың ба?

(Ілияс).

3. Леп сазды сөйлем. Бір нәрсеге тандана, опына, біреуге өтіне, бұйыра, ашулана, қуана сөйленген немесе хабар өте көтеріңкі я өте басылыңқы көңілмен берілген болса, сөйлем леп сазды болады. Тілек, ұран сөйлемдер де леп сазды сөйлемдерге қосылады.

М ы с а л ы:

Апырай, мынау бір қызық екен!

Қап, кеше келмеген екенмін!

Менің кітаптарымды осы барған кісіден қалдырмай жібере көр!

Сорғала, тіл, сорғала!

Жасасын Кеңес елі!

Хабар сазды сөйлем біткеннен кейін ұлы тыныс белгісі (.) – ноқат қойылады.

Сұрау сазды сөйлемнің аяғына сұрау белгісі (?) қойылады. Леп сазды сөйлемнің соңынан леп белгісі (!) қойылады.

Кейде сөйлем бітпей үзіліп қалады. Мұндай үзілген сөйлемді жазғанда, соңына көп ноқат қойылады.

М ы с а л ы:

Тірі келсе, көресің зой! Бірақ мен...

Тығылған жасқа булығып, сөзін де айта алмады... (Бейімбет «Шұға»).

§ 7. Сөйлем мүшелері

1. Т а н ы с т ы р у

Сөйлем түгел бір ойды білдіреді. Түгел ойды сөйлем бір сөзбен де, көп сөзбен де білдіреді. Бірақ, бір сөздің бір өзі сөйлем болуы сирек болады. **Көбінесе, сөйлемде бірнеше сөз болады.**

Бір сөзді сөйлемде түгел бір ойды бір сөздің бір өзі-ақ білдіреді. Көп сөзді сөйлемде түгел бір ойды сөйлемдегі сөздердің бәрі жиналып барып білдіреді.

Бір сөзді сөйлем – басы, қол-аяғы жоқ тас-томалақ дене сияқты. Мұның бөлек-бөлек мүшелері болмайды. Көп сөзді сөйлем – басы, кеудесі, қолы, аяғы бар дене сияқты. Мұның әр сөзі тұтас бір дененің мүшелері сияктанып, әрқайсысы түгел бір бөлшегін көрсетеді.

Сондықтан, көп сөзді сөйлемнің осындай түгел ойдың бір бөлшегін білдіретін әр сөзін **сөйлем мүшесі** дейміз.

Құс ұшады. Бала ойнайды. Күн суық деген үш сөйлемнің әрқайсысында екі-екіден мүше бар.

Боздаған үн шыққан абыржыға қарай Айша қызыл атты аяңдатып келе жатты (Сәкен) деген сөйлемде он бір мүше бар.

2. Б а я н д а у ы ш

Сөйлем деген – түгенделген ойды ауызекі, я қағаз жүзінде баяндап беретін бір сөз, я бір топ сөз. Сөйлем мүшелерінің ішінде **біреудің, не бірдеменің не қылғанын, я не болғанын баяндап тұратын бір мүше болады. Оны баяндауыш** дейміз. *Құс ұшады. Бала ойнайды* дегенде құстың, баланың **не қылатынын, күн суық** дегенде күннің **нешік** екенін, *ұшады, ойнайды, суық* деген мүшелер баяндап тұр. Сондықтан бұларды *баяндауыш мүше* дейміз.

Баяндауышты тауып алу оңай. Ол – қашан да сөйлемнің ең соңында тұрады.

«Теңдік» колхозы екі жылдық өмірді артына салғанда адам танымастық боп өзгерді. Бұрынғы ауылдың орнына жаңа ауыл, жаңа үйлер салынды... Бай-құлақтар айдалып, кедей-орташаның іргесі бірікті. Ауыл жастарының ішінен белсенді, іскер жастар шықты. Соның бірі болып Шекер де көтерілді (Бейімбет).

Міне, осындағы сөйлемдердің бәрінің де баяндауыштары аяғындағылары.

Е с к е р т у: I. Баяндауыш – сөйлемнің соңында келмейтін екі жері бар: **Бірі – ұран сөздерде; бірі – төл сөзге жалғаса, деу** сөзі баяндауыш болған жерде.

1. Ұрандарда *«жасасын!»*, *«жоғалсын!»* сияқты сөздер баяндауыш болғанда, күшейту үшін, бұлар сөйлемнің басына қойылады. Мысалы: *Жасасын, кеңес үкіметі!*

Бітсін байлар!

2. Баяндауыш *«де»* сөзі болғанда (*«де»* етістігі) басқа мүшелердің алдына да шығарылады:

– *Құжырайған шал зой – не хабар біледі дейсің, – дейді бір келіншек* (Бейімбет).

Мұнда баяндауыш – дейді.

– Ондай ойы барларың осы бастан ашып айтыңдар? – деді Жарықнас, қалың топты көзімен бір шолып өтіп (Бейімбет).

Мұнда баяндауыш – деді.

Е с к е р т у: II. Өлең сөздерде өлеңнің ұйқасы үшін сөз орны алмасып тұра береді. Соның ішінде, баяндауыш та орнынан ығысып кете береді:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман (Абай).

Арман ұлғайды десе, өлең ұйқаспайтын болғасын, ұлғайды деген баяндауышты арман дегеннің алдына шығарған.

*Еріксіз алған баурап шалдың күйі,
Жырлаған дертті жүрек, улы миы*

(Лияс).

Сөз-сөзді өз орнына қойса, «Шалдың күйі еріксіз баурап алған. Дертті жүрек, улы миы жырлаған» болар еді. Баурап алған, жырлаған деген баяндауыштар өлеңнің ұйқасымы үшін орындарынан қозғалған.

3. Б а с т а у ы ш

Сөйлем қашанда біреудің, я бірдеменің жайынан сөйленген болады: *Құс ұшады* деген сөйлем, *құс жайында, бала ойнайды* деген сөйлем *бала жайында, күн суық* деген сөйлем *күн жайында*. Осылардағы *құс, бала, күн* деген сөздер сөйлемнің **кімнің жайынан, я ненің жайынан** сөйленгендігін көрсетіп тұр.

Осындай, **сөйлемнің кімнің, я ненің жайынан сөйленгендігін көрсететін мүшесін бас мүше**, немесе, қысқартып, **бастауыш** дейміз. Жоғарғы үш сөйлемнің бастауыштары: *құс, бала, күн* деген мүшелері.

Баяндауыштың алдына **кім? не?** деген сұрауларды қойып, бастауышты тауып алуға болады: *не ұшады?* – *құс*. *Құс* – бастауыш. *Кім ойнайды?* – *бала*. *Бастауыш – бала*. *Не суық?* – *күн*. *Бастауыш – күн*.

Е с к е р т у: Бастауыштың сұрауы кейде қайсысы? қандайы? қаншасы? дегендер болып келеді.

Мектебіміздегі екі жүз оқушының биыл жиырма бесі бітіріп шықты.

Қаншасы бітіріп шықты? – *Жиырма бесі*. Бастауыш – *жиырма бесі*.

Сияның қарасы жақсы. Сияның қандайы жақсы? – *қарасы*. Бастауыш – *қарасы*. *Сияның қызылынан қарасы жақсы. Сияның қызылы мен қарасының қайсысы жақсы?* – *қарасы*. Бастауыш – *қарасы*.

4. А й қ ы н д а у ы ш

Сөйлемде бастауыш пен баяндауыштан басқа да мүшелер болады. Олар я бастауышты, я баяндауышты анығырақ, айқынырақ аңғарту үшін тұрады.

Мәселен:

*Жылы-жылы жел соқты,
Жылгалардан су соқты.*

(Илияс).

Алдыңғы сөйлемнің баяндауышы – *соқты*, бастауышы – *жел*. *Жылы-жылы* сөздері *жел* деген бастауышты айқындап тұр. Тек *Жел соқты* деп қойсақ, желдің *суық* екенін, болмаса, *жылы* екенін білмес едік. **Қандай жел** екенін айқындау үшін *жылы-жылы* деген сөздер қосылған.

Соңғы сөйлемнің баяндауышы *соқты*, бастауышы – *су*. Тек *су соқты* деп қойсақ, судың қайдан келіп соққанын білмес едік. Қайдан соққанын көрсетіп, *соқты* деген баяндауышты айқындау үшін *жылгалардан* деген сөз қосылған.


Алдыңғы сөйлемдегі *жылы-жылы*, соңғыдағы *жылгалардан* сияқты, бастауышты я баяндауышты **айқындау үшін** тұрған сөздерді **айқындауыш** дейміз.

Бастауыш пен баяндауышты **негізгі мүшелер** дейміз. Айқындауыштың өзінің айқындауышы, ол айқындауыштың тағы айқындауышы... бола беруі мүмкін.

Сатырлаған сойыл үйдің үстіне жауды (Бейімбет).

Бұл сөйлемнің баяндауышы – *жауды*, бастауышы – *сойыл*. *Сойыл жауды* деген сөздер негізгі мүшелер. Қалғандарының бәрі де айқындауыштар. *Үстіне* деген сөз қайда жауғанын көрсетіп, *жауды* деген баяндауышты айқындап тұр. *Үйдің* деген сөз *ненің үстіне* жауғанын білдіріп, *үстіне* деген айқындауыштың айқындауышы болып тұр. *Сатырлаған* деген сөз *қандай, қайткен* сойыл екенін аңғартып, *сойыл* деген бастауыштың айқындауышы болып тұр.

Айқындауышты өзінің айқындап тұрған сөзімен сызық арқылы байланыстырып көрсетсек мынадай болады:



Бір сөздің өзінің бірнеше айқындауышы болуы мүмкін:

*Тас ұршықтың тесігі
Мамадан бидай сорады*

(Илияс).



Мұнда *сорады* деген баяндауыштың бір өзінің екі айқындауышы бар.

5. Жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем

Негізгі мүшелер ғана (бастауышы мен баяндауышы ғана) бар да, айқындауыш мүшелері жоқ сөйлемді **жалаң сөйлем** дейміз.

Мен оқыдым. Сен жаздың. Оқу басталды. Егін бітік. Мал күйлі. Ауыл гүлденуде.

Міне бұл сөйлемдердің бәрі де жай сөйлемдер.

Айқындауыш мүшелері де бар болса, сөйлем – **жайылма сөйлем** болады.

Мысалы:

Мен жақсы оқыдым. Сен әдемі жазасың. Оқу жаңа басталды. Колхозымыздың егіні өте бітік. Биыл қай мал да тым күйлі. Колхозданған жаңа ауыл гүлденуде.

Міне бұл сөйлемдердегі жуан әріппен жазылған сөздер айқындауыштар. Сондықтан бұлар жайылма сөйлем болады.

6. Толық сөйлем мен олқы сөйлем

Негізгі мүшелері түгел (бастауышы да, баяндауышы да бар) сөйлемді **толық сөйлем** дейміз. Жоғарғы 5-тармақтағы сөйлемдердің бәрі де толық сөйлемдер.

Қартайдық. Қайғы ойладық. Ұлғайды арман (Абай), деген бір жол өлеңнің соңғы сөйлемі толық сөйлем.

Негізгі мүшелерінің (бастауышы мен баяндауышының) не біреуі, не екеуі де жоқ болса, сөйлем **олқы сөйлем** атанады.

Қартайдық. Қайғы ойладық. Ұлғайды арман, дегендегі алдыңғы екі сөйлем олқы сөйлемдер. Өйткені олардың негізгі мүшелерінің біреуі (бастауыштары) жоқ.

§ 8. Сөз қиыны

Сөйлемде бір сөз болмай, бірнеше сөз болса, бұл сөздер бір-бірімен қиындасап тұруы керек. Қиынын келтірмей құрастырған сөйлем, не тіпті сөз болмай шығады да, немесе, айтайын деген сөзің болмай, басқа бірдеме болып шығады.

Жоғарғы:

*Тас ұршықтың тесігі,
Мамадан бидай сорады, –*

деген өлеңнің алдыңғы жолындағы сөздерді тұрған орындарынан қозғап, *Тас тесігі ұршықтың* деп, я *Тесігі тас ұршықтың* деп өзгертсек, сөз болмай шығады. Соңғы жолын *мамадан бидай сорады* деудің орнына *Мама бидай сорады* деп *Мамадан* деген сөздің **-дан** дегенін алып тастасақ, Бидайды мама сорады болады да, айтайын деген сөзін болмай, басқа болып шығады.

Сөздің қиыны келу үшін екі шарт керек:

Алдымен, әр сөзді орны-орнына дұрыс қою керек; тиісті орны ауысып кетсе де, қиыны келмейді.

Екінші, оның үстіне, бір сөзді екінші сөзге байлап беретін жалғаулар бар; соны дұрыс жалғау керек; тиісті жалғауы жалғанбай қалса да, я теріс жалғанса да, сөздің қиыны келмейді.

Жоғарғы *Тас ұршықтың тесігі* дегенді *ұршықтың тесігі тас* деп, я *тас тесігі ұршықтың* деп өзгерткенде қиыны қашып кетуі – сөз-сөздің орны алмасып, тиісті тәртібі бұзылғаннан.

Мамадан бидай сорады, – дегенді *мама бидай сорады* деп өзгерткенде сөздің қиыны келмеуі – *мама* деген сөздің тиісті жалғасы (**дан**) жалғанбай қалғаннан. *Біз мектепке келді-к* деудің орнына *біз мектепке келді-м* десек те дұрыс болмай, сөздің қиыны қашады. Мұндағы, бұзып тұрған – жалғауды дұрыс жалғамай, теріс жалғағандық, (**-к** орнына **-м** жалғағандық).

§ 9. Сөздің тура күйі мен бұрма күйі

Сөздер сөйлем ішінде екі күйде кездеседі: **1. Тура күйде, 2. Бұрма күйде.** Жоғарғы *тас ұршықтың тесігі* деген үш сөздің *тас* деген біреуі-ақ тура күйде тұр, қалған екеуі: *1. Ұршық-тың 2. Тесіг-і* дегендер бұрма күйде. Тура күйінде бұл екеуі *ұршық, тесік* түрінде болар еді.

Сөз, жеке тұрғанда, тек тура күйде болады. Мәселен, *тесік, ұршық* деген сөздерді бөлек-бөлек айтқанда еш уақытта да *тесігі, ұршықтың* демейміз, *тесік, ұршық* дейміз.

Сөйлем ішінде сөз тура күйде де, бұрма күйде де бола береді.

*Көкке жеткен зәулім үйдің
Терезесі – жұлдыз шам
(Бейімбет).*

дегенде *жеткен, зәулім, жұлдыз, шам* деген төртеуі тура күйде тұр да, *көкке, үйдің, терезесі* деген үшеуі бұрма күйде тұр. Тура күйінде бұл үшеуі *көк, үй, терезе* болар еді.

Сөйлем ішіндегі сөздердің бірде тура күйде, бірде бұрма күйде болатыны – сөздің қиындасуы үшін керек. Жеке тұрған сөздің тек тура күйде болатыны – басқа сөз бен қиындасудың керегі жоқтықтан.

Сөйлем ішіндегі сөздер тура күйде тұрып-ақ қиындаса беруі мүмкін.

Жас қартаймақ. Жоқ тұмақ. Туған өлмек (Абай) дегенде сөздер тура күйде қиындасып тұр. Тура күйде қиыны келмейтін болса, бұрып әкеліп қиындастырамыз.

Бәрі – осының, Бибіш-ау, бесжылдықтың олжасы! (Бейімбет) дегенде «*Бибіш ау*» деген қаратпа сөзден басқасының бәрі де бұрма күйде тұр. Өйткені, бір-біріне қиындастыру үшін «осы» дегенді *осының* деп, бар дегенді (бары) бәрі деп бұрып әкелу керек болған. «Бес жылдық» деген сөз бен «олжа» деген сөзді байланыстыру үшін алдыңғысын бесжылдықтың деп, соңғысын олжасы деп бұруы керек болған. Бұрма сөздің осындағы «ы», «сы», «ның», «тың» сияқты бөлшектерін жалғау дейміз.

Тура сөзден бұрма сөз жасау үшін – тура сөзге жалғау жалғау керек. Бұрма сөзден тура сөз жасау үшін – жалғауын алып тастау керек.

§ 10. Жалғауыштар

Сөз тәртібі мен жалғаудан басқа да сөз-сөзді байланыстырып, қиынын келтіретін бір сөздер бар. Ондай сөздерді **жалғауыш** дейміз.

Жылқы да, сиыр да – мал.


Колхозшылардың *жеке меншігіндегі қой мен сиыр көбейіп келеді*, – дегендегі **да, мен** дегендер жалғауыш. Бұлар *жылқы мен сиырдың, сиыр мен қойың* араларына дәнекер болып, оларды бір-біріне байланыстырып тұр. Осы сияқты үшін, *сайын, шейін* дегендер де жалғауыш болады. Көп білу **үшін** көп оқимын дегенде үшін жалғауышы *білу* деген сөзді *оқимын* деген сөзбен байланыстырып тұр. Ол болмай, *көп білу көп оқимын* деп қойсақ, сөздер байланыспай, қиыны келмей шығар еді. *Колхозымыздың малы жыл сайын көбейіп келеді* дегенде *сайын* деген жалғауыш *жыл* деген сөзді *көбейіп* деген сөзбен байланыстырып тұр. Ол болмаса, *колхозымыздың малы жыл көбейіп келеді* болып, сөз қиыны қашар еді.

Да, мен, үшін, сайын сияқты сөздер бұрма күйде тұра алмайды, үйткені бұларға жалғау жалғанбайды. **Бұлар тура сөз бола алмайды.** Өйткені, тура сөздердей онаша күйде айтылмайды, басқа бір сөздің шылауында ғана тұра алады.

§ 11. Жетек сөз бен жетекші сөз

Сөйлем ішінде сөздер бірін-бірі ерте де, біріне-бірі ере де байланысады. Еруші сөзді **жетек сөз**, ертуші сөзді **жетекші сөз** дейміз.

Біздер мектепке келді-к деген сөйлемдегі үш сөздің байланысуы мынадай: бірінші – *біздер* деген сөз бен *келдік* деген сөз бір байланысқан: *кім келді?* – *Біздер келдік.* Екінші – *сол келдік* деген сөз бен *мектепке* деген сөз тағы байланысқан – *Қайда келдік? Мектепке келдік.* Сүйтіп, бұл үш сөз жағалай матастырылмаған. *Біздер* деген мен *мектепке* дегеннің екеуі жиналып *келдік* деген бір сөзге арқандалған. Мұның арқандалу ретін сызықпен көрсетсек, мынадай болады:




Енді, осы байланысқан әрбір екі сөздің өзара қалайша байланысқанын қарасақ, бірін-бірі ертіп, біріне-бірі еріп тұрғанын көреміз. *Біздер* деген сөз *келдік* деген сөзді ертіп тұр, *келдік* деген сөз *мектепке* деген сөзді ертіп тұр.

Қайсысының ертіп, қайсысының еріп тұрғанын жалғауынан білуге болады. *Біздер* деген сөздің орнына *мен* деген сөзді қойсақ, *келді-к* сөзінде *-к* жалғауы тұра алмайды: *мен келді-к* деп айтуға болмайды, *мен келді-м* деп *к*-нің орнына *-м* жалғауын қойып айту керек. Өйткені, *-к* жалғауын керек қылып тұрған *біздер* деген сөз еді, оны алып тастап, орнына басқа сөз қойғасын, ол басқа сөз басқа жалғауды керек қылып тұр. *-М* жалғауын керек қылған *мен* деген сөз. *Келді* деген сөз тура күйінде *біздер* деген сөз бен қыйындаспайды. Оны қыйындастыру үшін *келді* сөзіне *-к* жалғауын жалғап, бұрып әкелу керек. **Тура күйінен айрылып, бұрма күйде түскен сөз басқа бір сөздің жетегіне ерген жетек сөз болады.** Оны жетектеген сөз жетекші сөз болады. Мұнда *келдік* – жетек сөз, *біздер* – жетекші сөз.

Енді, *келдік* пен *мектепке* деген екі сөздің өзара байланысын қарасақ, мұнда *келдік* – жетекші де, *мектепке* жетек сөз. Өйткені, *мектепке* сөзіндегі *-ке* жалғауын керек қылып тұрған – *келдік* сөзі, мұның орнына *көрдік* деген сөзді әкеліп қойсақ, *мектепке көрдік* деуге болмайды, *мектепті көрдік* деп, *-ке* жалғауының орнына *-ті* жалғауын қою керек болар еді. Сөйтіп, *келдік* деген сөз бұл арада бір сөзге жетек бола тұрып, енді бір сөзге өзі жетекші болып тұр.

Жоғарыда бұл сөздердің байланысын сызықпен таңбалағанда тек қай сөз бен қай сөздің байланысып тұрғанын ғана көрсетіп едік. Енді *қай сөз, қай сөзді жетектеп тұрғанын да сызықпен таңбаласақ, мынадай болады* (саржаның үші қараған жағы – жетектеген – жағы):

Біздер деген сөз **келдік** деген сөзді жетектеп тұр; *келдік* – *мектепке*-ні жетектеп тұр.



Бұрма сөздің (жалғаулы сөздің) бәрі де жетек сөздер, тура сөз етек те, жетекші де бола алады.

Е с к е р т у: Бұрма сөз бір сөзге жетек бола тұрып, басқа сөздерге өзі жетекші де болады (*Біздер мектепке келдік* дегендегі *келдік* сияқты). Бірақ, басқа сөзге жетекші болсын, болмасын, жалғауы бар сөз әйтеуір бір сөзге жетек болмай қалмайды.

§ 12. Анықтауыш пен толықтауыш

Сөйлемнің айқындауыш мүшелері екі түрлі болады: бірі өзінің айқындайтын мүшелеріне **жалғау жалғап барып** жетектеледі, бірі **жалғаусыз** жетектеледі. Жалғаулы айқындауышты **толықтауыш** дейміз. Жалғаусыз айқындауышты

анықтауыш дейміз. Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыштан басқа жалғаусыз сөздің бәрі де анықтауыш болады. Баяндауыштан басқа жалғаулы сөздің бәрі де **толықтауыш** болады.

Жақып ұзақ сөйледі. Дәуіттің, Қасымның жаман жағын түгел ашып берді. (Бейімбет) дегенде *ұзақ, жаман, түгел* деген сөздер – **анықтауыш**. *Дәуіттің, Қасымның, жағын* деген үшеуі – **толықтауыш**.


§ 13. Сөйлем мүшелерінің орын-орны

Баяндауыш сөйлемнің ең аяғында, бастауыш өз баяндауышынан бұрын келеді (§ 7).

Анықтауыш өзінің анықтаған сөзінен, толықтауыш өзінің толықтаған сөзінен бұрын келеді.

1 2 3 4 5 6 7 8
Бұл – мал күткен, малға ықылас берген бейілдің көрмесі
 (Мұқтар).

Мұнда бастауыш – *бұл*, баяндауыш – *көрмесі*. Көрмесі деген сөздің толықтауышы – *бейілдің*. Бұл сөз өз толықтауышысы *көрмесі* дегеннен бұрын келген. *Бейілдің* деген сөздің екі анықтауышы бар: бірі – *берген*, бірі – *күткен*. Екеуі де өзінің анықтаушысынан (*бейілдің* дегеннен) бұрын келген. *Берген* деген сөздің екі толықтауышы бар: бірі – *ықылас*, бірі – *малға*. Мұның екеуі де өз анықтауышысынан (*берген-нен*) ілгері тұр. *Күткен* деген сөздің бір толықтауышы бар. Ол – *мал*. Бұл өзінің толықталушы сөзінің (*күткен-нің*) алдында тұр. Мұндағы сөздердің қалайша қыйындасып тұрғанын сызықпен көрсетсек, мынандай болады:



III БӨЛІМ

СӨЗ ТҰЛҒАЛАРЫ

§ 14. Таныстыру

Сөздің бір қалыпта тұрмайтын, бір сөздің өзі бірде тура күйде, бірде бұрма күйде болып, өзгеріп, түрленіп отыратынын бұрыннан да білуші едік.

*Ауылдың алды айдын көл,
Айдын көлде шағала.
Айдын көлді жағала! –
(Лияс)*

дегенде *айдын* деген сөз үш рет келген. Үшеуінде де бір қалыпта, бірінің-бірінен айырмасы жоқ. *Көл* деген сөз де үш рет келген, бірақ, бұл – үшеуінде үш түрлі:

бірінші жолда – *көл* түрінде,
екінші жолда – *көлде* түрінде,
үшінші жолда – *көлді* түрінде.

Осындағы сияқты бір сөздің өзі түрлі орында түрліше кейіпке кіруі мүмкін. **Сөздің сыртқы көрінісін сөздің тұлғасы** дейміз. Сыртқы көрінісінің (кейпінің) түрленуін сөз тұлғасының түрленуі дейміз. Анау – *көл, көлде, көлді* – дегендердің бәрі де сөз тұлғасының түрленулері.

Сөз тұлғасының түрленуі, я сөздің түпкі мағынасына жаңа мағына үстеу үшін ғана керек; я болмаса, сол сөзді басқа бір сөзбен байланыстыру үшін керек.

Сөз тұлғасының түріне қарай, мынадай алты арыс болады:

1. Түбір сөз,
2. Қосымшалы сөз,
3. Кіріккен сөз,
4. Қыйулы сөз,
5. Қосар сөз,
6. Қосалқылы сөз.

Сөз-сөздің қалай құралатынын жалпы түрде қарайтын ғылымды жалпы морфология дейміз.

§ 15. Түбір сөз бен қосымшалы сөз

Сөздің түп мағынасын беретін бөлшегін **түп бөлшек** немесе қысқартып, **түбір** дейміз.

*Айдын көл-де шағала.
Айдын көл-ді жағала, –*

дегенде тұлғасы бірде *көл-де*, бірде *көл-ді* болып, екі түрде тұрған сөздің екеуінің де түп бөлшегі *көл* дегені.

Көл дегенің көл-шік тағы дегендегі *көлшік* сөзінің де түп бөлшегі *көл*. *Көл-де, көл-ді, көл-шік* сөздерінің түп мағынасын беріп тұрған **түбірі** – осы *көл* деген бөлшек. Қалған **-де, -ді, -шік** деген бөлшектері **қосымша**.

Сөздің түбірі, осындағыдай, қосымша алып та, қосымшасыз тек өзі де тұра береді. *Ауылдың алды айдын көл, көл дегенің көл-шік тағы* дегендерде *көл* сөзі түбір болғандықтан, қосымшасыз оңаша да тұр.

Сөздің қосымша бөлшегі түбірі бар сөзге қосылмай тұра алмайды. Оңаша күйде пайдаға аспайды.

Сөздің түбірі қосымшасыз, өзі ғана тұрса, түбір сөз дейміз. *Айдын көл, көл дегенің* дегендегі қосымшасыз тұрған *көл* сөздері – түбір сөздер.

Сөздің түбірі оңаша тұрмай, қосымша қосып алып тұрса, қосымшалы сөз дейміз.

Көлде, көлді, көлшік түрінде тұрған сөздердің бәрі де **қосымшалы** сөздер.

§ 16. Жалғаулы сөз бен үстеулі сөз

Қосымша екі түрлі: бір түрі өзі жалғанған сөзді басқа бір сөзбен қыйындау үшін керек; екінші түрі өзі жалғанған сөздің түп мағынасына ғана мағына үстеу үшін керек.

*Айдын көлде шағала (отыр),
Айдын көлді жағала! –*

дегенде *де* қосымшасы *көл* деген сөзді *шағала* деген сөзбен қыйындастыру үшін тұр. Бұл *де* қосымшасын жалғамай, *айдын көл шағала* деп қойсақ, сөздер қыйындаспас еді, *көл-ді* дегендегі *ді* қосымшасы да *көл* сөзін *жағала* деген сөзбен қыйындастыру үшін тұр.

Осындай, **бір сөзді басқа бір сөзбен қыйындастыру үшін жалғанатын қосымшаны жалғау** дейміз.

Көл дегенің көл-шік тағы? дегендегі *көл* сөзіне жалғанған **шік** қосымшасы бұл сөзді басқа сөзбен қыйындау үшін емес, *көл* сөзіне ғана мағына үстеу үшін тұр. *Көлшік* десек, үлкен емес, *кішкене көл* екенін көрсеткен боламыз.

Осындай, **сөздің түп мағынасына үстеме мағына қосатын қосымшаны үстеу** дейміз.

Түбір сөзге жалғау қосылса, **жалғаулы сөз** болады. *Көл-де, көл-ді* дегендер, осындай, **жалғаулы сөздер**.

Түбір сөзге үстеу қосылса, **үстеулі сөз** болады. *Көлшік* деген **үстеулі сөз**.

Үстеу көп болады да, жалғау аз болады.

Қазақ тілінде қосымшаның бәрі де түбірдің соңғы жағынан жалғанады. *Көл-де, көл-ді, көл-шік* деген сөздердің бәрінде де *көл* деген түбірі алдында, қосымшалары онан кейін тұр.

Үстеу мен жалғаудың түбірге екеуі де жалғанса, үстеу бұрын келеді де, ең соңынан жалғау келеді.

*Орақшының орағын алды,
Сушының шелегін алды, –*

дегенде, *орақ-шы-ның, су-шы-ның* деген сөздер әрі үстеулі, әрі жалғаулы сөздер. Бұлардың аяғындағы **-ның** қосымшасы – жалғау. Бұл жалғау *орағын, шелегін*

деген келесі сөздер мен байланыстырып тұр. Жалғаудан ілгері тұрған *-сы* қосымшасы – үстеу. Бұл *орақ, су* дегендер сөздердің мағынасын үстеп тұр. *Орақ, су* дегендер заттың аты еді, енді *орақ-шы, су-шы* болып үстелгеннен кейін **орақ жұмысын, су жұмысын істейтін адам** деген мағына шығып тұр.

Жалғау, көбінесе, бір сөзде біреу-ақ болады да, бір жалғаудың үстіне екінші жалғау жалғанбайды.

Үстеу бірінің үстіне бірі жалғана береді де, бір сөзде біреуі ғана болмай, бірнешеуі бола береді. *Сушы* деген сөздің түбірі – *су*, үстеуі *-шы*. Мұнда үстеуі біреу-ақ. Ал, *орақшы* деген сөздің түбірі *ор*, үстеулері бірінші – *-ақ*, екінші *-шы*. Мұнда екі үстеу бар. *Ор-ақ-шы-лық* десек, бір сөздің өзінде-ақ *-ақ, -шы, -лық* деген үш үстеу болады.

Үстеу нешеу де болса, түбір мен жалғаудың екі аралығында ғана болады да, жалғаудан кейін келмейді. Жалғау түбірге де, үстеуге де жалғанады.

Ескерту: *Орақшының орағын алды, сушының шелегін алды* дегендегі, *орағ-ы-н, шелег-і-н*, деген сөздерде жалғау екі-екіден. Бірінші жалғау (ы-і) алдыңғы *орақшы, сушы* деген сөздер мен қиындасу үшін тұр да, екінші жалғау (-н) соңындағы алды деген сөзбен қиындасу үшін тұр. *Орағ-ы, шелег-і* сияқты сөздердегі жалғау тура жалғау атанады. Өйткені, бұлар жалғанғаннан кейін де, сөз бұрма күйге түспей, тура күйде қала береді. Басқа жалғаулар **бұрма жалғау** атанады. Өйткені, бұлар сөзді тура күйде қалдырмай, бұрма күйге салып жібереді. Тура жалғаулы сөз жалғаусыз, тура күйде тұрған сөз есеп, оның соңынан бұрма жалғау жалғана береді. *Шелег-і-н, орағ-ы-н* деген сөздерде екі жалғау бірінің артынан бірі келген себебі – бірі (алдыңғысы) тура жалғау, бірі (соңғысы) бұрма жалғау болғаннан. Тура жалғау мен бұрма жалғаудың әрқайсысы өзді-өзі тіркесіп келмейді.

Ескерту: Өзінің соңынан үстеу келтіретін екі-ақ жалғау бар. Бірі – *көлде, ауылда* деген сөздердегі *-да, -де* жалғауы. Мұның соңына *-ғы, -гі* үстеуі тіркеле алады. *Ауыл-да-ғы, көл-де-гі* деуге болады. *-Да, -де*-ден басқа жалғаудың соңынан үстеу келмейді де, *-да, -де* жалғауының соңынан *-ғы, -гі*-ден басқа үстеу келмейді. Екіншісі – *көл-дей, нар-дай* дегендегі *-дай, -дей* жалғауы. Мұнан кейін көптік үстеуі *-лар* келе алады. *Үй-дей-лер-і, нар-дай-лар-ы-н* сықылды.

Осы екі ескертудегіден басқа жердің бәрінде де жалғау, жалғаулы сөздің аяғында ғана тұрады.

Үстеу де, жалғау да өздігінен пайдаға аспайтын, тек түбірлі сөзге қосылып қана тұра алатын болғандықтан, екеуін бір қосып **қосымша** дейміз. **Үстеулі я жалғаулы сөзді қосымшалы сөз** дейміз.

Түбір сөз де, үстеулі сөз де сөздің өз басының мағынасын беретін болғандықтан бұл екеуін бір қосып **негіз сөз** дейміз.

Түбір негізді **түп негіз**, үстеулі негізді **туынды негіз** дейміз. *Көл-де, көл-шік-те* деген екі сөздің негіздері алдыңғысында *көл*, соңғысында *көлшік*. *Көл* – түп негіз, *көлшік* – туынды негіз.

Түбір сөз, үстеулі сөз,
жалғаулы сөздердің емлесі

Түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің әрқайсысы бір-бір тұтас сөз саналады да, өзге сөзден бөлек, әр түбір өзінің қосымшаларымен қосылып жазылады. Мысалы: *ор, орақшы, орақшының, көл, көлшік, көлшіктерде*.

§ 17. Өлі қосымша

Қосымшалардың осы күнде де үстеулі сөз жасай алатынын, немесе, бір сөзбен екінші сөзді осы күні де байланыстыруға жарайтынын тірі қосымша дейміз.

Мысалы: *Темір-ші, ойн-а, колхоз-дың, ауыл-да* деген сөздегі **-шы, -а, -дың, -да** қосымшалары, осындай, тірі қосымшалар.

Бірқатар сөздердің түбір қанаты анық көрініп тұрса да, қосымша қанаты сол сөзден айрылып, басқа сөзге жалғауға келмейтін болады. Мысалы: *ертең* деген сөзде – *ерте, соңыра* деген сөзде – *соң, жоңқа* деген сөзде – *жон* түбірлері бөлек шығып-ақ тұр. Өйткені, *ерте, жон, соң* деген түбірлер жеке тұрып та қолданыла береді. Бірақ, *ертең*-дегі **-ң, соңыра**-дағы **-ра, жоңқа**-дағы **-қа** ана сөздерден бөлініп, басқа сөзге жалғанбайды. Олар бір кезде тірі қосымша болып жүрген де, бүгінде қосымша болуды қойып, түбір мен бірігіп қатып қалған.

Осындай, **бүгінде қолданылудан шығып қалған қосымшаларды өлі қосымша** дейміз.

§ 18. Өлі түбір

Түбірдің де өлісі, тірісі болады. Мысалы: *күрес, жарыс* деген түбірлердің соңғы **-с, -ыс** дыбысы осы күні де тірі қосымша. Мұны *соқ* деген түбірге қоссақ, *соғ-ыс, айт* деген түбірге қоссақ, *айтыс* болады. Соңындағы **-с** үстеу болған соң, оның алдыңғысы – түбір болмақ.

Сонда, *күрес, жарыс* деген сөздердің түбірі *күре, жар* болып шығады. Бірақ, қазақ тілі бүгінде *күресу, жарысу* мағынасындағы *күре, жар* деген түбірлерді білмейді. Сондықтан: бұларды **өлі түбірлер** дейміз.

Үстеулі сөз бен жалғаулы сөздің түбірі өлісі де, үстеулі я жалғауы өлісі де қосымшаларымен қосылып барып бір түбірге есептеледі.

Қ о с ы м ш а л а р д ы ң т а р и х ы

Қосымшалар тілге тура біткен нәрсе емес. Түбір сөздердің бірқатары басқа түбірмен қосақталып жүре-жүре азып барып, қосымша болып кеткен. Мысалы: *оқушы-мын, оқушы-сың, оқушы-мыз, оқушы-сыз* дегендегі *мын* қосымшасы *мен* деген түбірден, *сыз* қосымшасы *сіз* деген түбірден азып барып жасалған. Қосымша болғаннан кейін түрі бұдан да гөрі өзгеріп, танымастай болып кете береді. Мәселен: *осы, мен* деген түбірден жасалған *мын* қосымшасы қысқарып тек **м** деген бір дыбыс та болып қалады: *жазамын* деп те, *жаза-м* деп те айтамыз; осыған қарағанда *ата-м, ана-м* дегендегі **м** қосымшасы да *мен* деген түбірден жасалған деуге болады.

Кіта-бы, бала-сы дегендегі **-ы, -сы** қосымшаларыда *о(ол) со(сол)* деген түбірлерден жасалып барып, танымастай болып өзгерген. *Жаза-тын, оқый-тын* деген сөздердегі *тын* қосымшасын *тұғын (жазатұғын, оқитұғын)* деп те айтамыз. Бұл қосымша *о* бастағы *тұрған* деген қосымшалы сөзден қысқарып барып жасалған.

Қосымшалардың бәрінің де жасалуы осылар тәрізді.

Осыларға қарағанда, бір кезде қосымша деген болмай, тілде өңкей түбір сөздер ғана болғандығы байқалады. Қосымша қолданбайтын, өңкей түбір сөз ғана жұмсайтын тілдер осы күнде де бар.

§ 19. Кіріккен түбірлер

Өлі түбірлі, не өлі қосымшалы сөздер сияқты, ішкі жігін бүгінде жоғалтып, бірігіп кеткен сөздердің бір сыпырасы, түбір мен жалғаудан құралмай, өңшей түбірлерден құралған:

Мысалы: *ашудас* сөзі – *ашу+тас* деген екі түбірден,

күндіз – *күн+дүз (жүз, бет)* деген екі түбірден,

айаз – *ай+юз* деген екі түбірден,

белбеу – *бел+бау* деген екі түбірден,

*қаралат*² – *қара+ала+ат* деген үш түбірден құралған.

Осындай екі түбір, үш түбірден құралып тұрып, бір түбір болып кеткен сөздерді **кіріккен түбірлер** дейміз.

§ 20. Кіріккен сөздердің көнесі мен жаңасы

Кіріккен сөздер алғашқы қалпын жоғалтып, бірімен-бірі қыйындасып кеткен. Қиындасқанда не екеуінің дыбысын бірыңғайластырып қиындасқан, не, оның үстіне, аралығындағы дыбыстардың бірсыпырасын ысырмалап, қуып шыққан.

Мысалы: *белбеу* деген кіріккен сөзде *бел+беу* деген екі сөз қиындасып, бір сөз болып кету үшін, соңғысының **а** дыбысы **е** дыбысына айналып, алдыңғысының қалпына түскен. *Кішкене* деген кіріккен сөзде *ғана* қосалқысы жіңішкеріп, *кене* болғанының үстіне, *кіші* сөзінің соңғы **і** дыбысы түсіп қалып, қиындасқан. *Келі+сап* деген екі сөз бір сөз болып кіріккенде, *келі* сөзінің соңғы дауысты дыбысы (**і**) жоғалып кеткен.

Кіріккен сөздердің бәрі бірдей қиындасып үлгірмеген. Бірсыпырасы, мәселен: *қаралат, аяз* сияқты сөздер, ізін таптырмастай болып, жымдасып, ішкі жігін жасырған. Енді, бірсыпырасы, мәселен *жермай, бесжылдық* сияқтылары, әлі кірігіп кетпеген.

Ерте құралып, арасының жігін жоғалтып кеткен сөздерді **кіріккен сөздердің көнесі** дейміз.

Жаңадан құралып, әлі жігін жоғалтпағандарын – **жаңасы** дейміз. Кіріккен сөздердің көнесін қосып жазамыз. Жаңасының *қолғап (қол+қап)*. *Күнбағыс, айғабақ, асқабақ, белбуар (белуар)* сияқты, бір мағына беретін дауыссыздарын

² Бұл мысал кіріккен сөзге жатпайды. – Редакция алқасы.

қосып жазамыз да, бірқатарының емлесі әлі орнықтағандықтан, бірде олай, бірде былай жазылып келеді.

Кіріккен сөздердің қандайын қосып жазу керектігін **емле сөздігінен** қарау керек.

Түбірлердің құралу тарихы

Түбір сөздер бүгінде бөлшектеуге келмейді. Сондықтан олар бір тұтас, сом нәрселер сияқты болып көрінеді. Бірақ, байқап қарағанда түбір сөздердің де көбісі құрама болғандығы, бүгінде бөлшектерінің жігі білінбей кеткендігі байқалады.

Күндіз, аяз, белбеу сөздері сияқты, бірқатар түбірлер екі түбір, үш түбірден құралып барып, жігін білдірмей, бір түбір болып кеткен.

Пышақ, бүйрек, көкрек, жарыс, күрес, айт, қайт, өлтір, жамыл, жапсыр, кезе сияқты бөлшектенбейді дейтін түбірлер: *пыш+ақ, бүйір+ек, көкір+ек, жар+ыс, күре+с, ай+т, қай+т, өл+тір, жам+ыл, кез+е* деген бір түбір, бір үстеуден, жапсыр сөзі *жап+с+ыр* деген бір түбір, екі үстеуден құралған.

Бұлардың ішінде *пiш, бүйір, өл, жап, кез* деген түбірлер мен барлық үстеулер осы күнде де бар. Бұлар – тірі түбір, тірі үстеулер. *Жамыл* деген сөздің түбірі жам; бұл – *жап* деген түбірдің бір түрі. Ал, *көкір, қай, ай* деген түбірлер біздегі *көкірек, қайт, айт* мағынасымен осы күнгі тілдердің бір қатарында әлі күнге шейін жұмсалады. *Жар, күре* деген түбірлер ешқайда да болмағанмен, соңындағы **-с** үстеуі бұлардың бұрын түбір болғанын айтып тұр.

Сонымен, түбір сөздердің де тұтастығы туа біткен тұтастық емес, бұрын құрама болып тұрып, келе-келе жігін жоғалтып барып тұтас сөз болып кеткендігі анықталады.

§ 21. Қиюлы сөз

Еңбеккүн, белбеу, қолғап, ашудас, жермай сияқты сөздердің әрқайсысы екі сөзден құралып бір нәрсенің атын көрсетіп тұрғанын, сондықтан мұндайлардың әрқайсысы о баста екі сөз болғанмен, бүгінде бір сөз болып кеткенін білуші едік. Мұндай кіріккен сөздердің құрылысы осы күнгі қазақ тілінде екі түрлі. Бірін – **жалғасулы кіріккен**, екіншісін – **қиюлы кіріккен сөз** дейміз.

Жалғасулы кіріккен сөз тұтас күйінде тұрып-ақ тек жалғасып кірігеді. Ол – ана *қол+ғап, ашу+дас* сияқтылар. Мұнда *қол* сөзі мен *қап* сөзі, *ашу* (*ащы*) сөзі мен *тас* сөзі бұзылмай-жарылмай ғана жалғасып барып кіріккен.

Қиюлы кіріккен сөздер, ондай, тұтас тұрып жалғаспайды, жарықшақталып, қиюы келтіріліп барып кірігеді. *Ауатком, аухалтер, партком* сөздері, осындай, қиюлы сөздер *ау+ат+ком* сөзі *аудандық атқару комитеті* деген үш сөзді қиюлап барып жасалған. *Ау+хал+тер* сөзі *аудандық халық тергеушісі* деген үш сөзді қиюлап барып жасалған. *Парт+ком* сөзі *партия комитеті* деген екі сөздің қиюын келтіріп жасалған.

Қиюлы сөздердің құрылысы үш түрлі болады:

- а) буын қиюлылар,
- в) әріп қиюлылар,
- с) аралас қиюлылар.

Қазатком сияқты қиюлы сөздер, әр сөздің бас буынын қиып алып жасалған. Қазақстан дегеннің қаз – деген буынын, атқару дегеннің ат – деген буынын, комитет дегеннің ком – деген буындарын қиып алып, қаз+ат+ком деп құрастырған. Бұл – **буын қиюлы** болғаны.

ҚазПИ (Қазақстан Педагогика институты) сияқты қиюлы сөзде біреуінің бас буыны (Қаз), қалған екі сөздің бас буындары емес, тек бас әріптері ғана (педагогика сөзінің **п әрпі**), институты дегеннің **и әрпі**) алынып қиюланған.

Қиып алынғаны бірде буын, бірде әріп болып, араласып келгендіктен, мұндайды **аралас қиюлы** дейміз.

Қазақ баспа сөзінен әлі орын теуіп жарымаған енді бір түрі бар оны **әріп қиюлы** дейміз. Халық комиссарының советі деген үш сөздің кілең бас әріптерін алып қосып ХКС деген бір сөз жасауға болады. Міне, бұл – **әріп қиюлы** сөз болады.

Жазылғанда буын қиюлылар жай сөздерше жазылады. Мысалы: ауатком. Әріп қиюлылардың бар әріптері де бас әріппен жазылады. Мысалы: ХКС. Аралас қиюлылардың буын қиюлы жері кіші әріптермен, әріп қиюлы жері бас әріппен жазылады. ҚазПИ (Қаз деген буынның бірінші әрпі бас әріп болуы – жалқы есім болғаннан).

Қиюлы сөз жасау амалы қазақ тілінің Октябрьден бері тапқан олжасы. Сондықтан, бұл – сөз жасаудың басқа түрлеріндей тегіс жайылып болмаған, жаңа нәрсе. Бірақ, бұл өзі өте ыңғайлы болғандықтан, күннен-күнге көбейіп, қазақ тілінен де орнықты орын теуіп келеді. Сондықтан, туынды сөздің қалай жасалатынын білу қандай керек болса, қиюлы сөздердің қалай жасалатынын білу де сондай керек.

Қиюлы сөздің жасау амалының сонылығына бола, мұны жатсынып жатырқауға болмайды. Өйткені, жалғыз бұл емес, сөз құрудың басқа амалдарының да бәрі бір күнде пайда болмаған, әрқайсысы әр кезде шығып, тілдің байлығын өсіріп отырған. Үстеу жалғап туынды сөз жасау, жалғау я қосалқы қосып сөз қиындау амалы да қазақ тіліне туа біткен емес, оларды да тіл жүре-жүре тауып алған.

§ 22. Қосар сөздер

Түбір сөзден туынды сөз жасаудың жалғыз амалы түбірге қосымша жалғау ғана емес, түбір сөздің я туынды сөздің өзді-өзін қосақтап та сөзге үстеме мағына беруге болады. Мысалы: бала-шаға, үлкен-кіші, үлкенді-кішілі, ұзын-қысқа, сатыр-сатыр, көзбе-көз, шай-пай, қап-қара, сап-сары. Мұндай, **қосарынан айтылатын сөздерді қосар сөздер** дейміз.

Құрылысына қарай, қосар сөздер мынадай бес арыс болады.

1. Теңдес қосар.

Екі тең сөз бір қосақталса, теңдес қосар дейміз. Теңдес қосар үш түрлі:

а) Бала-шаға, қатын-қалаш, қыз-қырқын, бақсы-балгер, көзді-қарақты сияқтылар. Бұларды **мәндес қосар** дейміз. Өйткені оларда қосақталған сөздердің екеуі де бір мағынада болады.

Е с к е р т у: *шаға, қалаш, қырқын, қарақ* сияқты сөздердің мағынасы бүгінде ұмытылып кеткен. Бұрынғы мағыналары қосағындағы *бала, қатын, қыз, көз* деген сөздердікімен бір.

б) *Үлкен-кіші, аға-іні, ұлы-қызы, азды-көпті, ұзынды-қысқалы* сияқтылар. Бұларды **қайшы мәнді қосар** дейміз. Өйткені, бұлардағы қосақталған сөздердің мағыналары бір-біріне қайшы келеді.

в) *Тау-төбе, әке-шеше, аяқ-табақ, ән-күй, оқу-жазу, қалам-сия, кітап-қағаз, жыртық-тесік, ағаш-тас* сияқтылар. Бұларды **көрші мәнді қосар** дейміз. Өйткені, бұлардағы қосақталған сөздер мағыналас та емес, мағыналары бір-біріне қайшы да емес. Бұлар бір-біріне мағыналары жуық, көрші сөздер. *Аяқ-табақ, ән-күй, жыртық-тесік* дегенде мағыналары шынымен жуық. *Ағаш-тас, қалам-сия* сияқтылар жұмсалатын орны жағынан жуық сөздер.

Теңдес қосар, қосақталған сөздердің екеуінің мағынасын бір қосып, сөзге жалпылық ұғым береді. Жай тұрғанда *аяқ* дегеннің бір мағынасы, *табақ* дегеннің бір мағынасы бар. Екеуі бір қосылғанда **жалпы тамаққа арналған ыдыстың бәрі** деген мағына шығады. *Ұзын-қысқа* дегенде **ұзыны бар, қысқасы бар – бәрі** деген мағына шығады. *Азды-көпті* дегенде **азы-көбі – бәрі бірге** деген мағына шығады.

2. С ө з д е с қ о с а р

Екі тең сөз бір қосақталмай, бір сөздің өзі екі қайтара айтылса, **сөздес қосар** дейміз. *Ұзын-ұзын, бара-бара, орны-орны, үй-үйдің, сатыр-сұтыр* сияқтылар **сөздес қосар** болады.

Сөздес қосар екі түрлі:

а) жалпы үні бірдей бір сөз бола тұрып, өңделуі екі түрлі болатын: *сатыр-сұтыр, қаңғыр-күңгір, жарық-жұрық, қабыл-құбыл* сияқтыларын **үндес қосар** дейміз.

Ұзын-ұзын, жылы-жылы, бара-бара, қарап-қарап, жүрген-жүрген, алатын-алатын, сөз-сөз(дің), үй-үй(де), қаңғыр-қаңғыр, сарт-сарт сияқтыларын **өндес қосар** дейміз.

Үндес қосарда қосақталған сөздердің бірінің дыбысына өзгеше өң берілген болады. Мысалы: *сатыр-сұтыр* дегенде алдыңғысындағы **а** дыбысының орнына соңғысында **ұ** дыбысы қойылған. *Даңғыр-дүңгір* дегенде алдыңғысындағы жуан дыбыстың орнына екіншісінде жіңішке дыбыстар қойылған.

Үндес қосарда, сүйтіп, екі түрлі өң берілген бір сөз қосақталады. Өндес қосарда қосақталған екі сөз үндес болғанының үстіне өндес те болады, *сатыр-сатыр, даңғыр-даңғыр* дегенде қосақталған сөздердің дыбыстарында айырма жоқ.

Сөздердің бәрі де өндес қосар бола алады. Бірақ, бәрі бірдей үндес қосар бола алмайды, **дыбыстың, түстің, қимылдың түрін көрсететін** бірқатар **сөздер ғана үндес қосар** бола алады.

Сөздес қосарлар істі, қимылды, мезгілді көрсетсе, ол істің, қимылдың, мезгілдің бір рет болып қоймай, қайта-қайта болғанын, көп болғанын білдіреді.

Сөйлей-сөйлей шешен болар деген – сан рет сөйлеп барып шешен болар деген болады. *Қараң етті* десек, бір рет қараңдаған, *қараң-қараң етті* десек, бірнеше рет қараңдаған болады. *Қалбаң етті* десек, бір рет, *қалбаң-қалбаң етті* десек,

бірнеше рет қалбаңдаған деген болып шығады. *Ойнап шаршадым* десең, не қыламын деп шаршағаныңды ғана айтқан боласың да, *ойнап-ойнап шаршадым* десең, қайта-қайта ойнап, көп ойнап шаршадым деген болады.

Сөздес қосарлар нәрсенің, істің сыпатын, сынын көрсеткенде *ылғи, өңшең* деген мағынаны, **таңдамалы бір өңкейлік** мағынасын береді: *судың тайыз-тайыз жерлеріне түстім* деген – *ылғи тайыз жеріне түстім* деген сөз. *Алыс-алыс жерлерден, биік-биік таулардан* деген – *ылғи алыс жерлерден, өңшең биік таулардан* деген болады.

Сөздес қосар заттың атын көрсететін сөздердің тура күйінде болмайды, тек бұрма күйінде ғана болады. Мұндайда *әрқайсысы* деген мағына – заттың әр қайсысын бөлек-бөлек алу мағынасы – шығады: *ауыл-ауылға хабар айтылды* деген – *ауылдың әрқайсысына да хабар айтылды* деген болады. *Үй-үйдің арасы* деген – *үйдің әрқайсысының бір-бірімен екі арасы* деген болады.

Сөздес қосардың өндес түрі өзгермелі құбылыстарды көрсеткенде бірқалыпты өзгеріс екенін көрсетеді. Мәселен: *даңғыр-даңғыр* деп, қайта-қайта жаңа бір қалыпта даңғырлауды айтамыз, *жарық-жарық* деп қайта-қайта жаңа бір қалыпта жарқылдағанды айтамыз.

Сөздес қосардың үндес түрі өзгермелі ала-құла қалыпты көрсетеді. Мәселен: *даңғыр-дұңғыр* деп, дыбыстың даңғыры мен дүңгірі аралас болғанда айтамыз. *Қалбаң-қалбаң* десек, бір қалыпта, *қалбаң-құлбаң* десек, түрлі қалыпта қалбаңдағанын айтқан боламыз.

3. М а т а у л ы қ о с а р

Қосақталған сөздердің өздері ғана бір-бірімен жалғасып тұрмай, арасында матастырып тұрған дәнекер болса, матаулы қосар дейміз. *Қолма-қол, жүзбе-жүз, көзбе-көз, ауызба-ауыз* дегендер матаулы қосар болады. Матаулы қосар да сөздес қосар.

Матаулы қосар араға ешкімді салмауды, немесе екі нәрсенің жалғастығын көрсетеді. *Көзбе-көз тұрып айттым* деген көз алдында айттым (сырттан айтқаным жоқ) деген сөз. *Ақшаны қолма-қол бердім* деген – (біреуден бермей) өз қолымнан бердім деген сөз, *үйме үй отырдық* деген – оның үйі мен біздің үйі жалғас (арасында басқа үй жоқ) болды деген сөз.

Матаулы қосар бола алатын сөздер тіпті аз. Бұлар, *тегінде, бас, көз, жүз, бет, ауыз, қол* деген сөздер ғана. Осыларға ұқсатып, *үй, ауыл* деген сияқты сөздерден де *үйме-үй, ауылма-ауыл* деген матаулы қосар жасалады.

4. Т і р к е у л і қ о с а р

Өздігінен айтылмайтын бір сөз екінші бір сөздің артынан тіркеле қосақталса, тіркеулі қосар дейміз.

Жылқы-мылқы, шай-пай, нан-пан, астық-мастық, азық-мазық, ойын-пойын, өлең-сөлең дегендер, осындай, **тіркеулі қосарлар.**

Тіркеулі қосардың негізгі мағынасы бір нәрсенің өзін, соған ұқсаған басқа нәрселерге қосып атау.

Жолға азық-мазық ала шығу керек деген – азық және соған ұқсағандарды ала шығу керек деген болады. Бірақ, көбінесе бір нәрсені кемсіне сөйлегенде айтылады. *Ұйқы-тұйқыны қойып жұмысты тез бітіру керек* дегенде *ұйқы* сияқтыны *қойып* деген мағынада бола тұрып, *ұйқыны* кем тұтына сөйлеу мағынасы да бар; *бақсы-мақсының не керегі бар, доқтырға қарату керек* десек, *бақсы сияқтылардың не керегі бар?* деген бола тұрып, *бақсы сықылды түкке татымайтындардың не керегі бар?* деген ұғым да аңғарылады. Сөз болған жердің бәрінен де тіркеулі қосар жасауға болады.

5. Қ о с а қ т ы қ о с а р

Сөздің алдына бір буын қосылып айтылатыны да болады.

Қап-қара, қып-қызыл, ұп-ұзын, кіп-кішкене, дөп-дөңгелек, әп-әдемі, жап-жазық, ап-арық дегендер сияқты. Мұндайларды **қосақты қосар** дейміз.

Сөз, қосақты қосар түрінде айтылса, сол сөзбен білдіретін сыпатты күшейтіп көрсетеді. *Ұп-ұзын* деген – *ұзын-ақ* деген сөз. *Әп-әдемі* деген *өте әдемі* деген сөз.

Тіркеулі қосардың тіркеуі де, қосақты қосардың қосағы да өз алдына бір сөз емес, тіркеп, қосақтап тұрған сөзді түгелімен я бір бөлшегін өзгертіп жасалғандар.

Тіркеулі қосар жасау үшін мынаны істеу керек: *ат, ұйқы* сияқты дауысты дыбыстан басталатын сөздің алдына **м** дыбысын қосып *мат, мұйқы* түріне шығарып алып, осыны сөздің өз түрінің артына тіркеу керек. Сонда *ат-мат, ұйқы-мұйқы* деген тіркеулі қосар болып шығады. *Жылқы, бақсы* сияқты дауыссыздардан басталатын сөздің басқы дауыссызын алып тастап, соның орнына **м** дыбысын қою керек. Сонда *жылқы-мылқы, бақсы-мақсы* деген тіркеулі қосар жасалады. Сөздің соңғы дыбысы **м, н, ң** дыбыстарының бірі болса тіркеу сөзге қойылатын **м-ның** орнына **с** не **п** дыбысы қойылып: *нан-пан, қалам-салам, өлең-сөлең* болады.

Қосақты қосар жасау үшін мынаны істеу керек: сөздің бас дыбысы дауысты болса, сол басқы бір дауыстының бас дыбысы дауыссыз болса, басқы бір дауысты, бір дауыссызын бөліп алып, осыған **п** дыбысын қосса, қосақ болады. Осыны сөздің алдыңғы жағынан қосақтап, *әп-әдемі, қып-қызыл* деген қосақты қосар жасаймыз.

Е с к е р т у: *Ақ* деген сөздің қосақты қосары *аппақ, көк* деген сөздікі *көкпеңбек* болады.

Қ о с а р с ө з д е р д і ң ж а з ы л у ы

1. Қосар сөздердің бәрінің де ара-арасына сызықша қойылып жазылады: *бала-шаға, ұзын-қысқа, жыртық-тесік* деген сияқты.

2. Матаулы қосардың матауын алдыңғысына қосып, соңғысымен екі арасына сызықша қойып жазамыз: *қолма-қол, көзбе-көз* сияқты.

3. *Аппақ, көкпеңбек* деген екі қосақты қосарды сызықша да қоймай, бөлмей де тұтас жазамыз.

§ 23. Қосалқы сөз

Қайсыбір сөздер түбірше, оңаша жұмсала алмай, басқа бір түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің біріне қосалқы болып ғана жүре алады. Ондай сөздерге көбінесе жаңадан үстеу де, жалғау да жалғанбайды. Осындай сөздерді **қосалқы сөз** дейміз. *Шейін, сайын, менен, да, қой, ақ, тым, әрең, бек, қас, өте, ең, тап* дегендер осы қосалқы сөздер.

Қосалқы сөзі бар түбір сөз бен қосымшалы сөзді **қосалқылы сөз** дейміз.

Қосалқы сөздердің тұратын орны екі түрлі:

Бірінде сөз түбірінің алдында тұрады. Ондайларын дәйек қосалқы дейміз. Дәйек қосалқылар: *тым* (ауыр), *әрең* (бітірдім), *бек* (жақсы), *қас* (батыр), *өте* (күшті), *ең* (оңайы), *тап* (осы) сияқтылар;

Бірінде – түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің соңынан келеді. Ондайын аяқ қосарлы дейміз. Аяқ қосалқы болатын: – (жазға) *шейін*, (ай) *сайын*, (қой) *мен* (сиыр), (оқу) *да*, (жазу) *да*, (сен) *ақ*, (көрдім) *ғой* сияқтылар.

Е с к е р т у: 1. Қосалқылардың үстеулі сөзден жасалғандары да бар.

Мәселен: *туралы* деген қосалқы тура деген түбірге *лы* деген үстеуіш жалғап жасалған, *өте* қосалқысы *өт* деген түбірге *-е* деген үстеу қосып жасалған. Қосалқы сөзге қосымша жалғанбайды дегенде, мұндай қатып қалған, айрылмайтын ішкі қосымшаларын айтпаймыз, соның үстіне жаңадан жалғанбайтынын айтамыз.

Е с к е р т у: 2. Қайсыбір қосалқылар жаңадан ғана жасалған да, әлі қосалқы әдетіне көндігіп үлгірмеген. Сондықтан ондайларының қосымша жалғап қоятындары бар. Мысалы: дәл деген қосалқыға *де* үстеуін қосып, *дәлде* деген туынды етістік жасауға болады. Бірақ, мұндайлар – азғантай.

Дәйек қосалқылардың бәрі, аяқ қосалқылардың бір азырағы өзі тағылып тұрған сөздің қара басының ғана мағынасын үстеу үшін жұмсалады. Мысалы: *сирек* деген сөзге *өте* қосалқысын тағып, *өте сирек* десек, *сирек* деген сөздің тек өз мағынасы ғана күшейеді. Бірақ, бұдан төңірегіндегі сөзге келер-кетер жоқ. *Осы біреу-ақ* деп *ақ* қосалқысын тіркесек те осындай болады. Мысалы: *егін сирек шыққан екен* десек те, *өте сирек екен* десек те – бәрі бір – *сирек* сөзінің жалғыз тұрғаны мен үстеуіш қосалқыланып тұрғанынан сөйлемдегі сөздердің қиыны қашпайды.

Аяқ қосалқылардың көпшілігі өзінің тағылып тұрған сөзінің өз мағынасын үстеу үшін ғана емес, сол сөзді басқа бір сөзбен, немесе, бір сөйлемді басқа бір сөйлеммен байланыстырып қиындау үшін жұмсалады.

Мысалы: *білу үшін оқимын* дегендегі *үшін* қосалқыны *білу* деген сөздің тек өз мағынасын үстеу үшін ғана емес, сол сөзді кейінгі *оқимын* деген сөзбен байланыстыру үшін тұр. *Білу оқимын* десек, бұл екі сөз қиындаспас еді, *білу үшін оқимын* дегенде *үшін* қосалқысының арқасында қиындасып тұр.

Бір сөздің өз мағынасын ғана үстейтін қосалқыларды, үстеуге ұқсағандықтан, **үстеуіш қосалқы** дейміз.

Бір сөзді бір сөзбен, я бір сөйлемді бір сөйлеммен қиындастыру үшін тұратын қосалқыларды, жалғауға ұқсағандықтан, **жалғауыш қосалқы** дейміз.

Қосалқы сөздердің емлесі

1. **Қосалқы сөздер өзін ерткен сөздерден бөлек жазылады.** Мысалы: *дал өзі, тым жақсы, тақ сол, тым ауыр, ең оңайы, жазды зой. Оқушы зой, осы-ақ³, сендер ші? Көпке шейін, одан гөрі, сол құрлы, келген сайын, жолдасым мен, барған мен.*

2. Қайсы бір қосалқы сөздер мен қосымшалардың сыртқы түрі бірдей болады да, сондықтан, оның қай жердегісі қосымша, қай жердегісі қосалқы екенін айыру қиын болады. Айыра алмаса, қай жерде қосымшаша қосып жазу керек те, қай жерде қосалқыша бөлек жазу керек екенін де айыра алмай, бірде олай, бірде былай жазу мүмкін. Жазуды осылай шатастырмас үшін, ондайлар бір-ақ түрде – я қосымшаша қосылып, я қосалқыша айырылып жазылады.

Мысалы: қосымшада да *мен* бар. *Қаламмен жаздым, атпен келдім* дегендегі *мен-дер*, осындай, қосымша. Қосалқыда да *мен* бар. *Ат пен түйе, барған мен болмайды* дегендер сияқты. Жазуды қиындатпау үшін, *мен* болған жердің бәрін де қосалқыша бөлек жазамыз⁴.

Қосымшада да *ша, ше* бар, қосалқыда да **ша, ше** бар. *Патефон адамша сөйлейді* дегенде *ша* қосымша. *Онда барғанша мында келсең болмады ма?* дегенде *ша* бір түрлі қосалқы. *Үйге барғанша жүрдім* дегенде *ша* тағы бір түрлі қосалқы. Жазуды қиындатпау үшін, *ша, ше* болған жердің бәрін де, қосымшаша бірге жазамыз.

3. Қосымшамен түрлес бола тұрып, қосымша түрінде бір түрлі (қосылып), қосалқы түрінде бір түрлі (бөлек) жазылатын екі қосалқы бар: бірі – *да (де, та, те)*, екіншісі – *ма (ме, ба, бе, па, пе)*. **Да мен ма қосымша болса, қосылып жазылады да, қосалқы болса, қосылмай, бөлек жазылады.** Мысалы:

1. *Жылқыда жал бар.* Мұнда да қосымша болғасын, бірге жазылған. *Жылқы да, түйе де мал* дегенде *да* қосалқы болғасын бөлек жазылған.

2. *Сен онда барма!* Мұнда *ма* қосымша болғасын, қосылып жазылған. *Сенің қаламың бар ма?* дегенде *ма* қосалқы болғасын бөлек жазылған. **Ма** қосалқысының соңынан қосымша жалғанса, *ма*-ның соңындағы *а* дыбысы *ы, і* дыбыстарына айналып, кейде тіпті жоғалып кететіні бар. Ондайда *ма* қосалқысы қосылып жазылады. Мысалы: *Барғансың ба?* дегенде *ба* бөлек жазылады да, *Барғанбысың?* дегенде *бы* бірге жазылады. *Барасың ба?* десек *ба* бөлек жазылады да, *барамысың* десек *мы* бірге жазылады.

Бұл екі қосалқыны жалғаудағы түрінше жазбай, айырып жазатынымыз – сөздің мағынасын шатыстырмау үшін.

СӨЗ МҮШЕЛЕРІ

§ 24. Бір мүшелі сөз бен көп мүшелі сөз

³ **Ақ** шылауы қазіргі емле бойынша дефис арқылы жазылады – *Редакция алқасы*

⁴ **Мен** бұл күнде көмектес жалғауы ретінде келгенде ғана сөзге қосылып жазылады – *Редакция алқасы*

Сөйлем бір мүшелі де, көп мүшелі де болатын еді. Мәселен: *Қыс. Жердің үстін қар жапқан* деген екі сөйлемнің әуелгісінде бір-ақ сөз бар. Ол бір мүшелі сөйлем. Екіншісінде үш сөз бар. Бұл көп мүшелі сөйлем.

Сөздің құрылысы да **сөйлемнің құрылысы сияқты**. Жоғарғы екі сөйлемдегі, *қыс, қар* деген екі сөз бөлшектеуге келмейді. Ондай сөзді бір мүшелі сөз дейміз. Ал, *жердің, үстін, жапқан* деген үш сөзді бөлшектеп, түбірі мен қосымшаларына айыруға келеді. Мұндағы *жер-дің* деген сөзде екі бөлшек, *үст-і-н* дегенде үш бөлшек, *жап-қан* дегенде екі бөлшек бар. Бұлар көп мүшелі сөздер.

Сөз тұлғаларының қандайы болса да, бәрі де түбір, қосымша, қосалқы – үшеуінен құралады. Сондықтан, бұл үшеуін **сөз мүшелері** дейміз. Сөз тек түбір сөздің өзі болса, бір мүшелі болады. Кіріккен сөз, қиюлы сөз, қосар сөз, қосымшалы сөз, қосалқылы сөздердің бірі болса, көп мүшелі болады.

§ 25. Түп мүше мен жамау мүше

Сөздің түп мағынасын беретін – түбір. Түбірсіз жерде сөз болмайды. Түбір бір өзі тұрып та, басқа мүшелерді ертіп алып та сөз бола береді. Түбірден басқа мүшелер өздігінен сөз бола алмайды, тек түбірге жамалып тұрып, түбір сөзді толықтыруға жарайды. Сондықтан түбірді **түп мүше** дейміз де, қосымша мен қосалқыны **жамау мүше** дейміз.

§ 26. Жамау мүшелердің түр-түрі

Жамау мүше болатын – қосымша мен қосалқы. Қосымша мен қосалқының бір-бірінен айырмасы сол: 1) **қосымша түбір** сөзге тығызырақ байланысқан. Сондықтан, қосалқымен қабат келсе, түбір жағында қосымша тұрады да, қосалқы аяққа кетеді. Мысалы: *жылқының да, сиырдың да* дегенде **-ның, -дың** деген қосымшалар түбір жағында тұр да, да қосалқысы олардан соң келіп тұр. 2) Қосымшаның бәрі де түбірден соң ғана келеді; қосалқының ішінде түбірден бұрын келетіні де бар.

Мысалы: *нақ осының да қате, десек, осы* деген түбірден *нақ* деген дәйек қосалқы бұрын келген; *-ның* деген қосымша түбірден соң келген; *да* деген енді бір қосалқы одан да соң келген.

Қосымшаның үстеуі, қосалқының үстеуіші өздері қосылған сөздің мағынасын толықтыру үшін жұмсалады да, қосымшаның жалғауы мен қосалқының жалғауышы өздері қосылған сөзді басқа бір сөзбен байланыстыру үшін жұмсалады. Үстеу мен жалғаудың, үстеуіш пен жалғауыштың сөз ішінде тұратын орны да басқа.

§ 27. Сөз мүшелерінің орны-орны

Сөз мүшелерін қалай-солай құрай салғанмен, сөз болмайды. Сөз қылып шығару үшін сөз мүшелерін белгілі тәртіппен орналастыру керек. Сөздің әр мүшесінің өзіне арнаулы орны бар. Сол арнаулы орнына қойылмаса, сөз болмайды.

Сөздің түп мүшесі – түбір. Түбірдің бір өзі де сөз болады, жамау мүшелердің қайсысы болса, сонысын алып та тұра алады. Жамау мүшелердің ішінде жалғыз

дәйек қосалқы ғана түбірден бұрын келеді, өзгелердің бәрі де түбірден соң келеді. Сондықтан сөзде бір түбір, бір жамау мүше болғанда мына түрде болады:

1. Үстеулі сөз	1	2
	- жеңіл-дік	
2. Жалғаулы сөз	1	2
	- жеңіл-ге	
3. Жалғауыш қосалқылы сөз	1	2
	- жеңіл де	
4. Аяқ үстеуішті сөз	1	2
	- жеңіл ғой	
5. Дәйек үстеуішті сөз	1	2
	- тым жеңіл.	

Сөзде жамау мүше біреу болмай, бірнешеу болғанда, мынадай тәртіп пен орналасады:

Ең баста – дәйек үстеуіш (*тым*).
Екінші орында – түбір (*жеңіл*).
Үшінші орында – үстеулер (*дік*).
Төртінші орында – жалғау (*ке*).
Бесінші орында – жалғауыш (*шейін*).
Алтыншы орында – аяқ үстеуіш (*ақ*).

Мұны тізіп көрсетсек мынадай болады: *тым жеңіл-дік-ке шейін ақ*.

Міне, осындағы сөз мүшелерінің бәрі де ішіндегі *жеңіл* деген бір мүшеге иегін сүйеп тұрғандар.

Е с к е р т у: *Ақ* үстеуішін *-ақ* үстеуімен шатастырмау керек. *Жазуың жақсы-ақ екен; кітабың кітап-ақ екен* дегендегі *-ақ* қосымша. Ал, *сенің жазуың-ақ таусылмас екен; ерте тұрып-ақ келгенім* дегендегі *-ақ* қосалқы. Бұл екеуінің айтылудағы айырмасы сол – алдыңғысында **а** дыбысы ұзын, соңғысында қысқа шығады. Алдыңғы *ақ* қосымшасынан кейін *-мын, -мыз, -сың, -сыңдар, -сыз* қосымшалары, сұрау қосалқысы *ма* келе алады: *жақсы-ақ-сың ғой, жақсы-ақ-пысың* сияқты. Қосалқы *ақ*-тан кейін жамау мүше келмейді.

IV БӨЛІМ

СӨЗДІҢ ДЫБЫС ҚҰРЫЛЫСЫ

§ 28. Бір сөзді бір сөзден қалай айырамыз?

Сөйлегенде дыбыстаймыз. Сөзді естігенде сол дыбыстарды есітеміз. Сөз көп. Бірақ, әр сөздің дыбысталуы әр түрлі. Сондықтан, сөз қаншама көп бола тұрса да, бірін-бірінен айыру қиын болмайды.

Бір сөзді екінші сөзден айырғанда, екеуінің дыбысталуында бір айырмашылық болғаннан айырамыз.

*Быж-тыж қып бай-жуанды осы маңда,
Кенеледі-ау кедей біткен бүгін таңда! –
(Илияс)*

дегендегі *маңда* деген мен *таңда* деген бір емес, екеуі екі басқа сөз. Үйткені, екеуінің дыбысталуы екі басқа, сондықтан, есітілуі де екі басқа болып тұр.

§ 29. Дыбыс деген не?

1. Бір сөз екінші сөзден өзге болу үшін біреуінің бір-ақ бөлшегінің өзгеше дыбысталуы жеткілікті, түгелімен өзгеше дыбысталуы шарт емес.

Жоғарғы *таңда* деген сөз бен *маңда* деген сөздің бір-бірінен өзгешелігі бір-ақ бөлшегінде: біреуінің басқы бөлшегі **т**, біреуінікі **м**. Қалған жағының дыбысталуы екеуінде де бірдей (бұл екі сөздің біріне-бірі ұйқасып тұрғаны да ішіндегі бөлшектерінің көбінің дыбысталуы бірдей болғаннан).

2. Біреуі ғана өзгерсе де сөзді өзгертіп (я сөз қылмай, я басқа сөз қылып) жіберуге жарайтын сөз бөлшектерін дыбыс дейміз.

Маңда сөзіндегі **м** бөлшегі де, *таңда* сөзіндегі **т** бөлшегі де дыбыс; **м**, **т** сияқты бөлшектерді дыбыс дейтін себебіміз – бұлардың әрқайсысының дыбысталуы әр басқа болады. **М** бір түрлі дыбысталады да, **т** бір түрлі дыбысталады.

3. Әрбір сөз мүшесінде әрқайсысы әр түрлі дыбысталатын бір я бірнеше дыбыс болады. *Бала* деген сөзде **б**, **а**, **л**, **а** деген төрт дыбыс бар, *жаз* деген сөзде **ж**, **а**, **з** деген үш дыбыс бар. *Жазсын* деген сөздің *-сын* деген мүшесінде **с**, **ы**, **н** деген үш дыбыс бар.

§ 30. Дыбыс пен мағына

1. Дыбыстары бірдей сөздердің, көбінесе, мағыналары да бірдей болады.

Ауылдың алды айдын көл,
Айдын көлде шағала,
Айдын көлді жағала! –

деген үш жол өлеңнің әр жолында да *айдын* деген сөз бар. Үшеуінің де дыбыстары бірдей. Сондықтан үшеуінің де мағынасы бір. Үшеуі де бір сөз.

2. Сөз мүшелерінің, дыбыстары бірдей болғанда, мағынасы әр түрлі болуы сирек кездеседі.

Ат (жылқы), *ат* (біреуді атайтын сөз), *ат* (мылтық ат) деген үш сөздің дыбыстарында айырма жоқ бола тұрып, мағыналары үшеуінде үш түрлі. Болмаса, мылтық *ат-ты* дегендегі, *ат* түбіріне жалғанған, *ты* үстеуімен *ат-ты суардым* дегендегі *ат* түбіріне жалғанған *ты* – жалғауының дыбыстары бірдей бола тұрып, мағыналары екеуінде екі басқа. Мұндайлар көп кездеспейді. Кездесе қойса я сөз тұлғасына қарап, я сөз алқасына қарап, қай мағынада екенін ашып аламыз. Сөздің дыбыстас мүшелері адас кісілер сияқты нәрсе. Екі кісінің аты бір болғаннан шатасып қалмайтынымыз сияқты, екі сөздің дыбыстары бірдей болғаннан да шатаспаймыз.

3. Бір сөз болу үшін дыбыстары да, мағынасы да бірдей болу керек.

а) Дыбыстары бірдей болғанмен, мағынасы бірдей болмаса, бір сөз болмайды. Жоғарғы *ат* түріндегі үш сөздің дыбыстары бірдей болғанмен, мағыналары әр түрлі болғандықтан, әрқайсысы өз алдына бір сөз болып тұр.

б) Мағыналары бірдей болғанмен, дыбыстары әр түрлі болса да, бір сөз болмайды. *Адам* деген сөз бен *кісі* деген сөздің мағынасы бір. Сүйтсе де, дыбыстары түрлі болғандықтан, екеуі екі сөз болып саналады.

в) Бір ғана дыбысы басқа болса да, бір ғана дыбысы артық я кем болса да, немесе, бір дыбысы да басқа, я артық кем болмай-ақ, дыбыстарының тек тізілу тәртібі басқа болса да, сөздер бірінен-бірі басқа болады.

Зат деген сөзден *сам* деген сөздің бір дыбысы ғана басқа: біріндегі *з* дыбысының орнында бірінде *с* дыбысы бар. Осы бір дыбысы басқа болуының өзі-ақ екеуін екі сөз қылып тұр. *Ат* деген сөздің *сам* деген сөзден бір-ақ дыбысы кем, *сам* дегеннің бір-ақ дыбысы артық. Соның өзі-ақ екеуін екі сөз қылып тұр. *Сам* деген сөз бен *тас* деген сөздің дыбыстарында түк айырма жоқ: екеуінің дыбыстары да: **т, а, с** үшеуі. Солай бола тұрып, бұл екеуі екі сөз болып тұр, үйткені дыбыстардың тізілу тәртібі екеуінде екі басқа.

§ 31. Дыбыстардың саны мен сапасы

1. Дыбыстың саны бар да, сапасы бар. Дыбыстың сапасы бірдей бола тұрып, саны әлденешеу бола береді.

Баба деген сөзде де 4 дыбыс бар, *бөле* деген сөзде де 4 дыбыс бар. Бұл екі сөздің дыбыстарының жалпы саны бірдей. Бірақ, сүйте тұрып, *бөле* деген сөздегі 4 дыбыстың сапасы да 4 түрлі, мұндағы 4 дыбыс **б, ө, л, е** біріне-бірі ұқсамайды; ал *баба* деген сөздегі 4 дыбыстың сапасы 4 түрлі емес, екі-ақ түрлі. Мұнда **а** мен **б**-ның әрқайсысы екі-екіден келіп төртеу болып тұр.

Бір тілде жұмсалатын дыбыстардың жалпы санының ұшы-қиыры жоқ, бірақ, оның бәрінің бірдей сапасы әр түрлі бола бермейді. Сапасы әр түрлі болатын дыбыстар белгілі мөлшерде ғана болады да, көп болмайды.

Әр сөзде бірнеше дыбыстан болғасын, сөйлеген сайын бірнеше дыбыстан шығара беру керек болғасын, дыбыстың жалпы санының ұшы-қиыры болмайды. Бірақ, сөзде кездесетін дыбыстың бәрінің бірдей сапасы әр түрлі бола бермейді. Сөйлеген кісінің әрқайсысы бір түрлі дыбыс та шығара бермейді. Бір дыбыстың өзі әлденеше рет оралып соғып отырады. Кім сөйлесе де, не сөйлесе де, қанша сөйлесе де, бір сөйленген сөз болса, ондағы сапасы әр түрлі дыбыстар белгілі мөлшерден аспайды.

Илиястың не бары 12 жол, «Қойшы ойы» деген, кішкене өлеңінде 488 дыбыс бар. Бірақ, бұл 488 дыбыс 488 түрлі емес, мұнда не бары 28-ақ түрлі дыбыс бар. Осы 28 түрлі дыбыстың бірі 10, бірі 50 рет қайталап барып 488 болған.

Қазақ тілінде де сапасы әр түрлі болатын дыбыстардың арнаулы саны бар.

§ 32. Қазақ тілінің дыбыстары

Қазақ тілінде сапасы 26 түрлі дыбыс бар.

Олар мыналар: а, б, ш, ж, д, е, г, ғ, й, к, л, м, н, ң, қ, р, п, с, т, ұ, у, ұу, з, ы, ый.

Бұлардың **е-ден басқаларының бәрі де** бірде жуан, бірде жіңішке болып, екі түрлі айтылады да, 51 дыбыстың орнына жүреді.

Дыбысталу түріне қарай бұл дыбыстар мынадай үш тапқа айырылады.

1. Дауысты дыбыстар;
2. Дауыссыз дыбыстар;
3. Сонор дыбыстар.

Дауысты дыбыс болатын – а, е, о, у, ы, ұу, ый – жетеуі.

Жазуда дауысты дыбыстардың жуанын бір әріппен, жіңішкесін бір әріппен таңбалаймыз да, дауыссыздар мен сонорлардың жуанын да, жіңішкесін де бір-ақ әріппен таңбалаймыз.

Дауыстылардың әріптері мыналар: Жуаны – **а, о, у, ы, ұу, ый.** Жіңішкесі – **ә, ө, у, і, үу, ій.**

§ 33. Дауыстылар

Қ а н д а й д ы б ы с д а у ы с т ы б о л а д ы ?

Сөздің дыбысталуының түрлі болатыны әр сөздің ішіндегі дыбыстардың түрлілігінен деп едік. Осы әр түрлі дыбыстың әрқайсысы тек бір-ақ түрде дыбысталып қоймайды. Бір дыбыстың өзі әр орында әр түрлі – бірде бәсең, бірде қатаң, бірде ұзын, бірде қысқа, бірде ащы, бірде солғын, бірде тегіс, бірде көтеріңкі – басылыңқы түрде дыбысталуы мүмкін.

Сөздің, осындай, өзінше әні болады.

Мысалы:

*Жазба (кітап)
(кітапты) жазба!
(қыс па?) жаз ба?*

деген үш сөздің дыбыстарының түрі де, тізілу тәртібі де бірдей. Сөз мүшелерінің саны мен реті де бірыңғай: үшеуінде де түбірдің дыбыстары **ж, а, з** үшеуінде де бір-бір жамау мүше бар, оның дыбыстары да бірдей. Солай бола тұрса да, бұл үш сөздің дыбысталуында айырма бар: **үшеуінің әні үш түрлі.** Сондықтан, дыбыстарының түрі бір болса да, әні түрлі болғасын, бұл үш сөздің үш түрлі екенін сеземіз.

Әр сөйлемнің, әр сөздің басын, аяғын, мағынасының түрлі бояуын көрсетіп тұратын өзінің әні болады.

Сөзге ән беретін – дауысты дыбыстар.

Дауысты дыбыс әнделеді де, дауыссыз дыбыс пен сонор дыбыс әнделмейді. Сөздің даусын керегіне қарай шақтап отыратын осы дыбыстар болғандықтан, бұларды **дауысты дыбыстар** дейміз.

§ 34. Дауыстылардың түр-түрі

Дыбыстардың әрқайсысы әр түрлі бола тұрып, бірінің дыбысталуы біріне, өзгелерінен гөрі, жуығырақ болып отырады. Мысалы, дауысты дыбыстардың

әрқайсысы өз алдына бір дыбыс бола тұрып, барлық дауыстылар бір-біріне өзге дыбыстардан гөрі жуығырақ болады. Сондықтан дыбыстарды үйір-үйір қылып топтауға болады. Дауысты дыбыстардың өзді-өзін де осылай үйір-үйірге бөлуге болады.

А. Дыбыстау түріне қарай дауыс дыбыстар үш тап болады:

- 1. Толық дауыстылар;**
- 2. Келте дауыстылар;**
- 3. Қосынды дауыстылар.**

Толық дауысты болатын: **а/ә, е, о/ө,**

Келте дауысты болатын: **ы/і мен ұ/у,**

Қосынды дауысты болатын: **ыу/іу мен ый/ій.**

Толық дауысты дыбыстардың дауыстылығы толық, жеткілікті болғандықтан, қандай жағдайда да өз сапасын жойып жарымайды, сол күйінде айтылады.

Келте дауыстылар өте мүкі айтылатын болғандықтан, бірде сапасынан айрылып, жоғалып кетеді де, бірде – әнмен айтқанда – толық дауыстыға айналып кетеді. Бұлар тегінде толық дауыстылардың келтеленген түрі ғана.

Қосынды дауыстылар бір дауысты, бір дауыссыз екі дыбыстан құралған: **ұу – ұ+у, ый – ы+й.** Сондықтан бірде таза дауысты дыбыс бола тұрып, бірде тігісінен сөгіліп екі дыбыс болып кетеді.

Б. Жасалу түріне қарай, дауыстылар екі тап болады.

- 1. Ерін дауыстылары;**
- 2. Езу дауыстылары.**

о/ө мен ұ/ү ерін дауыстылары болады:

а/ә, ы/і, е дыбыстары езу дауыстылары болады.

Ерін дауыстыларын шығарғанда ерін сүйриіп ілгері ұмтылады да, езу жиылады; езу дыбыстарын айтқанда езу жиылмайды, ерін сүйримейді.

Дауысты дыбыстардың дыбысталу түріне қарай жіктелуі мен жасалу түріне қарай жіктелуінің екеуін қосып, таблицаға салсақ, мынадай болады.

	Ашық дауыстылар		Келте дауыстылар		Қосынды дауыстылар	
	ерін-шілдері	езу-шілдері	ерін-шілдері	езу-шілдері	ерін-шілдері	езу-шілдері
Жуаны	о	а	ұ	ы	ұу	ый
Жіңішкесі	ө	ә, е	ү	і	үу	ій
Барлығы	2	3	2	2	2	2
	[-----5----- ----]		[-----4----- --]		[-----4----- --]	
	[-----9-----]					

ДАУЫССЫЗДАР

§ 35. Қандай дыбыс дауыссыз болады?

Дыбыс екі түрлі болады: бірі салдыр, бірі үн. Жолсыз жерде бара жатқан арбаның дыбысы, есікті жауып қалғанда шығатын дыбыс сияқтылар салдыр

болады. Домбыраның, сыбызғының, ауызбен салған әннің дыбысы сияқтылар үн болады. Дыбыстың осы екі түрі сөз дыбыстарында да бар.

Сөз дыбыстарының қайбіреулері ана домбыраның, сыбызғының ауызекі салынған әннің дыбысы сияқты, үн дыбыс болады. Ол – өзіміз көрген дауыстылар.

Өңшең дауысты дыбысты қатарынан тізіп айта берсек, сөздеріміз де өлеңсіз салынған ән сияқты, жігі жоқ, жапсары жоқ, бір шұбатылған үн болар еді. Онда бір сөзді бір сөзден айыра да алмас едік. Бір сөзді бір сөзден айыртып тұрған – сөз мүшелерінің жік-жік болып, әр жігі өз алдына дыбысталып тұрғандығы. Сөз мүшелерін жік-жік қылып тұрған – үн мен салдырдың белгілі мөлшерде араласып отырғандығы. Сөз дыбыстарында ана, арбаның салдыры сияқты болып шығатын да дыбыстар бар. Сөздің дыбысталуын түрлендіруде кеуде орын ұстайтын осындай дыбыстар. Сондықтан олардың түрі де көп.

Осындай, салдыр болып, я салдыры басым болып шығатын дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз.

Дауыссыздар мыналар: **қ, к, ш, с, т, п, б, д, з, ж, г, ғ.**

§ 36. Дауыссыздардың түр-түрі

1. Үнділер мен үнсіздер

Дауыссыз дыбыстың бәрі де егіз болады. Егіздің бір сыңарының дыбысы тек салдыр болады да, бір сыңарының дыбысында сол салдырға болар-болмас үн қосылған болады.

Дыбысы тек салдыр болып шығатын сыңарын үнсіз дауыссыз дейміз.

Дыбысында салдырға үн аралас болатын сыңарын үнді дейміз.

Дауыссыз дыбыстың егіздері

әр егіздің	Үнсіз сыңары	қ	к	ш	с	т	п
	Үнді сыңары	ғ	г	ж	з	д	б

2. Үздіктілер мен үздіксіздер

Дыбысының созымды-созымсыздығына қарай дауыссыздар екі тарау болады:

- а) үздікті,
- б) үздіксіз.

	Үздіктілер			Үздіксіздер		
Үнсіздер	қ	к	т	п	ш	с
Үнділер	ғ	г	д	б	ж	з

Үздікті дауыстылар үздік-үздік шығады да, созымға келмейді.

Үздіксіздер шұбатылып шығады да, созып айтуға келеді.

3. Көмей дауыссызы, тіс дауыссызы,

ерін дауыссызы

Дауыссыз дыбыс дегеніміз – салдыр дыбыс деп едік. Сол салдыр қалай пайда болады? Қай жерде пайда болады?

Салдыр ауыздың ішінде пайда болады. Ауыздың бір жері бір жеріне я соғып қалады, я жуысып қалады. Салдыр шығатыны осыдан. Ауыздың әр жерінің салдыры әр түрлі болады. Мәселен, екі ерін біріне-бірі соғып, не жуысып қалса, бір түрлі салдыр болады; тіл тіске соғып қалса, не жуысып қалса, екінші түрлі салдыр болады, тіл көмейге соқса, я жуысса тағы бір түрлі салдыр болады.

Қай дыбыс шыққанда ауыздың қай жері салдырласа, сол жерді сол дыбыстың шығатын жері дейміз.

п, б дыбыстары ерінде болатын салдыр; сондықтан **бұл екеуін ерін дауыссыздары** дейміз.

к, қ, ғ, г дыбыстары тілдің көмейде соққан салдырынан пайда болады; сондықтан, **бұл төртеуін көмей дауыссыздары** дейміз.

т, д, с, з, ш, ж дыбыстары тілдің үстіңгі күрек тіске не соғып қалуынан, не жуысып қалуынан пайда болады; сондықтан, **бұл алтауын тіс дауыссыздары** дейміз.

Дауыссыздардың шығатын орнына қарай жіктелу кестесі, сонымен, мынандай болады:

	Көмей дауыссыздары		Ерін дауыссыздары	Тіс дауыссыздары
Үнсіздері	қ	к	п	т ш с
Үнділері	ғ	г	б	д ж з

4. Жабысыңқы дауыссыздар мен жуысыңқы дауыссыздар

Дауыссыздар бір жерден шыға тұрып та әр түрлі болуы мүмкін. Мәселен, **т** дыбысы да, **с** дыбысы да тілдің үшінші үстіңгі күрек тіске не жабысқан (соқтыққан), не жуысқан салдырынан пайда болады. Бұл екеуінің екі түрлі болуы – жабысқандағы салдыр мен жуысқандағы салдырдың екеуі екі түрлі болғаннан, **т** дыбысы шығарда тілдің үшінші үстіңгі күрек тіске жабысып қалады; ал, **с** дыбысы шығарда тілдің үшінші үстіңгі күрек тіске жабыспайды тек жуысады.

Ауыздың екі жері бір-біріне жабысып ашылғаннан пайда болған дыбысты жабысыңқы дауыссыз дейміз.

Жабыспай, тек жуысқаннан пайда болған дыбысты жуысыңқы дауыссыз дейміз.

Үздікті дауыссыздар, жасалу түріне қарай, жабысыңқы болады. Үздіксіз дауыссыздар, жасалу түріне қарай, жуысыңқы болады.

Жабысыңқы дыбыстардың салдыры есікті жауып қалғандағы я ашып қалғандағы секілді болады да, бір жауып, бір ашып тұрмасаң дыбыс шықпайды. Бір жауып, бір ашып тұрғаннан шыққан дыбыс болғасын, үздік-үздік болып шығады.

Жуысыңқы дыбыстардың салдыры үздіксіз болатыны – мұнда сыбызғының түтігінен өткендегідей, ауа тар қуыстан сүзіліп өтеді де, жолы бекітілмейді. Сондықтан соза беруге келеді.

5. С ы б ы р д ы б ы с т а р ы м е н с ы б ы с д ы б ы с т а р ы

Жуысыңқы дыбыстар, дыбысталу түріне қарай, өзара

а) сыбыр дыбыстары,

б) сыбыс дыбыстары

деген екі жікке айрылады.

Сыбыр дыбысы болатын **-с** мен **з**,

сыбыс дыбысы болатын **-ш** мен **ж**.

Бұлай аталған себебі **-с** дыбысы сыбырлап сөйлегенде де анық есітіліп тұрады; **ш** дыбысы – ысқырып сыбыс бергендегі дыбысқа ұқсас.

6. Д а у ы с с ы з д а р т а б л и ц а с ы

Дауыссыздардың жоғарыда айтылған түрлерінің бәрін жиып, бір таблицқа салсақ, мынандай болады:

Жасалу түріне қарай		Жабысыңқы	Жуысыңқы	
Созымдылығына қарай		Үздікті	Үздіксіз	
Дауысталуына қарай			Сыбыр	Сыбыс
Үн түріне қарай	Үнсіз	Қ К П	Т С	Ш
	Үнді	Ғ Г Б		
Шығатын орнына қарай		Арғы-бергі ----- Ерін көмей	Тіс	

СОНОРЛАР

§ 37. Қандай дыбыс сонор болады?

Дауыстылар мен дауыссыздарды салыстырғанда, оңайлық үшін, бірін үн дыбыс, бірін салдыр дыбыс деп өте шығып едік.

Шынында, дауысты дыбыстың өзі де салдырдан аман болмайды. Дауыстылардың бірі – **а**, бірі – **е**, бірі – **о** болып әр түрлі айтылуының өзі бұлардың үні әр түрлі болғаннан емес, салдыры әр түрлі болғаннан.

Сөйтіп, дауысты дыбыстарда да үн мен салдыр аралас болады, үнді дауыссыздарда да салдыр мен үн аралас болады.

Дауыстылар мен үнді дауыссыздардың бар айырмасы сол: дауыстыларда үн басым болады да, салдыр шағын болады; үнді дауыссыздарда салдыр басым болады да, үн кеміс болады.

Бұлардан басқа, **үні мен салдыры тең бірқатар дыбыстар бар, оларды сонор дыбыстар дейміз.**

Сонор болатын: **у, й, р, л, м, н, ң** – жетеуі.

Сонорлар, дауыстылардай, әнделмейді, дауыссыздардай, егізделмейді.

§ 38. Сонорлардың түр-түрі

Сонор дыбыстар алдымен

1) тура жолды,

2) айналма жолды

болып екі жікке айрылады.

Тура жолды болатын – **у** мен **й** екеуі.

Айналма жолды болатын – **р, л, н, ң, м** бесеуі.

1. Тура жолды сонорлар

а) Шығатын орындары.

Сонор **у** еріннен шығады;

Сонор **й** таңдайдан шығады.

б) Жасалу түрі мен созымдылығы. Екеуі де жуысыңқы дыбыс, сондықтан, екеуі де созуға келетін үздіксіз дыбыстар.

у дыбысы шығарда екі ерін біріне-бірі жуысады.

й дыбысы шығарда тілдің үстіңгі жағы таңдайға жуысады.

у-дің шығатын жері де, жасалу түрі де дауысты **ұ** дыбысына жақын;

й-дің шығатын жері мен жасалу түрі дауысты **і(е)** дыбысына жақын; жалғыз-ақ айырмасы сол: **у** дыбысында екі ерін **ұ** дыбысындағыдан гөрі, **й** дыбысында тіл мен таңдай **і** дыбысындағыдан гөрі бір-біріне жуысыңқырайды. Сондықтан ауа жолының өткелі тарылып, салдыры **ұ** мен **і**-дегіден гөрі болар-болмас артық шығады.

ұ дыбысы мен **у** дыбысының, **і** дыбысы мен **й** дыбысының шығатын орындары да, жасалу түрі де бір болғандықтан, екеуінің дыбыстары да жақын болады. Сондықтан, екеуі қатар келгенде бірігіп кетіп, бір дауысты болып кете береді.

у мен **й** дыбыстарын тура жолды сонор дейтін себебіміз – бұлар шығарда ауа тура шығып кетеді; мұрынға кетіп, не ауыз ішінің өзінде бұрылып, бұлтақтамайды.

2. Айналма жолды сонорлар

Айналма жолды сонорлар **у** мен **й** дыбысынша, тура шығып кеткен демнің салдыры емес, бұрылып, айналып өтетін демнен шыққан салдырлар.

Сонор дыбыстар шығарда ауа жолы артықша тар болмағандықтан, бәрінің де салдыры дауыссыздардан аз, үні көп болады да, осынысымен дауыстыларға бір табан жуық болады. Бірақ, айналма жолды сонорлардың жолы тура болмағандықтан, салдыры **у** мен **й**-ден гөрі көбірек болады.

Айналма жолды сонорлар өзара екі арыс:

а) мұрын жолды айналма: бұл **н, м, ң**;

б) ауыз жолды айналма: бұл **р** мен **л**.

а) Мұрын жолды айналма сонорлар

Шығатын орындары **н** дыбысы **д** шығатын жерден (тілдің үшінің үстіңгі күрек тіске соғуынан) **ң** дыбысы **ғ** мен **г** шығатын жерден (тілдің көмейге жуысуынан), **м** дыбысы **б** дыбысы шығатын жерден (еріннен) шығады. **н** дыбысының **д**-ға, **ң** дыбысының **ғ** мен **г**-ге, **м** дыбысының **б**-ға ұқсамайтын себебі сол – бұларда дем тура ауыздан шықпай, кеңсірікпен айналып барып, мұрыннан шығады. Мұрын жолды айналма дейтініміз осыдан.

б) Ауыз жолды айналма сонорлар

Ауыз жолды айналма сонорлар шығарда дем мұрынмен айналып өтпейді, ауыздың өзінен шығады. Бірақ, басқа дыбыстардай тура шықпайды, ауыздың өзінің ішінде-ақ бұлтарып жүріп барып шығады.

л дыбысы шығарда тілдің үші, **д** дыбысындағыша, үстіңгі күрек тіске жабысып тұрады да, тілдің екі бүйірі азуға тимей тұрады. Шығатын дем екі жарылып, тілдің екі бүйіріндегі осы қуыстан өтеді. **р** дыбысы шығарда тілдің екі бүйірі үстіңгі азуға жабысып тұрады да, үші үстіңгі қызыл иектің жоғарғы жағына бір тиіп, бір қашып жыбыршып тұрады.

Айналма жолды сонорлардың шығатын орнына қарай атағанда, **н** күрек тіс дыбысы, **ң** көмей дыбысы, **м** ерін дыбысы **л** азу дыбысы, **р** қызыл иек дыбысы болады.

3. Айналма жолды сонорлардың жасалу түрі

Айналма жолды сонорлардың жасалу түрі екі жақты жабысыңқы, жуысыңқы келеді. Дыбыстау мүшелерінің бір жағы жабысып жатады да, бір жағы жуысып жатады.

н дыбысында тілдің үші үстіңгі күрек тіске жабысады да, бірақ мұрын жолы ашық болып, дем сонымен келеді.

ң дыбысында тілдің көмекей жағы көмейге тиер-тимес болады да, мұрын жолы ашық тұрып, демнің көбі сонымен кетеді;

м дыбысында екі ерін бір-біріне жабысады да, мұрын жолы ашық тұрып, ауа сонымен кетеді;

л дыбысында тілдің үші үстіңгі күрек тіске жабысады да, екі бүйірі үстіңгі азуға тимей тұрғансын, дем осы қуыспен кетеді;

р дыбысында тілдің екі бүйірі үстіңгі азуға жабысып тұрғанмен, үші үстіңгі қызыл иекке бір тиіп, бір қашып тұрғасын, дем осы ашылмалы-жабылмалы жолдан үздік-үздік шығып тұрады.

Сонорлардың шығатын орнына, жасалу түріне, шығатын жолына қарай жіктелуінің бәрін бір жерге жиып, таблицаға салсақ, мынандай болады:

	Шығатын орындары			
	ерін	тіс	таңдай	көмей
		күрек	азу	

				тіс							
Шығ а- тын жолы	ауыз	у	-	-	-	-	л	й	р	-	-
	мұры н	-	м	-	н	-	-	-	-	-	ң
		т у р а	айнал -ма	т у р а	айнал -ма	т у р а	айнал -ма	т у р а	айнал -ма	т у р а	айнал -ма

§ 39. Дыбыс қалай шығады?

Қай дыбыс та болса, бір нәрсенің толқып, дірілдеуінен пайда болады.

Жүріп бара жатқан арбаның доңғалағы жерге соқтығып дірілдейді. Доңғалақ арбаның басқа бөлшектерін толқытады. Осының бәрінен қосылып салдыр пайда болады.

Домбыра тартсақ, ішек дірілдейді. Осы дірілден дыбыс пайда болады.

Сыбызғы тартқанда үрген демнің күшімен сыбызғының түтігі де дірілдейді, түтіктің ішімен кеткен ауа да ұйлығып толқиды. Осы дірілдеу, толқудан дыбыс пайда болады. Сырнай тартқанда оның тілшелері дірілдеп, желбіреді. Сырнайдың даусы осы тілшелердің даусы.

Толқыған нәрсенің қатты толқуы мен жай толқуына, жиі толқуы мен сирек толқуына қарай, дыбыс та бірде күшті, бірде әлсіз, бірде ащы, бірде қоңыр шығады.

Толқып дыбыс шығарған нәрсені толқытатын бір күш болу керек. Домбырада ішекті қолмен қағып толқытамыз; сыбызғыда ауаны ауызбен үріп толқытамыз; сырнайда, ауыз сырнай болса, мұның тілшесін де ауызбен үріп дірілдетеміз. Ал, көрігі бар, қол сырнай болса, ауызбен үрудің орнына, көрікке үргізіп барып тілшелерін дірілдетеміз.

§ 40. Дыбыстаушы аппаратымыз

1. Ө к п е, а у ы з, м ұ р ы н

Адамның дыбыс шығаратын аппараты да сырнай мен сыбызғыша жасалған.

Өкпе, сырнайдың көрігінше ісініп-басылып, ауаны біресе сыртқа теуіп, біресе ішке тартып тұрады. Өкпенің айдаған ауасы кеңірдектің ішімен келіп, я ауыздан, я мұрыннан шығады. Ауаны толқытатын – осы өкпенің күші.

Жұтқыншақ пен еріннің екі арасынан әр жерден ауа ағынына кедергі ұшырайды. Осыдан түрлі салдыр пайда болады. Сөйлегенде шығатын дыбыстар – осы салдыр.

Домбыраның түбі, сыбызғының түтігі шыққан дауысты зорайту үшін керек. Ауыздың іші мен мұрынның ішінің қуыстары да сол құсап шыққан дыбысты зорайтып тұрады.

2. К е д е р г і м ү ш е л е р

Ауа ағынына кедергі бір жерден ұшырамайды. Сыбызғының тесігін, домбыраның пернесін басқандағыдай қыдырыстап, бірде еріннен, бірде тіс түбінен, бірде таңдайдан, бірде көмейден бөгеліп, ауа ағыны кедергіленеді. Осыған қарай және кедергілеу түріне қарай, дыбыс та түрлі-түрлі болып шығады.

Екі ерін бір-біріне қабысып, не жуысып қалса, осыған іркіліп, не сығылып қалған ауаның салдырынан ерін дыбыстары пайда болады.

Тіл деген ауыз ішінің ұзын бойына созылып жатқан мүше. Тілдің әр жері әр түрлі қимылдап, бірде кеңсірікке, бірде таңдайға, бірде тіске соғып, немесе, жуысып кедергілей береді. Сондықтан дыбыстың көбі тілдің қимылынан пайда болады. Бірақ, тіл дыбыстарын бірінен-бірін айыру үшін, қай жерде бөгелсе, сол жердің атымен атап, **тіс дыбыстары, таңдай дыбыстары, көмей дыбыстары** дейміз.

3. А у ы з ж о л ы м е н м ұ р ы н ж о л ы

Кішкене тілдің арғы түбінде жоғары қарай кеткен бір тесік бар. Осы тесікпен ауыздан мұрынға, мұрыннан ішке қарай дем қатынайды. Кішкене тіл – сол тесіктің қақпағы – бірде тесікті жауып тұрады да, бірде төмен салбырап, тесікті ашық қалдырады. Тесік жабық тұрса, іштен шыққан ауа ауызбен кетеді, ашық тұрса, мұрын жолымен кетеді.

Осыған қарай, дыбыстардың бірқатары ауыз жолды, бір сыпырасы мұрын жолды болады.

4. Д ы б ы с т ы ң ү н д і б о л а т ы н ы н е л і к т е н ?

Кеңірдектің көмейге тақалып келіп біткен жерін **жұтқыншақ** дейміз. Жұтынғанда жоғарылы-төменді қозғалып тұратын алқымдағы томпақ осы жұтқыншақ болады. Жұтқыншақтың ішінде сыртқа шығатын ауаның жолына кесекөлденең құрылған бір шымылдық бар. Шымылдық екі жағына қарай ортасынан жарылып ашылады. Осыны дауыс шымылдығы дейміз.

Дауыс шымылдығы керіліп те, іркіліп те тұра алады. Іркіліп тұрса, арасы ашық болады да, ауа ағыны осы ашықтан еркін өтеді. Онда үн болмайды. Керіліп тұрса, екі қанаты бір-біріне қабысып, арасында сызат қана қалады да, ауа ағыны осы сызаттан сығылып өтіп шымылдықты желбіретеді. Күйге келтіріп қойған домбыраның ішегіндей керулі тұрған шымылдықтың желбіреуінен ызындаған үн пайда болады. **Дыбыстың үнді болатыны осы дауыс шымылдығының желбіреуінен.**

Дауысты, сонор, үнді дыбыстар шығарда, ауыз ішіндегі салдырдың үстіне дауыс шымылдығының желбіреуінен пайда болған үн қосылады. Үнсіз дауыссыздарда дауыс шымылдығы желбіремейді.

5. Д а у ы с ш ы м ы л д ы ғ ы н ы ң ө з с а л д ы р ы .

Һ д ы б ы с ы

h әрпі қазақ әліппесінде бар бола тұрса да, жоғарыда, қазақ дыбыстарын жіктеген жерде, мұны сөз қылмай өттік. Үйткені, бұл дыбыс қазақ сөздерінде ұшырап жарымайды. Арап-парсы тілдерінен келген *қаһарман* сияқты сөздерде болса да, ондайлар тіпті аз.

he-he-he; ah; uh; myh; oha! – дегендер сияқты одағай сөздерде ғана **h** дыбысы кездеседі. Бірақ, одағайларда кездесетін дыбыстың үші-қиыры жоқ. Атқа лық-лықтағанда, көлікті тұрғызарда, қойды шақырғанда айтылатын одағай сөздердің дыбыстарын жазып та болмайды. Ондайдың бәрін бірдей тілдің айрықша дыбыстарының қатарына қосуға болмайды.

h дыбысы қалай шығады?

Дауыс шымылдығы ірку күйінде тұрып-ақ біріне-бірі жақындаңқырауы мүмкін. Осындай ірку шымылдықтың арасынан сүзіліп өткен ауа ағынының сыбдыры **h** дыбысы болады.

Сүйтіп, **h** дыбысы дегеніміз – ірку туған дауыс шымылдығының өз салдыры болып шығады.

6. Дыбыстау аппараты қалай жасалып шыққан?

Адамда бар дыбыс шығаратын аппарат (өкпе, ауыз, мұрын, тіл, тіс, ерін) басқа жәндіктерде де бар. Сондықтан, сиыр мөңіреп, түйе боздап, ит үріп дыбыс шығара алады. Бірақ адам сөйлейді де, адамнан басқа жәндіктің ешқайсысы да сөйлемейді, оларда тіл жоқ. Үйткені, анау дыбыс шығаратын мүшелердің негізгі қызметі дыбыс шығару емес. Ерін, тіл, тіс сияқтылары – **ас сіңіру, дәм сезу** мүшелері. Өкпе мен кеңірдек **дем алыс мүшелері**. Бұлардың құрылысы дыбыс шығаруға ыңғайлы болған соң, сөйлеу аспабы етіп, адам өзі ыңғайлап алған.

Қурайды сыбызғы қылып тартамыз. Үйткені, оның ішінің қуыс болуы үріп дыбыс шығаруға қолайлы. Бірақ, жерге өсіп шыққан қурай сыбызғы болу үшін шықпаған, сыбызғы болу үшін қуыс болмаған, сонда да оның қолайлылығынан пайдаланып, адам оны кесіп, тесіп музыка аспабы жасап алған. Осы қурайды икемдеп сыбызғы жасап алғаны секілді, адам өзінің ас сіңіру, дем алу мүшелерін де бейімдеп, дыбыстау аспабы, дыбыстап сөйлеу аспабы жасап алған. Бара-бара бұл аспап жетісіп, осы күндегідей түрлі дыбыстарды дәл шығара алатын болған.

СӨЗДІҢ БУЫН ҚҰРЫЛЫСЫ

§ 41. Буын деген не?

1. Сөздің әр дыбысы өз алдына дыбысталып, бірінен-бірінің іргесі бөлек бола тұрса да, **жеке дыбыс жеке бөліп айтуға келе бермейді**.

Мысалы: *балалар* деген сөздің бас дыбысын (**б**-ны) бөлек айтар болсақ, не **бы** деп, не **ыб** деп ғана айта аламыз. Осы *балалар* деген сөздің соңғы дыбысын (**р**-ды) бөлек айтамыз десек те, не **ыр** деп, немесе, **ры** деп ғана айту мүмкін. **бы, ры** деп айтқанда **б** мен **р**-дың соңынан, **ыб, ыр** деп айтқанда, алдынан дауысты **ы** дыбысын қосып отырмыз. Үйткені **дауыссыз дыбыс пен сонор дыбыс, алдынан, не артынан бір дауысты дыбыс қоспай, өздігінен бөлек айтылмайды**.

2. Сөз ішінде де дауыссыздар мен сонорлар дауысты дыбыстардың төңірегіне жиналып тұрады да, **әр дауысты дыбыс өзіне ерген дауыссыздарды, сонорларымен бірігіп бір үйір болып, өзге үйірлерден бөлініп тұрады.**

Мысалы: *ба-ла* деген сөзде осындай екі үйір бар; *бала-лар* дегенде үш үйір бар.

3. **Сөзді бөліп-бөліп айту керек болғанда үйір-үйірменен бөлсе, дыбыстары өзгермейді.** Үйірін бұзып бөлсе, омыртқаны буынсыз жерден бөлгендегідей болып, сөздің дыбыстарының бірі үзіліп, біріне артық дыбыс қосылып, қалпы бұзылады.

Балалар деген сөзді *ба-ла-лар* деп өз жігінен бөлмей, *б-ала-ла-р* деп, **б**-ны бір бөлек, **р**-ды бір бөлек айтам дегенде сөздің дыбыс қалпы бұзылып тұрғаны осы буынсыз жерден бөлгеннен.

4. **Сөзді дыбыстарының қалпын бұзбай, бөлшектегенде пайда болатын дыбыс үйірлерін буын дейміз.**

Балалар деген сөзде 3 буын бар:

1) *ба*, 2) *ла*, 3) *лар*.

5. Буынға толмаса, немесе, дыбыстары буын-буын болып құралмаса, сөз айтуға келмес еді. Сондықтан буынға толмайтын, не буын-буын болып жіктелмейтін сөз болмайды.

Сөз не бір буынды, немесе көп буынды болады. *Бал* деген сөз бір буынды; *ба-ла-лар*; *ба-ла-лар-ға* деген сөздер көп буынды.

6. Сөз мүшелерінің ішінде еш уақытта да бөлек жұмсалмайтыны – қосымша. Сондықтан, **қосымшаның буынға толмайтыны да болады.** Мысалы, *қара-й-қара-й* дегендегі **-й** қосымшасы *қара-п*, *оқы-п* дегендегі **-п** қосымшасы осындай буынға толмайтын қосымшалар.

Түбір мүше мен қосалқы мүшенің буынға толмайтыны болмайды.

§ 42. Бір буында қандай дыбыс, қанша дыбыс болады?

1. Д а у ы с т ы д ы б ы с

Балалар деген сөздегі **б** мен **р** дыбыстарының бөлек айтылмауы буынға толмағаннан. Бұларды **бы**, **ры** түрінде, немесе **ыб**, **ыр** түрінде айтуға болатыны – бұлай айтқанда буынға толғандықтан. **б**, **р** дыбыстары дауысты дыбыссыз буын бола алмай тұр. **бы**, **ры**, **ыб**, **ыр** деп айтқанда дауысты дыбыс қосылып, буын жасап тұр.

Сөзді буынды қылатын – дауысты дыбыс. Сондықтан:

а) Дауысты дыбыссыз буын болмайды;

б) Дауысты дыбыстың бір өзі де буын бола алады;

в) Дауысты дыбыстың әрқайсысы да бір-бір буынға ие бола алады.

Сондықтан, бір буында бірден артық дауысты болмайды. Және

г) Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

Бал деген сөзде дауысты дыбыс біреу;

Бала деген сөзде дауысты дыбыс екеу;

Балалар деген сөзде дауысты дыбыс үшеу.

Балаларға деген сөзде дауысты дыбыс төртеу.

Осыған қарай, *бал* деген сөз бір буынды.

Ба-ла деген – екі буынды, *ба-ла-лар* деген – үш буынды; *ба-ла-лар-ға* деген төрт буынды болып тұр.

2. Дауыссыз бен сонор

а) Дауысты дыбыстың бір өзі де буын бола алады деп едік. Ондай буында дауыссыз бен сонордың бірі де болмайды.

Мысалы: *о-қы*, *е-кі*, *а-ға* деген сөздердің бас буындарында **о**, **е**, **а** деген дауыстылардың өзді-өзінен басқа дыбыс жоқ.

б) Дауыссыз бен сонор бір буында бір-бірден болуы да, екі-екіден болуы да мүмкін. *Ат* деген буында бір дауыссыз, *ән* деген буында бір сонор бар. *Хат* деген буында екі дауыссыз, *нар* деген буында екі сонор бар.

Бір буында екіден артық дауыссыз да, екіден артық сонор да болмайды.

в) **Бір буында дауыссыз бен сонор аралас келсе, бір-бірден де болады; лақ, қал, айт** деген буындарда бір сонор, бір дауыссыздан бар; **немесе, екі дауыссыз, бір сонор, я бір дауыссыз, екі сонор да болады; қайт, жорт** деген буындарда екі дауыссыз бір сонордан, *мұрт* деген буын мен *құ-майт* деген сөздің соңғы буынында екі сонор, бір дауыссыздан бар.

Екі соноры бар буында дауыссыз бірден артық болмайды; екі дауыссызы бар буында сонор бірден артық болмайды.

3. Дыбыстарының санына қарай

4 түрлі буын бар

Сонымен, дыбыстардың санына қарай, қазақ сөзінің буындары а) бір дыбысты, б) екі дыбысты, в) үш дыбысты, г) төрт дыбысты болып шығады.

а) Буын бір дыбысты болса, бір дауысты дыбыстың бір өзі бір буын болып тұрады. *О-қы*, *е-кі* деген сөздердің бас буындары осындай бір дыбысты буын.

б) Буын екі дыбысты болса, бірі дауысты, бірі дауыссыз, немесе, бірі дауысты бірі сонор болады. *Ат*, *ел*, *да-ла* деген буындар екі дыбысты буындар.

в) Буын 3 дыбысты болса, бірі дауысты, екеуі дауыссыз, не бірі дауысты, екеуі сонор, немесе, бірі дауысты, бірі дауыссыз, бірі сонор болады. *Хат*, *қар*, *мал*, *айт* деген буындар осындай 3 дыбысты буындар.

г) Буын 4 дыбысты болса, бірі дауысты, екеуі дауыссыз, бірі сонор болады; немесе бірі – дауысты, бірі – дауыссыз, екеуі сонор болады.

Жұрт, *мұрт* деген буындар осындай 4 дыбысты буындар. Қазақ сөзінің бір буынында төрттен артық дыбыс болмайды.

§ 43. Буынның түр-түрі

Дауысты, дауыссыз, сонор дегендер – дыбыстардың бір буынға сыйысып тұра алатын түрлері. Дыбыстың осы 3 түрінің қайсысы бар, қайсысы жоғына, қайсысы қай орында тұратынына қарай, буын да әр түрлі болады.

Қазақ тіліндегі буындар алты түрлі:

1. Жалаң буын, немесе, Ды буын.

2. Ашық буын, немесе (Дз/Ср+Ды);
3. Жеңіл тұйық буын, немесе (Ды+Дз/Ср);
4. Жеңіл бітеу буын, немесе (Дз/Ср+Ды+Дз/Ср);
5. Ауыр тұйық буын, немесе (Ды+Ср+Дз);
6. Ауыр бітеу буын, немесе (Дз/Ср+Ды+Ср+Дз).

1. Ж а л а ң б у ы н – (Д ы)

Дауысты дыбыстың бір өзі де буын бола алатынын жоғарыда бір-екі рет айтып едік. **Осындай бір дауысты дыбыстың бір өзінен болған буынды жалаң буын дейміз.**

Бұл буынды жалаң дейміз. Үйткені, мұнда дауысты дыбыстың жалаң өзі ғана бар да, басқа дыбыс жоқ.

Ішінде қандай дыбыс барын көрсету үшін **Ды** дейміз. Ол дауысты дегеніміз. **Ды** дегенде «дауысты» деген сөздің бар әрпін жазбай, қысқартып, тек бас дыбысы (**Д**) мен аяқ дыбысы (**ы**) ғана жазылған.

Жалаң буын, немесе **Ды** буын, не сөздің басы буынында ғана келеді, немесе бір өзі бір сөз болып кездеседі.

А-қын, ә-кел, е-рік, о-рын, ө-кіл, ұ-зын, ү-лес, ы-зың, і-шік деген сөздердің бас буындары, осындай, жалаң буындар.

О, осының дұрыс! Е, солай де! А, нағыл дейсің? дегендегі бас әріппен жазылған о, е, а буындары да жалаң. Бұларда жалаң буынының бір өзі бір сөз болып тұр.

Сөздің ортасы мен аяғында жалаң буын еш уақытта да келмейді.

2. А ш ы қ б у ы н (Д з / С р + Д ы)

Екі дыбысты буынның алдыңғы дыбысы дауыссыз, не сонор болып, соңғысы дауысты болса, ашық буын дейміз. *Иә, де, не, со, бұ* деген сөздер, осындай ашық буындар. *Ба-ла, те-ре-зе, жа-ға-ла* деген сөздердің бар буындары да ашық.

Бұл буынды **ашық буын** дейміз. Үйткені, мұнда буынның басы дауыссыз бен сонордың бірінен басталады да, аяғы дауысты дыбыс болып, ашық тұрады. Ішінде қандай дыбыстары болатынын көрсету үшін **Дауыссыз не + Дауысты** дейміз. Бірақ, жазғанда көп орын алмас үшін «дауыссыз» деген сөзді қысқартып **Дз** дейміз, «сонор» деген сөзді қысқартып **Ср** дейміз; не **Дз**, не **Ср** деудің орнына қысқартып, **Дз/Ср** дейміз. «Дауысты» деген сөзді **Ды** деп қысқартып, барлығын **Дз/Ср+Ды** деп таңбалаймыз.

Ашық буын бір өзі бір сөз болып та, сөздің басында да, ортасында да, аяғында да келе береді.

3. Ж е ң і л т ұ й ы қ б у ы н (Д ы + Д з / С р)

Екі дыбысты буынның бас дыбысы дауысты болып, соңғы дыбысы дауыссыз бен сонордың бірі болса, тұйық буын дейміз: *ат, от, ер, ән, ес, ұл, ұр, ық, іс* сөздері осындай, тұйық буындар.

Мұны тұйық буын дейміз. Үйткені мұнда буынның басы дауыстыдан басталады да, аяғы дауыссыз, не сонор болып тұйықталады. Ішінде қандай дыбыстары болатынын көрсету үшін **Дауысты+Дауыссыз не Сонор** дейміз. Бірақ, жазғанда көп орын алмас үшін, «**дауысты**» деген сөзді қысқартып **Ды** дейміз. «**Дауыссыз**» деген сөзді қысқартып **Дз** дейміз. «**Сонор**» деген сөзді қысқартып **Ср** дейміз, «**не Дз, не Ср**» деудің орнына қысқартып, **Дз/Ср** дейміз де, барлығын **Ды+Дз/Ср** дейміз.

Тұйық буын, не бір өзі бір сөз болып, не сөздің бас буынында ғана келеді.

4. Жеңіл бітеу буын (Дз/Ср + Ды + Дз/Ср)

Үш дыбысты буынның бас дыбысы дауыссыз не сонор, екінші дыбысы дауысты болып, үшінші дыбысы тағы дауыссыз не сонор болса, жеңіл бітеу буын дейміз.

Қар, жел, тұр, сыз, жон сөздері мен *жаң-быр, сын-дар, құн-дыз* сөздеріндегі буындар, осындай, бітеу буындар.

Бұл буынды **жеңіл бітеу буын** дейміз. Үйткені, мұнда буынның басы мен аяғы дауыссыз бен сонор (не екеуі де сонор, не екеуі де дауыссыз, не біреуі дауыссыз, біреуі сонор) дыбыс болады да, ортасы дауысты дыбыс болып бітеу тұрады. Ішінде қандай дыбыстары болатынын көрсету үшін **(Дз/Ср+Ды+Дз/Ср)** дейміз.

Бітеу буын бір өзі бір сөз болып та, сөздің басында да, ортасында да, аяғында да келе береді.

5. Ауыр тұйық буын (Ды + Ср + Дз).

Үш дыбысты буынның алдыңғы дыбысы дауысты, ортадағысы сонор, аяғындағы дыбысы дауыссыз болса, ауыр тұйық буын дейміз.

Айт, ант, елт, ерт, аңқ деген сөздер, осындай, ауыр тұйық буындар. Ішінде қандай дыбыстар болатынын көрсету үшін **Ды+Ср+Дз** дейміз.

6. Ауыр бітеу буын (Дз/Ср+Ды+Ср+Дз)

Төрт дыбысты буынның алдыңғысы дауыссыз, не сонор, екіншісі дауысты, үшіншісі сонор, төртіншісі дауыссыз болса, **ауыр бітеу буын** дейміз.

Қарт, қант, сүйт, жорт, күмп деген сөздер, осындай, ауыр бітеу буындар.

Соңғы екі түрлі буынның бір өзгешелігі сол – бұл екеуінің соңғы дыбысы қашан да үнсіз дауыссыз болады (*айт, қант* сияқты), үнсіз болғанда, көбінесе т дыбысы болады.

Ауыр буындардың ұшырайтын орындары өздері тектес жеңіл буындардікіндей; ауыр, тұйық буын не бір өзі бір сөз болып (*айт, ерт* сияқты), немесе тек бас буында ғана келеді (*айт-ты, ерт-кен* сияқты). Ауыр бітеу буын бір өзі бір сөз болып та келеді (*құрт, сүйт* сияқты), сөздің басында да, ортасында да, аяғында да келе береді (*кент, Жар-кент, Жар-кент-ке* сияқты).

§ 44. Буынның жылысуы мен кірігуі

1. Буын-буынның жігі бір қалыпта тұра бермей, сөз ішінде ауысып отырады.

Мысалы: *ал-ды, айт-ты, жаз-ды* дегенде басқы буынның соңында л, т, з деген сонор, дауыссыз дыбыстар бар. Бұлардың алдыңғысы *жеңіл тұйық*, ортаңғысы *ауыр тұйық буындар* да, соңғысы *бітеу буын*. Бірақ, *а-ла-ды, ай-та-ды, жа-за-ды* дегенде олардың соңғы дауыссызы, не соноры, келесі буынға көшіп, өздері басқа түрге көшкен: **жеңіл тұйық буын – жалаң буынға, ауыр тұйық буын – жеңіл тұйыққа, бітеу буын – ашық буынға айналған.**

Немесе, *бара алмайды* дегенде (ауыз екі айтқанда) *бара* деген сөздің соңғы дауыстысы мен *алмайдының* басқы дауыстысы бірігіп кетіп, *баралмайды* болған да, бір буынның саны кеміген.

2. Сөз ішінде, не сөйлем ішінде буын жігінің ауысуы екі түрлі болады:

Бірінде – **буындар жылысады.**

Екіншісінде – **буындар кірігеді.**

а) Тұйық буын мен бітеу буыннан кейін жалаң, не тұйық буын келіп, екі арасында дауыс тынысы болмаса, буындар жылысады.

Мысалы: *ат, айт* (тұйық буындар), *жаз, қайт* (бітеу буындар) деген буындардан кейін **а** (жалаң), **ар** (тұйық) деген буындар келіп, арасында дауыс кідірмесе, *ат-а, айт-а, жаз-а, қайт-а, ат-ар, жаз-ар, қайт-ар* болудың орнына *а-тар, ай-тар, қай-тар, а-та, жа-за, қай-та* болады.

Буындар жылысса бір буынның дыбысы екінші буынға ауысады да, буынның жалпы саны кемімейді.

б) Жалаң буын мен ашық буыннан кейін жалаң не тұйық буындардың бірі келіп, арасында дауыс үзілмесе, буындар кірігеді.

Мысалы: *ата ене, аға еке, жақсы ат* деген сөздер айтуда *атене, агеке, жақсат* болып кетеді.

Буындар кіріксе, буын-буынның шегі өзгеріп қана қоймайды, саны да кемиді.

Буындар жылысса тек шегі өзгереді.

Бір сөздің ішіндегі буындар, ретіне қарай, жылысып отырады (*жаз-ды, жа-за-ды* сияқты).

Бірақ, бір сөздің өз буындарының кірігері кірігіп болған болады да, сондықтан буынның кірігуі екі сөз түйісіп қалған жерде ғана ұшырайды (*жақсы ат* сияқты).

§ 45. Буынның жуаны мен жіңішкесі

1. Қазақ тілінің дыбыстарының е-ден басқалары бірде жуан, бірде жіңішке болып екі түрлі айтылады.

Мысалы: *сыз* деген сөздің дыбыстары жуан, ал, *сіз* дегенде сол дыбыстар жіңішке айтылып тұр. Осы сияқты *ор* дегенде жуан айтылған дыбыстар *өр* дегенде жіңішке айтылып тұр.

2. Қазақ тілінде бір дыбыстың өзінің жуан түрі бір дыбысқа, жіңішке түрі бір дыбысқа татиды. Сондықтан, бір дыбыстан екінші дыбыстың басқа түрлі айырмасы болмай-ақ, тек бірі жуан, бірі жіңішке болуына қарай, бір сөз екінші сөзден айрылады.

Мысалы: ана *ор* деген сөз бен *өр* деген сөздің екеуінің дыбыстары бірдей. Жалғыз-ақ айырмасы – алдыңғысында **о** мен **р** жуан да, соңғысында сол **ө** мен **р**-дың өзі жіңішке. Осы бірінде жуан, бірінде жіңішке айтылғанының өзі-ақ, басқа ешбір айырма болмаса да, екі сөзді бірін-бірінен айыруға жарап тұр. *Сыз, сіз* деген екі сөз де, осындай бірінің дыбыстары жуан, бірінікі жіңішке айтылғаннан ғана бір-бірінен айрылып тұр.

Осындай, сөз айыруға жарайтын болған соң, дыбыстың жуан түрі мен жіңішке түрінің екеуі екі дыбысқа татыған болады.

3. Қазақ тілінде бір дыбыстың жеке басы бөлініп шығып жуан да, жіңішке де бола алмайды. **Бір буындағы дыбыстар түгелімен жуан, не түгелімен жіңішке болады.** Екінші сөзбен айтқанда, **қазақ тілінде жуан, жіңішке болатын жеке дыбыс емес, буын.** *Ор* деген сөздің **о**-сы ғана жуан болып, **р**-ы жіңішке айтылмайды. **О** да, **р** да – екеуі де жуан айтылады, *өр* дегенде **ө** мен **р**-дың екеуі де жіңішке айтылады. Үйткені, екеуі де бір буында.

Сыз деген сөздің де бір дыбысы ғана жуан емес, **с, ы, з** дыбыстарының үшеуі де жуан, *сіз* деген сөздің тек бір ғана **і** дыбысы емес, үш дыбысы бірдей жіңішке. Үйткені үшеуі де бір буында. Бір буындағы дыбыстардың бірі жуан, бірі жіңішке бола алмайды, не түгелімен жуан, не түгелімен жіңішке ғана бола алады.

4. Қазақ тілінде бір буындағы дыбыстар тегісімен жуан, не тегісімен жіңішке болатын болған соң, **жазғанда да дыбыстың жуан-жіңішкелігін таңбаламай-ақ, буын-буынның ғана жуан-жіңішкелігін таңбалаймыз.**

с дыбысы мен **з** дыбысына *сыз* деген жуан буында да, *сіз* деген жіңішке буында да бір-ақ түрлі әріп жазамыз. Екінші сөзбен айтқанда **с, з** дыбыстарының қай жерде жуан, қай жерде жіңішке айтылатынын жазуда айырып көрсетпейміз. Сонда да *сыз* болып жазылғанда **с** мен **з**-ны жуан оқимыз да, *сіз* түрінде жазылса, бұларды жіңішке айтамыз. Үйткені, *сыз* буынының жуан айтылатындығын көрсету үшін **і** әрпі жазылған да, *сіз* деген буынның жіңішке екендігін білдіру үшін **і** әрпі қойылған. **і, ы** әріптері өз дыбыстарының ғана жуандығы мен жіңішкелігін көрсету үшін тұрған жоқ. Ол – бүтін буынның жуан-жіңішкелігін көрсетуге қойылған қарақшы.

5. Бір буындағы дыбыстардың бір жуан болса, бәрі жуан, бірі жіңішке болса, бәрі жіңішке болатын болғандықтан, **жазуда буын сайын бір дыбыстың ғана жуан-жіңішкелігін айырып таңбаласақ, сонымен бүтін буынның жуан-жіңішкелігін таңбалаған боламыз.**

Ор деген буында екі дыбыс бар. Екеуі де жуан айтылады. Бірақ, жазуда, екеуінің бірдей жуандығын көрсетпей-ақ, біреуінің ғана **о** дыбысының ғана жуандығы көрсетілуі. *Өр* деген буындағы екі дыбыстың екеуінің бірдей жіңішкелігі көрсетілмей-ақ, біреуінің ғана **ө**-нің ғана жіңішкелігі көрсетілген. Осы, біреуінің жуандығын көрсеткеніміз, екеуінің де жуандығын көрсетуге жарап тұр. Біреуінің жіңішкелігіне ғана салған таңбамыз екеуінің де жіңішке екендігін айтып тұр. *Сыз, сіз* деген буындарда бір дыбыстың жуан-жіңішкелігін көрсетумен үш дыбыстың *тарт, сұрт* деген буындарда бір дыбыстың жуан-жіңішкелігіне салынған белгі төрт дыбыстың жуан-жіңішкелігін көрсетуге жарап тұр. Үйткені, *ор* деген буындағы **о** жуан болса, одан бөлініп сол буындағы **р**-дің жалғыз басы жіңішке бола алмайды. *Сіз* деген буында тұрған **с** мен **з** жуан болғанда, ол екеуінен бөлек шығып **і**-нің бір өзі жіңішке бола алмас еді. Сондықтан, жазуда буын сайын

бір дыбыстың ғана жуандық-жіңішкелігін айырумен, сол буындағы барлық дыбыстың жуандық-жіңішкелігін айырып шығамыз.

6. Жазуда буын сайын бір дыбыстың жуан-жіңішкелігін айырып таңбалағанда, әр буынның дауысты дыбысының ғана жуан-жіңішкелігін айырып таңбалаймыз.

Ор, өр деген буындардың жуан-жіңішкелігін айыру үшін дауысты дыбысын бірінде (жуанында) **о** түрінде, бірінде (жіңішкесінде) **ө** түрінде айырып таңбалаймыз. *Сыз, сіз* деген буындарда да дауысты дыбысты бірінде **ы** әрпімен, бірінде **і** әрпімен таңбалап, сонымен буынның жуан-жіңішкелігін айырамыз. Үйткені, буын сайын бір-бір дауысты дыбыс болады. Ал, дауыссыз бен сонор бір буында біреуден де, екеуден де бола береді, тіпті болмай да қалады. Сондықтан, буын жүрген жерде бір-бірден жүретін дауысты дыбысты айырып таңбалау қолайлы. Оның үстіне дауыстының саны азғантай. Сондықтан, дауыстылардың жуанына бір әріп, жіңішкесіне бір әріп алсақ та, әліппемізде әріптің саны тым көбейіп кетпейді.

Е с к е р т у: Егер бұлай етпей, дыбыс біткеннің бәрінің бірдей жуанына бір әріп, жіңішкесіне бір әріп жазатын болсақ, онда әліппеміздегі барлық әріптің саны 51 болар еді де, осы күнгіден екі есе көп болар еді. Қазақ сөзін жазуға онда да болар еді. Бірақ, әріптің тым көптігі басы артық салмақ болып, қиындық келтірер еді.

Дыбыс біткеннің бәрінің емес, тек дауыссыздары мен сонорлардың ғана жуандық-жіңішкелігін жазуда айырып таңбаласақ та (дауыстылардың жуан-жіңішкесін айырмай-ақ) болар еді. Онда әрпіміздің саны **h**-ны қоспағанның өзінде – 45 болар еді. Бұ да көптік етер еді.

Сондықтан, шама келгенше әріп санын азайту үшін, тек дауыстылардың ғана жуан-жіңішкелігін айырып таңбалап, әрпіміздің санын 33-ке түсіргенбіз (**ыу, іу, ый, ій**-лерді де бір-бір әріпке санағанда).

Қазақ тілінде жуандық-жіңішкелік жеке дыбыстар емес, буында ғана болған соң, дауысты дыбыстардың да әрқайсысына екі әріп алып әурелемей-ақ, буын-буынның ғана жуандығын я жіңішкелігін айыртқандай бір-ақ белгі қоятын болсақ, әрпіміздің санын бүгіндегімізден де азайтып, 26-ға түсіруге болар еді.

7. Бір сөздің ішіндегі буындардың бірі жуан, бірі жіңішке бола беруі мүмкін. Мысалы, *Тел-жан* деген кісі атында екі буын бар. Оның алдыңғы *Тел* – деген буыны жіңішке де, соңғы *жан* деген буыны жуан. *Қа-лен* деген кісі атында да екі буын бар. Мұның алдыңғысы *Қа* деген буыны жуан да, соңғы *лен* деген буыны жіңішке. Кісі аты емес, жай сөздерде де осындай бір буын жіңішке, бір буын жуан бола береді. *Кө-гал* деген сөздің алғашқы буыны жіңішке де, соңғысы жуан, *Қо-рен* деген сөздің бірінші буыны жуан да, екіншісі жіңішке.

Сүйтіп, әр дыбыстың өз алдына салдыры болғаны секілді, әр буынның өз алдына жуан, жіңішкелігі болады.

V БӨЛІМ

СӨЗ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚИЫНДАСУЫ

§ 46. Буынның күші. Сөз екпіні

1. Буын – сөздің өз алдына айтуға көнетін бөлшегі. Сондықтан, әр буын әр түрлі үнмен айтуға келе береді. **Сөздің әр буыны жуан да, жінішке де бола алатыны секілді, күшті де, әлсіз де болып айтылады.** *Қағазды олай жазба!* дегенде соңғы сөздің *жаз* деген буыны күшті айтылады да, *ба* деген екінші буыны одан әлсіз айтылады. Ал, *кітап әуелі жазба болады да, содан кейін басылып шығады* дегенде жазба деген сөздің соңғы *ба* деген буыны алдыңғы *жаз* деген буынынан күшті айтылады.

2. Сөздің әр буыны әр түрлі күшпен айтыла тұрып, соның ішінде әр сөздің бір буыны басқасынан ала-бөле күшті айтылады. *Мектеп* деген сөздің екінші (соңғы) буыны күшті айтылып тұр. Мектеп-тер дегенде үшінші буыны күшті айтылып тұр. *Мек-теп-те-рі* дегенде де үшінші (*те*-деген) буыны күшті айтылып тұр.

Әр сөзде, осындай бір буынның ала-бөле күшті айтылуын сөздің екпіні дейміз. Күшті айтылған буынды екпінді буын дейміз.

3. Сөз екіпінінің қай буында екенін жазуда көрсету керек болса, екпінді буындағы дауысты дыбыстың әрпінің үстіне көлбеу сызықша (') қойылады. Мысалы, *мектеп, мектептер, мектептері.*

4. Әрбір түбір сөзде, әрбір қосымшалы сөзде бір-бір екпін болады. Мысалы: Түбірлер: *бала, қалам, жаз.*

Қосымшалар: *Балалар, баламын, жазамын.*

5. Дәйек қосалқылардың бәрінде де бір-бір екпін болады да, дәйек қосалқысы бар түбір сөз бен қосымшалы сөздің екпіні азайып, көбіне, мүлде жоғалып кетеді. Мысалы:

Тым жақсы, өте тығыз, қып-қызыл, әрең жетерсің.

6. Аяқ қосалқыларды екпін болмайды. Мысалы: *жазғанмен бітірмегенсің* (қосалқы – *мен*), *жаза зой* (қосалқы – *зой*).

Е с к е р т у: *сияқты, секілді, (сықылды)* дейтін аяқ қосалқыларға қосымша жалғанса, екпін пайда болады да, екпін ретіне қарай, бірде өзінде, бірде қосымшасында болады. Мысалы: *сияқтылар, сықылдының, сол сықылданба.* Көмекші етістік деп аталатын қосалқылар да осылар сияқты. *Жаза бер, жаза берсең.*

7. Түбір сөздің екпіні қосымша жалғанғанда, кейде қосымшасына көшеді де, кейде өзінде тұрып қалады: *ал, алма, алмассың.*

8. Қазақ тілінде түбір сөздің екпіні соңғы буынында болады. Қосымшалы сөздерде де екпін, көбінесе, аяқта болады. Бірақ, қайсыбір қосымшалар екпінді өзіне жолатпайды да, сонан, екпін аяққа бара алмай тоқтап қалады. *Ауыл, қала, калхоз* деген түбір сөздердің, *егіндік, шаруашылық, күзетші* сияқты қосымшалы сөздердің бәрінің де екпіндері соңғы буындарында. Ал, *бүгін сен күзетші* дегенде *күзетші* сөзінің екпіні ортаңғы буынында, *оқимын, жазбақсың* дегендерде де соңғы *мын, сың* қосымшалары екпінді жоғалтпай тұр.

Е с к е р т у: Екпінді жолатпайтын қандай қосымшалар екені кейін өз тұсында көрсетіледі.

9. Әр буын өз алдына айтуға келетін болған соң, буын-буынының жігін аша айтуға да, қоса айтуға да болады. **Бір сөздің буындарының ара-арасын қоса сөйлейміз де, сөз-сөздің жігіне тура келгенде буын жігін де аша сөйлейміз.**

Мысалы: *жас+ат* деген екі буын тұр. Екеуінің басын қосып айтпақ болсақ, алдымен, бұл екі буын бір сөздікі ме, жоқ екеуі екі сөз бе? – соны ашып алуымыз керек. Екеуі екі сөз болса, осы тұрған жапсарын аша сөйлейміз. Онда *жас ат* (*жас жылқы* деген мағынада) болады. Ал, бұл екі буын бір сөздікі болса, осы тұрған жігін жаба сөйлейміз. Онда *жасат* (бір нәрсені істет) деген болады. Сөйтіп, бір сөздің буындарын жылыстырып байланыстырамыз да, сөз-сөздің жігіне тура келгенде жылыстырмай тоқтап, буын жігін аша сөйлейміз.

10. Сөз-сөздің жігіне дауыс тоқтай бермейді. Сондықтан, **жалғыз тұрған буындар бір сөздікі ме, жоқ, әр сөздікі ме? – Оны сөз екпінінен айырамыз. Бір сөздің буындары бір-ақ екпінге қарайды.**

Мысалы: *су-ал-ма-ған* деген төрт буын тұр екен. Бұл төртеуі бір-ақ сөз болуы да, екі сөз болуы да, үш сөз болуы да мүмкін.

Төртеуі бір-ақ екпінге қатар тұрса, *суалмаған сиыр* дегендегідей, бір-ақ сөз болғаны.

Төрт буында екпін екеу болса, бұл *құдықтан су алмаған* дегендегі сияқты, екі сөз болғаны.

Бұл төрт буында үш екпін болып, төртеуі үш сөздікі болуы да мүмкін. Онда *су ал, маған!* болады.

Міне, осы үш түрлі ұласудың ең соңғысында ғана *маған* деген сөздің алдында дауыс тоқтайды. Мұнда *су* мен *ал-*дың арасында, алдыңғы екеуінің қай жерінде де, дауыс үзілмейді.

Сонымен, **екпін – бір сөздегі буындарды тарқатпай матастырып ұстау үшін керек болып шығады.**

§ 47. Сингармонизм. Үндестік заңы

1. Сөз де тұтас, сом нәрсе емес, сөйлем сияқты жік-жік, мүше-мүше болатынын білетінбіз. Мүшелері бір-бірімен қиындасып, ілініспесе, сөйлем – сөйлем болмай, сөгіліп кететіні сияқты, мүшелері өзара матаспаса, сөз де болмай сөгіліп кетеді. Сөйлем мүшелерін бір-біріне ұштастырып, байлап беретін **жалғау, жалғауыш, сөз тәртібі** сияқты, амалдары болса, сөз мүшелерін де тарқатпай, қосып ұстайтын дәнекерлер болады.

Жоғарыдағы, **буындардың жылысуы мен кірігуі, сөз екпіні** дегендердің бәрі де осы сөз мүшелерін өзара байланыстырып тұрған дәнекерлер болатын.

Сөз мүшелерін матастырып ұстайтын арқанның ең күштісі түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі. Бұл заңды сингармонизм дейміз.

Сингармонизм – грек сөзі. Қазақшалағанда – үндесу деген болады.

2. Үндесу екі түрлі.

Бірінде – түбір мүшенің соңғы буыны жуан айтылса, қосымшалардың бар буыны да жуан айтылады; түбірдің соңғы буыны жіңішке болса, қосымшалар да жіңішке айтылады.

Мысалы: *колхоз* деген, соңғы буыны жуан түбірге жалғанған қосымша буыны жуан болады да, *мектеп* сияқты, соңғы буыны жіңішке түбірге жалғанған қосымша жіңішке айтылады:

колхоз-ым-ыз-дың,
мектеб-ім-із-дің.

а) Қосымша буындары жуан айтылғанда дауысты дыбыс **а** болса, жіңішке түрінде **а**-ның орнына **е** дыбысы келеді. *Бала-лар* (қосымша *-лар* – жуан. Дауыстысы – **а**), *бөбек-тер* (қосымша *-тер* – жіңішке. Дауыстысы – **е**).

б) Қосымша буындары жуан айтылғанда **к, ғ** дауыссыздары болса, жіңішке түрінде бұлардың орнына **к, г** дауыссыздары келеді.

ат-қа, мал-ға (қосымша жуан, дауыссыз – **к, ғ**) *мектеп-ке, үй-ге* (қосымша жіңішке, дауыссызы – **к, г**)

в) **-нікі (-дікі, -тікі), -кер (-гер)** дейтін қосымшалар, түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне ермей, өнемейіне бір түрде – жіңішке түрде кездеседі.

Колхоз-дікі болғаны – біз-дікі болғаны ғой деген мысалда *хоз* деген буыннан кейін де, *біз* деген жіңішке буыннан кейін де бір түрде (*-дікі* түрінде) қосымша жіңішке болып тұр. Осы сияқты *жұмыскер, жауынгер* сөздеріндегі *-кер, -гер* қосымшалары да жуандамайды.

г) *ақ* дейтін қосымшада түбірге ермей, кіл жуан түрде ғана болады; *жақсы-ақ, кісі-ақ* деген сияқты бөлек жазылады.

Е с к е р т у: *Ақ* деген мұндай орында қосымша болса да, осы *біреу-ақ* дегендегі қосалқы *ақ*-тан айыру қиын болғандықтан, қосалқыша, бөлек жазылады.

Қой, қор, наз дейтін қосымшалар да осы *ақ* сияқты – түбірі жіңішке болса да, жіңішкермей, *әзілқой, бейнетқор, әнназ* түрінде болады. Бұларды осылай естілуінше жуан күйінде жазамыз.

д) Түбірдің соңғы буыны жуан бол, жіңішке бол, **оған үндеспейтін қосымша жалғана қойса, бұдан кейінгі қосымшалар осы тоң мойын қосымшаның ауанымен не жуан, не жіңішке болады.** Мысалы: *колхоз-дікі-нің* (*қолқоз-дікі-ның* емес), *кісі-ақсың ғой* (*кісі ақсің ғой* емес).

е) Түбірдің соңғы буынына, немесе, тоң мойын қосымшаға еріп жуандаған, не жіңішкерген қосымша буындарының бәрін де естілуінше – жуан жерінде жуан, жіңішке жерінде жіңішке жазамыз; *бар-сын* болса, (*сін* емес), *-сын* жазамыз да, *кел-сін* болса (*сын* емес) *-сін* жазамыз.

ж) Көп буынды түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың **а** дыбысы екені мен **ә** дыбысы екені дұдамал болса, немесе, дұдамал болмай-ақ анық **ә** дыбысы болса да, қосымша жуан түбірге жалғанғандағыдай жуан айтылады да, **а** мен **е, қ** мен **к, ғ** мен **г**-нің бірі келетін қосымшаларда **а, қ, ғ** жазылады. Оңайлық үшін ондай түбірдің соңғы буынына да **ә** жазылмай, **а** жазылады: *кітап-қа* (*кітәп-ке* емес), *Әлиядан* (*Әлиеден* емес), *Ілиясыңа* (*Ілиәсіңе* емес), *Күлашқа* (*Күләшке* емес).

3. Үндесудің екінші түрінде:

а) Түбір мүшенің соңғы дыбысы үнсіз дауыссыз болса, оған жалғасқан қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы (сыбыр дыбыстары мен сыбыс дыбыстарынан басқалары) да үнсіз болады.

Мысалы : *ат+(-за/-қа) – ат+қа (атға емес)*
мектеп+(-зе/-ке) – мектеп+ке (мектепге емес).

в) Түбірдің соңғы дауыссызы үнді болса, оған жалғасқан қосымшаның басқы дауыссызы да (сыбыр не сыбыс емесі) үнді болады.

Мысалы: *колхоз(-за/-қа) – колхоз-за (колхозқа емес); тұз (-дың/-тың) – тұз-дың (тұз-тың емес).*

Қосымшаның бас дыбысы дауыссыз болмай, сонор болса, ретіне қарай, бірде сонор, бірде үнсіз дауыссыз, бірде үнді дауыссыз болып, алмасып отырады. Сонда:

а) Түбірдің соңғы дыбысы дауысты болса, қосымшаның бас дыбысы сонор ғана болады. Мысалы: түбірдің аяқ дыбысы **а** мен **е** (бала, бөле), қосымшаның бас дыбысы **л, н, м** (*лар, лық, ла, ны, нікі, ма, мын*) болса, *бала-лар, бөле-лік, ба-ла-лау, бала-ны, бөле-нікі, бөле-ме, бала-мын* болады (*-дар, -тар, -ды, -ты, -ба, -па* болмайды).

б) Түбірдің соңғы дыбысы **л**-дан басқа ауыз жолды сонор болып, қосымшаның бас дыбысы **л** мен **м** сонорларының бірі болса, қосымшаның бас дыбысы дауыссызданбайды, сонор (**л** мен **м**) болады.

Мысалы: *қар, тау, тай* деген түбірлерге қосымша *қар-лар, тау-лар, тай-лы, қар-мен, тау-мен, тай-ма* түрінде жалғанады.

в) Түбірдің соңғы дыбысы **л** болса, **л**-дан басталған қосымша **д** болады да, **м**-нан басталған қосымша **м** күйінде қалады:

мал-дар (-лар емес), бірақ ал-ма (ба емес).

г) Түбірдің соңғы соноры мұрын жолды болып, қосымшаның бас дыбысы да, аяқ дыбысы да мұрын жолды сонор болса, қосымшасының бас дыбысы мұрын жолды сонорға айналады:

құм-ның, ұн-нан, таң-мын.

Бірақ, бір буынды қосымшаның аяқ дыбысы, көп буынды қосымшаның бас буынының соңғы дыбысы мұрын жолды сонор болмаса, түбірдің соңғы сонорына жалғас келген қосымшаның басқы соноры үнді дауыссызға айналады.

құм-дар, ұн-ды, таң-ба, ұн-дікі сияқты.

д) Түбірдің соңғы дыбысы **қ, к, п** дыбыстарының бірі болып, қосымшаның бас дыбысы дауысты болса мынау үшеуі үнді түрге көшіп, **ғ, г, б** дыбыстарына айналады:

ақ – ағ-ы, көк – көг-і, көп – кө-бі.

Үндесудің бұл түрлерінің бәрінде де есітілуінше жазамыз.

е) Түбірдің соңғы дауыссызы сыбыр дыбыстары мен сыбыс дыбыстарының үндісі болып, қосымшасының бас дыбысы үнсізі болса, айтуда түбірдің соңғы дауыссызы үнсізденеді, бірақ, мұны жазуда елемейміз:

айтуда: *ос-са, ес-се* болғанмен,

жазуда: *оз-са, ез-се* деп жазамыз.

Түбірдің соңғы сыбырлысы қосымшаның басқы сыбыстысына еріп, сыбысты болатыны бар. Сонда да түбірді өзгертпей, сыбырлы жазамыз: *колхозшы, бапшы* болып айтылғанмен, *колхозшы, басшы* деп жазамыз.

ж) Қосымшаның бас дыбысы сыбыр не сыбыс дыбыстары болса, түбірдің соңғы дыбысына ермей бір қалыпта тұра береді: *жаза-сың, жүр-сің, мал-шы* сияқты.

з) Түбірдің соңғы дыбысы дауыссыз болып, қосымша жалғыз-ақ дауыссыз, не сонор болса, екеуінің аралығына **ы, і** дыбысы қатыстырылады:

кітап+м – кітаб+(ы)м, жаз+п – жаз(ы)п, айт+с – айт+(ы)с.

Қосымша жалғыз у дыбысы болып, түбірдің соңғы дыбысы дауыссыз бен сонордың бірі болса, бұлардың арасына қыстырылған келте дауысты дыбыс **ы, і** болмай **ұ, ү** болады:

Жаз+у – жаз(ұ)у; кез+у – кез(ү)у.

Түбірдің соңғы дыбысы келте дауысты **ы, і** болып, қосымша у дыбысы болса да, түбірдің соңғы келте дауысты **ы, і** дыбыстарын **ұ, ү** дауыстыларына айналдырамыз:

оқы+у – оқуу, ер+у – еруу.

Мұндай жерлерде келте дауысты **ы, і, ұ, ү**-лер сонор у мен бірігіп кетеді де, екеуі қосылып бір-ақ дауысты дыбыс болады. Әліппемізде бұған лайық әріп жоқ болғандықтан, мұндай қосынды дауыстыны **ұу, үу** түрінде қос-қос әріппен таңбалаймыз.

и) Түбірдің соңғы дыбысы **н** болып, қосымшаның бас дыбысы **қ, ғ, к, г** дауыссыздарының бірі болса, түбірдің аяғындағы **н** соноры **ң** болып айтылатыны бар, бірақ, жазуда мұны елемей, **ң** жазбай, **н** жазамыз:

Ақан+ға – Ақанға болып жазылады (*Ақаңға* емес).

Жөн+ге – жөнге болып жазылады (*жөңге* емес).

к) Түбірдің соңғы дыбысы **н** болып, қосымшаның басқы дыбысы ерін дыбыстарының бірі болса, түбірдің аяғындағы **н** дыбысы **м** дыбысына айналып кететіні бар. Бірақ, ондай орындарда түбірінше **н** жазамыз. Мысалы:

өн+бе деген *өмбе* болып естілсе де, *өнбе* деп жазамыз; *жан+мын* деген *жаммын* болып естілсе де, *жанмын* деп жазамыз.

л) Түбір дыбыстары мен қосымша дыбыстарының үндесу бағыты екі түрлі: **бірінде** – түбірдің соңғы дыбысының, не соңғы буынының ауанына қарай, қосымша дыбыстары өзгереді, **екіншісінде** – қосымша дыбыстарының ықпалымен түбір дыбыстары өзгереді. **Алдыңғысын ұмтыла үндесу дейміз де, соңғысын тартына үндесу дейміз.**

Үндесу салдарынан болған дыбыс өзгерістерінің жазу ережесін қорытқанда мынадай болады:

Түбір дыбыстарының ықпалымен қосымша дыбыстары өзгерген ұмтыла үндесу болса, қосымша дыбыстарын өзгерген күйінде естілуінше жазамыз.

Е с к е р т у: Түбірдің аяғындағы сыбыс дыбыстарының тепкісімен өзгерген сыбыр дыбыстары бұған кірмейді (*аш-ша* емес, *ашса*).

Қосымша дыбыстарының ықпалымен түбір дыбыстары өзгерген тартына үндесу болса, мұны елемей, түбір дыбысын оңаша күйдегісінше жазамыз: *баишылар* емес, *басшылар*; *тұмба* емес *тұнба*; *сыңған* емес, *сынған*.

Е с к е р т у: Қосымшаның басқы дауыстысының ықпалымен **қ, к, п** дыбыстарының **ғ, г, б** дыбыстарына айналып үнденетіні бұған кірмейді (*көкі* емес *көгі*).

4) Үндесу сөз мүшелерінің ғана емес, сөйлем мүшелерінің де байланысын көрсетеді. Сондықтан, бір сөздің ықпалы екінші сөзге де тиеді: *бері гара, келе гал*

сияқты. Мұндайды жазуда елемей, *бері қара, келе қал* деп жазамыз. Сүйтіп, екі тең сөздің бір-біріне тигізетін ықпалын жазуда елемейміз.

5) Кіріккен сөздердің көнесін, өлі қосымшалы сөздерді, кісі аттарының қосындыларын, дыбыстарының үндескен түрінде, естілуінше жазамыз. Мысалы:

Жамбас (жанбас емес), жоңқа, жаңқа (жонқа емес), ашудас (ашутас емес), Еишан (Есжан емес), Имамбай (Иманбай емес).

Е с к е р т у: Күрделі сандардың әр сөзі жеке сөзге саналады да, әрқайсысы өз алдына ғана түбірінше жазылады. Мысалы: *он бір (омбір емес), бір мың тоғыз жүз отыз алтыншы жыл, февральдың он бесі.*

ЖАҢА ГРАММАТИКАНЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ ЖАЙЫНАН¹

I. Сөйлемнің сазы

Сөйлемнің түр-түрі толып жатыр. Сондықтан әр түрін айырып, таптастыруға болады. Мысалы, жай сөйлем, жайылма сөйлем, күрделі сөйлем т.т. немесе, леп сазды сөйлем. Мұның алдыңғы үшеуі сөйлемнің қандай мүшелері бар, қандай мүшелері жоқ болу жағынан, екінші сөзбен айтқанда, сөйлемнің қандай мүшелерден құралғанын, қысқасы, сөйлемнің мүше құрылысы жағынан қарап айырғандағымыз. Соңғысы олай емес, басқа түрлі белгісіне қарай айырғандығымыз.

Сөйлемнің тек бастауыш мүшесі мен баяндауыш мүшесі ғана болып, тұрлаусыз мүшесі болмаса, оны жалаң сөйлем дейміз. Мысалы: бала оқиды. Мұнда бастауыш – *бала*, баяндауыш – *оқиды*. Бұл екеуінен басқа мүше бұл сөйлемде жоқ. Егер, *бала жақсы оқиды* десек, онда бастауыш пен баяндауыштан басқа *жақсы* деген тұрлаусыз мүше де бар болып шығады. Бұл *оқиды* деген мүшені анықтап тұр. Тұрлаусыз мүшесі болғандықтан, бұл сөйлем жайылма сөйлем болады. Осы сияқты *ақылды бала жақсы оқиды* деген сөйлем де жайылма болады. Өйткені, мұнда, бірінші – *ақылды*, екінші – *жақсы* деген тұрлаусыз мүшелер бар. Жайылма сөйлемнің тұрлаусыз жетегі бар мүшесін жайылма мүше дейміз. Сөйлемнің бір мүшесі тек жайылма болып қоймай, өзі бір сөйлем болып құралса, өзін сөгіп алып ішін ақтарғанда, бірі бастауыш, бірі баяндауыш болып шықса, ондай сөйлемді күрделі сөйлем дейміз. Мысалы, *ақылы көп бала жақсы оқиды*. Бұл сөйлемнің бастауышы – *бала*. Баяндауыштың жетегі тек *көп* деген сөздің өзі емес. Мұның өзі бір сөйлем: *ақылы* – бастауыш, *көп* – баяндауыш, бұл 2 сөз бір қосылып, сөйлем болады да, сол сөйлем күйімен барып *бала* деген бастауышқа анықтауыш болады. Осы сияқты, сөйлемнің басқа мүшелері де күрделі бола береді.

Сөйлем түрлерінің басқаларын қоя тұрып, осы *жалаң, жайылма, күрделі* деген үш түрінің өзін қалайша таптастырғанымызды көру қиын емес. Біреуі – тұрлаусыз мүшесі болғасын жайылма атанған, енді біреуі – бір мүшенің өзі жайылма бола тұрып, бөтен жайылмалардай емес, бір сөйлем болып құрылғандығына қарай, күрделі деп атанған. Қысқасы, сөйлемді бұлайша таптастыру – сөйлем мүшелерінің белгілі түрде құралуына қарай таптастыру болып шығады. Сөйлемді екінші түрде таптастыруға да болады. Сөйлемді қандай мүшесі бар, қандай мүшесі жоқ деп, немесе қай мүшесі қалай құрылған деп айырмай-ақ, айтқанда оны қандай *үнмен*, қандай *сазбен* айтқанымызға қарай да таптастыруға да болады. Мысалы, *сен оқысайшы* деген сөйлемді бір түрлі сазбен айтсақ, бұйырып айтқан болады да, екінші түрлі сазбен айтсақ, жалынып айтқан болып шығады.

¹ Бұл материал алғаш рет «Ауыл мұғалімі» журналының 1937 жылғы 1-3 сандарында жарияланған. Қ. Жұбанов мұнда өзінен бұрынғы қазақ тіліндегі грамматика авторларының бірқатар анықтамалары мен қолданған терминдерін сынға алған. 1966 жылғы «Ғылым» баспасында жарияланған Қ. Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты кітабында, сол кездегі саяси жағдайға байланысты, аталған мақаланың біраз жері (7-8 бет) қысқартылып берілген болатын.

1999 жылғы және осы басылымдарда 1937 жылғы жарияланған мәтін қысқартылмай берілді. – Редакция алқасы.

Міне, мұнда біз сөйлемнің бұйрық ретінде айтылғаны мен жалыныш ретінде айтылғанын қалай айырып отырмыз? Қандай мүшесі бар, қандай мүшесі жоқтығына қарап па? – жоқ, олай емес. Өйткені, екі түрлі айтқанда да сөйлем мүшелері өзгерген жоқ, екеуінде де мүше екеу – екеуден; оның бірі – бастауыш (сен), екіншісі – баяндауыш (оқысайшы). Құрылысы жағынан мұның екеуі де жалаң сөйлем. Оның үстіне екеуінің мүшелерінің құрылысы ғана емес, сөздері де бірдей. Сөйте тұрып, осы сен оқысайшы деген бір сөйлемнің өзін екі түрлі айтқанда екі түрлі мағына ұғамыз. Бұл екі түрлі мағына қалайша білініп тұр? Сөйлемнің әнінен, үнінен (сазынан). Өйткені, сөйлемдегі сөздердің мағынасы түрленсе ғана дыбыс сазы (әні) түрленеді. Сөзде бос тұрған нәрсе жоқ, бәрі де бір керекке жарап тұрады. Дыбыс сазы да сөздің бір керегін өтеп тұрады. Бұл арада дыбыс сазының әр түрлі болуы мағынаның әр түрлі болғанын көрсетіп тұр.

Сөздің мағынасын түрлендіру үшін бірде оған басқа бір сөз әкеліп қосамыз. Мысалы, *көк* дегенге *қара* деген сөзді қоссақ, қандай көк екені анықталып, *жасыл*, *көк* не басқа *көк* емес, *қара көк* екені байқалады.

Бірде басқа бір түгел сөз болмай-ақ, қосалқы қосып шым көк дейміз. Мұнда *көк* дегеннің қанық түс екені ашылады.

Бірде қосымша жалғап, *көгіс*, *көгілдір* сияқты түрге енгіземіз. Мұнда да түстің көкке бейім екені аңғарылады.

Енді бірде сөз мағынасын турлендіру үшін жаңа сөз де, қосалқы да, қосымша да қоспай, сөздің тек әнін (сазын) құбылтамыз.

– *Менің кітабымның түсі көк.*

– *Көк? Қой, қайдан көк болсын, қара шығар.*

Міне, мұндағы екі сөйлемде де *көк* деген сөз бар. Бірақ алдыңғы сөйлемдегі *көк* пен соңғысының басындағы *көктің* айтылуында айырма бар. Үйткені алдыңғы сөйлемдегі *көк* мойындай айтылған, соңғы сөйлемдегі бірінші *көк* сұрай, күмәндана айтылған. Сондықтан екеуінің әні екі түрлі болып тұр. Сұрау мағынасын білдіру үшін кейде, осылай, сөзді сұрауға арналған әнмен айтамыз да қоямыз, кейде, оның үстіне, кімде? не? қай? сияқты сұрау қосалқылардың бірін артынан қосамыз. Мысалы, *Қай бала? Оқушы бала. Оқушы бала ма? Я, оқушы бала. Әнші бала ше? Ол бала кетіп қалыпты.* Сұрай сөйленген сөздердің, сөйлемдердің өзіне тән арнаулы әні болады. Сұрау екендігін осы әнінен білеміз.

Осы сияқты, бір сөздің өзін қандай көңілмен айтуымызға қарай, әр түрлі сазбен айта аламыз. Бұйырғанды, жалынғанды, опынғанды, мақтанғанды, зекіргенді т.т. осындайларды бәрін көбіне сөздің сазымен (әнімен) білдіреміз. Дыбыс сазы болмаса, сөздер көп нәрсені білдіре алмай қалар еді.

Сөйлеу деген – біреудің екінші біреуге хабар беруі. Сөйлеушінің тыңдаушыға беретін хабары өзіне әр түрлі әсер ететін болады. Өзінің бір жақын не дос адамының өлгенін хабарлап тұрса, бұл хабар сөйлеушінің өзіне қайғы туғызады. Өзінің бір жолдасының бір ірі табысын сөз қылып тұрса, бұл хабар сөйлеушінің өзіне қуаныш, шаттық енгізеді. Қолынан келетұғын бір істі кезінде істемей, енді істеуге мезгілі өтіп кеткенін білдіріп тұрған болса, сөйлеушінің осы хабарының өзі өзіне опық туғызады т.т. Сөйлеуші бірдеменің жайын хабарлай тұрып, сонымен бірге, сол хабары өз басына қандай әсер ететінін де – қайғыратынын, қуанатынын, опындыратынын т.т. да, көбінесе қоса білдіреді. Өйткені сөйлеуші тас емес, тірі адам, сезімі бар, жүрегі бар адам. Сондықтан оған

дүниедегі болып жатқан әр түрлі құбылыстар әр түрлі әсер етпей қоймайды. Біріне қуанады, біріне салқын қанмен қарайды. Рас, кейде сөйлеуші өзіне хабарының қалай әсер ететінін тыңдаушыға білдірмей, жасыруы немесе теріс білдіруі де, қуанбай тұрып, қуанған адамша сөйлеуі, күлкісі келіп тұрып, жылап сөйлеуі не жылағысы келіп тұрып-ақ, күліп сөйлеуі мүмкін т.т.

Осының бәрінен де сөйлеушінің өз хабары өзіне қандай әсер еткенін білдіретін немесе қандай әсер қылып көрсететін амалы – сөздің әні, дауыс сазы. Ол өзінің қуанғанын да, күйінгенін де, опынғанын да... немесе бұл хабары өзіне түк әсер етпегенін де – осының бәрін де (шын болсын мейлі, жалған болсын мейлі) білдіргісі келсе немесе білдірмеске лажы болмаса, тек дауысын құбылтып, сөзінің әнін, сазын түрлендіріп қана білдіре алады. Мұндай әсерлердің қайсыбіреулерін қосалқы қосымша, одағай сөзбен де білдіреді. Сонда да ең мықты амалы дауыс сазы болады. Сөйтіп, адамның көңілінің түрлі күйіне сөздің түрлі әні сәйкес келеді. Сондықтан сөздің әнінің арқасында хабардың өзін ғана емес, сөйлеушінің көңіліне сол хабардың қалай немесе қалай тиген қылып көрсеткісі келетінін білеміз.

Адамның көңілінің қобалжуының түрі көп, тіпті ұшы-қиыры жоқ десек те болады. Бұларды білдіруге арналған амалдың – дауыс сазының да түрі көп. Мұның бәрін бұл арада тізіп жатудың керегі де шамалы, бұл жерде оған әліміз де келмейді. Сондықтан бұларды топтастырып қана көрсетпекпіз.

Сөздің дауыс сазын негізінде үш ірі топқа айыруға болады.

1. *Хабар сазы.* Сөйленген сөздің тек хабар болу жағын ғана көздеп, өзіне бұл хабардың қандай әсер еткенін сөйлеуші білдірмесе, немесе білдірмегенін, сөз осы хабар сазымен айтылады. Мұнда дауыс тыныш бір қалыппен, әр сөз сөйлемнің қай мүшесі екеніне, өзінің байланысқан сөзінен қаншама аулақ тұрғанына қарай ғана (сөйлемнің жетек мүшесі, жетекші мүшесінің өз әні болады; қай орында тұрғанына, хабарда қандай орын ұсталғанына қарай, бұл әнінің өзі тағы өзгеріп отырады (әнделіп қояды), әрине. Бұлай аталған сөздің өзінің түрлі бояуы болмақ. Онысын елемедік. Сөйлем осы сазбен айтылса хабар сазды сөйлем дейміз. Жазуда мұндай сөйлемнің аяғына ноқат (.) қоямыз.

2. *Леп сазы.* Сөйленген сөздің тек хабар болу жағын ғана көздеп қоймай, оның үстіне, бұл хабар сөйлеушінің өзіне белгілі бір түрде әсер еткенін – қуантқанын, мұңайтқанын, таңдандырғанын, опындырғанын т.т. да қоса білдіргісі келсе, сөйлеуші сөзін осы леп сазымен айтады. Мұнда дауыс, анағыдай тыныш әнделмей не көтеріңкі, не басыңқы, шұбалыңқы, не жиылыңқы түрде, әйтеуір, бір есеппен айтылады.

Сөйлем осы сазбен айтылса, леп сазды сөйлем дейміз. Жазуда мұндай сөйлемнің аяғына леп белгісін (!) қоямыз.

3. *Сұрау сазы.* Сұрала сөйленген сөз осы сазда болады. Сұрау есімдік, сұрау қосалқыларды сөзге қосып айтсақ та, қоспасақ та, бәрібір, сұрай сөйленсе, сөз осы әнмен айтылмақ. Осы сазбен сөйленген сөйлем сұрау сазды атанады. Жазуда мұның соңынан сұрау белгісін (?) қоямыз.

Сөйтіп, дауыс сазы деген – қосалқы, қосымша қосып білдіретініміз сияқты, сөз мағынасының түрленгенін білдіретін бір амал болып шығады. Сөйлемді *хабар сазды, леп сазды, сұрау сазды* деп таптастыру, сөйтіп, берген хабарына айтушының

өзі қалай қарайтындығын, өзінің көңілін қандай сазбен білдіргеніне қарай, қысқасы, сөйлемді дауыс сазына қарай таптастыру болады.

Жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, сабақтас сөйлем т.т. әрқайсысы хабар сазды да, леп сазды да, сұрау сазды да бола береді. Мұның керісінше бұл соңғылардың әрқайсысы жалаң да, жайылма да, сабақтас та т.т. бола береді. Өйткені сөйлемді жалаң жайылма, күрделі жеткіліксіз деп таптастыру – сөйлемнің мүше құрылысына, сөз құрылысына қарай таптастырғанымыз да, *хабар сазы*, *сұрау сазы* деп жіктеу – сөйлемнің дауыс құрылысына, әніне, сазына қарай таптастырғанымыз. Сондықтан мүше құрылысы, тіпті сөздігі (лексикасы) жағынан бір-ақ түрлі болатын сөйлем, сазы жағынан түрлі-түрлі болуы мүмкін. Өйткені бір сөздің өзі түрліше әнделе береді. Мүше құрылысына қарай жіктеу мен дауыс құрылысына қарай таптастырудың екеуі бір сөйлемнің басына сыймастай нәрселер емес, бұл – тек бір нәрсенің өзін екі түрлі өлшеуішпен өлшегендік қана. Ұзын бойлы қараша жігіт деп бір жігіттің өзін екі айырып сыпаттауға болады. Сонда ұзын бойлы болған жігіт қараша болмайды екен деп ойласақ, дұрыс болмас еді. Өйткені ұзын бойлылық пен қарашалық бір жігіттің басына сыймастай сыпаттар емес; бір жігіттің өзі-ақ әрі ұзын бойлы, әрі қараша болуы мүмкін. Бұл екі түрлі сыпаттау бір жігітті белгісіне қарай айырғандық. Бірі – *ұзын бойлы* деу – бойына қарай, екіншісі – *қараша* деу түсіне қарай сыпаттағандық. Осы сияқты бір сөйлемнің өзін екі түрлі белгісіне қарай екі түрлі жіктеуге болады.

Ал, енді, бұларды тек хабарлы, лепті, сұраулы деп бұрынғыша атай салмай, «саз» деген сөзді енгізіп, терминді шұбалтудың қанша қажеті болады?

Бұлай аталған себебі – сөйлемді бұлайша таптастырудың негізі терминнен-ақ көрініп тұрсын дегендік. Жалаң, жайылма, жеткіліксіз, бастауышсыз деп таптастыру – сөйлемнің мүше құрылысына жіктелгенін білдіріп тұратын болса, бұларда да дауыс сазына қарай таптастыру барлығы ашылып тұрсын дегендік.

Бұрынғы грамматикаларда бұлардың қандай принципке сүйеніп жасаған топтастыру екенін не ашпай кететін еді, немесе мағынасына қарай таптастыру дейтін мәселен «Тіл құралда».

Қандай негізге сүйеніп таптастырылғаны ашық айтылмаса, мұның не екенін айыра алмай, ана мүше құрылысына қарай таптастырудан мұның нендей айырмасы барын біле алмай, оқушылар бірімен-бірін шатастырып, араластырып алады.

Мағынасына қарай таптастыру десе, дұрыс болмайды. Өйткені, сөйлемнің мағынасы тек дауыс сазы түрленгенде ғана турленіп отырмайды, сөздері өзгерсе де өзгереді. Бала *оқиды* деген жалаң сөйлем мен *бала жақсы оқиды* деген жайылма сөйлемнің мағынасы бір деуге болмайды. Сөйлемнің дыбысын қозғасаң да, сөзін қозғасаң да, әнін қозғасаң да, бәрібір, оның мағынасы да осымен бірге қобалжымақ. Екінші жағынан, тек лепті сөйлемнің өзі бірде қуану мағынасын, бірде мұңаю мағынасын т.т. бере береді. Сондықтан мұны мағына жағынан бір тапқа жатқызып, бір атпен атау дұрыс болмас еді. Ал, сазына қарай айырғанда, леппен сөйлеудің түрі де, мағынасы да көп болғанмен, әнінде, сазында бір тектілік бар. Мұның бәрі де не қызғын, не солғын әуезбен – әйтеуір тепе-теңдіктен айырылған сазбен айтылады. Мағынаға қалғанда сұрау форманың өзі де тек сұрау мағыналы бола бермейді. Әңгіме мағынаның өзінде емес. Өйткені біздің қарайтынымыз мағына жүйесі семантика емес, грамматика. Сондықтан, біздің мақсатымыз мағынаны баяндау емес, мағынаны қандай амалмен білдіреміз –

осыны баяндау болу керек. Сөйлемнің бұл жағы мағынаны дауыс сазымен білдіру жағы. Сондықтан таптастыру да, термин де осы негізге құрылуға тиіс.

«Саз» деген сөзді қосқан себебіміз осы.

Бұрынғы *аңызды сөйлем* деп аталып жүрген түрді *хабар сазды* деу себебіміз – оңайына, ұғымдысына қашқандық. Аңыз деген сирек қолданылатын сөз. Оның мағынасы жұрттың көбіне анық емес. Термин арнаудың мағынасы тек бір категорияны екінші категориядан айыру ғана емес, ненедей категория екенін де өзі айтып тұратын қылу, категорияны түсінуге де ат салысу. Көптен келе жатқан әдебиеті бар елге бұл соңғы мақсатты орындап отыру қолайлы соға бермейді. Бірақ, біз сияқты грамматика категориялары енді-енді байқалып келе жатқан жұртқа мұның қиындығы жоқ.

II. Сөйлемнің тұрлаусыз (айқындауыш) мүшелері

Бұрынғы грамматикалардағы бір сөзбен *тұрлаусыз мүшелер* делініп жүрген сөйлем мүшелері жаңа грамматикада айқындауыш деп аталған. Өйткені, бұл мүшелердің өзгешелігі тұрлаулы-тұрлаусыздығында емес, басқа жағында. Бұларды А. Байтұрсыновтың «Тіл құралында» анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш деген үш тапқа айырып, үш түрлі терминмен атайтын. Т. Шонановтың кітаптарында олай үшке айырмай, екі ғана жікке айырып, бірін анықтауыш, екіншісін толықтауыш деп өте шыққан. А. Байтұрсыновтың толықтауыш, пысықтауыш деп екі жікке айырғанын Т. Шонанов айырмай, бір-ақ топқа иіріп, бір-ақ толықтауыш деген терминмен атайды. Біздің грамматикамызда бұлардың қанша жікке айырылатындығын жоғарғы кластарға қалдыра тұрып, алдымен бәрін қосып, бір-ақ сөзбен «айқындауыш» деп аталған.

Кәне, неліктен бұларды әр жазушы әр түрлі атап жүр? Неліктен біз, бұрынғыларша жіктемей бөлек кеттік?

Оның себебі болды. Бұлар өзара нешеу болса да, бәрінің арасында бір жақындық бар. Бастауыш пен баяндауыш – сөйлемнің іргесі. Сол екеуі сөйлем болмайтынды сөйлем болдыру үшін керек. Ал мыналардың қай-қайсысы да сөйлем болмай тұрған сөздерді сөйлем болдыру үшін емес, сөйлем болып тұрған сөз тіркестерінің үстіне жамалып, бастауыш пен баяндауыштың мағыналарын бұрынғыдан гөрі ашығырақ, айқынырақ аңғарту үшін керек. Сондықтан, бұлардың бәрін қосып, бір топқа иіріп, бір атпен атап алу – бұлардың өзара айырмашылығы болса, ондай ішкі бөліктерін кейін тағы тарау-тарауға айыру керек болды. Осы күнгі орыс грамматикалары да осылай етіп жүр. Бірақ олардың «пояснительные слова» деп атаған тобын онан әрі жіктеу жолы бір басқа да, біздікі бір басқа. Олар әуелі айқындауыш деп, мағынасына қарай бір атап алып тұрып, оның ар жағындағы ұсақ жіктерін айырғанда тағы да мағынасына қарай жіктеп, себеп айқындауыш, орын айқындауыш, мезгіл айқындауыш т.т. деп таптастырады. Бұлай жіктеу сыңар жақты болады. Өйткені, айқындауыш деген аттың өзі мағынасына қарай қойылған; онан кейін, сол айқындауыштың өзін тағы да мағынасына қарай айырғасын – сөздердің формалану, тіркесу жағын есепке алмағасын, бір өңкей мағынашылдық жолына түсіп кеткендік болады. Тілде жалғыз мағына ғана емес, форма да бар. Дұрысын айтқанда, әр мағына әр түрлі формаға түсіп отырады. Оның үстіне бір мағынаның формасы біреу ғана болмай немесе бір форманың мағынасы

біреу болып қоймай бұлардың арасында қайшылықтар болып отырады. Сондықтан, грамматиканы тек мағына жүйесіне негіздесе де немесе тек форма жүйесіне негіздесе де, тілдің табиғатын көрсете алмайтын сыңар езулік болады. Грамматиканың қай жерінде болса да мағына, форманың екеуін де естен шығармай отыру керек болатыны осыдан. Бұл, әрине, қиынырақ, бірақ осылай етпесе, дұрыс шықпайды.

Мағынаны да, форманы да, екеуін де ескеру керек деген – әр категорияның өзінің мағынасы мен формасын қабаттастырып, қатар алып отыру керек деген емес. Бір категорияның өзін мағынасына қарай бір таптастырсақ, одан кейін, әр мағынаны формасына қарай тағы таптастырып алу немесе ретіне қарай, кейде формасына қарай бір таптастырып алып, онан кейін әр форманы мағынасына қарай тағы да бір таптастырып алу дұрыс. Тілдің табиғатына осы лайық.

Біз осылай етіп отырамыз. Біз мағынасына қарай, *әуелі айқындауыш* деп бір бөліп алып, онан кейін сол айқындауышты формасына қарай тағы да тарау-тарауға айырып отырамыз. Формасына қарай алынған тарау-тараудың әрқайсысын оның ар жағында мағынасына қарай тағы да жік-жікке айырып отырмыз. Сөйтіп, біздің таптарымыз тілдің баспалдақтап өсетіндігіне лайық түрде сатылы таптастыру болып отыр. Бұрын бұлардың қай-қайсысын да бір қабат өлшей салған үстірт таптастырулар ғана болушы еді.

Тілдің өсуі ала-құла келеді. Бір жағы ілгері, бір жағы кейін жатады да, сөздің мағынасы мен формасының арасы да үздік-созық келеді. Сондықтан, жалғыз мағынаға ие жалғыз ғана формаға сүйенген өлшеу, тіпті форма мен мағынаның екеуін қабаттастырып өлшеушілік – мұның қай-қайсысы да тілді өлшеуге жарамай жүреді. Тіл қай жерде ондай өлшеуге сыймай қалушы еді де, қай жерде толмай қалушы еді. Осы кемшілікті қайталамау үшін, біз баспалдақтап таптастыру әдісін мақұл таптық.

Олай болғанда, айқындауыш мүшелердің бәріне ортақ қасиеті барлығына қарап, бұларды бір топқа иіріп, бір сөзбен атау керек болғанда, бұрынғы тұрлаусыз мүшелер деп, бір сөзбен атағанның өзі жетпейтін бе еді? Неліктен оған жаңа термин шығарып, айқындауыш деп атау керек болды?

Тұрлаусыз мүше деп атау – өз орнында, бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүше деп атаған жерде, жеткілікті болса болар, бірақ бұл арада жеткіліксіз болады. Өйткені бастауыш пен баяндауыш деген терминдер бұл мүшелердің тұрақты-тұрақсыздығына қарап емес, сөйлемде қандай қызмет атқаратындығына қарай қойған аттар. Сөйлемде баяндау қызметін атқарып тұрғанына қарай баяндауыш деп атағанымыз сияқты, басқа мүшелерді айқындап тұрғанына қарай айқындауыш деп атау дұрыс болады.

Қашан да, қайда болса да, таптастырудың негізгі шарты – бір негізге құралған, бір өлшеумен өлшенген болу.

Мысалы, қатар тұрған екі ағаштың біреуін құлаштап өлшеп, бес құлаш екенін біліп, екіншісін қарыстап өлшеп, елу қарыс екенін біліп алып, онан кейін бұл екі санды қосып: «*Екі ағаштың ұзындығы – елу бес қарыс*» деуге де, «*елу бес құлаш*» деуге де болмайды. Өйткені, мұндағы *елу бес* деген сан бір өңкей өлшеулерден пайда болған қосынды емес, әр түрлі өлшеуден құралған. Сондықтан бұл күйінде екеуін қосып, бір санмен атауға болмайды. Егер бұл екі ағаштың екеуі қосылғанда қандай ұзындық пайда қылатынын санмен көрсеткіміз келсе, не қарыстап қана, не

тек құлаштап қана өлшеп, немесе қарыштап өлшегенді құлашқа, болмаса, құлаштап өлшегеннен шыққан санды қарысқа айналдырып, бір өңкейлеп алып, сонан кейін ғана неше құлаш екенін немесе неше қарыс екенін айтуға болады.

Қай нәрсені өлшегенде де, бір өңкейлеп алмай болмайды. Сөйлемде де осылай. Сөйлемнің бірқатар мүшесін мағынасына қарай атап тұрып, енді бірқатарын тұрақты-тұрақсыздығына қарай атаушылық – жаңағы қарыс пен құлашты қосып жіберіп санаған сияқты болады. Осындай болмасын десек, бастауыш пен баяндауышты мағынасына қарай топтап, айқындауыш деп атаған жөн.

Қазақ тілінің бұрынғы грамматикаларында айқындауышты бірде үш топ қылып, бірде екі топ қылып көрсететіндігін жоғарыда айтып едік. Олардың таптастыруы неге дұрыс емес? Енді осыған келелік. А. Байтұрсынов бұларды тек мағынасына қарай айырған. Онда да қазақ тілінің өзі тудырған мағыналары емес, орыс тілінің мағынашыл грамматикасындағы жіктеулерді әкеліп, өлшемей-шақтамай, қазақ тілінің мойнына қамытша кигізе салған. А. Байтұрсыновша сөйлемнің басқа бір мүшесін анықтап тұрған сөзді анықтауыш дейміз; толықтап тұрған сөзді толықтауыш дейміз, пысықтап тұрған сөзді пысықтауыш дейміз.

Міне, А. Байтұрсыновтың бар айтқаны осы ғана. Бұлардың әрқайсысының формасында, басқа сөздермен қатынасуында қандай айырмашылық бар – оны А. Байтұрсынов сөз қылмайды. Сондықтан әлгідей қылып түсіндіру – анықтап тұрған болса – анықтауыш, толықтап тұрған болса – толықтауыш, пысықтап тұрған болса – пысықтауыш дейміз деп таптастыру «сиыр дегеніміз – сиыр» деп түсіндіргеніміз сияқты жалаңаш тавтология болады. Шынында, анықтаудың пысықтаудан, толықтаудан қандай айырмасы бар екенін А. Байтұрсыновтың өзі де түсіне алмаған. Осының кесірінен «Тіл құралға» сүйенген мұғалімдер анықтауыш пен пысықтауыштың, пысықтауыш пен толықтауыштың арасын аша алмаушы еді. Өйткені, бір сөздің өзі бір мағынада, бір формада тұрып-ақ бірде анықтауыш болып немесе бірде пысықтауыш, бірде толықтауыш болып саналушы еді. Мысалы *жақсы* деген сын есім мен *екі* деген сан есімді алалық, *жақсы бала*, *екі бала* деген тіркестерде бұларды анықтауыш дейді. Ал *жақсы келдің*, *екі келдің* деген тіркестерде сол жақсы мен *екі*-нің өзін пысықтауыш дейді. Сонда анықтауыш пысықтауыштың ара-арасын олар, өздері мағынасында деп біледі.

Сол мағынасының өзін-ақ қарастыралық. *Жақсы* деген сөз *бала* деген сөздің мағынасын айқындағанда, *жақсы* мағынасында болып, *келдің* деген сөздің мағынасын айқындағанда, *жаман* мағынасында болып тұра ма? Немесе, *екі* деген сөз, *бала* деген сөзге қосылғанда, сан мағынасын беріп тұрып, *келдің* деген сөзге қосылғанда сан мағынасын бермей түс мағынасын беріп тұра ма? Болмаса, *екі* деген санның мағынасын бермей, басқа бір санның мағынасын беріп тұра ма? – Жоқ, мұның екеуінде де *жақсының* да, *екінің* де мағыналары өзгерген жоқ.

Жақсы деген сөз *бала* деген сөзге қосылғанда *бала* деген заттың жақсылығын, *келдің* деген сөзге қосылғанда, *келгендіктің* жақсылығын, *келу* деген істің жақсылығын ғана көрсетіп тұр. Мұның екеуінде де жақсылықтан басқа мағына жоқ. Осы сияқты, *екі* деген сөз де, *бала* деген сөзге қосылғанда *бала* екеу екендігін, *келдің* деген сөзге қосылғанда, *келудің* екеу екендігін көрсетіп тұр. Жақсылық деген – сыпат, *екі* деген – сан, белгілі бір затқа жабысып қалған нәрселер емес. Бірде бір зат жақсы болса, екіншіде екінші бір зат жақсы болады.

Адамның да жақсысы болатыны сияқты, малдың да жақсысы болады, істің де жақсысы болады. Оның мағынасы қандай нәрсені, қандай ұғымды сыпаттауына қарап, бірде жақсы, бірде жақсы емес болып кетпейді. Зат бол, іс бол – бәрінің де тек жақсы екендігін ғана көрсетеді. Осы сияқты, екі деген сөз белгілі бір санды ғана көрсетеді. Ол – бірде адамның саны, бірде келудің, кетудің, қысқасы, бір істің саны бола береді. Сондықтан, ол санмен, – бұл арада екі деген санмен, – санауға келетін ұғымдардың қайсысын айқындауына да бола береді. Баланы санайсың ба, бұзауды санайсың ба, біреудің келген-кеткенін санайсың ба, тіпті аспандағы жұлдызды санайсың ба? – бәрібір. Екінші сан мағынасына оның келер-кетері жоқ. Бала деген сөзге қосақталғанда да, келдің деген сөзге қосақталғанда да, екі сөзі бір-ақ мағынада – сан мағынасында. Сондықтан, оны зат есімді айқындаса да, етістікті айқындаса да, екеуінде де бір-ақ түрлі айқындауыш мүше деп түсінуге болады. Біздің грамматиктеріміз олай қылудың орнына, орыс тілінің заңына еліктеп, орыс тілінде *жақсы* мен *екі* деген сөздер бір жерде, өздерінің айқындалушы сөздермен жарасып, сын есім түрінде, енді бірде өз айқындауыштарымен морфология жағынан жараспай, наречие түрінде болатындығына қарап, бір жақсының өзін немесе бір екінші өзін екіге айырып, бір жерде анықтауыш, бір жерде пысықтауыш деген.

Қазақ сөздерін бұл негізбен таптастыра бастағанда мұнымен ғана қанағаттанбай, бұдан да әрі кетуге болар еді. Онда сол *жақсы* мен *екі* деген сөздің бір жерде еркек жынысты сөз, бір жерде әйел жынысты сөз екенін де айыру керек болар еді. Өйткені, орыс тілінде бұл сөздер бір жерде хороший, два, бір жерде хорошая, две болып, анықталатын сөзінің ыңғайына қарап не еркек жынысты, не әйел жынысты болады. Соған қарап, біз де *жақсы жігіт* дегендегі жақсы еркек жынысты да, *жақсы қыз* дегендегі жақсы әйел жынысты деуге немесе *екі жігіт* дегендегі екі – еркек жынысты да, *екі қыз* дегендегі екі – әйел жынысты деуге болар еді. Әрине, бұл ғылым болмас еді, ойын болар еді. Өйткені, мұнда сөздерді таптастырғанда әр сөздің өз басының ерекшелігіне қарай таптастырудың орнына, оны айқындалушы сөзінің түріне қарай таптастыру болып шығар еді.

Жақсы бала, *екі бала* деген мысалдарда айқындалушы – *бала*. Бұл – зат есім. Соған қарап, *жақсы*, *екі* сөздерін, өзінің не болғанына қарамастан, морфологияда – сын есім, синтаксисте – анықтауыш десек. *Жақсы келдің*, *екі келдің* деген мысалдарда айқындалушы сөз – келдің деген етістік болғандықтан, жақсы мен екі сөздерін өз басының не болғанына қарамай-ақ, морфологияда – үстеу, синтаксисте пысықтауыш десек, бұл ана, *жақсы жігіт*, *жақсы қыз* деген уақытта, өз басының белгілеріне қарай шешпей, қай жыныстың жақсылығын көрсетуіне қарап, өмірде бойына еркектік пен ұрғашылық бітіп көрмеген жақсы, екі деген сөздерді бір жерде еркек, бір жерде ұрғашы сөз деп айырған сияқты болар еді.

Сөзді былай таптастыруға болмайды. Айқындалушысы қандай сөз болғанына қарап, айқындауышты таптастыру – адасқандық. Айқындауыштың өз басының қандай екендігіне қарап қана таптастыруға болады. Біз осылай етіп отырмыз.

Жақсы деген сөз бен *екі* деген сөз еркектің жақсылығы мен екеулігін көрсете ме? Әйелдің жақсылығы мен екеулігін көрсете ме? Немесе заттың я істің жақсы мен екеулігін көрсете ме? Онда біздің ісіміз жоқ. Осы *жақсы*, *екі* деген сөздердің өз басы қандай күйге түседі? – сонысына қарап қана, бірде сөйлемнің ана мүшесі, бірде мына мүшесі деп таптастырамыз. Дұрысы да осы болу керек.

«Тіл құралда» бірімен-бірі шатасып жүрген мүшелер жалғыз анықтауыш пен пысықтауыш қана емес еді. Пысықтауыш пен толықтауыш та шатаса беруші еді. *Қалтасынан түсті десек, қалтасынан* деген сөз толықтауыш болып саналатын еді де, *шалқасынан түсті* десек, шалқасынан деген сөз – пысықтауыш болып саналатын еді. Екеуі де шығыс жалғаулы сөздер бола тұрып, сөйлемнің бір түрлі мүшесі болмай, әр түрлі мүшесі болып кетуші еді. Сондықтан мұндайлардың қайсысы анықтауыш, қайсысы пысықтауыш, қайсысы толықтауыш екенін айыру қиын еді. Қиын ғана емес, айырудың мүмкіншілігі жоқ еді. Олай ету мұғалімдерді, оқушыларды тек шатастыру үшін, сандалту үшін ғана болмаса, сөйлем мүшесін айырып білу үшін керекті жоқ еді.

«Тіл құралдың» сөйлем мүшелерін айыруға өлшеу қылатын жалғыз құралы сұрау болатын. Сөйлемнің әр мүшесінің әр түрлі сұрауы болады деп түсіндіреді де, сонан кейін анықтауыштың сұрауы: қандай? пысықтауыштың сұрауы қалай? нешік? қайтіп? неліктен? не үшін? т.т. деп, сұрау болған жердің бәрін тізетін. Бұл сұраулар бірде мүшеге тура келсе, екіншіде екінші мүшеге тура келеді. Сондықтан, сөйлем мүшелерін сұрауға сүйеніп қана айыра алмай, жұрттың басы қатушы еді. Мысалы – *тас үй* деген сөз тіркесінде *тас* деген сөз анықтауыш. «Тіл құралда» мұны анықтауыш дейді. Бірақ «Тіл құралдың» анықтауышқа арналған сұрауларының ішінде бұған лайық сұрау жоқ. Өйткені, *тас* деген зат есім, зат есімнің сұрауы не? кім? дегендер ғана болады деп, «Тіл құралдың» өзі жазады. Сондықтан *мынау не үй?* деп сұрап, оған: *бұл тас үй* деп жауап беруге де болады. Қазақ тілінде сөз таптарының бәрі де баяндауыш бола алады. Сондықтан баяндауышқа сұрау болған жердің бәрін де беруге болады. Бірақ «Тіл құрал» сөйлем мүшелерін айырарда қазақ тілінің өз заңына сүйенбей, басқа тілдерге арналған заңдарға сүйеніп, баяндауыштың жайын бұрмалап кеткен. Сондықтан «Тіл құралша» тек сұрауға ғана сүйенсек, анықтауыш пен толықтауыш былай тұрсын, баяндауышты да тауып алуға болмайды. Өйткені, бастауыштың сұрауы – кім? мен не? деп үйреткеннен кейін, кім? не? деген сұрауларға жауап болатын сөз тек бастауыш болу керек болады. Бірақ, қазақ тілінде олай емес. *Мынау кісі. Мынау кітап* деген сөйлемдерде *кісі, кітап* деген баяндауыштар зат есім болғандықтан, *мынау кім, мынау не?* деген сұрауларға жауап болып тұр. Бастауыш пен баяндауыштың өзін «Тіл құралда» осылайша шатастырып қойса, тұрлаусыз мүшелерге келгенде онан да жаман шатастырған. Өйткені, бір сөздің өзі бірнеше түрлі сұрауларға жауап беруі мүмкін. Ал «Тіл құрал» сұрауларды күні бұрын сөйлемнің әр мүшесіне үлестіріп қойғандықтан, «Тіл құралша» бір сөздің өзі ана мүше де, мына мүше де бола беруге мүмкін. Мысалы, *кітап оқығанда жарық сол жағынан түссін* деген сөйлемдегі *кітап оқығанда* деген мүшелерге әр түрлі сұрау қоюға болады: не қылғанда? қайткенде? қашан? дегендер сияқты; «Тіл құралша» қайткенде? не ғылғанда? деген сұрауларға жауап болғандықтан, *оқығанда* деген сөз толықтауыш болу керек. Сонымен қатар, қашан? деген сұрауға жауап болғандықтан, *сол оқығанда* деген сөздің өзі мезгіл пысықтауыш та болу керек. *Оқуға барам* дегендегі *оқуға* деген сөз қайда? деген сұрауға да, не үшін? деген сұрауға да жауап бола алады. Сондықтан ол толықтауыш та, пысықтауыш та бола алады. «Тіл құралша» істің мекенін көрсететін сөз мекен пысықтауыш та болу керек. Сонымен қатар, кейде? неден? кімнен? деген сұрауларға жауап болатын сөздер толықтауыш болу керек. Сондықтан *ауылдан келдім, қалаға барам* дегендегі

ауылдан, қалаға дегендер қайдан? қайда? деген сұрауларға жауап болып, шыққан я маңдайланған орынды көрсететін болғандықтан мекен пысықтауышы да болу керек. Сонымен қатар, сұрауына қарай (қайда? қайдан?) толықтауыш та болу керек. *Әкем үйде* десеңіз, *үйде* деген сөз баяндауыш болады. Бірақ, «Тіл құралша» пысықтауыш та болады. Сөйтіп, «Тіл құралдың» жолымен сөйлем мүшелерін сұрауға ғана сүйеніп табамын десеңіз, шешілмейтін шие түйінге қаласыз.

Шонанов Телжанның жазған кітаптарында сөйлем мүшелерін айыру мәселесі «Тіл құралдағыдан» оңайланбаған, қайта онан көрі де шатақты көбейтіңкіреген. Өйткені, Телжан өзінің баяғы «Сырттан оқытатын техникум» деген, «Тіл дамыту» деген кітаптарында грамматиканы формашылдық жолына салмақ болған еді. Грамматика категорияларын белгілегенде мағынаны есепке алмай, тек формаға сүйеніп қана белгілемек болған еді. Осылай формашыл, сыңар езулікке түскенінің үстіне формашыл грамматиканың басты–бастыларымен таныс болмағандықтан және қазақ тілінің өз формаларын жеткілікті түрде тексермей, басқа тілдердің формаларын негізге алғандықтан, бұл талабынан іс шықпаған еді. Осы күнгі 3-4 класқа арналған грамматикасында Телжан ондағы формашылдығының ізімен түгел кетіп отыра алмай, бір жағынан Афанасьев, Шопошниковтардың кітаптарына еліктеп, мағынашыл ағымға түсіп, оған бұрынғы формашылдығын қоса қабаттап, екеуін араластырып, қойыртпа жасап алыпты. Сондықтан, сөйлем мүшелерін белгілегенде, бірде мағынашыл түрде, бірде формашыл түрде белгілеп, бір ізбен шыға алмай, адасумен болыпты. Кейде өзінің не айтып отырғанын ұмытып кетіп, бұрынғы «Тіл құралдан» көргеніне де кетіп қалып, өзіне-өзі қайшы да соғып отырыпты. Бұл сөзіміз жалаңаш жала сияқтанып көрінбес үшін мысал келтірелік.

Телжан 3-4 кластарға арнаған «Қазақ тілі» деген кітабының 16-17-18-19 беттерінде сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері жайын түсіндірмек болған. Бірақ, мұндағы түсіндіргені тұрлаусыз мүшелер емес, сұрауға жаттықтыру ғана болып шыққан. Өйткені, кітабының атын грамматика деп атай тұрса да, шынында грамматика қылып жазбай, бағыты теріс бақылау әдісімен жазып, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін бұл арада бақылаумен ғана тынған. Мұнда тұрлаусыз мүшелерді жіктемеген де, атын да қоймаған. Бұл кітаптың 59-60 беттерінде сөйлем мүшелерінің жайын сөз қылып, тұрлаусыз мүшелер анықтауыш және толықтауыш деген екі жікке айырылатындығын айтқан. Бұған қарағанда, Телжан бұрынғы пысықтауыш деп аталатын тұрлаусыз мүшені осы екеуіне теңеп, бөліп жіберген. Сөйтіп, «Тіл құралдың» пысықтауыш деп атайтын мүшесін Телжан керексіз деп, шығарып тастаған. Бірақ, сөйте тұрып, сол кітабының 85-бетінде сөйлем мүшелерінің тұратын орындары жайында сөз қылғанда былай дейді: *«кімді? нені? деген сұрауларға жауап беретін табыс жалғаудағы толықтауыш, анықтауыштың тіке алдында тұрады. Қимыл пысықтауыш болмаса, баяндауыштың тіке алдында тұрады»* (34 жылғы басылуы, 85-бет. Мұндағы сөйлем мүшелерінің орындары жайында айтқан сөздерінің бәрі де дұрыс емес. Онысын бұл арада сөз қылмай қоя тұрып, *қимыл пысықтауыш* дегенін ескерсеңіз, Телжанның өзіне-өзі қарсы келгенін байқауға болады. Өйткені, ол *пысықтауыш* деген болады деп, еш жерде де жазбайды. Тұрлаусыз мүшелер не анықтауыш, не толықтауыш қана болады дейді. Сөйтіп отырып, бұл арада *қимыл пысықтауыш* дегенді қайдан әкелгенін, кім білсін? (әрине, оны «Тіл құралдан» алғанын айтып жатудың да қажеті жоқ қой).

Енді Телжанның анықтауыш пен толықтауышты қалай түсіндіргеніне келелік. Кітабының 59-бетінде былай деп жазады: «Сөйлем басқа мүшелерінің *белгісін, санын, сан ретін* анықтайтын сөзді анықтауыш дейді.

Анықтауыш қандай? қалай? қайтіп? не қылған? неше? (қанша?) ненің? нешінші? қай? (қайсы?) деген сұрауларға жауап береді. Көбінесе сын есім анықтауыш болады». Кітабының 60-бетінде толықтауыш жайын әңгіме қылып келіп, былай дейді: «*Баяндауышты толықтыратын тұрлаусыз мүшені толықтауыш дейді*. Толықтауыш септеу сұрауларында (неге? кейде? қайда? неден? кімнен? қайдан? кіммен? қашан? нені? кімді? кімде? неде? қай кезде?) жауап береді. *Толықтауыш сөйлемде баяндауышпен байланысты*».

Кәне, бұдан не көреміз? Бұдан Телжанның жазылмайтын шырғалаңға түскенін, өзі түскенімен тұрмай, бүтін оқушыларды, оқытушыларды қоса түсіргенін көреміз. Өйткені, анықтауышты бір түрлі, толықтауышты бір түрлі өлшеумен белгілеген. Анықтауышты мағынасына қарай (сөйлем мүшелерінің белгісін, санын, сан ретін анықтайтын сөз деп), белгілейді де, толықтауышты олай қылмай, сөйлемнің қай мүшесімен байланысатынына қарай белгілейді (баяндауышты толықтыратын тұрлаусыз мүшені толықтауыш дейді деп). Бір сөздің өзі әрі баяндауышпен байланысып, әрі баяндауыштың белгісін, санын, сан ретін (сан реті деген саны болмай ма екен?) көрсетіп тұрса, Телжанша, ол сөз анықтауыш та, толықтауыш та болу керек. Өйткені, белгісін, санын көрсететін сөз анықтауыш болу керек те, баяндауышпен байланысқан сөз толықтауыш болу керек. Сондықтан *жаяу келдім, екі келдім* дегендегі *жаяу* мен *екі*, келудің *белгісі* мен *санын* көрсеткендіктен, анықтауыш болу керек. Сонымен қатар, *келдім* мен (баяндауышпен) байланысып тұрғандықтан, толықтауыш та болу керек.

Кәне, енді қалай адаспасқа болады? Бұл шатағын жеңілдетпек болып, Телжан жәрдемге сұрауларды алып келді. Бірақ, сұраудың ұшы-қиыры жоқ қой. Сондықтан, сұраудың бәрін келтіре алмаған. Мысалы, неліктен? нендей? сияқты сұраулардың көбі жоқ. Сондықтан *құстай ұшады* дегендегі *құстай* деген сөз, *күн ыстық болғандықтан біз суға түстік* дегендегі *болғандықтан* сияқты сөздерді анықтауыш пен толықтауыштың қайсысына қосатынын Телжанның өзі білмесе, ешкім де білмейді. Өйткені, бұлар анықтауыш деуге де, толықтауыш деуге де сия береді (әрине, Телжанша). Телжанның өзі кітабының 75-бетінде *күн ыстық болғандықтан* дегенді анықтауыш бағыныңқы деген. Сұрауына қарасақ немесе септеуіне қарасақ, бұл да шығыс жалғаулы сөз сияқты. Толықтауышты түсіндіргенде септеу сұрауларына жауап береді дей тұрып, септеудің бірі болған ілік жалғаудың сұрауын (кімнің? ненің?) анықтауыштың белгісіне апарып қосқан. Сондықтан, *біздің мектеп* дегендегі *біздің* деген сөз, Телжанша, анықтауыш та, толықтауыш та бола береді. Үйткені, кімнің? ненің? қай? деген сұрауларға жауап берсе, анықтауыш болады дейді. *Біздің* деген сөз бұл арада қай? деген сұрауға жауап болып тұр. Сондықтан ол Телжанша анықтауыш болу керек. Сөйте тұрып, ол сілтеу сұрауларына жауап берсе, толықтауыш болады дейді. Бұған қарағанда, *біздің* деген ілік жалғау болғандықтан, толықтауыш та болу керек (Шынында Телжанның өзі ілік жалғаулы сөздің қай жерде қандай сұрауға жауап болатынын онша айыра алмайтын болса керек, өйткені, кітабының 17-бетінде *біздің мектеп* дегендегі *біздің* деген сөздің сұрауын *қай?* деп түсіндіреді де, келесі 18-бетінде *біздің колхоз* дегендегі *біздің* деген сөздің сұрауын *кімнің* деп түсіндірмейді).

Телжанның кітабының айтуына сүйенгенде, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін табудың өзі тұрлаусыз. Мысалға толықтауышты алалық. Телжанша, толықтауыш баяндауышпен байланыста болу керек. Бұл – бір! Екінші, септеу сұрауларына жауап беру керек. Бұл септеу сұрауларының ішінде ілік жалғау жоқ-ақ болсын. Кәне, осының бәрін де дұрыс деп-ақ танылды. Сонда осы өлшеумен толықтауышты табуға болар ма? Мәселен, бір сөз септеу сұрауларына жауап бере тұрып, өзі баяндауышқа байланысты болмаса қайтеміз? Онда мұны анықтауыш демекпіз бе, толықтауыш демекпіз бе? Телжанның кітабында бұған жауап жоқ. Ал, бұл мүмкін нәрсе. Өйткені, қазақ тілінде септеу сұраулары тек баяндауышқа байланысты сөзде ғана болмай, басқа жерде де ұшырап отырады. *Мен сенен бұрын келдім* дегенде, *сенен* деген сөздегі шығыс жалғау баяндауышқа байланысты емес, баяндауыш болмай тұрған қарсы деген сөзге байланысты. *Маған тиісті жұмысты бөліп қой!* дегендегі *маған* деген септеулі сөз баяндауышқа байланысып тұрған жоқ, тиісті анықтауышқа байланысты тұр. Кәне, осылардағы *сенен*, *үйге*, *маған* деген септеулі сөздерді, септеу сұрауларына жауап береді деп, толықтауыш деуіміз керек пе? Жоқ, баяндауышқа байланыспай тұр деп, толықтауыш емес дейміз бе? Онда бұлар қай мүше болмақ? Шешілмейтін шырғалаңға түскен дейтін осы болады.

Кәне, бұрынғы грамматикалардың, оның ішінде А. Байтұрсынов пен Т. Шонанов грамматикаларының тұрлаусыз мүшелерді айыру жөнінде шырғалаңға түсу себебі неліктен?

Оның себебі:

1. Қазақ тілін өз заңымен қарастырмай, басқа тілдердің заңдарын, дұрысында заңдары емес, басқа тілдер жайында жазылған кітаптардың сөздерін солайымен көшіріп әкеліп, қазақ тілінің алдына төге салғаннан:

2. Сөйлем мүшелерін тек сұрауына қарай ғана айыруға болады деп сеніп, сұрауларға көтере алмайтын жүк артқаннан:

3. Оның үстіне, Телжанда принципсіздік, бір ізбен жүрмеушілік бар. Сөйлем мүшелеріне қоятын саны бірыңғай болмай, біреуіне бір өлшеу, екіншісіне екі өлшеу алып, қарыстап өлшегенді құлаштап өлшеген санға қосып, былықтырып жіберген. Сондықтан, толықтауышқа қойған критерий анықтауышқа да келетін болып, анықтауышқа қойған критерийіне толықтауыш та сиып кететін болып шыққан. Осының бәрі қосылып оқушылар мен оқытушыларды шырғалаңға салған.

Біз бұл жолмен кете алмадық. Оқушылар мен оқытушыларды шырғалаңға салғымыз келмеді. Сондықтан тұрлаусыз мүшелерді топтастырғанда, соқырға таяқ ұстатқандай анық критерий беру керек болады.

Біз әуелі сөйлем мүшелерін мағынасына қарай таптастырдық. Бұл жағынан сөйлем мүшелері: бастауыш, баяндауыш, айқындауыш деген үш топқа айырылады. Бастауыш пен баяндауыштан басқа мүшелердің бәрін де айқындауыш деп атадық. Онан кейін айқындауыш мүшелерді айқындауыш сөздерге *қалайша*, *қандай* амалмен байланысатынына қарай, екі ірі жікке айырдық: жалғаусыз, тура күйде тұрып-ақ айқындауыш болғандарын анықтауыш дедік; жалғау не жалғауыштың күшімен басқа бір сөзге жетектеліп, соны айқындап тұрған болса, ондайларын толықтауыш дедік. Сондықтан мұның алдыңғысы тура айқындауыш, соңғысын бұрма айқындауыш деуге де болатын еді. Бірақ, біз бұрынғы қолданылып жүрген терминдерді тастамай-ақ қоялық деп, алдыңғысын анықтауыш, соңғысын толықтауыш деп атап отырмыз.

Міне, осы арасын жақсы түсіну керек. Біздің *анықтауыш* деген терминіміздің бұрынғы анықтауыш жайындағы ұғыммен, біздің толықтауыш деген терминіміздің бұрынғы толықтауыш жайындағы ұғымымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Өйткені, біз анықтауыш, толықтауыш деп атағанда, анықтайтын не толықтайтын болғаннан емес, тек даяр тұрған көне терминді жаңа мағынамен алып отырмыз. Біз ондай мағынамен анықтауыш не толықтауыш деп отырғанымыз жоқ. Мағына жағынан, мұның екеуі де айқындауыш. Сондықтан, біздің анықтауыш, толықтауыш деген терминдерімізді бұрын Байтұрсыновтағы, болмаса Шонановтағы анықтауыш, толықтауыш дегендермен шатастырмау керек. Бұрынғы грамматикалардың анықтауыш дегендерінің бірқатары бізде толықтауыштың қатарына қосылып кетіп отыр. Мәселен, ілік жалғаулы сөзді Байтұрсынов та, Шонанов та анықтауыш деген еді. Біз жалғаулы сөздің бәрін де толықтауыш деп атағандықтан, ілік жалғаулы сөздерді де толықтауышқа қосып отырмыз. Сөйтіп, бізде аттың жалы дегендегі аттың деген сөз толықтауыш болып саналады. Байтұрсыновта бірде пысықтауыш, бірде толықтауыш деп саналатын. Шонановтың толықтауыш қатарына қосылатын сөздердің бірқатары бізде анықтауыш болып кетер еді. Мысалы, бүгін келдім дегендегі бүгін деген сөзді А. Байтұрсынов пысықтауыш (мезгіл пысықтауыш) дейді де, Шонанов толықтауыш дейді. Біз мұны анықтауышқа қосып отырмыз. Өйткені, бұл жалғаусыз сөз. Қай сөздің жалғауы, жалғауышы бар, қай сөздікі жоқ екендігін жұрттың бәрі де көре алады. Бұдан ешкім де шатаспайды. Олай болса, анықтауыш пен толықтауышты жаңа грамматикаша айырудан да ешкім шатаспақ емес.

Қазақ тілінде табыс жалғау мен ілік жалғау кейде жалғанбай, тасаланып тұрады; барыс, шығыс жалғауларда да тасалану болады, бірақ бұл сирек кездеседі. Мысалы, *хат жаздым, қала мектебі* дегендегі *хат* деген сөз табыс септеулі, *қала* деген сөз ілік септеулі сөздер. Толық күйінде бұлар *хатты жаздым, қаланың мектебі* болар еді. Олай болмай, алдыңғысында табыс жалғау, соңғысында ілік жалғау тасаланып тұр. Сондықтан, осындағы *хат, қала* деген сияқты, жалғаулары тасаланып тұрған сөздер де жаңа грамматикаша толықтауыш болады. Мұндай тасаланып тұрған жалғауды тауып алу да қиын емес. Тура күйде сияктанып тұрған сөздердің ілік не табыс жалғаулары бар-жоғын білу үшін, мұндай жетек сөздердің жетекшісі мен аралығына басқа бір сөз салып байқауға болады. Мысалы, *хат* деген сөз бен оның жетекшісі *жаздым* деген сөздің аралығына *бүгін* деген сөзді қыстырсақ, *қала* деген сөз бен *мектебі* деген сөздің аралығына үлгілі деген сөзді қыстырсақ, алдыңғысында табыс жалғау, соңғысында ілік жалғау бар екендігі анықталады. *Хат бүгін жаздым, қала үлгілі мектеп* деп айтуға болмайды. *Хатты бүгін жаздым, қаланың үлгілі мектебі* деп қана айтуға болады. Өйткені, табыс жалғау мен ілік жалғау жетекші сөзге жалғас тұрған жетек сөзде ғана тасаланып тұра алады. Бұлардың осы жалғас тұрғандығын бұзып, арасына сөз салсақ, жалғауы жарыққа шығады.

Міне, осындай орындарда табыс жалғау мен ілік жалғаудың, бірінде шығыс жалғау мен барыс жалғаудың тасаланып тұра алатындығын ғана ескеру керек.

Сөйтіп, жаңа грамматикада анықтауыш, толықтауыш делінген категориялар мағынасына қарай жіктеуден туған емес, сөздердің бір-бірімен байланысу амалына, екінші сөзбен айтқанда, сыртқы белгісіне қарай ғана жіктелгеннен туған таптар. Бірақ, бұған қарап, біздің таптастыруымыз тек форма жағына қарай таптастыру

екен деп түсінуге болмайды. Үйткені, бұл біздің таптастыру басқышымыздың бір сатысы ғана. Мұның ар жағында анықтауыштардың өзін бірнеше, толықтауыштардың өзін бірнеше тапқа айырып, онда да жалғасу амалына қарай айырып алып, онан кейін тағы да әр амалдың беретін мағынасына қарай тағы таптастырамыз. Сонымен біздің таптастыруымызда сөйлем мүшелерінің мағынасы да, формасы да ақсамайтын болады. Барлық айырмасы – тек сол бұрынғылар не тек мағынаны есепке алып, не тек формасына қарап, немесе екеуін сапырылыстырып таптастыратын болса, біз мағынаны да, форманы да түгел ескере отырып, оның үстіне принципті араластырып былықтырмай, баспалдақтап таптастырамыз. Соның арқасында бұл таптастыру әрі түсінуге оңай, әрі тілдің табиғатына лайық болып шығып отыр.

III. Шылаулар

ҚОСЫМША. ҚОСАЛҚЫ. ҮСТЕУ. ЖАЛҒАУ. ЖАЛҒАУЫШ

Бұрынғы грамматикалардан жаңа грамматиканың бір айырмашылық жері – бірқатар терминдерінде. Бірде бұрынғы терминдердің орнына басқа, жаңа термин алынған. Бірде бұрынғы терминдерді бұрынғы өз мағынасында емес, басқа мағынада қолданған. Енді бірде бұрынғы терминнің орнына емес, жаңа ұғымдарды айтатын жаңа терминдер пайда болған.

Қане, неліктен бұлай болды?

Бұрынғы жұрнақ деген терминнің орнына үстеу деген термин алынған. Бұрынғы үстеу деген термин, бұрынғы өз мағынасында емес, басқа мағынада, бұрынғыша айтқанда, жұрнақ мағынасында алынған. Онан кейін, бұрынғы қосалқы дейтін терминді бұрынғы өз мағынасында қолдана отырып, оның үстіне, бұрын қосалқы қатарына қосылмайтын бірқатар сөздерді де енді қосалқы деп атандырған. Онысын, бұрынғы грамматикаларда жоқ **дәйек қосалқы**, **аяқ қосалқы** деген таптастырулар пайда болған. Сонымен қатар, бұрынғы бірде **демеу**, бірде **жалғаулық**, бірде **үстеу** қатарына қосылып жүрген бірқатар сөздер жаңадан **жалғауыш**, **үстеуіш** атанған. Бұлайша «өзгерту» неге керек болды? Мұның бұрынғыдан нендей артықшылығы бар? Осыған келелік.

1. Үстеу. Бұрын «Тіл құралда» үстеу атанып, онан кейінгі грамматикаларда бірде ұшырап, бірде ұшырамайтын сөз таптарын байқап қарасақ, бір сөз табына сыйысатын нәрселер емес екен. Мысалы, анау **айқындауыш мүшелер** мәселесінде айтылып кеткен, «*жақсы*», «*екі*» сияқты сөздерді бір жерде бір сөз табына, екінші жерде екінші сөз табына қосқандықтан бұлар бір қатар орында **үстеу** деп те аталған. Бұрын «*жақсы бала*» дегендегі «*жақсыны*» сын есім деп, «*екі бала*» дегендегі «*екіні*» сан есім деп тұрып, «*жақсы келдің*», «*екі келдің*» дегендегі «*жақсы*» мен «*екіні*» **сын есім** ия **сан есім** демей, **үстеу** деуші еді. Мұнысы, әрине, дұрыс емес еді. Өйткені, «*жақсы*» сөзі бір-ақ түрлі сөз табы бола алады да, бір өзі екі бірдей тапқа жата алмайды. Бір мал тек сиыр ғана, немесе тек жылқы ғана бола алады да, әрі сиыр, әрі жылқы бола алмайды. Сол сияқты «*жақсы*» деген бір сөз әрі **сын есім**, әрі **үстеу**, «*екі*» деген бір сөз әрі **сан есім**, әрі **үстеу** бола алмайды. Олай болса, «*жақсы*» деген не **сын есім** ғана, не **үстеу** ғана, немесе басқа бір сөз табы ғана бола алады. «*Екі*» деген де не тек **сан есім**, не тек **үстеу**; не басқа бір сөз

табы ғана бола алмақ. Оның қайсысы екендігі жөнінде таласып жатудың қажеті де жоқ қой деймін. «*Жақсының*» **сын есім** екендігі, «*екінің*» **сан есім** екендігі даусыз ғой деймін. Сондықтан, «*жақсы*» мен «*екі*» сияқты сөздер **үстеу** категориясынан шығып қалады.

Онан кейін, «*ең*», «*нақ*», «*тым*» дегендер сияқты сөз мүшелерін «Тіл құрал» үстеу табына жатқызған. **Үстеудің** ішінде бұларды **нықтаулық үстеу** деп атаған. «Тіл құралдың» **үстеу** табына қосқан сөздерінің барлығын алып қарағанда, мұның **үстеу** деп отырғаны – орыстың «**наречиесі**», ғылым тілімен айтқанда – **адвербиум** дейтін категория сияқты. Олай болса, бұл сөйлем мүшесі бола алатын сөз табы. Мысалы, орыс тіліндегі (*очень*), (*точно*) сияқты формалар осындай **наречие** болады да, өзі сөйлем мүшесі болады. «Тіл құралдың» да **үстеу** деп атаған сөздерінің көпшілігі, мысалы, «*жақсы*», «*екі*», «*мана*», «*шалқасынан*» деген сияқтылардың бәрі де сөйлем мүшесі бола алатын сөздер. Ал, мына **нықтаулық үстеу** деп аталып отырған «*тым*», «*ең*», «*нақ*» сияқтылар сөйлемде өз алдына мүше бола алмайтын, тек басқа бір түбір сөзге, онсыз да мүше болып тұрған сөзге қосылып қана жүре алатын нәрселер. Сөйлемге мүше бола алмайтын сөз мүшелерін сөйлемге мүше бола алатын сөз таптарымен теңестіруге болмайды. Бұлар басқа сөздерге қосақталып қана жүре алатын «Тіл құралдың» өзінде де **қосалқы** деп аталған, тапқа тиісті нәрселер болып шығады. Сондықтан, **үстеу** категориясынан бұлар да шығып қалды.

«Тіл құралдың» үстеу деп атаған сөздерінің бірқатары, мәселен, «*сайын*», «*таман*», «*есе*», «*арқылы*» сияқтылар әуелі-ақ «Тіл құралдың» өзінде бір жерде үстеуге қосылса, екінші жерде жалғаулықтарға, үшінші жерде демеулерге қосылған. Сөйтіп, бұларды қандай категорияға қосқанын «Тіл құралдың» өзі де біле алмай, шатасқан. Сондықтан, бұларды бірде **үстеу**, бірде **жалғаулық**, бірде **демеу** деген. Әрине, бұлай болуының мүмкіншілігі жоқ. Бұлар не **үстеу**, не **жалғаулық**, не **демеу**, немесе басқа бір нәрсе ғана бола алады. Бұлар тұрған орны жағынан да, атқаратын қызметі жағынан да, қай жағынан да бізде жалғауыш, үстеуіш деп аталған. «Тіл құралда» әр жерде әр түрлі аталып жүрген топқа жататын сөздер екен. Солай болғанын, үстеу табынан бұлар да шығарылады. А. Байтұрсыновтың **үстеу** деп атаған сөздердің бірқатары – **көсемшелер** де, енді бірқатары – **септеулі есімдер**. Әрине, бұларды да өз үйіріне қосу керек болды. Сонымен, **үстеу** қатарынан бұлар да шығып, өзінің дағдылы қалыбынша, бірде **көсемше**, бірде **есім** болып жөніне кетті.

Сөйтіп, А. Байтұрсыновтың **үстеу** деп атаған категориясында қалып қойған сөздер «*мана*», «*әлгі*», «*енді*», «*кешкі*» сияқтылар ғана болды. «*Әрі*», «*бері*», «*жозары*», «*ілгері*», «*кейін*» сияқты сөздер де осы қатарға қосылады.

Қане, бұл сөздерді қалай деп атау лайық? Біздіңше **үстеу** деп атаудың түк мәнісі жоқ сияқты. А.Байтұрсыновтың **үстеу** деп атағаны – орыстың **наречие** дегенін (қазақшалағанда, сөздің үсті деген сөз) тікелей аударылып алған ғана болады. Орыстар да бұл терминді жасағанда мұнымен атаған категориясының сырына түсінгендіктен емес, Байтұрсыновтарша, бұрынғы латын, грек грамматиктерінің терминдерін сол күйінде аударып салған болатын. Орыстың **наречие** дегені – латынның (адвербиум), гректің (епиррема) дегендерінің тура аудармасы болатын. Бірақ, ол ескі грек, латын грамматиктері қаншама ерте заманда болып, қаншама аңқау да болса, бұл терминді тауып қойған деуге болады.

Өйткені, латында етістікті **вербиум**, гректе **рема** дейді. Бұл **вербиум**, **рема** деген сөздердің өзі, жай қолдануда **сөз**, **сөйлеу** деген мағынада болады. **Адвербиум**, **еппрема** деген сөз таптары етістікке байланысты ғана сөздер болғандықтан, оларды етістікке тән сөздер деп атаған. **Адвербиум**, **епиррема** етістіктің жанындағы деген сөз. Орыстар да соларға еліктеп, алғашқы әзірде етістікті **речь** (перь) деп атаған. Ал, мына **адвербиум**, **епиррема** деген сөздерді **наречие** – «етістікті жамылған», «етістіктің үстіндегі» деп атаған. Орыстың осы күнгі **глагол** деген терминнің өзі де ескі Славян тілінде «сөз» деген сөз. Сөйтіп, орыстар да, латын, грек грамматиктері де терминді адасып қоймаған, біліп қойған. Бірақ, олардың терминін қазақ тіліне аударғанда түбірін аудармай, тек жалғауын аударып, не (на) деген предлогін ғана аударып, үстеу дей салуды тауып қойған ат деуге болмайды. Әр категорияны атайтын термин сол категорияның өзін бірқатар түсіндіріп тұра алғандай болу керек. Мұндағы **үстеу** еншісіне тиген категория етістікпен аталатын істің не мезгілін, не мекенін көрсететін сөздер. Сондықтан, бұл мағынаны **үстеу** деген термин бере алмайтын болды. «Әр нәрсені өз атымен атау керек» дейтін орыс халқының жақсы мақалы бар. Біз де бұл категорияны өз атымен атағымыз келіп, келіндерше «көз жақсым», «төре жігіт» деп атты бұрып қойған А. Байтұрсыновтың әдісін тастап, бұларды **мезгіл-мекен есім** деп атадық. Өйткені, бұл сөздер әуелі-ақ қосалқы емес, қосымша емес, *түбір сөздер*. Түбір сөздер екі-ақ түрде: не **есім**, не **етістік** қана бола алады. Ал, бұл сөздер **етістік** емес, **есім** сөздер. **Есім** болса, ол не **заттың есімі**, не **сыпаттың есімі**, не санның есімі – әйтеуір осындай бір белгілі заттың, не **құбылыстың есімі** болмақ.

Қане, бұлар ненің **есімі**?

Бұлардың «мана», «кеше», «ертең» сияқтылары мезгілдің есімі, жоғары, ілгері сияқтылар **мекеннің (орынның) есімі**. Сондықтан, бұларды жасырмай, өз атымен атап, **мезгіл-мекен есім** деу дұрыс болады. Осылай атадық.

Сонымен, **үстеу** дегеннің еншісіне тиетін еш нәрсе қалмады. Бұл термин босап қалды. Енді мұны қосалқы бір орында жұмсау керек болды. Бұған қандай орын қолайлы еді? Біздіңше бұған бұрынғы **жұрнақ** деген терминнің орны қолайлы. Сондықтан, **жұрнақ** деген терминді тастап, оны **үстеу** деп атадық.

Ал, **жұрнақтың** не жазығы бар? **Үстеу** босап қалса, босап қалсын. Оны солай, бос тастап-ақ, бұрынғы **жұрнақ** деген терминімізді өзгертпей, сол бойымен қолданып жүре беруге болмайтын ба еді?

– Болмайтын болды. Әуелі-ақ, **жұрнақ** деген терминнің өзі түсініксіз болды. Екінші, түсінгеннің өзінде де, **жұрнақ** деген сөздің мағынасы бұл атап отырған категорияға жоламайтын болды. **Жұрнақ** деген – қазақ тілінде ескіден қалған, ескі уақыттағы түгел бір нәрсенің бір сарқыншағы, қалдығы деген мағынада. Ал, мұның жаңа грамматикада **үстеу** деп аталып отырған қосымшаларға қандай жуықтығы бар? Ешбір жуықтығы жоқ. Мүмкін, бұл атты қойғанда, А. Байтұрсынов басқа бір нәрсе ойлаған болар. **Жұрнақтар** бұрынғы кезде түбір сөздер болған. Ол түбір сөздер басқа түбір сөздердің шылауында жүре-жүре тозып, мүжіліп, бұрынғы кейпінен айырылған. Сондықтан, ол бұрынғы түбір мағынасында, түбір орнында қолданылудан қалып, тек түбірлі сөзге қосымша болып қосылып қана жүретін болған. Сондықтан, **жұрнақ** дегенді бұрынғы түбір сөздердің қалдығы, жұрнағы деген ұғымда осындай тарихи ұғымда алып, қосымшаның белгілі бір түрін атаған болар. Бұған, әуелі-ақ, біздің күмәніміз бар. Үйткені «Тіл құрал» шыққан әзірде

қазақ тілінің қосымшалары тексеріліп, олардың бұрынғы түбір төркіні табылған жоқ еді. Сондықтан, ол кезде жұрнақтардың түбірдің жұрнағы екендігін А. Байтұрсынов біле қойды деуге аузымыз бармайды.

Тіпті біле қойғанда да, осы негізге сүйеніп қосымшаның бір тарауының атын **жұрнақ** қойғанда да, осының өзінде де **жұрнақ** деген термин өз атын атамайды. Өйткені бұрынғы кезде түбір болып, бірде азып, мүжіліп барып, шылаулыққа айналған нәрселер жалғыз жұрнақтар ғана емес. **Жалғаулар** да, қосалқы болған жердің бәрі де бір кездегі түбір сөздердің жұрнағы (қалдығы). Олай болғанда **жұрнақ** деп қосымшаның тек бір түрін атамай, бүтін қосымша болған жердің, қысқасы, **шылау** болған жердің бәрін атау керек еді. Қосымшаның «Тіл құралда» **жұрнақ** деп аталған тарауының ала-бөле, өзгеден өзгеше сарқыншақ, өзгеше қалдық, өзгеше жұрнақ болатын еш нәрсесі де жоқ. Сондықтан, бұл термин, **жұрнақ** деген термин, жұрнақтың өзгешелігін, басқа қосымшадан басқалығын ашып бере алмайды. Бұл – бір.

Екінші, бұрынғы **жұрнақ** деп аталған қосымшаларды **үстеу** деп атау қолайлырақ болды. Үйткені, бұл қосымшалардың атқаратын қызметі – өзі жалғанған түбірге тек жаңа мағына үстеу ғана. Қосымшаның басқа түрлері де бар. Олардың атқарып тұрған қызметі – тек мағына үстеу ғана емес, өзі жалғанып тұрған түбірлі сөзді басқа бір сөзбен байланыстыру, басқа бір сөзбен жалғастыру. Сөйтіп, барлық қосымша болған жер екі түрлі қызмет атқаратын болып, сонысына қарай, екі түрлі жікке айырылады.

Бір түрі – өзінің жалғанған сөзіне жаңа мағына үстейді де қояды.

Екінші түрі – жаңа мағына үстегеннің үстіне, ол сөзді басқа бір сөзбен байланыстырады.

Осы соңғы түрі қашаннан қазақ грамматикаларында **жалғау** делініп келген. Бұл аты затына жанасады да. Сондықтан, оны өзгертудің, орнына басқа термин алудың ешбір қажеттілігі де, қолайлылығы да жоқ. Оны біз де өзгертпей жалғау деп атадық.

Ал, ана екінші түрін, өзінің жалғанған түбіріне тек мағына үстеп қана қоятын түрін, жұрнақ деп атағаннан гөрі, осы мағына үстейтіндігін көрсету үшін **үстеу** деп атау, әрине, қолайлы. Осыны ескеріп, жұрнақ деген терминнің қолайсыздығын ойлап, оны алып тастап, босап қалған үстеу деген терминді осы жұрнақтың орнына бердік. Сөйтіп, қосымша екі түрлі болатын болды да, оның бір түрін **жалғау**, бір түрін **үстеу** деп атадық.

Екі термин бір категорияның екі тармағы болғандықтан, екеуінің егіздігін көрсету үшін, екеуінің грамматика, морфология жағынан формалануы да бір түсті болғаны өте қолайлы көрінді. Жалға деген түбірге -у қосымшасын қосып, тұйық есімше түріне айналдырып, **жалғау** деп алғаннан кейін, бұл егіздің екінші сыңарына қойылған атты да осы түрде үсте деген түбірге -у қосымшасын қосып, тұйық есімше қалыбына салып, **үстеу** деп атау лайықтырақ көрінді.

Бұл терминді **үстеу** деп атаудың тағы да бір қолайлы жері бар. Бұрынғы бірде **демеу**, бірде **жалғаулық**, бірде **үстеу** деп, жігін аша алмай, бірде олай, бірде бұлай аталып жүрген бірқатар сөз мүшелерін байқап қарасақ, бұлардың бәрі де өз бетімен жұмсалуға жарамайтын, тек түбір сөзге қосақталып қана жүре алатын, осылай қосақталғанда ғана белгілі мағына алып, пайдаға асатын сөздер екен. Бұларды бұрынғыша **қосалқы** деп атадық.

Сөз мүшелерін жалпы алып таптастырғанда, екі түрлі мүше болады. Оның бірін – дара өзі тұрып та белгілі мағына бере алатын; басқа, өздігінен пайдаға аспайтын мүшелерді ертіп алып та мағыналы бола алатын, сөйлем ішінде сөйлемнің белгілі бір мүшесі бола алатын сөз мүшелерін **түп мүше** немесе қысқартып, **түбір** деп атадық.

Бұл термин де бұрынғы өз орнында.

Екінші түрлі сөз мүшелері, түбіршілеп, өздігінен пайдаға аса алмайды екен; тек түбірге жамалып, жалғанып қана, түбірдің шылауында тұрып қана белгілі мағына шығара алады екен. Бұлардың осы қасиетіне қарай, **жамау мүше** немесе **шылау мүше** деп атадық. Шылау деген термин де біз жасаған емес, бұрыннан барды.

Бұл шылау мүшелерінің өзі құрылысына қарай екі ірі жікке айырылады.

Оның бірі – өздігін сонша жоғалтқан, түбірдің маңынан аулақ кете алмай, түбірге қабысып қана тұра алады. Оның үстіне, түбірдің соңғы буынындағы дыбыстардың ықпалына қарай, дыбыс құрылысы өзгеріп, бірде жуан, бірде жіңішке болып, бірде үнді, бірде үнсіз болып өзгеріп отырады екен. Бұлардың көбісінде жуандық–жіңішкелік, үнді–үнсіздік жағынан тұрақтылық жоқ. Түбірдің ауанымен бірде жуандап, бірде жіңішкеріп, бірде үнденіп, бірде үнсізденіп отырады екен. Осы қасиеттерінің себебінен бұлар түбірге өте тығыз байланысқан шылаулар болады екен. Міне, осы шылауларды **қосымша** деп атадық. Атқаратын қызметіне қарай қосымшаны екі айырып, бір түрін **жалғау**, бір түрін **үстеу** деп атағанымызды әлгіде де айттық қой.

Шылаулардың енді бір түрі қосымшалардай азып жетпеген. Сондықтан, бұлар өздігін сақтаңқыраған. Сондықтан, бұлар түбір мүшеге қосымшадай қатаң жабыспай-ақ, аулағырақ та тұрып алады екен. Бірқатары түбірдің алдында, бірқатары түбірден кейін, кейін болғанда, қосымшалардан да кейін тұра алады екен. Оның үстіне бұлардың дені қосымшаларша түбірдің дыбыс ықпалына көндігіп болмаған, сондықтан, олар жуандық–жіңішкелік жағынан, көбіне түбірге ермейді екен. Бұлардың енді бір айырмашылығы – қосымшалардың бәрі де түбірден кейін ғана тұра алатын болса, бұлардың бірқатары түбірден ілгері де тұра алады екен. Оның үстіне, мұндай **шылаулар** осы күнде де жасалып жатады екен. Жасалғанда түбір сөздердің бірқатары өзінің негізгі мағынасынан ауысып, шылау мағынасына бейімделіп кетеді де, бара-бара түгелімен шылау болып кетеді екен. Бірақ, бұлардың бәрі бірдей шылаудың бар мінезіне түсе бермейтін көрінеді. Мәселен, түбірлер қосымша жалғай алу керек те, **шылаулар** қосымша жалғай алмау керек. Осылай бола тұрып, қайсібір шылаулардың қосымша ертіп алатыны да бар. Мысалы, *сияқты*, *дәл* деген шылаулар *сияқтылар*, *дәлдеу* болып қосымша ертіп алады. Міне, осы қасиеттері шылаудың бұл түрлерін түбірден де, қосымшадан да өзгеше бір сөз мүшесі қылып шығарады. Сондықтан, бұларды өз алдына бір терминмен атамасқа болмады. Сондықтан, бұларды қосымшадан айырып **қосалқы** деп атадық.

Бұл – осындай, құрылысына қарай атағанымыз. Сөз ішінде қандай орында тұратынына, сөз мүшелерінің басқаларымен қандай байланыста болатынына қарай атағанымыз. Ал, атқаратын қызметі жағынан **қосалқылар** да, **қосымшалар** сияқты, екі тарау болады екен. **Қосымшалар** сияқты болғанда да, мұның тараулары дәл қосымшаның тарауларындай болады. Мұның да бірқатары өзі ерген

түбірлі сөзіне тек мағына үстеу үшін ғана қосақталады екен де, енді бірқатары, оның үстіне өзін ерткен түбірлі сөзін басқа бір сөзбен байланыстыру, жалғастыру үшін жұмсалады екен. Сөйтіп, **қосалқының** атқаратын қызметі де дәл **қосымшаның** қызметіндей болады екен. Сондықтан, мұның екі тарауына ат қойғанда да, мұндағы қосымшаның екі тарауына қойған атпен ұқсас ат қою керек болды. Үйткені, **қосалқының** бірқатары атқаратын қызметтеріне қарай қосымшаның жалғаулары сияқты болады екен де, енді бірқатары қосымшаның үстеулері сияқты болады екен. Осы ұқсастық, осы жақындықты бұл категорияға қойылған аттардың – терминдердің де көрсетіп тұруы керек болды.

Біріне-бірі ұқсас категорияларды ұқсас аттармен атасақ, терминіміздің өзі тек өзінің нендей қызмет атқаратынын ғана көрсетіп қоймай, басқа категорияларға да қандай жақындығы, қандай алыстығы барын көрсете кететін болады. Сондықтан, **қосалқының** жалғауға ұқсап, өзін ерткен сөзді басқа бір сөзбен жалғастыру үшін жұмсалатындарын, **жалғауыш** деп, қосымшадағы үстеуге ұқсас, өзін ерткен сөзге тек мағына үстеп қана қоятындарын **үстеуіш** деп атадық. **Үстеуіш** пен **жалғауыштың** екеуі бір категорияның негіздері екендігін осы сөздердің өзінің формасы – аяғындағы *уіш* деген буыны көрсетеді де, жалғауыштың жалғауға, үстеуіштің үстеуге жақын екендігін **жалға**, **үсте** деген түбірлері көрсетеді. Егер біз **жұрнақ** деген терминді өзгертпеген болсақ, бұл мүмкіншіліктердің бірі де болмас еді. Онда **қосалқы** мен **қосымшаның**, **жалғауыш** пен **үстеуіштің**, **үстеу** мен **үстеуіштің** арасындағы жақындықтарын терминмен көрсете алмаған болар едік.

Міне, осы үш түрлі себеп **жұрнақ** деген терминді тастауға, оның орнына жаңа грамматикадағы терминдерді осы мағынада алуға күштеді.

Сонымен, сөздің **шылау мүшелері** әуелі қосалқы мен қосымша болып айрылады. Онан кейін қосымшалар **жалғау** мен **үстеу** болып айрылады, қосалқылар **жалғауыш** пен **үстеуіш** болып айрылады.

ҚОСАР СӨЗДЕР

1. «Қос сөз» демей, «қосар сөз» деп неге атадық?

Жаңа грамматиканың бірқатар басқаша келетін жері – қосар сөздерді баяндау мен қосарлардың терминдерінде. Алдымен, бұрынғыша қос сөз деудің орнына қосар сөздер деп, термин өзгертілген. Оның себебі қазақ тілінде қос деп – қосылып, бітіп қалған нәрсені айтады. Қосары жазылмайтын болып, жаңадан қосылмайтын болып, әуелден, туа бітісінен қосақталып біткен нәрсені ғана қос нәрсе деуге болады. Сондай қосағы жазылмайтын, бір бөлекте сөздер де болады. Соларды қос деуге болар еді. Біздің қосар сөз деп отырғанымыз ондай қосағы жазылмайтын сөздер емес. Қолдан қосақталып, қолдан ажыратылатын жанды құбылыс.

Жаңа грамматикада қосар сөздер сөз тудырудың өзгеше бір амалы екендігі айтылған. Ондағы 22-параграфта «түбір сөзден туынды сөз жасаудың жалғыз амалы – түбірге қосымша жалғау ғана емес, түбір сөзді я туынды сөзді өзді-өзін қосақтап та сөзге үстеме мағына беруге болады»– делінген. Сөйтіп, жаңа грамматика сөзді қосарынан айтуды, қосымша жалғаған сияқты, сөз тудырудың бір түрлі амалы деп түсіндіреді. Сөздердің қосымшалануы бірде болып, бірде болмайтын өзгермелі құбылыс болғаны сияқты, қосарлануы да бірде пайда болып, бірде

ажырап кететін айнымалы нәрсе. Сондықтан, сөздің қосарлануын әлі формадан, қосақталып бітіп қалған формалардан айыру үшін қос сөз деп атағаннан гөрі қосар сөз деп атау дұрысырақ болды.

2. Қосарларды Байтұрсыновша таптастыру неге дұрыс емес?

Онан кейін, жаңа грамматиканың бұрынғы грамматикалардан бір өзгешелігі – қосар сөздерді жіктеуі, таптастыруында. Бұрын қосар сөзді екі-ақ түрлі деуші еді: бірінші, жалпылағыш қос сөздер (*аяқ-табақ, төсек-орын* сияқты); екінші, жалқылағыш қос сөздер (*белбеу, беторамал* сияқты).

Қосар сөздерді былайша таптастыру, бірінші, жеткіліксіз; екінші, дұрыс емес. Жеткіліксіздігі сол: қосар сөздердің беретін мағынасы жалғыз-ақ жалпылау я жалқылау емес. Екінші, сол жалпылағыш деп атап отырған қосар сөздердің өзінің құрылыс жағынан түрлері көп. Мысалы, анау, *аяқ-табақ, төсек-орын* сияқтылар, біріне-бірі мағынасы жақын екі сөзден құралған түрлер; *бала-шаға, қыз-қырқын* сияқтылар бірі түсінікті, бірі түсініксіз екі сөзден құралған түрлер; *үлкен-кіші, алыс-жақын* сияқтылар біріне-бірі қарсы мәнді екі сөзден құралған түрлер т.т. Сөздің қосарланып айтылатынын баяндап тұрып, қандай элементтерден қосарланатынын айтпасақ, онда қосар сөзді әңгіме қылудың да қажеті жоқ. Грамматиканың мақсаты жалғыз-ақ сөздің қандай мағыналары болатындығын баяндау ғана емес, қандай формаларға қандай мағыналар сәйкес келетінін баяндап, дұрысы, қандай мағына шығу үшін сөзді қалайша құрастыру керек екендігін баяндау. Сондықтан, құрастыру, құрылыс жағын елемейтін грамматика грамматика да болмақ емес. «Тіл құрал» қосар сөздерді баяндауда тек мағына жағын алды да, жалпылау мағынасы мен жалқылау мағынасын айырып берумен қанағаттанады. Ал, қалайша құрағанда жалпылау мағынасы шығады, қалай құрағанда жалқылау мағынасы шығады – ол жағын айтпайды.

Міне, осынысы жеткіліксіз.

3. Қосар сөз бен кіріккен сөз

Онан кейін, «Тіл құралдың» қосар сөздерді баяндауда бұрыс кеткен жері сол – қосар сөздер мен кіріккен сөздерді айырмайды. Кіріккен сөздер дегеніміз – бірімен-бірі біте қайнап қосылып, ажырамастық күйге түскен қосарлар. Олар тек бірқатар сөздерде болады да, басқа сөздерден олардың қалпына салып жасай беруге болмайды. Мысалы, *белбеу* деген кіріккен сөзде *бау* деген сөз *беу* формасына көшкен екен. Осы сияқтандырып, *бау* сөзін *беу* формасына салып, *жел* деген сөзге қосарлап, *желбеу* деуге болмайды. Мұнда *желбау* болады. *Бел* сөзіне қосақталғанда жарайтын форма дәл сол сияқты екінші сөзге, *жел* сөзіне, қосақталғанда жарамай қалады. Немесе, *кіші* деген сөз бен *ғана* деген қосалқы кірігіп барып *кішкене* формасына түскен екен; енді осы сияқтандырып *ғана*-ны *үлкен* деген сөзге қосақтап, *кене* формасына саламыз десек, бұл оған көнбейді: *үлкен кене* болмайды, *ғана* қосалқысының *кене* формасы *кіші* деген сөзге жалғағанда жарайды да, *үлкен* деген сөзге жарамайды. Олай болатын болса, кіріккен сөздердің құралысу амалы жалпы заңға айналған амал емес. Тек бірқатар сөздерге, кейде бір ғана сөзге жарайтын амал болып шығады.

Грамматика жалпы амал болып, жалпы заң болып кеткен құбылыстарды қарайтын ғылым. Сондықтан, формалардың қайсысы жалпы заңға айналғанын, қайсысы тек белгілі орындарда ғана іске асатынын айыру грамматика үшін өте маңызды. Бұрын мұны ескермей, кіріккен сөз, қосар сөздердің бәрін бір қораға қамап, қос сөз деп атаған. Сондықтан, бұл мәселені баяндау да дұрыс шықпай, бұрыс шыққан.

«Тіл құралын» жалқылағыш қос сөз деп отырғаны – тіпті, қос сөз емес. *Бет орамал* деген екі сөзді қос дейтін болсақ, *темір күрек*, *ағаш қасық*, *тас үй* деген сөздерді де қос сөз деп санау керек. Олай болғанда екі зат есім тіркесіп келіп, оның алдыңғысы соңғысына анықтауыш болып тұрса, оның бәрін қос сөз деу керек болады. Онда анықтауыш дегенді алып тастап, басқа бір сөзді анықтап тұрған сөзді синтаксисте өз алдына сөйлем мүшесі деп санамай, екеуін қосып бір сөз – қос сөз деп санау керек болып шығар еді.

Тегінде, Байтұрсынов тілдегі синтаксис қарайтын нәрселер мен морфология қарайтын нәрселердің шегарасын аша алмаған. *Бет орамал*, *темір күрек* сияқты бірі анықтауыш, бірі анықталушы болып тіркескен сөздерді синтаксис қарайды. Үйткені, бұларда бір сөз емес, бірнеше сөз болады. Әр сөз өз алдына сөйлем мүшесі бола алады. *Бет* деген сөз сөйлемнің бір мүшесі – анықтауыш, *орамал* деген сөйлемнің екінші мүшесі – анықтаушысы болады. *Ал*, *белуар*, *ашудас*, *белбеу*, *қолған* сияқты сөздердегі кірігіп кеткен жеке сөздер анадағыдай, өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайды. *Белбеу* деген қосынды, түгелімен тұрып, сөйлемде бір-ақ мүше бола алады. *Белуар* дегендегі *бел* бір мүше де, *уар* (*буар*) бір мүше емес, екеуі қосылып барып, бір-ақ мүше бола алады. Сондықтан, мұндай, кіріккен сөздерді синтаксис қарамай, морфология қарайтын болады.

Бұлар алғашқы әзірде синтаксис қарайтын тіркестер болып жүрген: *қолған* дегеннің *қол*-ы бір мүше болып, *ған*-ы екінші мүше болып ұсталған. Бірақ, келе-келе екеуі бірігіп, бір ғана нәрсенің аты болып кеткендіктен, *қол* бір сөз, *ған* бір сөз болып саналудан қалып, екеуі бір сөз болып, бір сөз орнына жүріп кеткен. Сонан бері бұл *белбеу*, *қолған*, *белуар* сияқты сөздер синтаксис қарауынан шығып, морфология қарайтын тарауға түскен. Сондықтан, бұларды – *қолған* пен *бет орамалды*, біріне-бірі қаншама ұқсас бола тұрса да, бірінен-бірін айыру керек болды. Жаңа грамматикада кіріккен сөздер, анау, темір күрек, тас үй деген сияқты тіркестерден де, мынау қосар сөздерден де ажыратылып, бөлек көрсетілген. Дұрысы да осы.

Ал, қосар сөздерге келсек, бұлар да бір сөздер емес, бірнеше сөзден құралатын, сөйте тұрып-ақ бір сөз орнына жүретін сөздер. Сондықтан бұлар *темір күрек*, *тас үй* сияқты, синтаксис қарайтын тіркестерден гөрі *белуар*, *ашудас* сияқты кіріккен сөздерге жақынырақ. Үйткені, бұлардың екеуі де морфология қарайтын түрлер. Үйткені, бұлардың екеуі де, екі сөзден құрала тұрса да, бір сөз орнына жұмсалатын түрлер. Сөйте тұрып, бұл екеуінің арасында айырма да жоқ емес: кіріккен сөздер дегеніміз – заңды түрде кірікпей, әлдеқалай арасының жігі бітіп қалған қосындылар да, қосар сөздер дегеніміз – қолдан қосып, қолдан айыруға келетін, қосақталу түрі белгілі заңда негізделген формалар.

Азды-көпті деген – кіріккен сөз емес, қосар сөз. Үйткені, мұның екеуінің қосақталу негізі тек осы қосардың өз басында ғана емес, басқа, осыларға ұқсас сөздердің, екінші сөзбен айтқанда, сын есімнің бәріне жарайтын заң болып кеткен.

Біріне-бірі қайшы мағыналы, не көрші мағыналы болып келетін екі сын есімді осы, *азды-көптінің* формасына салып, *ұзынды-қысқалы, қызылды-жасылды* сияқты қосақтай беруге болады. *Азды-көпті* дегенде бар *-ды, -лы, -ты* қосымшаларын қосып, қайшы мәнді я көрші мәнді сын есімдердің бәрінен осындай қосар сөз жасай аламыз. Олай болса, бұлардың қосақталу негізінде белгілі бір заң бар.

Ал, кіріккен сөздер олай емес, *ашу* деген сөз бен *тас* деген сөз қосылып, бір кіріккен сөз болып, мұнда *тас* деген сөздің басындағы үнсіз дыбыс үндіге айналып, *дас* түріне көшіпті. Осы ретпен басқа да кіріккен сөздер жасамақ болсақ, мысалы, *ащы су, ащы шөп* деген мағынада *ашу-зу, ашу-шөп* демек болсақ, оған келмейді. *Белбеу* деген сөздің орнына салып, *желбеу* дейміз десек, оған келмейді. Сонымен, кіріккен сөз дегеніміз – екі сөзден, не үш сөзден кірігіп барып, бір сөз орнына жүретін, бірақ қосақталу амалы заңды күйге түспеген қосындылар болып шығады да, қосар сөз дегеніміз – екі сөзден, не үш сөзден қосақталып барып, бір сөз орнына жүретін, оның үстіне, қосақталу амалы белгілі бір заңға негізделген қосындылар болып шығады. Сөйтіп, кіріккен сөздер дегеніміз – заңсыз қосынды, қосар сөздер дегеніміз – заңды қосынды болып шығады. Сондықтан, кіріккен сөздер өлі форма болып шығады да, қосар сөздер тірі форма, жанды форма болып шығады.

4. Қандай сөзді кіріккен сөз дейміз?

Кіріккен сөздердің осы заңсыздығы бұларды кірікпеген жай сөз тіркестерінен айырып алуды қиындатады. Біздің қазіргі емлемізде осы уақытқа дейін шешіліп болмаған мәселенің бірі де осы кіріккен сөздердің емлесі. Сөз тіркестерінің қандайын кірігіп, бір сөз болып кеткен деп есептеп, қосып жазу керек те, қандайын кірікпеген сөздер деп, айырып жазу керек? – міне, осы мәселеге үзілді-кесілді жауап бере алмай келе жатырмыз. Үйткені, емле деген көпшілікке арналған нәрсе. Ереже қылып, қолына ұстататын заңның сол көпшілікке ұғымды болуы керек. Ал, кіріккен сөздерді, ондай, көпшілікке ұғымды заңға сыйдыру қиын. Үйткені, бұлардың өзінде орныққан, бір қалыпқа түскен заң жоқ.

Әйткенмен, мұғалімдерге кіріккен сөздерді қалай тану керектігі жөнінде бірқатар сілтеу беруге болады.

5. Кіріккен сөздердің қандай белгісі болады?

Бірінші, неше сөзден құралған болса да, кіріккен сөздер бір-ақ нәрсені атайтын, бір-ақ сөздің орнына жүретін болу керек.

Рас, бұл өлшеудің өзі қиын өлшеу. Тегінде, тек мағынаны өлшеу қылумен анықтық таныла қоймайды. Мысалы, *қолғап* деген бір нәрсенің аты ма, сондықтан, бір-ақ сөз бе, немесе екі сөз бе? Бөлек-бөлек алғанда, *қол* деген сөздің өз мағынасы бар, *қап* деген сөздің де өз мағынасы бар. Бірақ, екеуі қосылғанда, *қолғап* дейтін бір-ақ нәрсенің аты болып тұр. Осы сияқты, *қарақұс* деген бір сөз бе, екі сөз бе? – деп те сұрақ қоюға болады. Бір сөз дейін десең, *қара* дегеннің де өз алдына мағынасы бар, *құс* дегеннің де өз алдына мағынасы бар. Бірақ, екеуі қосылып келіп, бұл арада бір нәрсенің аты болып тұр. Ал, бұларды бір дейін десең, дәл осылар сияқты болып жасалған *өгіз арба, темір қасық* т.т. да бір сөз болуы керек

сияқты. Олай болғанда анықтауыш сөз бен анықталушы сөздің екеуі қосылып бір сөз болып санала беруге керек сияқты. Міне, жалғыз мағынаға сүйенгенде айырып алу қиын болатыны осыдан. Сондықтан, мағынаны өлшеу қылуға алып тұрып, бірақ жалғыз мағынаның өзіне ғана сүйенбей, басқа өлшеулерді де қосып қарау керек болады.

Екінші, кіріккен сөз болу үшін мұның ішіндегі жеке сөздердің әрқайсысы сөйлемде өз алдына бір-бір мүше болмай, бәрі жиналып барып, сөйлемнің бір-ақ мүшесі болу керек.

Мысалы, *қолғап*, *қарақұс* деген сөздердің қол, қара дегендері өз алдына, *қап*, *құс* дегендер өз алдына бір-бір мүше емес, сөйлемде *қол* мен *қап*-тың екеуіне қосылып бір-ақ мүше, қара мен құстың екеуі қосылып бір-ақ мүше. Үйткені, бұларда *қол*, *қара* деген сөздер анықтауыш емес: «*қандай қап?*» – *қолғап*, «*қандай құс?*» – *қара құс* деп айыра алмаймыз. Ал, қара жылқы, ала қап деген сөздерде қандай жылқы? – «қара жылқы», «қандай қап?» – «ала қап» деп аша аламыз. Бұларда *қара*, *ала* деген сөздер анықтауыш. *Қарақұс* деген тіркестің өзі де құстың белгілі бір түсінің аты болмай, бір құстардың түсін ашу үшін айтылған болса, онда екі сөз болып, *қара* мен *құстың* екеуі сөйлемде екі мүше бола алады. Мысалы, *қарға* – *қара құс* десек, *қандай құс* деп сұрауға болады. Сонда, *қарға ақ құс емес*, *қара құс* деп түсін ашып беруге болады. Ал, *қарақұс* дегендегі *қара*-ны бұлайша бөліп ала алмаймыз. Үйткені, мұндағы *қара* әуелде құстың түсін көрсету үшін жұмсалғанмен, бірде онысынан қалып, *құс* деген сөзбен қосылып, құстың белгілі бір атасының ұлын атайтын сөз болып кеткен. Сондықтан *қара құс* деп, кейде, түсі қара болмайтын құстарды да атай береміз. Мысалы, *қара құстың* қазақ тілінде ақсары деп аталатын түрі бар. Мұның түсі қара емес, сары болады. Солай да болса, оны да *қарақұс* дейміз. Сондықтан, қарға, қара құс болғанмен де, «қара құс» емес, ақсары, қара құс болмағанмен де, «*қара құс*» деуге болады. Міне, бұл арада қара деген сөз өзінің бұрынғы мағынасын жоғалтып, *құс* деген сөзбен қосылып барып бір мағына алып кеткенін көреміз.

Қолғап деген де осы сияқты, *қап* деген сөздің бөлек тұрған уақытта екі мағынасы бар: бірі – орыс тіліндегі *мешок* деген сөздің мағынасы; екіншісі – бір нәрсенің сыртынан кигізілген ыдысты атауы. Егер де *қолғап* дегендегі *қап* оңаша тұрғандағы мағынасынан айырылмаған болса, онда осы екі мағынаның екеуі де мұнда болған болар еді. Бірақ, *қолғап* дегендегі *қап* та *мешок* мағынасы қалмаған, тек екінші мағынасы *чехол* мағынасы ғана қалған. Олай болса, мұндағы *қаптың* мағынасы оңаша тұрғандағы қап сөздің мағынасымен бірдей емес, оның бірқатарын жойған, кеміген, жұқарған. Сөйтіп, *қолғап*-тағы *қол* деген сөз өз мағынасында тұрса да, *қап* деген сөз өз мағынасын өзгерткен. Өйткені, *қап* деп астық, жүн т.т. осындай заттарды салып қоятын белгілі бір ыдысты атайтын болсақ, қолғап дегендегі қапта бұл мағына қалмаған. Сондықтан, қолғап дегендегі *қап* бөлек тұрғандағы *қап* деген сөздің дәл өзі емес, мағынасы бірқатары өзгерген сөз болып шығады. Сондықтан, ол қол сөзімен бірігіп барып, бір-ақ сөз болып кірігіп, орыс тілінде *рукавицы*, *перчатка* дейтін бір-ақ нәрсенің аты болып кеткен.

Кіріккен сөздердің ішіндегі жеке сөздердің әрқайсысының өз алдына жеке мағынасы болмай, бәрі бірігіп барып, бір-ақ мағына береді деп осындайды айтамыз.

Тағы да бірер мысал алып көрейік: *сармай* деген сөз кіріккен бір сөз бе, жоқ, *сарысы* өз алдына бір сөз де, *майы* өз алдына бір сөз бе? Мұны білу үшін *сары* деген сөз бұл арада өзінің әншейіндегі түс мағынасында тұр ма, жоқ, одан өзгерген бе? Осыны ашып алу керек. Егерде *сармай* деп аталатын заттың түсі әр уақытта да *сары* болатын болса, онда мұндағы *сары* сөзі өз мағынасында дер едік. Олай емес: *сармайдың* сары емесі де – ағы да, көгілдірі де болады. Сондықтан, «*мынау сармай сары екен, мынау сармай ақ екен*» деп айта аламыз. Міне, мұнда *сармай* дегендегі *сары* түстің аты емес екендігін, бір кезде *майдың* түсін көрсету үшін жұмсалғанмен де, бүгінде *майдың* түсін ашу үшін емес, тегін ашу үшін – *қаймақтан жасалған май* екендігін ашу үшін жұмсалатын кіріккен сөздің бір бөлшегі екенін көреміз. Өйткені, түсі сары емес майды да (түсі ақ, көгілдір майларды да) *сармай* дейтін болсақ, мұндағы *сары* түс мағынасында болмағаны болады. Сондықтан, мұндағы *сарыны сары, сарырақ* дегендегі *сары* мағынасынан айырылған деп тану керек болады. Олай болса, *сармай* деген кіріккен сөз болып шығады.

Біздің *сым темір* деген сөзімізді татар тілінде *тимір шыбық* дейді. Әрине, әуелде мұндағы *тимір (темір)* деген сөз *шыбықтың* ағаш шыбық емес, темірден жасалған екендігін көрсету үшін қосылған. Бірақ, бүгінде татардың *тимір шыбық* дегендегі *тимір* деген сөзі темір мағынасында емес. Өйткені, сымның қандай металдан жасалған екендігін ашып айтқысы келсе, татарлар: «*бұсы бақыр тимір шыбық, бұсы тимір тимір шыбық*» деп айырады. *Тимір шыбық* дегендегі темір өз мағынасында тұрған болса, бақырдан жасалған сымды бақыр шыбық дер еді де қояр еді. *Тимір шыбық* деген сөзге бақыр деген сөзді әкеліп анықтауыш қоймас еді. Өйткені, бұл нәрсе әрі темір, әрі бақыр болуы мүмкін емес қой. *Таяқты* не *ағаш таяқ* деп, не *темір таяқ* деп қана айта аламыз ғой, «*бұл таяқ – ағаш темір таяқ*» деп айта аламыз ба? Оның үстіне, темір деген сөздің өзін екі қайтара айтып, *темір темір шыбық* демес еді. *Темір* деген сөзді мұндай екі қайтара айтып отырғаны екі темірдің біреуі темір мағынасынан айырылып қалғандықтан.

Осылай болып, екі сөзден, немесе үш сөзден құралған тіркестегі бір сөздің, не барлық сөздің мағынасы өзгеріп, бұрынғы мағынасынан шығысқан болса, ондай тіркестің бәрі жиналып, бір мағынаны көрсетеді де, бір-ақ сөз болады. Сондықтан, сөйлемде де бәрі жиналып барып бір-ақ мүше болады.

Үшінші, кіріккен сөздердің қайсы біреулерінде біреуінің не екеуінің де формасы жай қалпындағыдан өзгеріп, басқа түрге түседі. Мысалы, *ашудас, белбеу* т.т.

Қолған деген кіріккен сөздегі *қан* деген сөздің басындағы *қ* дыбысы алдыңғы сөздің соңғы сонар дыбысымен өзгеріп, үнденіп *ғ* дыбысына айналған да *ған* түріне көшкен. Бірақ бұл – *қан* сөзінің түрі өзгергендігінен емес. Қазақ тілінде *қ, к, п* дыбыстарынан басталатын сөз өзінен бұрын келген сөздің соңғы дыбысының ықпалымен өзгеріп, басындағы *қ* дыбысы *ғ* дыбысына, *к* дыбысы *г* дыбысына, *п* дыбысы *б* дыбысына немесе, мұның керісінше, *б* дыбысы *п* дыбысына айнала береді. Жазуда елемегенмен, айтуда біз *алаған, қарагөл, ақпалық* деп сөйлейміз. Әрине, бұлар кіріккен сөздер емес. *Қолған* дегенде де *қан* сөзіндегі *қ* дыбысының *ғ*-ға айналып, *ған* болуы кіріккен сөз болғандығынан емес. Бұл кіріккен сөздерде де, кірікпеген сөздерде де бола беретін жалпы заң.

Ал, мына *ашудас, белбеу* сияқты сөздерде *тас* деген сөздің басындағы *т* дыбысы үнденіп, *д* дыбысына айналушылығы немесе белбеу дегендегі бау дегеннің

a дыбысы *e* дыбысына айналушылығы, бұл – қазақ тілінде бар заңдар емес, тек осы сөздерде ғана кездесіп қалатын заңсыз өзгеріс. *Алатау* дегендегі, бұ да кіріккен сөз бола тұрса да, аладау демейміз, *көне бау* деген кірікпеген сөз тіркесін *көнебау* демейміз. Үйткені, қазақ тілінде бір сөздің дыбыстарының екінші сөздің дыбыстарына тигізетін ықпалы арнаулы мөлшерде ғана болады. *T, C, Ш* дыбыстарынан басталатын сөздің бас дыбысы немесе осылармен аяқталатын сөздің аяқ дыбысы қатарындағы сөздің ықпалымен еш уақытта да өзгермейді. Осы сияқты, бір сөздің ішіндегі *a* дыбысы маңындағы сөздің ықпалымен еш уақытта да *e* дыбысына айнамайды. Сондықтан *ашудас* сөзінде *t* дыбысының *d*-ға айналушылығы, белбеу сөзінде *a* дыбысының *e*-ге айналушылығы – осындай жалпы заңнан шығып кеткен, кіріккен сөздердің қайсібірінде ғана болатын өзгеріс. Осы сияқты дыбыс өзгерісі бар кіріккен сөздерді осы белгісіне қарап танып алу оңай.

Міне, кіріккен сөздердің қайсыбіреулерінде кірігуші сөздердің бірінің не бәрінің формасы жай қалпындағыдан өзгеріп, басқа түрде болады деп осыны айтамыз. Жай қалпында тас түрде болатын сөз *ашудас* дегенде *дас* түрінде тұр да, жай қалпында *бау* түрінде болатын сөз *белбеу* сөзінде *беу* түрінде тұр. Осы заңға сүйеніп, *бүгін, тәңертең, үйт, бүйт, сүйт* деген сөздерді де кіріккен сөздер деп, әрқайсысын бір ғана сөзге санаймыз. Үйткені, *бүгін* дегенде *бұл* немесе *бұ* деген сөздің жуан *ү* дыбысынан жіңішке *у* дыбысына айналып, сол сияқты, осы, *бұ* деген және *о, со* деген есімдіктер *бүйт, сүйт* деген сөздерде *бұ, ү, сү* формаларына көшкен. Оның үстіне *ет* деген сөз *ит* формасына түскен. Сөйтіп, кіріккен сөздердің қай кезде осылай сыртқы кейпі де өзгеріп кеткені бар. Әрине, мұндайлардың кіріккен сөз екенін танып алу оңай. Бірақ, кіріккен сөздердің бәрі бірдей, бұлар сияқты кейпі өзгере бермейді. Сондықтан оларды танып алу қиын болады.

Төртінші, кіріккен сөздердің бір айырмасы – мұнда екпін біреу-ақ болып, о да кірігуші сөздердің ең соңғысында ғана болатындығы.

Екпінді буынның әріптерін екпін таңбасымен көрсетсек, жоғарғы кіріккен сөздердің екпіні мынау орындарда болады: *қолған, қарағұс, сармай, алатау, бүгін*, т.т. Кірікпеген сөз тіркестерінің әр сөзінде бір-бір екпін болады, мысалы: *қол ет, қара жылқы, сары жапырақ, ала қой, бұл іс*, т.т.

Әр сөздің бір-бір екпіні болмақ. Екі сөзде екі екпін болады. Егер бұл екі сөз кірігіп, бір сөз болып кеткен болса, онда алдыңғысы екпіннен айырылады да, қалған жалғыз екпін соңғысында ғана болады.

Қатар тұрған екі сөз бір-біріне байланысты болса, бұлар екпін жағынан да байланысып, бірінің екпіні күшейіп, бірінікі әлсіреп, орнынан жылысады. Бірақ, толық сөздің екпіні ешқашан да мүлдем жоғалып кетпейді.

Қатар тұрған екі сөздің алдыңғысы соңғысының анықтауышы не толықтауышы болса, басым екпін алдыңғысында болады да, соңғысының екпіні бәсеңдейді. Мысалы, *қара май, қара ат, колхоздан келдім*, т.т. (басым екпіннің қия сызықшасын аяқ жаққа, бәсең екпіндісін бас жаққа қарай көлбете қойдық. Мысалы, *қара* дегендегі басым екпін де, *май* дегендегі бәсең екпін).

Кіріккен сөз бен кірікпеген сөз тіркесінің қайсысы екенін айыруға ең қолайлы, әрі ең сенімді жол – осы екпініне қарау. Үйткені, кірікпеген тіркесте алдыңғы сөздің екпіні жай екпін де емес, басым екпін болғандықтан, ала-бөле

сорайып, байқалып тұрады. Мысалы: «қарға қара құс» десек, мұндағы қара құс кірікпеген тіркес екені анық. Үйткені қара сөзінде екпін бар, әрі ол екпін соңындағы құс сөзінің екпінінен анағұрлым басым. Ал, «бүркіт – қарақұс тұқымынан» десек, мұндағы қарақұс кіріккен сөз екені анық. Үйткені, мұнда қара деген бөлшекте түк екпін жоқ, қара мен құстың екеуіне ортақ жалғыз-ақ екпін бар, о да қара сөзінде емес, құс сөзінде.

Жоғарғы айтылғандарды қорыта келе, жоғарғы «кіріккен сөз деп нені айтамыз?» деген сұрауға қысқаша былай деп жауап беруге болады.

Бірнеше сөздер қосылып, бір ғана екпінге – ең соңғысының екпініне бағынып, кейде бәрінің не біреуінің сыртқы формасы өзгеріп, не өзгермей-ақ, бәрінің не біреуінің бұрынғы мағынасы өзгеріп, сондықтан, бәрі жиналып бір-ақ нәрсенің аты болып, бір-ақ мағына беретін, сөйлемде бір-ақ мүше болып, бір-ақ сөздің орнына жүретін болса, осыны кіріккен сөз дейміз.

Әрине, кіріккен сөз болған жердің бәрінде бірдей сыртқы белгісі жоқ болғандықтан, бұлар, қосар сөздер сияқты, заңды құбылыс болмай, заңсыз құбылыс болып шығады. Қысқасы, қосар сөздерді тірі қосымша, тірі түбірлерден құралған қосымшалы сөздерге ұқсатсақ, кіріккен сөздерді өлі қосымшалы немесе өлі түбірлі сөздердің құрылысына ұқсатуға болады.

Кіріккен сөздердің осындай заңсыздығын ескеріп, біздің грамматикамызда қиюлы сөздер өз алдына баяндалған. Үйткені, қиюлы сөздер, кіріккен сөздерге қаншама ұқсас болғанмен де, ұқсамайтын жағы басымырақ. Қиюлы сөздердің қиысуының белгілі заңы бар: бұлар не буын қиюлы, не дыбыс қиюлы немесе аралас қиюлы болып, құрылысының өзінде белгілі заңға бағынады. Ал, кіріккен сөздерде құрылыс жағынан ондай заң жоқ екенін көрдік.

Сөйтіп, бұрынғы Байтұрсыновтың грамматикасында кіріккен сөздер мен қосар сөздер айырылмаған болса, жаңа грамматикада бұлар айырылып, бөлек-бөлек көрсетілген. Онан кейін «Тіл құралда» қос сөздердің қатарына қосылып, жалқылағыш қос сөздер аталған сөз тіркестері бірде кіріккен сөздерге тура келеді екен де, бірде жай, қатар тұрған екі сөзге тура келеді екен.

Сондықтан, «Тіл құралда» «жалқылағыш қос сөздерінің» бірқатары синтаксис қарауына кетті де, бірқатары морфология қарауында қалғанмен де, қосар сөздерге қосылмай, кіріккен сөздердің қатарынан шығып кетті. Сонымен, бұрынғы біз білетін қос сөздердің ішінен қолымызда қалғаны жалғыз-ақ жалпылағыш қос сөздер аталғандары болды. Бірақ, жаңа грамматикада қосар сөздерді жалғыз түрлі демейді, оның атын жалпылағыш деп те айтпайды.

